

QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE GYLYM MINISTRLOGI  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.АУЕЗОВ АТЫНДАǴЫ ОЃТЎСТИК QAZAQSTAN MEMLEKETTİK YNIVERSITETI  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ М.АУЭЗОВА



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943

# «QAZAQTANÝ»

RESPÝBLIKALYQ GYLYMI JÝRNALY  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
REPUBLICAN SCIENTIFIC JOURNAL

SHYMKENT  
2019



QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ĞYLYM MINISTRLLIGI  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
M.ÁUEZOV ATYNDAĖY OŇTÚSTIK QAZAQSTAN  
MEMLEKETTİK ÝNIVERSITETI  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.АУЭЗОВА

# «QAZAQTANÝ»

respýblıkalyq gylymı jýrnaly  
республиканский научный журнал  
republican scientific journal

II nomer 2019 july 28 naýryzda ótken

Kórnekti memleket jáne qoġam qairatkeri S.Qojanovtyŋ 125-jyl tolýyna orai  
«**ÚLT RUHYN SHYŇDAĖAN ÚLY DALANYŇ ASYL ÚRPAQTARY**» atty  
nalykaralyq gylymı konferenciasyna arnalġan

II номер посвящен

Международной научной конференции, посвященной 125-летию выдающегося  
государственного и общественного деятеля С.Кожанова  
«**БЛАГОРОДНЫЕ ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ ЗАКАЛЯВШИЕ ДУХ НАЦИИ**»  
проведенной 28 марта 2019 года

II ussue dedicated to

the International Scientific Conference, dedicated to the 125<sup>th</sup> anniversary of the outstanding  
state and public figure S. Kozhanov  
«**NOBLE DESCENDANTS OF GREAT STEPPE TEMPERING THE SPIRIT OF THE  
NATION**»  
held on 28<sup>th</sup> March 2019

SHYMKENT, 2019  
ШЫМКЕНТ, 2019

*II номер 2019 жыл 28 наурызда өткен Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың 125-жыл толығына орай «ҰЛТ РУНҮН ШЫҢДАҒАН ҰЛЫ DALANYҢ ASYL URPAQTARY» атты ғылым конференциясына арналған / II номер посвящен Международной научной конференции, посвященной 125-летию выдающегося государственного и общественного деятеля С.Кожанова «БЛАГОРОДНЫЕ ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ, ЗАКАЛЯВШИЕ ДУХ НАЦИИ» проведенной 28 марта 2019 года / II issue dedicated to the International Scientific Conference, dedicated to the 12<sup>th</sup> anniversary of the outstanding state and public figure S. Kozhanov «NOBLE DESCENDANTS OF GREAT STEPPE, TEMPERING THE SPIRIT OF THE NATION» held on 28<sup>th</sup> March 2019*

**ISBN 978-9965-03-776-4**

**УДК 378 (075.8)**

**ББК 74.58**

**Ў 32**

II номер 2019 жыл 28 наурызда өткен

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың 125-жыл толығына орай «ҰЛТ РУНҮН ШЫҢДАҒАН ҰЛЫ DALANYҢ ASYL URPAQTARY» атты ғылым конференциясына арналған

II номер посвящен

Международной научной конференции, посвященной 125-летию выдающегося государственного и общественного деятеля С.Кожанова «БЛАГОРОДНЫЕ ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ, ЗАКАЛЯВШИЕ ДУХ НАЦИИ» проведенной 28 марта 2019 года

II issue dedicated to

the International Scientific Conference, dedicated to the 125<sup>th</sup> anniversary of the outstanding state and public figure S. Kozhanov «NOBLE DESCENDANTS OF GREAT STEPPE, TEMPERING THE SPIRIT OF THE NATION» held on 28<sup>th</sup> March 2019

**Меншік несі:** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

#### **РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

**Бас редактор:** Қожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі.

**Редакциялық алқа мүшелері:** Нұрманбетов Қ.Ә. - з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ бірінші проректоры, Мәжитов С.Ф. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі «Интеллект Эксперт» халықаралық әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерді ықпалдастыру институтының бас директоры, Қапалбекұлы Н.– жазушы, «Бәйдібек баба» республикалық қорының Президенті, Тұрғараев Б.Т. – з.ғ.д., «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының директоры, Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Шаяхметов Н.У. – т.ғ.д., профессор, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі, Артықбаев Ж.О. - т.ғ.д., профессор, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Археология және этнология» кафедрасының профессоры, Енсенев Қ.А. – т.ғ.к., доцент, ҚРБЖҒМ Ғылым комитетінің «Мемлекет тарихы институты» бас ғылыми қызметкері, Джурсунбаев Б.А. – т.ғ.к., ТарМПУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, Қойгелдиев М.Қ.- т.ғ.д., Абай атындағы ҚҰПУ профессоры, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан тарихшылар ассоциациясының төрағасы, Кәрібаев Б.Б. - т.ғ.д., профессор, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҰҒА корреспондент-мүшесі кафедрасының меңгерушісі, Нуржанов А.Ә. - т.ғ.к., профессор, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., профессор Абай атындағы ҚҰПУ, Тарих және құқық институтының директоры, Турсын Х.М. – т.ғ.д., Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасының профессоры, Қожа М. – т.ғ.д., Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасының доценті, Әбубәкіров С.Ә. – т.ғ.к., ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, Исабек Б.Қ. – т.ғ.к., ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі бірінші проректоры, Мырзахметов М.М.- ф.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Абайтану» ғылыми орталығының директоры, Жанысбекова Г.А. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қоғамдық сананы жаңғырту» жобалық кеңсесінің басшысы, Есеналиев А.Е. –з.ғ.к., доцент М.Әуезов ат. ОҚМУ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» арнайы кафедрасының меңгерушісі, Тлеубердиев Б.М. – филолог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Филология» факультетінің деканы, Орынтаев Ж.Қ. – з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің деканы, Әжібеков Қ.Ж. – п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Педагогика және мәдениет», Қалыбекова А.А. – п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры, Мәжінбеков С.А. – философ.ғ.к. М.Әуезов атындағы ОҚМУ - «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» департаментінің директоры, Авизова А.Қ. – т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының профессоры, Анефияев Д.Ә. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ заң бөлімінің меңгерушісі, Кәрібаев С.Ө. – т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, Тилеукулов Г.С. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, Отарбаева Г.К. – т.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі, Әлібек С.Н.- т.ғ.д., профессор, Джунисбаев С.М. - т.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тарих және этнология» ғылыми орталығының директоры, Рысбаева С.Ж.- с.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Сұраншы батыр» тарихи тұлғаларды зерттеу орталық басшысы, Мынбаев Н. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тюркология» ғылыми орталығының директоры, Камалдинов Р.А. – т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ стратегиялық даму және сапаны басқару департаментінің директоры, Шабанов Е.И.- т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Халықаралық қатынастар және кеден ісі» кафедрасының доценті, Назарбек Ұ.Б. - доктор PhD, доцент, жауапты редактор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ҒЗБ директоры, Торғаутова Ш.А. - тарих магистрі, техникалық редактор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ҒЗБ бас маманы.

**ISBN 978-9965-03-776-4**

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2018

## КІРІСПЕ

**Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы**

филология ғылымдарының докторы, «Түріктану» кафедрасының профессоры.

Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

### АЛТЫНОРДАДАН ҚЫЗЫЛОРДАҒА ДЕЙІН....

Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,  
Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді?  
Илияс Жансүгіров.

Кілттік сөздер: Алтынорда – түрік халықтары астанасы. Қызылорда – қазақтың астанасы. Түрік халықтары, ру-ұлыстары ынтымағы үшін күрескен тұлға.

Тәуелсіздік алғалы, етегімізді жаппасақ та, есімізді жия бастағалы біраз уақыт. ХХ ғасырдың басында ғұмыр кешкен қазақтың не бір зиялы азамат, айтулы тұлғалары жайында айтылып келеді, жазылып келеді. Сұлтанбек Қожанұлы жайында да аз жазылған жоқ. Неге екенін ел біле бермейді бірақ, Сұлтанбек Қожанұлы ұрпағынан өз бағасын ала алмай-ақ келеді.

Ол кісі жайында алғаш коммунист жазушымыз Сәбит Мұқановтың «Есею жылдары» аталатын мемуарынан оқығанбыз. Не дейді саясатта «солақай» Сәбең жарықтық? Құлақ түрелік.

**«-Сен, Сәбит шырағым, – деді жасы үлкен ағалық ақылы сияқты дауыспен, – «пролетариат жазушысы болам» дегенді қойсайшы! Сәкен ғой, осы жоқ нәрсені бар қылам деп жүрген. Ең алдымен, сол Сәкеннің өзі бола алмайды ғой пролетариат жазушысы». (С.Мұқанов «Есею жылдары», 1964. 160 бет.)**

**«Сұлтанбектің бұл сөзінен шығарған қорытындым: «Ненайшвиліді кетірем де, орнына өзім болам». Одан аңғартайын дегені – деп жорыдым ішімнен – «кім екенімді танып қой» деуі ғой, «менен ығысып жүр» дегені ғой, «әйтпесе – ондырмаймын» деуі ғой». (161 бет.)**

**«Ақыры, бір станцияға тоқтағанда ғана Қожановтың салон-вагонына барып, бірнеше сағат әдемі мәжіліс жасап қайттық. Сонда көрсем, Сұлтанбек шынында да адамшылық қасиеттері мол, ойыншы, күлкіші, әзілқой, кеңесқор, әдебиет пен көркемөнерді сүйетін кісі екен». (162 бет.)**

**«Сұлтанбек Қожанов, – деп жауап береді анау, бұл ара – оның туған жері. Ата-бабалары – осы елдің қожалары. Революциядан бұрын ресми қағаздарда «Перовский» аталып келген қаланы, Совет тұсында «Ақмешіт» ататқан да сол. Енді, ертең ашылғалы отырған 5-съезде «Қызылорда» ататып, Қазақстан астанасы жасатпақ та, шамасы келсе әдемі қалаға айналдырмақ» (168 бет).**

Шындыққа бірі жанасып, бірі жанаспайтын бұл суреттеулер мен сипаттаулар аса көрнекті жазушымыз Сәбит Мұқановтың көзімен берілген Сұлтанбек Қожанұлының келбеті. Әрине, Сәбең жарықтық «жеке адамға табыну» зардабынан 1938 жылы атылып кеткен айтулы тұлғаны ақтағысы, жақтағысы келіп отырмағаны әмбеге аян. Әдебиет көгіне «тап маған бесікте жатқанда белгі таққан!» – деп дуылдатып шыққан коммунист жазушы Сұлтанбекті Кеңес өкіметінің хас дұшпаны көреді. Соған қарамастан Сәбит Мұқанов мемуарының өзінде Сұлтанбек Қожанұлы жоталанып көрінеді. Кезінде жамандау сипатында айтылған шындық замананың төңкеріліп түсуіне байланысты бүгінгі күні тіпті

Сұлтанбектей қайраткердің азаматтық болмысын асқақтата түсетіндей. Сыншыл суреттеудің өзінен қазағым, ұлтым, жұртым деп соққан жалынды жүректің қан соғысы айқын аңғарылып жатыр. Сыншыл бейілмен жазуына қарамастан Сәбит Мұқановқа осыдан соң ризашылық сезіммен қарағың келетінін қайтерсің?!

Бірде Бейсекеңнің көңілін сұрап Мәскеуден Нұртас Оңдасынов келді. (Қонаев астына мінгізіп қойған ақ «Волга» автокөлігі есік алдында қаңтарулы тұр.) Екеуі Ташкентте жетім балалар үйінде бірге тәрбиеленген мұңлықтар. Баяғыда атылып кеткен алаштың бірсыпыра азаматтары әңгіме арқауына айналды. Бейсекең Мағжанды, Нұртас Сұлтанбекті атады. Екеуінің де көзі суланды, жанары жасқа шыланды... «Олардың бәрі де қашан ақталған. Қорқып әңгіме ете алмай отырған өзіміз» – деп салды көзі шапыраштанған Бейсембай Кенжебайұлы. Сәбит Мұқановқа бастатып, қайраткерсіп жүрген, көсем жазушы атанып жүрген бір-ер азаматты сыбап салды. «Тұрар жайында жазыла бастады. Енді бәрі де ақталар, жазылар, халықпен қайта табысар. Сабыр қылайық, Бейсембай!» – деді ұстамды Нұрекең. «Мен ұстазым Мағжаннан бастап көрген, білгенімді естелік етіп жаздым. Газеттер баспайды. Қорқады. Сосын бір данасын архивке өткізіп, бір данасын баламның қолына беріп қойдым» – деп Бейсекең маған сілтеме жасады. Шын зиялы өзара сеніскен екі қария Бейсекең жазған естелікке шүкшиды. Әй, бір айыз қанар әңгіме болды-ау, шіркін!

Екі қарияның әңгімесіне ден қойсам қазақ қайраткері ішінде Сұлтанбек Қожанұлындай көзі ашық, оқыған-тоқығаны мол, ұлтшыл, халықшыл, түрікшіл табанды қайраткер сирек, тым сирек! Тегінің қожа еместігі, Перовскийді Ақмешіт атандырғаны екеуара әңгімеде ашылып үлгерді. Сәбең жарықтықтық, қиыстыруы болып шықты. Ал, Ақмешітке Қызылорда деп ат беріп, астанаға айналдырған Сұлтанбек Қожанұлы! Әуелде ойында Түркістан болыпты. Болғанымен қазақтың алауыздығына сенбепті. Қазақ эзелден алтыбақан алауыз емес пе, тәйірі?! Міне, өз қазағына өзі сенбей Түркістанды Қазақстанның астанасына айналдыра алмаған. **Өз қолын өзі кесе алмай қиналған ол:** «...Қазақ халқының астанасы – ежелгі қала Түркістан болғаны дұрыс-ақ еді. Ендігі жерде оның реті бола қоймас. Не де болса Ақ-мешітке көшірелік»-депті.(Орынбор 1925 жыл.) Сөйтіп түріктік алтын тамыр – ТҮРКІСТАНҒА Сұлтекеңдей қайраткер де табан тірей алмаған екен. Есесіне әрісі Перовский, берісі «Ақмешіт» атанған қаланы Қызылорда атап астанаға айналдырған Сұлтанбек Қожанұлы! Қызыл уақыттың бояуы. Одан қаша алмаған шығар. Есесіне сыналап «ОРДА» атауын тығып жіберіпті, жарықтық. Бұл тарихи санасы бүтін азаматтың ісі. Алыс жатқан, орыс озбырлығы алыстатып жіберген Алтын Орда, Ақ Орда, Бату сарай, Берке сарай, Сарайшықтан әбден хабары бар, ара-жігін аяулы Ордалардан ажыратқысы келмеген азаматтың большевизмнің көзін алдап барған қадамы! Сұлтанбек Қожанұлының рухани жан байлығын, дүниетанымын осы бір әрекетінен анық сезсек керек.

Ақсақалдар институты әлі құламаған, құрдымға кетпеген кез. Бір биязы сөйлейтін әдемі қария жиі келер еді Бейсекеңе. Екеуі «Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасында» бірге істепті, бірінен кейін бірі басқарыпты аталған баспаны. Ол – Ғалым Ахмедов ныспылы қария! Әй, баяғының оқымысты, зиялы тұлғасы еді-ау Ғалекең. Ол айтқан әңгіменің бірін еске алайыншы:

**«Москвада Ленин басқарып отырған бір жиналыстың Сұлтанбек Қожанұлы үстінен түсіпті. Кездейсоқ келіп қалған ол дайындықсыз сөйлеп кетіпті. Сонда оның сөзіне айызы қанған Ленин:**

- Жолдас Хожанов, япыр-ай, қазақтардың бәрі де өзіндей білімді ме? – деп сұрағанда Сұлтанбек мүдірместен:

- Владимир Ильич, солардың ішіндегі ең нашары мен..., – деп жауап беріпті.

Сталинмен ол кісі «сен» деп сөйлеседі екен.

**Алкалы жиында Сталин:**

- **Жолдас Хожанов, Москваға оқуға кел, білімді көтеруің керек, –дейді.**
- **Өзің оқы. Мен семинарияны бітірдім, сен оның екі класын ғана тауыстың ғой, – депті сонда Сұлтекең».**

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Алашорда» ақталып мәре-сәре болып жатқан сәтімиз. «Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориальдық музей-үйі». Халық университетінің сабағы өтіп жатыр. Тақырып – «Алашорда өкілдерінің аяулы жарларымен кездесу». Апанға түскен аққулар! Ірі денелі қараторы кейуана мінберге шықты да қоғам және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанұлы жайында айта бастады. Ешкімді жазғырмады. Өзінің түрмеге қамалып, лагерге айдалған азапты-дозақты өмірінен қысқа қайырып сөйледі. Етегі жасқа толмады. Жыламады. Есесіне сабырлы сөзі жұртты жылатты. Ешкімді кінәламады. Тыңдап отырған жұрт келеңсіз іске жол берген кеңестік қоғамды кіналады. Ақырында, **«Ақыр-аяғы бәрі қайыр. Енді халқымнан жалғыз өтінішім бар – атылып кеткен азаматтарыңды алаламай-бөлмей түгел ақтап, еңбегін ел көзіне шығарсандар...»** – деп аяқтады сөзін әлгі кейуана. Аяулы ана – Сұлтанбектей ғажап қайраткердің жары – Гүландам апай болатын.

**«Жаңа сөйлеген Күландам менің абысыным емес, енем. Түп-тура солай, енем! Мен Күландам апайдың қолына келін болып түскенмін. Айтып жүрген «темір нарком» Темірбек Жүргенов менің қолымнан ұстап, жетелеп алып келіп Сұлтанбек ағайдың үйіне түсірген. Оң-солымды тануыма Күландам енеміз көп ықпал жасады. Біз ұзақ уақыт Сұлтекеңдей ұлы адамның үйінде, олармен біріміз баласы болып, біріміз келіні аталып бір шаңырақ астында бірге тұрдық. Бірақ, мен сорлы «Темірбек – халық жауы» аталып, ұсталып, қамалғанда, саясаттың сұрқия сөзіне сеніп қалып, ерімнен бас тартқанда Күландам жанын шүберекке түйіп түнделетіп келіп «Мұның не, сенің?» – деп мені райымнан қайтарған адам...»**

Ашынды сөз айтып тұрған адам – есімі тарихта қалған ең алғашқы Мәдениет наркомы – Темірбек Жүргеновтің жары – дәрігер, профессор Дәмеш Ермекова! Әлімхан Ермековтың қарындасы!

Аяулы аналар егіліп сөйледі, төгіліп сөйледі. Жылап сөйледі, жылатып сөйледі.

Жә, жетер. Замандастарын, көзкөргендерін сөйлетіп болдық. Байқап отырғанымыздай, бірі жақсы көреді екен, келесісі жек көреді. Бір ғажабы көзқарасы жөнінен лагердің екі жағындағы адамдардың екі парасы да Сұлтанбек Қожанұлын «Алашордашыл» деп жек көреді, «Алашордашыл» деп жақсы көреді. Қайтерсің, дүниетанымның билік алуы.

Өсіресе, Сәбит Мұқанов, Бейсембай Кенжебайұлы. Өзім жан тартып жақсы көретін екі адамның кереғар пікірі маған ауырлау тиді. Ішімде аударыспақ ойнайды. Түсінем. Сәбең жарықтық коммунист, большевиктік көзқарас иесі. Бейсекең мен Нұрекең «Алашшыл» мұңлық тұлға.

Сонымен Сұлтанбек Қожанұлы кім?

Біз ұятты сұрағымызды қайталап қоямыз.

Сұлтанбек Қожанұлы 1894 жылы, қазіргі Созақ жерінде, Ақсүмбе ауылында туған.

1906-1910 жылы Түркістандағы төрт жылдық бастауыш орыс-түзем мектебінде, 1910-1913 жылы сол Түркістандағы үш сыныптық орыс-түзем училищесінде оқыды.

Ұлы «Жібек жолының» бойында жатқан, күллі «Түрік дүниесінің рухани астанасы – Түркістан» (Н.Назарбаев) эзелден мәдениет ошағы, ілім-білім нұрын шашқан жер. Бала Сұлтанбекті Түркістанда ағартушы Садық Өтегенов тәрбиеледі. Ол қазақтан шыққан алғашқы білімпаз Серәлі Лапин, Мұстафа Шоқай, Қоңырқожа Қожықов, Міржақып Дулатұлымен сүйек шатыс, әрі дос-жар кісі. Бала жасынан Сұлтанбектің «кетпен тұяқ кемеңгер» дерлік айтулы алаш азаматтарымен таныс, біліс, кейін үзеңгілес қызмет етуінің

сыры міне осында. Жары Гүлөндам – Серәлі Лапиннің қызы.

Сұлтанбек 1913-1917 жылдары Ташкент қаласында мұғалімдер семинариясында оқиды. Түрікшіл жастардың «Кеңес» ұйымын құрады. Басқарады. 1917-1918 жылдары «Түркістан автономиясы» қозғалысының мүшесі, Мұстафа Шоқай негізін қалаған «Бірлік туы» газетінің бас редакторы. Аталған баспасөзді қолмен құрған, басқарған үш кісі. Мұстафа Шоқай, Хайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанұлы. «Бірлік туы» Стамбулдағы «Сабак» газетімен байланысып жатқан түріктік тынысы мейлінше кең басылым. Мұстафа Шоқайдың «Бәріміздің құбыламыз - өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мұхаббат, уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!»-деген толғанысының басында тұрған «Бірлік туы» бұл! 1918 жылы «Түркістан автономиясын» қызыл большевиктер пулеметпен атқылап жазықсыз бұхараны қынадай қыратын қайғылы сәт, оны тамаша публицист, Сұлтанбектің досы Хайретдин Болғанбаев: «31 ғинуардан 10 февральға шейінгі күндер Түркістан халқының есінен өмірінде шықпас. Ол күндерде адам-хайуан өзінің бет аузын Түркістан халқына ашық көрсетті.

Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер.

Адам пішінді жыртқыштардың ол күндерде Қоқандық көшелерінде істеген сұмдықтарын естігенде денең түршігіп, қаның мұздайды. Жүгені сыпырылып, мейірімі кеткен, аузы көпіріп, көзі қызарған адам-хайуан Қоқандық көшелерінде құтырған қасқырдай кәріні, еркекті, әйелді талғамай қырған күндер – ол күндер».

«Япырмай, осы сықылды үлкен масқара зор сұмдық күндерінде

Түркістан халқы бір уақыт ұмытар ма екен!

- Жоқ! Мың қабат жоқ!»

«Сорлы Түркістан! Сен кеше бостандық болды, теңдік күні туды деп қашанғы жоғалтқан еркіндігіңе талпындың ғой. Сен Россияның үлкен өзгерісінің буына желігіп, баяғы айбыны күшті Темірің мен ақылы дана Бабырларыңды есіңе алдың ғой.

Жоқ, босқа алданғансың! Шеттен келген бұмен өлген теңдік тірілмейді. Сен ол теңдікті шын өксіп, анық сағынған болсаң, өзгеріс буы өзіңнен шықсын!

Сырттан – Россиядан, Еуропадан келген өзгеріс буы саған әл болмайды. Сен әлі тоңсың, күнің ыстық болса да саған әлі бостандық буы кірген жоқ. Енді мына көз алдында судай аққан кінәсіз қандар сенің бойыңа жылу жүгіртсе сонда сен жылынасың. Сонда ғана сен Темірлерің мен Бабырларыңды көресің.

-Аһ! Айнала қан сасиды!

Енді мен бұл қанды көріп бұрынғыдай тоң болып қала алмаймын.

Бұл қан мені ұйықтатпайды. Бұл қан көз алдымда тұрғанда қалың мақталы дүрия көрпені жылы жамылып жата алмаймын. Тұншықтырады... түсіме енеді.

Адам пішінді жыртқыштардың тұла бойлары қан сасиды!

Олардың қолдарына жұққан мұсылман қаны әлі кеткен жоқ.

Біздің ұлтын сатып, діннен безген бұралқылар солардың қолдарын қысып, ауыздарын сүйіп жүр-ау!

Ұятсыздар!... Имансыздар!... Кіммен жолдас болып жүрсіндер?!

Достарыңның қолдарындағы жосадай қызыл бояу не екенін білесіндер ме?

Ол – сендердің бауырларыңның қаны... Әлде сендер Қабылдың сарқытын ішіп, өз бауырын өзі бауыздаған, өз ұлтынан өзі безген шоқындысыңдар ма?!

Дені дұрыс бауырларым! Оларға жолама! Олардың тұла бойлары қан сасиды». – деп ашына («Тұла бойлары қан сасиды...») жазған еді.

Оларға ілесе шығып, қатар жүріп, қанаттас келе жатқан Сұлтанбектің дүниетанымын шайқап, түрікшілдік сипатта қалыптаған да «Батыс Түркістанда» өтіп жатқан осындай

сұмдық қанқұйлы оқиғалар. «Батыс Түркістанды» большевиктер кейін «Орта Азия» атандыруына қарамастан ол кезеңді көзімен көрген қазақ, өзбек, тәжік, түркмен, қырғыз, башқұрт азаматтары түрікшіл рухта ержетті, түрікті сүйген жүрекпен өмір сүріп өтті мынау жалғаннан. Сұлтанбектің сол жылдары қоян-қолтық араласқан азаматтары Мұстафа Шоқай, Зәки-Ахмет Вәлиди Тоған, Жүсіп Ақшора сияқты түрікшіл тұлғалар.

Кейін келе замана зейіліне қарай коммунистік партия қатарында болып, кеңестік жүйеде түрлі басшылық қызметтерде жүруіне қарамастан Сұлтанбек Қожанұлының ұлтшыл-алашордашыл, тіпті түрікшіл көзқарасынан таймауының сыры өзінен-өзі осыдан кейін түсінікті болады.

Сол ардақты Түркістан өңірін 1918 жылы аштық жайлады. Түрлі күрес-көтеріліс, сойқанды соғыс зардабы соған әкелді. С.Қожанұлы ұлт үстіне жұт шөккенде ашаршылықпен күрес комиссиясын басқарды. Орынбор – Ташкент теміржолымен жеткен астықты жол бойы тонаған жолбике саудагерлермен күрес, аштықтан қалай аман шығуға болатынын айтып жазған мақала – қарғадай Қожанұлының қаламгерлік те қайраткерлік те жолы. Алаш азаматы ел-жұрт көзінде адалдығымен, әділдігімен ерекше тұлғалана түседі. Ол қайраткерлік жолға осылай келді.

Таратып айтсаң талайға кетер қайраткер өмір жолын қысқа шолсақ, 1918-1919 жылдары Ташкент қаласындағы педагогикалық курстың оқытушысы, 1919-1920 жылдары Түркістан үйездік білім беру басқармасының нұсқаушысы, үйездік-қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Сырдария облыстық төңкеріс комитетінің төрағасы, 1920 жылы Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Түркістан республикасының ішкі істер, ағарту, жер-су комиссары, Түркістан республикасы Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, «Ақ жол» газетін ұйымдастырушы, бас редакторы, Жетісуды отаршылдардан тазарту жөніндегі комиссия төрағасы (ұлтшылдығы, түрікшілдігі үшін Мәскеудің қаһарына ілігетіні осы сәт.), 1924 жылы Қазақ облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, 1925 жылы Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы, БКП(Б) ОК-нің ұлт республикалары мен облыстары бойынша жауапты нұсқаушы, БКП(Б) Орта Азия бюросының үгіт, насихат және баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары... Оқытушы ұстаз болып басталған жол төраға, министр, бас редактор болып бүкілодақтық өреде жалғасып жатты. Қазақтың қаршадай қайраткерінің өсу қарқыны – «Құс жолындай» ап-айқын екен-а, шіркін!

Алайда, қайда, қандай қызметте жүрсе де ұлттық болмыстан айнымаған, түріктік ұстанымнан таймаған, тіпті И.В.Сталин сынды «қаншеңгелдің» бетіне қасқая қарсы тұрып өзінің халықшыл пікірін аямай, аянбай айтатын табанды азаматтың енді келіп мансап биігінен құлдырауы да сондай шапшаңдықпен жүре бастайды. 1929 жылы Орта Азия мақта-ирригация политехникалық институтын құрып, директоры болып қызмет атқарады. 1931-32 жылы «Орта Азия мақта Орталығының» басқарма төрағасы, «Одақмақтадайындау» басқармасының орынбасары. 1933-34 жылдары КСРО жұмысшы-шаруа инспекциясы Халықтық бақылау комитеті топ жетекшісінің орынбасары, Кеңестік бақылау (Москва) комитетінде мақта жөніндегі бақылаушы, Одақтық жер-су халық комиссариатының Орта Азиядағы өкілі, Өзбекстан мақта тресі директорының бірінші орынбасары! Одан Кеңестік Бақылау комиссиясының Өзбекстандағы өкілетті өкілінің орынбасарлығына ауыстырылады...

Ілгері-кейінді атқарған қызмет өрісі міне осындай! Алайда, қызметті тақымға басар мансап деп емес, халыққа қызмет етудің жолы деп білген ол қай-қай орынтақты да биік өреге көтеріп еібектеніпті.

Сондай-ақ, Бірінші қырғыз-қазақ (1917 ж.) съезіне, Бүкілресейлік Құрылтай жиынына, Түркістан өлкелік партия ұйымының V съезіне, Бүкілодақтық IX Кеңестер съезіне(1921 ж.)( В.И.Ленинмен жеке жүздесіп, әңгімелесетін сәті.), Кеңестер Одағы



Коммунистік партиясы Х, XIII, XIV съездеріне, Түркістан Коммунистік партиясы V-VIII съездеріне, Түркістан республикасы Кеңестері IX-XIII съездеріне делегат болып сайланады. Бүгінгідей аузын қалтасына салып қоятын «қалта» депутаты, «қалта» делегаты болмаған бірақ. Барынша ауқымды аудиторияларда халық мұңын мұндап тіліп, қырқып сөйлейді. Қызыл коммунистердің талқаны қызып, Лениннің кешірім беруіне қарамастан И.В.Сталин «Алашорда» ұйымын қуғындап, алдын атып, аяғын «итжеккенге» айдатып жатқанда М.Жұмабайұлы өлеңдер жинағына алғысөз жазып, кітап етіп бастыратын батырлығын айтыңыз Сұлтекеңнің! Башқұртстандық татар «Үлкен Түркістан федерациясы» идеясының авторы – тас түрмеде жатқан Мирсаид Сұлтанғалиевті (Өзі И.В.Сталиннің досы.) күллі түрік қайраткерлері (қазақтар да бар.) «көрсетіп» жатқанда, түріктік тұлға аталып келген Тұрар Рысқұлов И.В.Сталинге «донос» жазып Алашорданы саға бастағанда, сатпаған, жақтаған ерлігін айтыңыз Сұлтекеңнің! Па, шіркін! РКП (б) ОК-нің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен өткізген IV Кеңесінде Түркістандағы отаршылдықтың зардаптары туралы сөйлеп, Сталинді сынап, Сталиннің сынына ұшырайтынын қайтерсің?! ТКП ОК, ТКП ОБК, РКП(б) ОК Ортазбюросы, Түр ОАК Президумының мүшелері және Ташкенттегі жауапты қызметкерлердің қатысуымен өткен бірінші кеңесте (1924 ж.) **«Орта Азия Федерациясы туралы идеялық тұжырымдамасын»** ұсынуы, кезінде тас-талқан етіп сыналған – «Үлкен Түркістан федерациясы» идеясын қайта тірілту! Жүрекжұтқандық!

Демократиядан ада, тоталитарлық жүйеге «Жүрекжұтқан» жандар, халық қамын жеген ақық қайраткерлердің керегі жоқ еді ол кезде. Ақын, көсемсөзші, аудармашы, әдебиетші, бір қазақтық қана емес, күллі түріктік өредегі мемлекет, қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанұлы 1937 жылы 16 шілде күні «Өзбекстан ішкі істер халық комиссариаты мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының» шешімімен қамауға алынды. Сөйтті де қоғамды жеке билеуі дендеп айықпас дертке айналған Сталинді сынайтын жүрекжұтқан сабаз, түрікшіл тұлға 1938 жылы 8 ақпан күні «КСРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының» үкімімен ату жазасына кесілді. Екі күннен кейін атылды.

Сөйтіп Түркістан түлегі Сұлтанбек Қожанұлы «Үлкен Түркістан» үшін күйді...

Сөйтіп, ол Алтынорданы Қызылордаға жалғап тіршілік кешіп өтті. Уақыттың «Қызыл» жалауына түріктік «ОРДА» ұғымын жалғап, қазақты рухани бодандықтан сақтады.

Қызылордада Амантай Шәріп бастамашылығымен Сұлтанбек Қожанұлына ескерткіш қойылды. Түркістанда «Игілік» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен Сұлтанбек Қожанұлына ескерткіш қойылды. Игілікті іс. Ал, мемлекет тарапынан Сұлтанбектей өзге (сыңары) жоқ, ерен тұлғаға ескерткіш қашан қойылар?

**1 секция**  
**ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ**  
**ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР**  
**НАЦИОНАЛЬНАЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ЛИЧНОСТИ В**  
**ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ ХХ ВЕКА**

ӘОЖ: 821.512.122

**Шәріп Амантай Жарылқасынұлы**  
ф.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ ҚЫЗМЕТІ**



**Түйін:** Мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанұлының әдеби қызметі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншіден, С.Қожанұлының ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ әдебиетін дамытуға белсенді ұйымдастырушылық әрекеттері арқылы қосқан үлесі бағаланады. Бұл Абай Құнанбайұлының, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын солақай пролетарлық мәдениет сынынан қорғауынан, Алаш арысы Міржақып Дулатұлының әдеби қызметіне жағдай жасауынан, ұлы ақын Мағжан Жұмабайұлының өлеңдер жинағын Ташкентте алғы сөзбен жарыққа шығаруынан, өзі басқарған «Бірлік туы», «Ақ жол» газеттерінің бетінде сол тұстағы қазақтың талантты ақын-жазушыларының (М.Әуезұлы, Ж.Аймауытұлы, І.Жансүгірұлы, А.Мәметұлы, т.б.) үздік туындыларын жариялап отыруынан көрініс табады. Екіншіден, С.Қожанұлының өз көркем шығармашылығының негізгі бағыттары көрсетіліп, оның ақындық, аудармашылық және әдеби сыншылық қызметі жөнінде сөз болады. Өлеңдерінің идеялық-көркемдік және жанрлық сипаттары айқындалып, орыс ақындарынан жасаған тәржімаларының ерекшеліктері мен әдеби көзқарастары талданады.

Фото 1 . С.Қожанов 1894-1937

**Кілттік сөздер:** Сұлтанбек Қожанұлы, қазақ әдебиеті, поэзия, көркем аударма, әдеби сын.

**Кіріспе.** ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы ел басқарған алаш азаматтарының көбіне тән қасиет – әмбебаптық. Олардың қатарында шығармашылық жұмыспен шұғылданғандары көптеп кездеседі. С.Садуақасұлы, Т.Жүргенұлы, С.Аспандиярұлы, Н.Төрөкұлұлы, А.Асылбекұлы, т.б. мұра етіп қалдырған әдеби-публицистік туындылар – өте бағалы байлық. Сондықтан осы қайраткер-қаламгерлердің рухани мирасын саралап-салмақтау әдебиеттану ғылымының өзекті міндеті ретінде күн тәртібінен түспейді.

Сұлтанбек Қожанұлы да мемлекет және қоғам қайраткері болумен қатар, қазақ әдебиетінің тарихында лайықты із қалдырды. 1921 жылы толтырған анкеталарының

бірінде ол «Әдеби жұмысқа араластыңыз ба?» деген сауалға: «Қырғыз (қазақ – А.Ш.) газетіне редакторлық еттім және редакторлық етіп келемін», – деп жауап беріпті [1, 28].

Бұл жерде «редакторлық еттім» дегені «Бірлік туы» газеті (1917-1918) болса, «редакторлық етіп келемін» деп айтып отырғаны – «Ақ жол» газеті (1920-1926). Екі басылымның да алғашқы сандары Ташкент қаласында – бірі Қазан төңкерісіне дейін, екіншісі Кеңес өкіметі орнаған соң жарық көрген. Бірінші газет Түркістан мұхтариятының (автономиясының) үні ретінде кеңінен танылса, кейінгісі Кеңестік Түркістанның орталық партия басылымы бола тұра, өз төңірегіне Алаш қайраткерлерін жиыстырған ұлттық сипатымен ерекшеленді.

С.Қожанұлының өлеңдері, аудармалары және әдеби-сын мақалалары негізінен осы екі газетте, сондай-ақ сол тұстағы «Еңбекші қазақ», «Тілші», «Жас қайрат», «Правда

Востока», «За партию», т.б. басылымдарда жарияланды. Ол «Тоқпақ», «Тарпаң», «Замандас», «Қияқ» деген бүркеншек есімдерді пайдаланған.

Жазушы Сәбит Мұқанов өзінің естеліктерінде: «Обкомдағы кабинетіне барған мені Сұлтанбек жылы шыраймен қарсы алып, шүйіркелесе, теңдесе сөйлесті. Оның да өлең жазатынын сонда ғана білдім. Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналындағы «Тоқпақ» және «Замандас» соның псевдонимі екен. Ол жалпы әдебиетті, оның ішінде қазақ баспасөзін көп оқитын адам екен» [2, 129], - деген мәлімет берсе, ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: «Ол өткір тілді, тапқыр, кең тұлғалы кісі-тін. Қызыл тілге келгенде, мен ондай шешен адамды көрген емеспін. Ашуы жоқ, мінезі дарқан, сөздерін тастай етіп айтатын арыстан туған кемеңгер адам еді» [3, 153], - деп сыр тарқатады.

С.Қожанұлының қаламгерлік қарым-қабілеті жайында оны көзімен көрген С.Мұқановтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Ғ.Ахмедовтың естеліктерінде маңызды айғақтар ұшырасады. Профессор Т.Қожакеев бірінші болып Сұлтанбектің әдеби-публицистік жарияланымдары туралы арнайы мақалалар жазып, оларды өзінің «Көк сеңгірлер» кітабына (Алматы: Қазақ университеті, 1992) енгізді. Сондай-ақ, Р.Бердібаевтың, Б.Қойшыбаевтың, Р.Раджапованың, М.Бурабаевтың, Ж.Әлмашұлының, Б.Қорғанбековтің зерттеулерінде түрлі топшылаулар бар.

Сегіз қырлы, бір сырлы қайраткер-қаламгердің әдеби-публицистік мұрасын Ресей, Өзбекстан және Қазақстан архивтері мен кітапханаларынан іздеп тауып, тұңғыш рет оның шығармалар жинағында топтастырған болатынбыз [4]. Содан бері С.Қожанұлының әдеби мұралары ғылыми айналымға толығырақ ене бастады.

**Теориялық талдау.** XX ғасырдың 20-жылдарында қазақ әдебиеті идеялық қайшылықтар, шығармашылық таластар барысында дамыды. С.Қожанұлының әдебиет жөніндегі көзқарастары да сол қым-қуыт ортада қалыптасты. Әлгі Сәбит Мұқановпен арада болған мына бір әңгімесі оның сөз өнері саласындағы идеялық және эстетикалық талғам-тілектерін біршама аңғартады:

«Сен, Сәбит шырағым, - деді жасы үлкен ағалық ақылы сияқты дауыспен, - «пролетариат жазушысы болам» дегенді қойсайшы! Сәкен ғой, осы жоқ нәрсені бар қылам деп жүрген. Ең алдымен, сол Сәкеннің өзі бола алмайды ғой пролетариат жазушысы. Қайдан болады ол? «Бай ұлы болсаң – Адай бол, Арғын болсаң – Алтай бол» демей ме қазақ? Сол Алтайдың ішінде, Сәкен ең ірі атаның бірі – Жәнібекке жататын көрінеді. Әкесі – Сейфолла серілік құрғаннан басқаны білмеген. Сәкен соның мырза баласы боп өскен. Революцияға араласуы – әлдеқалай бір нәрсе. Мырзадан революционер шыққан емес.

Іштей толып жатқан таласым бола тұра, «бетін түгел көріп алайын» деген оймен Сұлтанбекке қарсы жауап айтқан жоқпын. Менің өз жайыма келгенде, астыма көпшік қоя сөйлеп:

- Сен, әрине, талантты жастың бірісің. Биографияңнан да хабарым бар. Сенің әдебиетте де кедейшіл болмауға правоң жоқ. Өлеңдеріңнің көркемдігі жетіп болмағанмен, мазмұн жағынан өз бағытыңда жаман шықпайды. Көркемдік жағынан өсуге уақытың ба, - әлі жассың. Қызыл езулікті қою керек те, шеберлену жағына күш салу керек. Бұл саған шын ағалық, адамдық жүректен айтып отырған сөзім, - деді.

- Сенем, - дедім мен, әлі де сөз таластырғым келмей» [2, 129].

С.Қожанұлының осы диалогтағы пікір-пайымдарын оның «Ақ жол» газетіндегі жарияланымдары дәйектеп бере алады. Соның бірі – «Жақындық па, жалақорлық па?» атты айтыс мақаласында [5] ол Сәкен Сейфуллинмен және Сәбит Мұқановпен ой ұстастырды. Автор екі қаламгердің «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты мақаласының (Еңбекші қазақ. 1924, 19 ақпан) теріс тұжырымдарын сын тезіне салды.

Алдымен С.Қожанұлы әдебиет тарихын дәуірлеу турасында: «Зарқұм», «Сал-сал», «Кербалаға» ұқсаған қиссалар қазақтың ұлт әдебиетіне һәм жазба әдебиетіне жатар ма? Қазақтың ұлт әдебиетіне орыс тілі кіріп кетті қылып, бір-екі қылжақбас тілмаштың өлеңін келтіріп, мұны әдебиеттің бір дәуірі деп санауға бола ма?» - деп дауласты.

Әлбетте, бұл секілді байламды оның жөн-жосықсыз жасай салмағаны анық. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» қазақтың жазба әдебиетінің тарихын «діндар дәуір» және «ділмар дәуір» деп екіге бөлгенімен: «Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес. Басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [6, 178], - деп тұжырымдаған. Дін қиссаларын әдебиеттегі ағым ретінде бағалаған Мұхтар Әуезовтің пікірінше, сол бағыттағы дүниелердің «көбінің сарыны шеткікі болудан басқа, мазмұндары да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер» [7, 10].

Ал қайраткер-қаламгер Смағұл Садуақасұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 15-16 ақпандағы санында жарияланған «Әдебиет әңгімелері» атты мақаласындағы: «Сәбит «Еңбекші қазақта» жазған мақаласында «біз орыс әдебиетінен ғана үлгі аламыз» дейді. Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы – бізге үлкен үлгі. Осыны түсінсе, Сәбиттің өсуінде сөз жоқ» [8, 303], - деген пайымы С.Қожанұлының ойларымен үндеседі.

Екіншіден, Сұлтанбек жеке тұлғаларға таңылған бағаларға байланысты таласқа түсті. Сәкен мен Сәбиттің мақаласында «Төңкеріске дейін жасап келген әдебиет дәуірінде оза шығып, бәйге алатын кісі жоқ. Көптің күшімен атау алып отырғандарды әдебиет ағасы деп санауға болмайды» деген үзілді-кесілді пікір айтылып еді. Мұны «өзі оза алмағанға ыза болған адамның сөзі» деп тапқан Сұлтанбек: «Ұлт әдебиетін жасау, тіл түзеу 1905-інші жылдан ғана басталады» десек, онан бұрынғы Алтынсарин, Абайға ұқсағандар орыс тілін таратқан жазушылар болғаны ма? Қазақта жазба әдебиетінің ағасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, кім болады? Басқа да аға бар ма? Бар болса, кім?» - деп қарсы сауал қояды. Тапшыл идеологияның тегеуріні күшейген тұстың өзінде де ұлттың асыл арналарынан айнымауы С.Қожанұлының биік мәдениеті мен берік мінезінің айғағына айналды.

Сұлтанбек осы мақаласында өзі айрықша ардақтаған Ахмет Байтұрсынұлын «тіл тазартуға тынбай еңбек қылып келе жатқан, амал мәселесін іс жүзінде шешіп, тіл құралдарын жазған, қазақтың ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері» деп дәріптеді. Ол бұл сөздерінің дұрыстығын іс жүзінде дәлелдеп, ұлы ұстазының елу жылдық мерейтойының Ташкентте аталып өтуіне мұрындық болды, атақты «Қырық мысалының» үлгісімен орыс ақыны Д.Бедныйдың мысалдарын қазақ тіліне аударды, әдебиет теориясына қатысты көп

ізденіс жасады.

С.Қожанұлы әрдайым осындай құрметті Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлына да көрсетті. Олардың 1912 жылы Түркістанда басталған ағалы-інілі қарым-қатынасы ешқашан үзілмей, ел мұраты жолындағы ұмтылыстарына дем беріп отырды. Сұлтанбек Міржақыпқа «Ақ жол» газетінің шығармашылық тізгінін тапсырып, тізе қоса жұмыс істеді. Оның Ташкенттегі «Колизей» театрында 1921 жылғы 9 қаңтарда қойылған «Балқия» пьесасы туралы алғашқы болып пікір жазды [4, 171]. Міржақып секілді, Сұлтанбек те «Есептану» оқулығын жарыққа шығарды.

С.Қожанұлы жоғарыдағы мақаласында Сәкен мен Сәбиттің: «Ақындардың барлығы ноғай һәм орыс ақындарының сөздерінен ұрлап қана жаза алады. Өз миларынан шығарғандары шамалы. Соның бірі – Мағжан Жұмабайұлы. Жұмабай баласы – ноғай мен орыс ақындарының көшірмесі», - деген жөнсіз байламдарына да тойтарыс берді. Ол соқыр еліктеу мен саналы үйренудің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты аңдатып: «Әдебиет ұрлығы деп еліктеуді айта ма, жоқ, Сәкеннің үзеңгі жолдасы Көлбай Тоғысов дегеннің істегендері – біреудің өлеңін көшіріп, астына қол қойғандығын айта ма?» - деп қарсы шабуылға көшті. Бұрынырақта, «Қазақ» пен «Бірлік туы» газеттерінде Көлбайдың саясаткерлігі мен суреткерлігін жоққа шығарған бірнеше мақала басылған болатын. Мысалы, Міржақып Дулатұлы өзінің бір мақаласында (Қазақ. 1916, №175) Көлбайдың «Надандық құрбаны» драмасына сын айтып келеді де: «Әдеби ұрлықтар туралы тағы бір кезі келгенде жазылар... Сөйтіп, тұңғыш көрген театр кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештерінде қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды» [9, 274], - деп кесім айтады. Бұл арада Міржақып пен Сұлтанбектің әр кезеңде жарық көрген мақалаларындағы пікір сабақтастығын аңғару қиын емес.

С.Қожанұлы Сәкен мен Сәбиттің «Ел тұрмысы қала тұрмысынан, әрине, артық. Елде бейнет жоқ. Сондықтан ел әдебиеті қаладан көркем» деген сөздерін сынаған Сұлтанбек бұл қарабайыр қорытындыны «еңбекшілердің ұрыншысымын» деп жүрген Сәкенге жарамсыз деп санады. Айта ететін нәрсе, «дала өмірі» мен «қала өмірі» тақырыптарының төңірегінде сол шақта туған алуан түрлі айтыстар – мәдениет тарихшыларының әлі күнге дейін онша талдап-тексермеген мәселесі.

С.Қожанұлының «Жақындық па, жалақорлық па?» атты бағдарламалық сипаты бар мақаласынан, сөз жоқ, әдеби түсінігі мен тұғыры, эстетикалық талғамы молынан танылады. Көзқарасы жөнінен Алаш зиялыларына жақындығы көзге ұрып тұрады. Оның әдебиет майданындағы қарсыластарына айналған Сәкен Сейфуллинмен және Сәбит Мұқановпен арадағы пікірталастары бұған дейін де болған және кейінгі уақытта да толастап қалған жоқ.

1922 жылы көктемде Сәкен Сейфуллин Ташкентке келіп, «Ақ жол» газетінің бетінде бірнеше шығармасын, соның ішінде «Аш қазақ» атты өлеңін бастырады (1922, 22 сәуір). Сол кезде қазақ даласын жайлаған сұрапыл ашаршылыққа арналған бұл туынды «қазақ азаматтарына, қазақтың байларына тарту» ретінде ұсынылды. «Жұмысшы табының жыршысы» деп жүрген ақынның тосын «сый-сияпатын» түсінбестікпен қабылдаған Сұлтанбек оған қарсы «Кім жауапкер?» атты өлеңін [4, 212-213] «өтірік ұлтшыл, от басы ойбайшылдарына арнап» деген анықтама қойып жариялады. Сәкен бұған «Кім жауапкер, жолдас?» атты қарымта өлең (Ақ жол. 1922, 29 сәуір) жазса, Сұлтанбек «Ойлап көрші!» [4, 214-215] өлеңімен тағы жауап қайтарды. Осыдан соң, «Ақ жолдың» басқармасы: Токпақтың «Кім жауапкер?» һәм «Ойлап көрші» сөздері – һешкімді жекелеп кекетпестен, «Ақ жолда» сан жазылып келген жалпы түрдегі саяси жобаменен кеткен сөздер. Мұнан былай көпке қызықсыз сөзге, әсіресе айтыс қалыбында орын берілмейді», - деп, тартысты доғарды.

С.Қожанұлы Сәбит Мұқанов шығармашылығына байланысты өзінің бастапқы

пiкiрiнен айнымады. «Жаңа әдебиет» журналының 1928 жылғы 1-6 сандарында жарық көрген «Сұлушаш» поэмасы туралы орыс тiлiнде «Не все то золото, что... так именуется» («Жарқырағанның... бәри алтын емес») атты көлемдi рецензия жазып, идеялық және көркемдiк тұрғыдан өткiр сынға ұшыратты [10, 214-215]. Сәбит те есесiн жибергiсi келмей, Қазақстанда қызмет iстеуiне тыйым салынып, Мәскеу мен Ташкент арасын жол қылып жүрген Сұлтанбектiң есiмi мен еңбегiн «қара тақтаға» жазуға тырысты. Ол 1932 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиетi. Ұлтшылдық-байшылдық дәуiрi (1-бөлiм) атты кiтабында С. Қожанұлын «байшыл коммунист» деп сипаттап, алашордашылардың «қолдарына «Ақ жол» газетiн бердi» деп айыптады. «Сұлтанбек Қожанұлы коммунист бола тұра, «әдеми болған соң, бастысы, түрiне қарандар, мазмұнына қарамаңдар» деп отыр. Мағжан өлеңiнде басылғанның көбi осылай», - деп кiнә тақты [10, 82].

Расында да, С. Қожанұлының қамқорлығы мен қолдауына ие болған шығармашылық тұлғаның бiрi – Мағжан Жұмабайұлы. 1922 жылы белгiлi ақын Бернияз Күлеев Мағжанның өлеңдер жинағын Қазан қаласында бастырып шығарса, 1923 жылы оның келесi кiтабының Ташкентте жарық көруiне Сұлтанбектiң көмегi тидi.

«Мағжан өлеңдерi туралы бiр-екi ауыз сөз» атты кiрiспесiнде Сұлтанбек кiтапты шығарудағы көзделген мақсаттарды мына сипатта мазмұндайды: «М. Жұмабайұлының өлеңдерi қазақ әдебиетiнде үлкен орын алған деп санап басып отырмыз... М. Жұмабайұлының өлеңдерi әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз... М. Жұмабайұлы өлеңдерiнiң тiл жағынан, әдебиет тану жағынан пайдасы көп болады деп сенемiз». Алғысөз иесi ақын шығармаларының маңызын: «Әдебиетi жаңа аяқтанып, әдебиет тiлi ендi жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметi зор екенi анық. Осы күнге дейiн Түркiстанда қойшылар тiлi саналып келген қазақ-қырғыз тiлi iске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткiр, әдеми тiл екенiн Мағжан өлеңдерi көрсете алады», - деп түсiндiредi. Саяси мәнiске назар аударған Сұлтанбек: «Мағжан өлеңдерiнiң iшiнде кез келген марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерiн оқушылар көре салып үрiкпей, көркемдiк жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбiрек көз салуы керек, тарих мәнiсiне жете түсiнуi керек», - деп ескере кетудi де ұмытпаған [4, 310-312].

Келесi, 1924 жылы қарашаның 24-i күнi Мәскеудегi Күншығыс еңбекшiлерiнiң коммунистiк университетiнде бiлiм алып жүрген қазақ жастарының «Жерлестiк» ұйымының отырысы болып, онда Мағжан шығармашылығы таразыға тартылды. Ал осыдан тура бес күн бұрын, яғни қарашаның 19-ында РК(б)П ОК-iнiң баспасөз бөлiмiнде кеңес өтiп, онда «Ақ жол» газетiнiң жұмысындағы кемшiлiктер көрсетiлген-дi. Сол iркес-тiркес екi басқосудың арасында байланыс бар екенi айқын. Мағжан кiтабына жазған алғысөзiнде С. Қожанұлы: «Мағжан өлеңдерiнiң саяси мәнiсiнен гөрi, әдеби мәнiсiн көбiрек көзде тұттық», - деген едi. Алайда алдын-ала айтылған «сақтық сөздерi» оны қатаң айыптаулардан құтқара алмады. Мағжанды талқылауға, шын мәнiнде талқандауға арналған мәжiлiстiң қаулысында: «Қазақ еңбекшiлерiне коммунистер партиясының бағытымен жөн сiлтеп, түзу басшылық етедi дейтiн бiрсыпыра коммунист жолдастар (Мағжан кiтабының басылуына себепшi болған жолдастар кiредi) жауапқа тартылсын», - деген бап бар едi. Бұл шешiм тап сол сәтте Сұлтанбек Қожанұлының қызмет жолына бөгет бола алған жоқ. Өйткенi қарашаның 27-сi күнi ол Қазақ облыстық партия бюросының құрамына енгiзiлiп, жауапты хатшы лауазымына тағайындалды. Бiрақ «Ақ жолға», Мағжанға, Сұлтанбекке қарсы ұйымдастырылған өз ара сабақтас шаралар қазақтың алашшыл зиялы қауымын қудалау бағытындағы «сценарийi дайын спектакльдiң» алғашқы «репетициясы» секiлдi едi.

Мұны С. Қожанұлы толық сезiндi. Бұл жөнiнде екi басылымда бiрдей – «Ақ жол»

газетінің 1925 жылғы 28 қаңтардағы, «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 31 қаңтардағы сандарында жарық көрген «Менің жауабым» атты мақаласында егжей-тегжейлі баяндады [4, 92-95]. Мағжанның шығармашылығын қолдағаны, қызмет бабындағы мүмкіндіктерін пайдаланып, оған Мәскеуде білімін жетілдіруге жолдама бергені, материалдық тұрғыдан жәрдем көрсеткені – барлығы да биік лауазымды орында отырған адамға таяқ боп тиді.

1925 жылдың күзінде Қазақстаннан кетірілгеннен кейін С.Қожанұлының ұлттық баспасөз бетінде мақалаларының жарық көруі сиреп, соңынан мүлде тыйылды. Оның кейінгі жарияланымдары тек орыс тілінде ғана ұшырасады.

Соның ішінде әдебиет тақырыбын қозғайтыны – «О литературном языке и терминологии» («Әдеби тіл мен терминология туралы») атты теориялық мақаласы [4, 92-95]. Мұнда ол түркі тілдерінің тазалығы жөнінде мәселе қойып, өзбек тілін араб, парсы және шағатай тілдерімен шұбарлауды «шығыстық интернационализмнің» көрінісі деп сынады. «Шығыстық орта ғасырдың өлі тұлыбын тірілтуге талаптанудың» құр әуре, қазіргі әдеби өмірге лайық еместігін ескертті. Ол өзбектің әдеби тілінің алдағы уақытта халықтың бұзылмаған табиғи тіл қайнарынан сусындайтынына сенім білдірді.

**Тәжірибелік бөлім.** С.Қожанұлы әдебиет алаңында белсенді ұйымдастырушы және зерделі сыншы ретінде ғана көрінбей, өзінің төл поэзиялық туындыларымен және аудармаларымен де танылды.

Ол бұл тараптағы идеялық-эстетикалық ұстанымын «Нені айтайын?» өлеңінде [4, 217] былай білдіріпті:

Нені айтам? Қыз, қызықты, сауық-сайран,  
Білмесем суреттеуді бар ма айлам?  
Көз көрмей, көңілде жоқ «сыршылдықты»  
Керек қып іздегенмен табам қайдан?

Сүйіспеншілік сарыны мен табиғат тылсымын өлең өрнегіне кірістіру өнерін өзгелердің үлесіне қалдырған ол өзінің қаламгерлік қарымына қарайлас тақырыптарға табан тірейді. Өлгі өлеңдегі:

Жұрт барда, жұртшылық жоқ, еңбек һеш қой,  
Ұйқасып, ұйқаспасын, соны айтайын! –

деген жолдар – оның ақындығының арқауы. Азаматтық және адамгершілік ауан, соған іргелес әлеуметтік әуез – С.Қожанұлы өлеңдерінің өзегі.

Сұлтанбек поэзиясының төркінін тануға апаратын жол оның өмірлік тәжірибесі мен таным-түсініктерін бағдарлаудан бастау алатыны анық. Оның сілтеген жолы, сенген жарығы – *жұртшылық, жұрттық*; сүйенген тірегі – *мемлекеттік билік*. Әлбетте, бұл айырықшаланған ұғымдардың ол үшін ауқым-аясы кең, мән-мағынасы терең болды. «Түркістанның жергілікті жұрттарының, әсіресе қырғыз-қазақтың кемшіліктерінің ең орасаны – жұртшылығы жоқтығы» (Жас қайрат. 1924, №2, 5-б.) деген ыңғайдағы пікірді қаламгер-қайраткер ұдайы қозғап отырған. Ал билік жайын келсек, бұл – оның қайраткерлігі мен қаламгерлігінің қабысуынан туған өзіне етене таныс тақырып. Осы екі мәселе ақын өлеңдерінде жақсы жарасым тапқан.

Бұрын «жұрт» пен «жұртшылық» сөздері бірін-бірі ауыстыра беретін еді. Сұлтанбектің «Нені айтайын?» өлеңіндегі «жұрт барда, жұртшылық жоқ» деген оралым олардың арасын ажыратты. Оның поэзиясында «жұртшылық» сөзі жаңа жүк көтерді. Сондықтан ақынның «Қазақ мақалдарынан» өлеңінің [4, 232] «Жұрттыққа сенген тарықпас» деген жолдармен басталуында заңдылық бар. «Кім жауапкер?», «Шынға ұсаған пікірлер», т.б. өлеңдерінде де Сұлтанбек осы төңіректегі ойларын орнықтырған (мысалы, «Жұртшылық азса, бұзақы/ Зорсынып шығар төбеге»; «Топтар жасау тап-тап боп – Жұртшылықтың амалы», т.б.).

Сұлтанбектің пайымынша, ұлтты келешекке жетелейтін немесе кейінге тартатын күш – билік басындағы азаматтар. Осы орайда оның «Бұл кім?» деп аталатын екі өлеңі бар. «Мұғалімдерге арнап» деп айдар тағылған бірінші өлеңінде (Ақ жол.1924, 8 ақпан, №402) ақын «құралы – оқу, қосыны – ұлт, қайтпас батыр қолбасының» бейнесін бедерледі. Себебі, оның ойынша, «мәдениеті тайыз, жұртшылығы жоқ, жұрт адамдары жоқ болғандықтан, ең бірінші жұрт адамдары – кеңес қызметкерлері, саяси жолбасшылар – қазақ арасында азғантай оқушы, учитель-мұғалімдерден ғана шықты» (Ақ жол. 1924, №460). Сөйтіп, Сұлтанбек өз өлеңінде мұғалімді көптің көсемі, жұрттың жанашыры, болашақтың бағдаршысы деп бағалайды. Екінші «Бұл кім?» өлеңінде де (Ақ жол. 1924, 28 шілде, №463) автор адамды сырттай суреттеп-сипаттап, оның панорамалық портретін жасау тәсіліне жүгінген. Бұл жолы оның қаламының қармағаны – сүйкімді емес, сұрықсыз бейне; өмірлік идеалына кереғар кейіпкер. Ол – тілмаш. Мұнда ақын: «Кейде алашшыл,/Кейде алапшыл,/Кейде дін, кейде түрік деп,/Кейде арамза, кейде аңқау,/ Болып, жұртты бүліктеп», - жүрген екі жүзді, екі жүзді емес-ау, қаласа елу жүзді болуға ебі жететін «теңі жоқ бір асыл зат» жанның кескін-кейпін көз алдымызға келтіреді. Оның табанының бүрі, тірлігінің баяны жоқ; мінез-құлқы мың құбылмалы. Ләззаты кем, лаж күнкөріске жегілген. Оған азды-көпті ұлт теңдігі ұранын көтеріп, биліктегі бағын байлаған жаңа өкімет қаншалықты жат көрінсе, ақ патша дәуірінде өзімен айлас әрі армандас, құлықтас әрі құлқындас болған бай, болыс, бимен ашық сыбайласу, абайлап сыйласу саясат жөнінен де, бас сауғалау тұрғысынан да соншалықты қауіпті және қорқынышты секілденеді. Бірақ дәуірі тарылып, демі таусылып бара жатқан бұл бейбақтар жан бағу жолында кез келген айла-амалға бел байлап, сатқындық пен сұрқиялыққа бармақшы.

Бұдан бөлек, Сұлтанбектің тілмаштар жөнінде «Тілмаштарға бір сын» (Еңбекші қазақ. 1925, 10 қаңтар), «Мен-мен-менмін» (Ақ жол. 1924, №469) атты өлеңдері бар.

«Мен-мен-менмін» - бітімі ерекше туынды. Біріншіден, Сұлтанбек тілмаштың сыр-сипатын әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан таныту үшін оның өзін сөйлетіп, Абайдың «Болыс болдым мінеки» өлеңінің ізімен монолог түріндегі сатиралық портрет сомдайды. Екіншіден, әр шумағы *а-а-ә-а* ұйқасымен келетін төрт тармақтан және «Танысаң керек, мен-мен-менмін!», «Көрмейсің бе, мен-мен-менмін!», т.с.с. болып құрылған үстеме жолдан тұратын бас-аяғы он жеті шумақты бұл өлеңнің өне бойынан Махамбет Өтемісұлының «Мен, мен едім, мен едім» толғауының сарыны сезіледі. Сөйтіп, Сұлтанбек осы өлеңнің көркемдік кестесіне Абай мен Махамбет үлгісі арқылы өзгеше сонылық сіңірген.

С.Қожанұлы халық ауыз әдебиетінің де әсем, әдемі, әсерлі үлгілерінен үйренген. Мысалы, «Қазақ мақалдарынан», «Заманға лайық мақалдардан» секілді өлеңдерінің аттарының өзі-ақ мұны меңзейді. Сондықтан болар, ақын туындыларындағы азаматтық арындылық пен күрескерлік көңіл-күй әркез адамгершілікке және арлылыққа шақырумен сабақтасып жатады. Санаткер ретінде Сұлтанбекті ең алдымен өз ұлтының рухани ұмтылысының ахуалы толғантқанын аңғару қиын емес. «Жақсы менен жаманды айырмадың», - деп қазаққа кінә қойған Абай пікірінің астарын пайымдаған ол: «Сен бе жақсы? Жаман болса басқалар,/ Анық па сол?/Әуел соны ашып ал!» -деп, бар айыпты басқаға аударған адамның «судан таза, сүттен ақ» болып кетпесіне кепілдік береді. Ақын өлеңдері «Өлшенбей салмақ білінбес,/Сыналмай адам ашылмас», «Ары барға айтпай тиер кесек бар», «Өзі болар бір нәрсе жоқ,/Өзі келер жарық жоқ» секілді философиялық пайымдарға да толы.

Сұлтанбектің шығармашылық мұрасының бір бөлігі – аудармалары. Оның орыс ақындары К.Бальмонттан, А.Крайскийден, П.Арскийден, А.Безымянскийден, т.б. жасаған «Көктем ұраны», «Еркін еңбек гүлдесін!», «Құйын», «Жас қосын», «Өмірдің қысқа ертегі», «Жаназа маршы» сияқты тәржіма өлеңдері бар.



Д.Бедныйдың 1914-1916 жылдардың арасында жазылған «Эзоп мысалдары» атты циклынан Сұлтанбек бес мысал аударған. Олар: «Қасқыр мен арыстан» («Волк и лиса»), «Жауап» («Ответ»), «Ат пен дөңгелек» («Колесо и конь»), «Көңілшек» («Добряк»), «Емен мен сыналар» («Дуб и клинья»). Бұлар – қазақ әдебиетінің қорына қосылған тың дүниелер.

Сұлтанбектің «Қасқыр мен арыстан», «Жауап» атты мысалдарында қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік астарлау арқылы бейнеленсе, «Ат пен дөңгелек» мысалында еңбексіз еленіп, бейнетсіз зейнет көргісі келетіндердің кейпі кескінделген. Автор бұл мысалдардың хикаяларын қазақ ұғымына лайықтап баяндап берген. Орысшадағы «Волк поднял вой», «божий суд», «справедливый гнев», «В своих упреках ты, конечно, был бы прав», «Хвалясь усердием чужим» деген тіркестердің «Деп қасқыр салды ойбайын», «тәңірім сұрар», «әділдік қаһары», «Сөзің шын, өзің мақұл болар едің», «Басқаның терін малданып» деп тапқырлықпен тәржімалануы – соның айғағы. «Жауап» мысалындағы: «Қашқан жауға қатын – ер,/Галапкер көп олжаға./Зорға қосшы табылад,/Жолдас қайда сорлыға?!» деген тұжырым түпнұсқада жоқ. Ол – аудармашының өз жанынан қосқаны.

Мысалда кей кезде автордың жеке басында болған жайттардың белгі беріп, таңбасын түсіруі ықтимал екендігін жоққа шығармаған жөн. «Емен мен сыналар» - соның дәлелі. Мысалдың мазмұны Балташының құрбаны боп жығылған Еменнің монологы түрінде айтылған. Емен баскесер Балташыдан гөрі, өз бұтағынан өрбігеніне қарамастан, қабырғасына кірш-кірш қадалған қайырымсыз сыналардан сескенеді. Түпнұсқадағы:

Все из моих ветвей – мои родные дети,

Зубами острыми впились в родную плоть! –

дейтін тармақтар: «Өзім тапқан балалар тістеп қатып» деп тәржімаланып, туындының түйіні ретінде аудармашының тарапынан: «Жұрт-ау, қарашы! Жоқ кегін менен алмақ», - деген бір жол үстелген. Бұл байлам – Сұлтанбектің жеке тағдырының жаңғырығы; өзі баулыған шәкірттерінің келеңсіздіктеріне күйінген шақтағы көңіл күйінің көшірмесі. Балташы-Сталиннен де бетер, сыналар кейпіндегі сатқындардың Сұлтанбектің жанын талай жаралағаны белгілі.

**Қорытынды.** С.Қожанұлының қазақ әдебиетінің тарихында алатын өзіндік орнын бағамдау үшін оның қайраткерлік және қаламгерлік қызметін тұтастықта алып қарастыру қажет. Бұл үшін зерттеу барысында оның шығармашылығының қалыптасуына әсер еткен тарихи-әлеуметтік, жеке-психологиялық және идеялық-көркемдік факторлар ескерілді; тарихи және шығармашылық тұлғасында кездесетін қайшылықты тұстардың себептеріне архивтік фактілердің негізінде сараптама жүргізілді; қоғамдық-саяси және әдеби-эстетикалық көзқарастарының негіздері байыпталды; ақындық, аудармашылық және публицистік қызметі тығыз бірлікте қарастырылып, олардың тақырыптық, жанрлық, тілдік, стильдік ерекшеліктері жүйеленді; редакторлық қызметінің тиімділігі мен пәрменділігі сараланды.

Соның нәтижесінде ең алдымен С.Қожанұлының әдеби қызметі ХХ ғасыр басындағы Алаш идеясымен сабақтас екендігі тұжырымдалды. Ол ел көсемдері А.Байтұрсынұлымен және М.Дулатұлымен қоян-қолтық араласа жүріп, аға ұрпақтың жолын өнеге тұтты. Ұлы ақын М.Жұмабайұлының талантын жоғары бағалай біліп, іс жүзінде қолдау көрсетті. «Ақ жол» газетінің айналасына ең алдыңғы қатарлы ұлт зиялыларын топтастырып, олардың қаламгерлік қызметінің өркендеуіне жағдай жасады. Әдебиеттің ұлттық платформада дамуына тілектес болды. Мұның бәрі – С.Қожанұлының қайраткерлік ұстанымы, бағыты мен табандылығының көрінісі.

С.Қожанұлы бойындағы қабілетін іске жаратып, жеке шығармашылықпен шұғылдануға да мүмкіндік тапты. Зор ізденістері мен жігерлі ұмтылыстарының арқасында ол өз заманындағы Батыс пен Шығыс өркениетінің рухани жетістіктерін кемел меңгерген,

II номер 2019 жыл 28 наурызда өткен Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың 125-жыл тобына орай «ÜLT RUHYN SHYNDAGAN ÜLY DALANYN ASYL ÜRPAQTARY» aty naukaralyq gylumi konferenciasyna amalğan / II номер посвящен Международной научной конференции, посвященной 125-летию выдающегося государственного и общественного деятеля С.Кожанова «БЛАГОРОДНЫЕ ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ, ЗАКАЛЯВШИЕ ДУХ НАЦИИ» проведенной 28 марта 2019 года / II issue dedicated to the International Scientific Conference, dedicated to the 12<sup>th</sup> anniversary of the outstanding state and public figure S. Kozhanov «NOBLE DESCENDANTS OF GREAT STEPPE, TEMPERING THE SPIRIT OF THE NATION» held on 28<sup>th</sup> March 2019

мәдени сауаты биік адамдардың қатарынан табылып, қазақ поэзиясының ілгері басуына өлеңдерімен және көркем аудармаларымен атсалысты. Қазақ және орыс тілдерінде бірдей әдеби-сын мақалалар жазды. Бұл – С.Қожанұлының жан-жақты тұлғасының әбден еленуге тұрарлық қасиеті.



Фото 2.  
Сұлтанбек Қожанов оқыған мектеп.  
Түркістан қаласы.



Фото 3.  
Сұлтанбек Қожанов оқыған мектеп.  
Түркістан қаласы.



Фото 3. Қызы Зиба ұлы Санжар



Фото 4. С.Қожанұлы мен онын жұбайы Гүлөндам, қызы Зибамен бірге. Ташкент. 1920ж.

Фото 5.



Сұлтанбектің 100 жылдығына арналған кеш. Оң жақтан: Зиба Сұлтанбекқызы Қожанова (екінші), үлнәр Міржақыпқызы Дулатова, Шолпан Ахметқызы Байтұрсынова.



Залдан көрініс. Екінші қатарда бірінші отырған – Сұлтанбектің немересі Светлана.



Гүлнәдам апай қызы Зибамен.



Зиба Сұлтанбекқызы ~~Сөзак~~ ауданындағы (Оңтүстік Қазақстан облысы) С. Қожанов атындағы мектеп оқушылары арасында.

### Әдебиеттер тізімі

1. Раджапова Р.Я. Имя, возвращенное истории и народу (Султанбек Ходжанов)// Общественные науки в Узбекистане. 1988, №12, С.17-30.
2. Мұқанов С. Өмір мектебі (Есею жылдары). Үшінші кітап. Алматы, Жазушы, 1970, 472 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Керуен (Құраст. Т.Қоңыратбаев). Алматы, Жалын, 1989, 216 б.
4. Қожанұлы С. Шығармалары (Құраст. А.Шәріп). Алматы, Арыс, 2009, 352 б.
5. Ақ жол. 1924. 3 сәуір №421.
6. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.9. XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. Алматы. Әдебиет әлемі, 2012, 368 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, Ана тілі, 1991. 240 б.
8. Садуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. (Құраст. Д.Қамзабекұлы). Астана, Нұра, Астана, 2013, 376 б.
9. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары (Құраст. Г.Дулатова, С.Иманбаева). Алматы. Мектеп, 2003, 392 б.
10. Замандас. Не все то золото, что... так именуется// За партию. 1929, №1-2. С.88-92.

11. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.7: Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1-бөлім (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі). Алматы: Әдебиет әлемі, 2012, 420 б.

**Аннотация:** В статье литературная деятельность видного государственного и общественного деятеля Султанбека Кожанулы рассматривается с двух сторон. Во-первых, оценивается вклад С.Кожанулы в развитие казахской литературы 20-годов XX века в контексте его активной организаторской работы. Это находит отражение в защите творчества Абая Кунанбайулы, Ахмета Байтурсынулы от левацкой критики пролеткульта, создании благоприятных условий для занятия творчеством великому поэту Магжану Жумабайулы и издании его сборника стихов со своим предисловием, публикации лучших произведений талантливых казахских поэтов и писателей того периода (М.Әуезулы, Ж.Аймауытулы, И.Жансугурулы, А.Маметулы и др.) на страницах газет «Бирлик туы» и «Ак жол», которыми он руководил. Во-вторых, определяются основные направления художественного творчества самого С.Кожанулы и рассказывается о его поэтической, переводческой, а также литературно-критической деятельности. Подвергаются анализу идейно-художественное и жанровое своеобразие его стихотворений, особенности художественных переводов из произведений русских поэтов, литературные взгляды.

**Abstract:** The article describes the literary activity of a prominent state and public figure Sultanbek Kozhanuly from two sides. First one is the contribution of S. Kozhanuly to the development of Kazakh literature of the 20s of the 20th century in the context of his active organizational work is estimated. This is reflected in the protection of the creative work of Abai Kunanbayuly, Ahmet Baitursynuly from the leftist critics of the Proletkult, the creation of favorable conditions for the creative work of the great poet Magzhan Zhumabayuly and the publication of his collection of poems with his foreword, the publication of the best works of talented Kazakh poets and writers of the period (M.Auezuly, J.Aimauytuly, I.Zhansuguruly, A.Mametuly, etc.) on the pages of the newspapers *Birlik Tuy* and *Ak Zhol*, which he directed. Second one is the main directions of artistic creativity of S. Kozhanuly are defined and it is told about his poetic, translation, and also literary-critical activity. The author analyzes the ideological, artistic, and genre originality of his poems, features of literary translations from the works of Russian poets, and literary views.

ӘӘЖ: 930(091); 930(092)

**Әбікей Арман Мұратұлы**

PhD, аға оқытушы, ҚМҚПУ, Алматы, Қазақстан

**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ҰЛТШЫЛДЫҚ ҰСТАНЫМЫ**

**Түйін:** Мақалада Қазақстанның және Орта Азияның көректі қайраткері – Сұлтанбек Қожановтың мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметінің тарихы баяндалады. Қайраткердің Қазақстан және Түркістан Республикаларында іске асырған білім-беру саласындағы реформасы, жер-су реформасы, ұлттық-территориялық межелеу сынды қоғамдық-саяси іс-шаралардың қазақ халқы үшін маңызы ашылады. Ұлттық мүддені ту еткен ұлт қайраткері Сұлтанбек Қожановтың тұлғалық бейнесі тәуелсіздік жылдары зерттеліп, сомдала түсуде. С.Қожановтың қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызмет жолы шырғаланды, бұлтарысты тұстарымен ерекшеленеді. Саяси мансабын ұлт-азаттық қозғалыс тұсында Мұстафа Шоқайдың көмекшісі ретінде бастап, Түркістан автономиясының қазақ тіліндегі баспасөз органы болған «Бірлік туы» газетінің редакторы қызметін атқарса, Түркістан мен Қазақстанда кеңестік билік орнағаннан кейінгі уақытта Түркістан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары және төрағасы, ал Қазақстанда Өлкелік партия комитетінің Хатшысы (II-і) қызметін атқарады.

**Кілттік сөздер:** С.Қожанов, ұлтшылдық ұстаным, жер-су реформасы, межелеу, ағартушылық, дәуірталмасушылық, ҚАССР, ТАКСР.

Рухани жаңғыру үдерістері жағдайында Қазақстан қоғамында ұлттық құндылықтар аса маңызды басымдыққа ие болуда. «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық

мақалада көтерілген тұлғатану мәселесі, қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғамның сапалы дамуының маңызды тетігі ретінде анықталып отыр. Осы орайда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, педагог, білім беру ісінің ұйымдастырушысы, публицист, көсемсөзші Сұлтанбек Қожанұлы Қожановтың қоғамдық-саяси қызметінің өнегелі тәжірибесі мен өмірі өз халқына адал қызмет етудің жарқын мысалы болуына лайық тұлға ретінде қарастырылуда.

Қазақстан мен Орта Азияның айтулы қайраткері кеңестік кезең идеологиясының тиым салуына байланысты С.Қожанов, таптық танымның шеңберіне симай, кеңестік тарихта аты аталмады. Өзінің ұлттық ұстанымы үшін құрбан болған С.Қожановтың қызметі коммунистік партия идеологиясында арагідік орын алатын теріс бағыттың, кері кетудің мысалы ретінде ұсынылып, ал оның есімі «ұлтшыл», «уклонист», «алашшыл» деген айдардың баламасына айналды. Ұлттық мүддені ту еткен ұлт қайраткері Сұлтанбек Қожановтың тұлғалық бейнесі тәуелсіздік жылдары зерттеліп, сомдала түсуде. Тұлғаның толық бейнесін айқындау барысындағы зерттеулердің қатары артқан сайын, кеңестік билік «ұлтшыл» деп берген бағаның дұрыстығына көз жеткізе түсеміз. Бірақ, бұл кеңестік режим жағдайында айып болса, тәуелсіздік жағдайында керісінше әділ баға. Себебі, ХХ ғ. басындағы ұлтшылдық ұстаным тек қазақтарға тән құбылыс емес, бұл батыс отаршылдығына қарсы көтерілген қытай, үнді, түрік елдерінде орын алған әлемдік құбылыстың көрінісі еді. Демек, орыс отаршылдығына қарсы көтерілген, Алаш қозғалысынан бастау алатын қазақ ұлтшылдығы – әлемдік даму үрдісі арнасында болғандығының көрінісі. Большевиктер ұлттық облыстардағы, республикалардағы ұлттың заңды, табиғи сұранысынан туындаған ұлтшылдыққа, жақсы мағынадағы ұлтшылдыққа, теріс мағына беріп, ұлт-азаттық күресті тұншықтырудың құралына айналдырды.

Алаш көсемдері күн тәртібіне қойған ұлттық мәселелерді кеңестік билік жағдайында іске асыруға талпынған С.Қожанов сынды қайраткерлерге «ұлтшыл», «уклонист», «алашшыл» деп танылған айып, шынтуайтына келгенде – қара басының қамын ойлап, конформистік дертке шалдықпаған, орталықтың саясатын, бұйрықтарын жергілікті жағдайға бейімдеп, ұлттық қажеттіліктерді, ұлттың жерін, тілін, сауатын мәселе ретінде батыл қойып, осы үшін күреске түсіп, оны іске асыра алған, алаш қайраткерлеріне қамқор бола білген қайраткерлерді анықтады. Қайраткердің бүкіл қоғамдық-саяси қызметінің мазмұны осы аталған ұлтшылдық ұстанымының критерийлерінен тұратынын, ол туралы жазылған естеліктер мен мұрағат дерекетрінен көреміз.

С.Қожановтың қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызмет жолы шырғаланды, бұлтарысты тұстарымен ерекшеленеді. Ерекшелігі сол, ол екі лагерьде де яғни, ұлт-азаттық қозғалыс жағында және большевик билігі орнағаннан кейін кеңестік үкіметте белсенді позициясымен танылды. Саяси мансабын ұлт-азаттық қозғалыс тұсында Мұстафа Шоқайдың көмекшісі ретінде бастап, Түркістан автономиясының қазақ тіліндегі баспасөз органы болған «Бірлік туы» газетінің редакторы қызметін атқарса, Түркістан мен Қазақстанда кеңестік билік орнағаннан кейінгі уақытта Түркістан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары және төрағасы, ал Қазақстанда Өлкелік партия комитетінің Хатшысы (II-і) қызметін атқарады. Кеңестік билік жүйесінде оның ұлтшылдық ұстанымы жер-су реформасында, ағартушылық саласында, Орта Азиядағы межелеу кезінде, астананы Орынбордан Қызылордаға көшіру барысында барынша көрініс алды. Қайраткердің осы шараларды іске асыру тарихына қысқаша тоқталайық.

Алаш қозғалысының көтерген басты мәселелері жер қатынастарын реттеу мен халық арасындағы ағартушылық жүргізуді кешегі ұлттық қозғалыстың белсенді мүшесі

болған С.Қожанов, Түркістан үкіметіндегі қызметінде сабақтастыра алып, кеңестік құрылыс аясында барынша іске асыруға тырысады. Өлке халықтарының оның ішінде қазақтардың әлеуметтік жағдайын көтеру үшін ең алдымен ширығып тұрған - жер мәселесін шешу керек еді.

Қазақтардың жерсіздену деңгейі Түркістандағы өзге халықтарға қарағанда ұлттық сипат алуы, осы мәселені шешуде өкіметтегі өзге ұлт коммунистеріне қарағанда қазақ қайраткерлерінің айрықша белсенділік танытуынан көрінді. Түркістандағы 1921-1922 жж. жер-су реформасы кезінде және 1925 ж. Қазақстандағы жер қатынастарын реттеуде С.Қожанов аса жігерлілік танытады. Мысалы, С.Қожановтың Жетісудағы жер-су реформасын басқару барысында оған орыс шаруаларынан арыздардың көптеп түсе бастауына байланысты БК(б)П ОК-ті Орта Азия бюросының және ОК-ің мүшесі Рудзутактың 3 рет С.Қожановтың комиссиясын Жетісудан шақырып алу жеделхаттарына мойынсұнбай, ол түрлі сұлтаулар келтіріп, реформаны тоқтатпайды. Соңында БК(б)П ОК-ті Орта Азия бюросы Сталиннің көмегіне жүгініп, С.Қожановты Жетісудағы реформаны тоқтатып, Мәскеуге есеп беру үшін шақыртады [1,1 п.]. Қазақтардың жерге құқықтарын қалпына келтіру ұмтылыстары С.Қожановтың Қазақстандағы қызметінде де жалғасады.

V Бүкілқазақ Кеңестер съезінде қызу пікірталастың тақырыбы болған және осы съезд шешімімен бекітілген Қазақ ОАК 1925 ж. 11 сәуіріндегі қабылданған қаулысы Қазақстанға орыс шаруаларының толастамай отырған қоныс аударушылығымен күрес барысында қабылданған қатаң шаралардың мысалы болды. Осы қаулымен Қазақстан аумағына сырттан қоныс аудару және өз ішінде қоныс аударуға көшпенді және жартылай көшпенді халықтың жерге орналастырып болмайынша тиым салынатындығы және қаулыға сәйкес заңсыз деп табылған келісімдерді Қазақстан аумағынан көшіру немесе олардан жер пайдаланғандығы үшін арендалық төлем алу туралы шешімдері қарастырылды [2,7 п.].

С.Қожановтың жергілікті өлке халықтарының жерге деген құқықтарын қалпына келтіру әрекеттерімен бірге, өлкедегі сауаттандыру ісіне де басшылық жасайды. Бастапқыда партия қатарында жоқ С.Қожанов, ұлттық қозғалыстың негізгі мүдделерінің бірі – халық арасындағы сауаттандыру ісін, кеңестік билік жағдайында құрылып жатқан білім беру саласының төменгі құрылымдарында іске асыруға 1918-1920 жж. аралығында атсалысып, екі-үш жыл тәжірибе жинақтап, мәселенің кемшін тартып тұрған тұстарына қаныққан еді. С.Қожановтың 1921 ж. Халық ағарту комиссары етіп тағайындалуы Түркістан білім беру жүйесінің тарихында ең бір сындарлы кезеңіне тұспа-тұс келуімен және сол уақыт талабына сай оның басшылығымен жүргізген реформаларымен ерекшеленді.

Халық ағарту комиссариатының білім беру ісін ұйымдастырудағы күрделі мәселенің бірі – қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарының дәстүрін қалыптастыру еді. Бұл арнада қажетті шаралар 1920 ж. қолға алынғанымен, қарқынды қарекеттер 1921 ж. Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Қазақ Ғылым Комиссиясының аясында үдей түседі. Атап өтерлігі қазақ ғылым комиссиясы құрамының мәдени әлеуеті басқа ұлт комиссияларына қарағанда біршама озық жағдайда еді. Қазақ халқының мәдени мұқтаждықтарын жан-тәнімен сезіне білетін бірқатар еуропалық білім алған Алаш қайраткерлерінің жұмысқа тартылып, қызу араласуы комиссия жұмысын едәуір жеңілдетті. Әсіресе, Қазақ Ғылыми комиссиясының басшылығына дарынды, аса білгір қазақ оқымыстысы Халел Досмұхамедов келгеннен кейін, комиссия жұмысы жүйелі жүріп, қарқындай түсті. Ол Қазақ Ғылыми комиссиясының төңірегіне қажетті қызметкерлерді топтастыра алды [3,с. 14]. Қазақ ғылым комиссиясы өзінің жұмысы барысында негізгі күшін оқу әдебиетін жазып

дайындауға жұмылдырды. Осы мәселелерді талқылауға мұғалімдер мен шығармашылыққа жақын адамдар тартылды. Олардың қатысуымен ғылыми терминологиялар мен орфография мәселелері қарастырылды. Сонымен, 1921 жылы Қазақ ғылыми комиссиясы Мемлекеттік баспаға шығаруға жиырмаға жуық оқу кітаптары мен оқу құралдарын берді. Солардың арасында С.Қожановтың Арифметика (1 бөлім) атты оқулығы да болды [3,с. 15]. Жалпы, 1922 ж. өзінде Түркістандық мемлекеттік баспа 622 кітап пен брошюралар шығарса, оның 36,7% қазақ тілінде болғандығы Қазақ Ғылым Комиссиясының айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгенін көрсетеді [4,с. 207].

Жоғарыдағы деректер көрсеткендей С.Қожанов бастаған Ағарту комиссариатының алаш қайраткерлерін қолдауы, олардың шығармашылығына жағдай жасауы секілді қарекеттері кеңестік тарихта жеке құбылыс ретінде орын алғандығы белгілі. Кеңес өкіметіне қарсы болған кешегі буржуазиялық интеллигенция өкілдерін, кеңестік қоғам құру ісіне жұмылдыру Түркістан Республикасынан бұрын, Ресейде, Украинада белең алып, онда ол – «дәуіралмасушылық» (сменовеховство- А.Ә.) - деген атпен танымал болды. Дәуіралмасушылық алғашында орыс эмиграциясы арасында пайда болып, кейіннен РСФСР мен Украинада ағымға айналды.

Дәуіралмасушылық құбылысы өкілдерінің ойынша, большевиктердің билігі қайта түледі, олар көтерген интернационалдық ұран көзбояушылық қана, большевиктер шын мәнінде орыс халқының ұлттық мүддесінің пайдасына әрекет етуде, оған дәлел, ел экономикасының коммунизм ауылынан алыс «жаңа экономикалық саясатқа» көшуі, бұл большевиктер идеологиясының ұлттық-буржуазиялық бағытта дами бастауының көрінісі деген тұжырымға келген болатын. Олар ендігі кезекте эмиграциядағы интеллигенция мен ондағы әскери кадрларды Кеңестік Ресеймен бітімгершілікке келуге, олармен бірігіп әрекет етуге шақырды. Ресейдегі ресми билік дәуіралмасушылық идеологиясына оң қабақ танытты. Себебі, большевик басшылары дәуіралмасушылықтың өкілдері шет елде кеңестік билікке деген оң көзқарас туғыза отырып, белгілі бір дәрежеде ата жұртындағы жетістіктерді насихаттайды деп, дәуіралмасушылықтың саяси жағынан келетін пайданы көздеді. Дәуіралмасушылық ағымы эмиграциядағы көптеген танымал тұлғалардың Кеңестік Ресейге оралуына ықпал етті. Олардың қатарында Алексей Толстой, С. Прокофьев, М. Цветаева, М. Горький, А. Куприндер болды [5,с. 165]. Осы аталған тұлғалардың кейіннен орыс әдебиетінің қарқынды дамып, өркендеуіне сүбелі үлес қосқандары да белгілі.

Ал осы дәуіралмасушылық құбылысының Түркістан мен Қазақстанда орын алуының алғышарттары Ресейдегідей болмағанымен ұқсас тетіктерімен жалпы көрініс алды. Сұлтанбек Қожанов Түркістан ОАК төрағасының орынбасары қызметінде жүргенде алашордалықтар А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, М.Есполов, Х.Досмұхамедов, И.Тоқтыбаев, С.Өтегенов, Ж.Аймауытовтарға өзге қазақ коммунистері секілді шүйлікпей, керісінше оларға пана болып, қолынан келген көмегін аяған жоқ. Қазақ қоғамына оқымысты, зиялы тұлғалардың ауадай қажеттігін түсініп, оларға мейлінше қамқорлық жасап отырды.

Дәуіралмасушылық құбылысының Түркістан мен Қазақстан жағдайында осындай көріністері орын алды және оның бірден-бір қолдаушысы және батыл іске асырушысы С.Қожановтың болғанын оның замандасы, жазушы С.Мұқанов жазып қалдырған естеліктерден көреміз. Әрине, кеңестік жазушы С.Мұқанов Сұлтанбектің қоғамдық-саяси қызметіне тәнті болып емес, сынап жазған еді. Ол Қожановтың дәуіралмасушылықты Түркістан Республикасында іске асыру қарекетінің барысын өзінің «Өмір мектебі» атты еңбегінде былай деп суреттейді: «Менің Сұлтанбек Қожанов туралы бұған дейін білетіндерім: 1. Совет өкіметіне қарсы өлең-жыр жазудан тынбай

келе жатқан алашордашыл ақын – Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; 2. «Алаш» лидері Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылдың күзінде Орынборда құлаған 50 жылдық юбилейін Ташкентте өткізіп, Түркістан республикасының басқарушы газеті – «Ақ жолда» Байтұрсыновты мақтаған мақалалар бастырды, портретін жариялады; 3. Түркістан Республикасын Қожанов басқарған кезде (1922-25 жылдары) Алашорда партиясының лидерлері: Халел Досмұхаметов, Хайретдин Болғанбаев, Мырзағали Есполов, Жүсіпбек Аймауытов, тағы басқалар Ташкент қаласынан пана тапты да, ондағы «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» және «Сана» журналдарына ұлтшылдық бағытта, кейде Совет өкіметіне ашық қарсы шыққан бағытта жазған шығармаларын жариялап тұрды» [6,124-125 б.].

Қазақ қоғамының әдебиет майданындағы қоғамдық ой-пікірдің шикілігінен, ондағы үстем болған жалаң таптық көзқарастың әсерінен әдебиетшілердің және үкімет құрамындағы жергілікті большевиктердің арасында жоғарыдағыдай пікір қалыптасқан болатын. Мұндай жағдай дәуірлмасушылық құбылысының Қазақстанда күрделі, қарама-қайшылыққа толы жағдайда жүргендігін түсіндіреді. Әйтпесе, Қазақстан үкіметіндегі өзге ұлт большевиктерінің тарапынан, одан қалды Мәскеудегі билік тарапынан да бұрынғы интеллигенцияны ағарту ісіне тарту жөнінде ұсыныстар болмай қалған жоқ. Мысалы, Қазақстанның Халық Комиссарлар Кеңестерінің төрағасы Радус-Зенкович 1920 ж. I партия конференциясында қазақ интеллигенттерін ағарту ісіне тарту жөнінде айта келе: «... Бөкейхановқа қатысты айтар болсақ, ол қазақ өлкесінің аса білгірі. Оны ұқыпты пайдалана білуіміз қажет. ... Біз қазақ интеллигенттерін сауатсыздықпен күресуге бұдан бұрын Бүкілқазақ съезінде де шақырған болатынбыз. Біз барлық сауатты қазақтарды есепке ала отырып, оларды ағарту ісіне пайдалануды жөн көргенбіз» [7,95-96 б.] – деген.

Ал 1923 ж. маусымында РКП(б) ОК ұлттық саясат жөнінде өткен кеңесте бұрынғы ұлттық интеллигенцияны ағарту ісіне тарту жөнінде Сталиннің өзі бірнеше рет мәлімдеген. Оның бірінде ол шығыс республикалардағы кеңестік органдарға барлық ұлттық интеллигенция өкілдерін «тіпті бұрынғы октябристерге дейін» жұмысқа қабылдауға кеңес берсе [8,с. 192], келесіде «Шығыс республикалар мен облыстарда интеллигенттер, ой қабілеті жоғары адамдар, тіпті жалпы сауаттылардың аздығы сонша, олар саусақпен санарлықтай. Бұдан кейін оларды қалай бағаламайсың?» [8,с. 318] – деген. Ал нақты Қазақ республикасының басшыларына қатысты ол: «Қазақ республикасын қазақтарсыз басқару мүмкін емес. Сіздер өздеріңізде бар адамдарыңызды қайта үйретіп, көндірулеріңіз керек. Олардан артық адамдарды таба алмайсыздар. Сондықтан сіздер өздеріңізде бар қазақ элитасына қарсылық көрсетуге құқықтарыңыз жоқ» [8,с. 318-319], - деп жұмыстарына бағыт берген. Өкінішке орай, жоғарыда келтірілген мұрағат деректерінің дені, ұлт-азаттық Алаш қозғалысының өкілдерін, мемлекеттік құрылысқа жұмылдырмаған, ағарту саласына сыйғызбаған, арыз, құпия хатты боратқан, орысы емес, басқасы емес өзіміздің қазақ коммунистері болды. Алаш қайраткерлері Орынборы бар үлкен Қазақстаннан орын таппай, Түркістаннан, Ташкенттен пана тапты.

С.Қожановтың Түркістан Республикасының Ағарту Комиссариатын басқарған жылдары елді сауаттандыру жұмысын жолға қою қаншалықты қиын болғанымен комиссариат нәтижелі межелерге жете білді. Ағарту саласындағы С.Қожановтың басты жетістіктерінің бірі, сол кезеңдегі ұлттық интеллигенцияға деген белең алған теріс пиғылға елірмей, оларды Ресей мен Украинада орын алған дәуірлмасушылық құбылысы аясында ағарту саласына топтастырып, ұлттық бағыттағы игілікті істерге жұмылдыра алуында болды.



1924-1925 жылдары Орта Азия республикаларында жүргізілген Ұлттық-мемлекеттік межелеу тұсында, қазақтың жерін түгендеуде С.Қожанов ерекше белсенділік танытады. Қазақ халқы үшін бұл ерекше кезең болды. Себебі, осы Ұлттық-мемлекеттік межелеу нәтижесінде Түркістан Республикасының қазақ облыстары (Сырдария, Жетісу) қазаққа қайтарылып, бөлшектенген қазақ жері қайта біріктірілді. Әрине, қазақтың оңтүстік облыстарын межелеу кезінде өзбектер жағын қостаған орталықпен тартыс оңайға түскен жоқ. Межелеу кезінде қазақ-өзбек шегарасын белгілеу ең күрделі мәселелердің бірі болды. Әсіресе, бұл Сырдария облысының Ташкент қаласы мен уезіне қатысты болды. Қазақ комиссиясы Ташкент қаласын өзінің астанасы етіп, уездің басым бөлігін қазақ жеріне қосу ұсынысы заңды, әділ тілек ретінде қарастырса, өзбек жағы да Ташкент қаласына және уезіне өздерінің құқықтарының басымдығын алға тартып, орталыққа қарсы ұсыныспен жүгінді.

Ташкент қаласы Сырдария облысының қазақтары үшін аса маңызды орталық еді. Ол мұндағы көшпелі қазақтың мал шаруашылығының, отырықшылыққа өткен қазақтың егін шаруашылығының экономикасы шоғырланған және сол өңір қазақтарының білім ордасына айналған орталығы еді. С.Қожанов бастаған қазақ комиссиясы Ташкент қаласы айнала қоныстанған қазақтың шаруашылығына, экономикасына маңыздылығын, Ташкент қаласының тарихи тұрғыда қазақ қаласы болғандығын, қала, уезд қазақтарының жалпы санын статистикалық мәліметтерге сүйеніп, қазақтардың Ташкент пен Ташкент уезін құраушы негізгі халық екендігін жан-жақты дәлелдер келтіргенімен Ташкент қаласы өзбектер жағына қалдырылды.

Ташкент үшін күрес жайында С.Қожанов: «Біз аса қажырлы ғана болған жоқпыз, біз дәрекеі де болдық, бірақ Ташкентті ұстап тұра алмадық» деп өкінішін білдіреді. 29 болысы бар Ташкент уезінің қазақ болыстықтары үшін күресте де Орталық өзбек жағына іш тартып отырды. 29 болыстың 9 ғана Қазақ Республикасының еншісіне қалдырды. Қазақ комиссиясы қазақтары көп болған Ниязбек, Болат, Зеңгіата, Шыназ болыстарын өз қарамағында қалдыруға тырысты. Егер алдыңғы үшеуінің қай республикаға өтетіні уақытша кейінге қалдырылса, территориялық комиссияның Шыназ болысын Қазақстанға беру туралы шешімі бола тұра, өзбек жағы өз қарамағында қалдыруына қол жеткізеді. С.Қожанов РК(б)П ОК Орта Азия бюросының Аумақтық комиссиясы тарапынан жіберілген әділетсіздікті айыптап, комиссияның бұл шешіміне қатысты өзінің жеке пікірінде қалатынын білдірді [9,68 п.].

Қазақтардың егіншілікке жаппай көшкен суармалы ауданы – Мырзашөл уезін межелеуде қазақ жағының құқықтары ескерусіз қалды. Мұнда Иржар, Дальверзин, Славянская, Крестьянская, Сырдария, Беговат, Сават, Жетісай, Хават барлығы 9 болыс болды. Осылардың оңтүстіктегі өзбегі көп 3 болыстан басқасы қазақтарға өтетіндігі жөнінде комиссияның келісімі де болған. Алайда нәтижесінде қазақтарға Мырзашөл уезінің бір болысы ғана берілетін болып, уездің басым бөлігі өзбектер пайдасына шешілді. Қазақтар жағының Мырзашөл уезінің қандай болыстары Қазақстанға өтуі керектігі жөніндегі жан-жақты дәлелдерін ескермей, аталған уездің 1 болысынан өзгесі түгелдей Өзбекстанға өтіп кетеді. Бұған С.Қожанов келіспейтінін және өзінің жеке пікірде қалатынын білдіреді. Өзінің жеке пікірінде ол РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросы бұл мәселеге бір жақты келіп, шешім қабылдағандығына дәлелдер келтіреді.

Түркістан АКСР-де 1924 ж. межелеу науқаны тұсында С.Қожанов Орта Азияны ұлттық республикаларға межелемей, керісінше оларды біріктіріп Ортаазиялық федерациясын құруды, құрылатын федерацияға Қазақ АКСР-ін де қосуды ұсынады. Ол осы мәселе жөніндегі ойларын «Ақ жол» газетінің беттерінде жариялайды. С.Қожанов федерациядан түркі халықтарының бірлігінен келіп туындайтын оның экономикалық бағытының мүмкіндіктеріне бас назар аударады. Ортаазиялық федерация құрудағы

артықшылықтың бірін, оның аумақтық факторынан көруге болады. Себебі, қазақ халқы бөлінгелі жатқан Орта Азия аумағында тым шашыраңқы орналасқан. Өзбекпен арадағы өтетін шегара маңында қалып бара жатқан қазақтарды есептемегенде, өзбек жерін оңтүстікке қарай терең бойлап мекен еткен қазақтардың болашақ тағдыры күңгірт болды. Әсіресе, Бұқар маңындағы қазақтар үлкен қауым (260 000) құраған.

Ортаазиялық федерация құрудың қазақ үшін келесі артықшылығы, болашақта, оқшаулануға бет алған республикалардағы қазақтарға ассимиляцияға түсу қаупінің алдын алу шарасы болды. С.Қожанов «Еңбек жұртшылығы бәрін жеңеді» [10] деген мақаласында қазақтар күнін көру үшін және өзбектердің бопсалауы арқылы өзбек ұлты болуға азғырушылық кең өріс алғанын жазады. Өзбектер арасындағы өзге халықтардың ассимиляцияға ұшыраудың жарқын көрінісі, Ташкент маңайындағы «құрамалар» тағдыры шешілгенде айқын көрінді. Ташкент үшін қазақ-өзбек теке-тіресінде «құрамалардың» тегі таразы басында тұрды. Құрамалардың тегінен құр қалуы, өзбектердің жасанды саясатынан туындағаны белгілі. Әйтпесе, құрамалардың өзбекке қарағанда қазақ қауымына бір табан жақын екендігін Сұлтанбек те газет беттерінде дәлелдеп баққан [11]. Осыған байланысты Сұлтанбекке «түркі тайпалары бірыңғай түркі тілдес халықты құрайды», оны «жасанды түрде айыруға болмайды» [12, с. 27-28] деген сөздері үшін «пантүркшіл» деген айдар тағылды.

Ортаазиялық федерацияға қолдау көрсеткендердің ішінде Орта Азиялық экономикалық Кеңестің төрағасы М.А.Паскуцкий де болды. Бұны жаппай бөлінушілікке бой алдырмаған, түркістандық емес өзге ұлт өкілінің, өлкенің ахуалына өзгеден тәуелсіз, бірден-бір дұрыс шешім, тиімді экономикалық-саяси бағыт ұсынған маманның ұсынысы деп түсінген жөн.

Орта Азия республикаларын межелеу жөніндегі Территориялық Комиссияның 1924 ж. 17 тамыздағы пленумында да, одан кейін Түркістан республикасының басшы ұйымдарының сол жылдың 14 қыркүйегінде болған біріккен Пленумында да Сұлтанбектің Орта Азия Федерациясы туралы ұсынысына тойтарыс берілді [13, 319 б.]. Партия жиындарында пәрменді пікірлер орын алғанын ескере келе РК(б)П ОК Орта Азия Бюросының пікірін білдірген ТКП ОК хатшысы И.Варейкис: «Қазір бәрінің көңіл-күйі бірігуге емес, бөлінуге бейім тұр», [13, 319 б.] деп мәлімдеуіне тура келген.

«Межелеу» көбінесе ғасырлар бойы қатталып, қалыптасқан экономикалық және туыстық байланыстардың жігін ажыратып, жанды жерлерді жырып өтті. Әлім-сақтан бері этникалық, экономикалық және территориялық біртұтас өмір сүріп келген аймақ бөлшектеніп, бірнеше республикалардың құрамына еншіленді. Сөйтіп, Ферғана даласы Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан арасында бөліске түссе, Шаш жазирасы Өзбекстан мен Қазақстан құрамына, ал мыңжылдық біртұтас дәстүрлі тарихы бар Мауренахр шығыс және оңтүстік-шығыс Түркменстан мен Өзбекстанға және батыс Тәжікстанға телінді [14, с. 61-67].

С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметіндегі ұлтшылдық ұстанымы мемлекетшілдік ұстанымына ұласқан кезеңінің жарқын көрінісі, астананы Орынбордан Ақмешітке көшірген кезінде орын алды. Сол кезеңдегі яғни, 1920 жылдардың бірінші жартсында Қазақстан халқының басым бөлігін құрап отырған ауылдық жерлердегі қазақтар үшін, патшалық кезеңдегі жағдай сақталып отырды. Төңкеріс болғалы бері қазағы жоқ Орынбордағы жаңа үкіметтің жарылқауынан сырт қалып отырған қазаққа жақындау үшін және 1924 жылғы Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуден соң, Қазақстан үкіметінің астананы орталыққа, қазақ арасына көшіруі, ұлттық мемлекет жасаудағы жасампаз шаралардың бірі еді. Осыған байланысты кеңестік Қазақстанның II Хатшысы С.Қожанов, бірінші кезекте бейтарап жатқан қазақ ауылын көштен қалмай, өзгерістер алып келген қоғам өміріне белсенді араласуы мақсатында, Қазақстанның

астанасы Орынбордан қазақ жеріне ішкерілей көшіру міндеттерін келесідей тұжырымдайды: «Қазақ Республикасының орталығын жаңа астанаға көшіру арқылы біз ұлттық мемлекеттілік үшін күрестің аяқталғандығын айшықтаймыз. Ұлттық мемлекет баяғыда жарияланып қойса да, біз үнемі сол үшін күрестік. Ұлттық республика үшін күрестің аяқталуы – бұл сол ұлттық республиканы құрудың бастамасы [15, 48 п.] деп, С.Қожанов кеңестік Қазақстанның бас қаласын таңдауда: Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болу керек, ол қатынасқа ыңғайлы, байланысы бар орталық жерде болу керек деген критерийлер ұсынып, аты аталып жүрген Ақмешіт қаласын осы талаптарға жауап беретіндігі, бас қала болуға лайық екендігін мәлімдейді.

Сөйтіп, 1921 жылдан бері айтыла бастап, сөзбұйдаға салынып келген астананы көшіру мәселесі тікелей С.Қожановтың араласуымен шұғыл түрде қазақ ортасындағы Ақмешітке 1925 жылдың сәуір айында көшіріліп, осы кезге дейін революциялық өзгерістерден оқшау тұрған қазақ қоғамын жандандыруға серпін беретін мүмкіндік қалыптастырды. Осы 1925 ж. сәуір айының 15-де жаңа астана Ақмешітте Жетісу, Сырдария облыстарының және Қарақалпақ автономиялық облысы Түркістан Республикасынан бөлініп, Қазақстанға қосылғаннан кейінгі біріккен, алғашқы рет біртұтас жағдайдағы Қазақстанның V Кеңестер съезі өтеді. Біртұтас Қазақстан жағдайында Бүкілқазақтық V Кеңестер съезінде қабылданған қаулылардың дені ұлттық саясатты күшейту бағытында мазмұн алды.

Қазақстанның V Кеңестер съезінде Қазақстанның ІІ-ші Хатшысы С.Қожанов осы жайлы былай дейді: «Город Ак-Мечеть до завоевания царским правительством назывался Ак-Мечетью. При царской власти он был переименован в честь графа Перовского в город Перовск. К началу революции ему опять дали старое название Ак-Мечеть. Как бы он не назывался раньше, он был заброшенным городком. 5 Съезд Советов мы считаем переломным в жизни Казакской республики, этот съезд мы называем первым Съездом. Увеличивает значение этого Съезда и то, что Съезд происходит в новом центре Казакской республики.

Я предлагаю, в связи с переменной значения этого города, переменить и его название в чисто казакское. Раньше существовали центры ханских образований, как например – Ак-Орда, знаменитый хан назвал свой центр – Кок Орда, значит синяя, а мы свой центр можем назвать красным центром – Кызыл Орда. Я предлагаю центр Ак-Мечеть (Перовск) назвать отныне – Кызыл-Орда». С.Қожановтың бұл ұсынысы съезд бірауыздан қабылдап, 1925 ж. сәуір айынан бастап Қазақ АКСР-ің жаңа астанасы Қызылорда деп атала бастайды.

С.Қожановтың Қазақстандағы бір жылға толар-толмас қоғамдық-саяси қызметіндегі басты назарға алған мәселесі – ол Қазақ Кеңестік Республикасына ұлттық реңк беру еді. Оның осы бағыттағы талпынысы Бүкілқазақтық V кеңестер съезінде барынша көрініс алып, оның қоғамдық-саяси қызметінің шырқау шегі ретінде айшықталды. Бұл съезд солтүстігі мен оңтүстігі қосылған, алғаш рет біртұтас Қазақстан жағдайында өткендігін де атап өткен жөн. Осы съезде қазақ халқының шешімін таппай отырған оқу-ағарту, жерге орналастыру және шаруашылық салаларындағы қордаланған мәселелер бойынша қаулылар қабылданып, қазақ ортасына көшірілген астананы «Қызыл-Орда» атап, Қырғыз автономиясы құрылғалы бері бұрмаланып келген халық атауын өзгертуге батылы жетпей жүрген, қырғыз (қазақ) билігі осы жиында әділдікті қалпына келтіруге тарихи мүмкіндік алды. Съезд патшалық Ресей таңған «қырғыз» атауын сызып тастап, өзіндік «қазақ» атауын ресми бекітті. Сондықтан да С.Қожановтың басшылығымен өткен Бүкілқазақтық V Кеңестер съезі, Кеңестік Қазақстан тарихындағы қазақ халқының ұлттық мұраттары барынша қолдау тапқан құрылтай съезі ретінде есте қалары сөзсіз.

С.Қожанов қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметінің өне бойында, әр кезде ұлтқа қызмет ету ұстанымын, ұлтшылдық ұстанымын басшылыққа алғандығын көреміз. Түркістан, Қазақстан Республикаларында қазақ мүдделері еленбей, ғасырлар бойы қордаланып қалған мәселелерді шешуде батылдық танытқан бірден-бір қайраткер ретінде танымыз. Қайраткер мемлекеттік құрылыс ісіне жасампаз, іскер, жігерлі, ұлтшыл қызметкерлерді тарта біліп, білім беру мен мәдениет саласын жандандыруда, сүргінге ұшыраған алаш қайраткерлеріне қызмет ұсынуға қаймықпағанын да көреміз. Оның қиын-қыстау заманында халыққа сіңірген ерен еңбегі арқылы ел жадында сақталған асыл бейнесі – тарихымыздағы ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісін құраған ұлы тұлғалар қатарынан орын табатынына сенімдіміз.

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР ПМ. 811 қор, 24 тізбе, 243 іс.
2. ҚРОММ. 196 қор, 1 тізбе, 195 іс.
3. Государственный Ученый Совет. Отдельный оттиск // Журнал «Наука и просвещение». Ташкент, 1922. №2. С. 14-17.
4. Захарова И.В. Этнографические работы в Казахстане в 1920-1950-х годах // ЦГА РУ. Ф. 2868. Оп. 1. Д. 2. Л. 207.
5. Агурский М. Идеология национал-большевизма. Москва, Алгоритм, 2003. 178 с.
6. Мұқанов С. Өмір мектебі. Есею жылдары. Алматы, Жазушы, 1970. кітап 3. 457 б.
7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, Ел-шежіре, 2007. Кітап 1, Т.3. 304 б.
8. Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939//Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд «Президентский центр Б.Н.Ельцина», 2011, 855 с.
9. ҚРОММ. 625 қор, 1 тізбе, 3 іс.
10. Қожанов С. Еңбек жұртшылығы бәрін жеңеді // Ақжол. 1924, тамыз-8.
11. Қожанов С. Мұны анықтау керек // Ақжол. 1924, шілде-21.
12. Қыдыралина Ж.У. Нация и история. Астана, Елорда, 2009, 304 с.
13. Шәріп А. Сұлтанбек Қожанұлы. Шығармалары. Алматы, «Арыс» баспасы, 2009. 352 б.
14. Абазов Р.Ф. Исламское возрождение в центральноазиатских новых независимых государствах // Полис. 1995. № 3. С.61-67. 15 ҚР ПМ. 141 қор, 1 тізбе, 15 іс.

**Аннотация:** В статье рассказывается об истории государственной и общественно – политической деятельности выдающегося деятеля Казахстана и Средней Азии – Султанбека Ходжанова. Раскрывается значимость для казахского народа общественно-политических мероприятий, проводимых С.Ходжановым в республиках Казахстан и Туркестан, таких как реформа в сфере образования, земельно-водная реформа, национально-территориальное размежевание. Национальные идеи и принципы общественного деятеля С.Кожанова начались исследоваться в годы независимости. Это социально-политическая и государственные интересы С.Кожанова. Политическая карьера начинается в качестве помощника Мустафе Шокай в национально-освободительном движении. Работа в качестве редактора газеты органа прессы Туркестанской автономии на казахском языке «Бірлік туы». После установления Советской власти в Туркестане и Казахстане он занимал должность заместителя председателя Туркестанского центрального исполнительного комитета, а также II-го секретаря обкома партии в Казахстане.

**Abstract:** The article tells about the history of state and socio – political activity of a prominent figure of Kazakhstan and Central Asia - Sultanbek Khodzhanov. The importance for the Kazakh people of social and political events held by S. Khodzhanov in the Republic of Kazakhstan and Turkestan Republic, such as reform in the field of education, land reform, national and territorial division is revealed. The national ideas and principles of the public figure S. Kozhanov began to be explored in the

years of independence. These are socio-political and state interests of S. Kozhanov. Political career begins as an assistant to Mustafa Shokai in the national liberation movement. Work as an editor of the newspaper of the press organ of the Turkestan autonomy in the Kazakh language “Birlik Tuy”. After the establishment of Soviet power in Turkestan and Kazakhstan, he served as deputy chairman of the Turkestan Central Executive Committee, as well as the 2nd secretary of the regional party committee in Kazakhstan.

УДК: 150-70

### **Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы**

жазушы, т.ғ.к., Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары,  
Алматы, Қазақстан

## **ҰЛТТЫҚ МЕЖЕЛЕУ ЖӘНЕ СҰЛТАНБЕК (КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ С.ҚОЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ)**

**Түйін:** Мақалада 1924 жылы Орта Азияда жүргізілген ұлттық-мемлекеттік межелеу науқаны кезіндегі Түркістан республикасы қайраткерлерінің ұстанымы, қазақ мүддесін қорғау жолындағы күресі, мәселенің мәскеулік орталық белгілеген бағытта шешілуі және оның себептері сөз болады. Түркесублика басшыларының бірі Сұлтанбек Қожанов пен пікірлес үзеңгілестері аумақтық комиссия жиналыстарында өлкеде жіктеліп, жаңаша құрылып жатқан мемлекеттік бірліктердің экономикалық байланыстарды үзбеуі керектігін, Ортаазиялық Федерацияға бірігіп, Советтік Республикалар Одағы құрамына біртұтас мемлекеттік бірлік түрінде кіруі қажеттігін, Ташкент қаласының іс жүзінде қазақ ауылдарының ортасында орналасқандығынан, экономикалық тартылыс орталығы болып тұрған қазақ бірлігіне берілуінің маңыздылығын және оның тарихи әділ шешім болатынын әр қырынан дәлелдеді. Алайда олардың айтқан дәлелдері назарға алынбады. Тар ұлтшылдық сезімдерінің жетегінде кеткен ортаазиялық қайраткерлер науқанды қазақ облыстарының теріктегі Қазреспубликаға қосылуы үшін Түркесублика құрамынан шығуына пұрсат беруімен аяқтады.

**Кілттік сөздер:** ұлттық-мемлекеттік межелеу, Сұлтанбек Қожанов, Мұстафа Шоқай, Түркістан Республикасы

Кеңестік Орта Азияны ұлттық тұрғыда жіктеп, мемлекеттік-территориялық аймақтарға межелеу науқанында Түркістан Республикасы басшыларының бірі Сұлтанбек Қожанов өзіндік көзқарасымен ерекшеленді.

РК(б)П Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы 1924 жылғы 31 қаңтарда Түркістан Республикасын жекелеген ұлттық-мемлекеттік құрылымдарға жіктеу жайында шешім қабылдап, соған байланысты Ташкентте арнайы мәжіліс шақыруды ОК хатшысы Я.Э. Рудзутакқа тапсырған еді. Большевизм көсемдерінің айдан астам уақыт мұқият әзірлеуінен кейін, Түркістан Компартиясының Орталық Комитеті, ТКП Орталық Бақылау Комитеті, РК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азия бюросы (Средазбюро), Түркатком Төралқасы мүшелері мен мүшелікке кандидаттары және Ташкенттегі басқа да жауапты қызметкерлер қатысқан алғашқы мәжіліс 1924 жылғы 10 наурызда өтті. Күн тәртібіне Түркістанды ұлттық-территориялық тұрғыда межелеу мәселесі шығарылды. Біріккен жиында ТКП ОК хатшысы Абдулло Рахимбаев баяндама жасады. Ферғана басмашыларының негізінен жойылғанын хабарлап, соған байланысты, өлкедегі саяси ахуалдың тұрақталғанын айтты. Сосын, кей аймақтардағы аралас тұрып жатқан түрлі халық тұрғындары арасында қилы егестер бой көрсетіп қалатынына, өзара шағым жасап, талаптар қоюлары салдарынан, әрәдік ұлтаралық түсініспеушіліктер орын алып отырғанына тоқталды. Солардан туындатып, ұлттар араларында көрініп қалатын араздықтарды жоюдың жолы: «Орта Азия құрамында біртекті үкіметі бар ұлт

республикаларын ұйымдастыру» болмағын айтты. «Егер біз, Түркістан халықтарының мәдениет тұрғысынан дамуы үшін, Түркесубликада Кеңес өкіметінің нығаюын қаласақ... Кеңес өкіметін күшейтуге апарар жалғыз жол – Орта Азияны ұлттық белгілеріне қарай жіктеу», – деді. Сөйтіп, кеңес өкіметінің бекем орнығуын баяндамашы үлкен шанырақты жеке-жеке отауларға бөлумен байланыстырды. Әр ұлт өз алдына отау тігіп бөлініп шықса – Түркістан халықтары мәдениет тұрғысынан дамиды... Орта Азияны ұлттық сипатпен жіктеп, дербес отаулар тігу арқылы ыдырату – кеңес өкіметін күшейтуге апарар жалғыз жол...

Осындай келешек ұлттық қайраткерлердің ұлттық сезімін тез қайрады. Олар қара шаңырақ іспетті мемлекеттік құрылымды бөлшектеп, ұлттық отау тігу жолына түсті. Мәселенің РК(б)П ұрандарының алдамшылығында, шын пиғылының басқалығында жатқанын аңдамады. Революцияшыл пролетариат диктатурасы идеясының біртіндеп орыс билігіне теңгеріліп алғаны ойларына да келмеді. Большевизм көсемі В.И. Ленин 3-ші Коммунистік интернационалдың екінші конгресінде: «Орыс коммунистерінің бұрынғы патшалыққа тиесілі отарлардағы – Түркістан және басқалар секілді артта қалған елдердегі – практикалық жұмысы біздің алдымызға мынандай мәселе қойды: коммунистік тактика мен саясатты капитализмге дейінгі жағдайда қалай қолдану керек... Бұл елдерде өнеркәсіп пролетариаты жоқтың қасы. Осыған қарамастан, біз ол жақта да өзімізге басшы рөлін алдық және алуға тиіспіз де», – деген-ді. Ал ұлт қайраткерлері «кеңес өкіметін күшейтуге апарар жалғыз жолды» таңдау артында не жатқанын парықтамады. Кеңес өкіметін қара шаңырақты сақтай отырып та күшейтуге боларын, әрі оның ұлттар мүддесіне көбірек жауап беруі ықтималдығын ойламады. Межелену салдарынан – Түркістан Республикасы тарайды, демек, қарашаңырақ жойылады. Жойылатын қарашаңырақ орнына Ленин айтқан «орыс коммунистерінің жетекшілік рөлі» бірінші орынға шығады. Дербестеніп, бірінен бірі оқшауланған ұлттық құрылымдарды оңашалап, жеке-жеке «пролетарлық рухта» тәрбиелеу мәселесі оңайлайды. Ал жетекшілік рөлді өз мойындарына алған орыс коммунистері, қырға дендеп кірген империялық сауда капиталының айналымына халқы тығыз ілесулі болса да, Орынбор, Омбы іспетті орыс пролетариаты ошақтарының «капитализмге дейінгі қатынастар үстем, артта қалған елдің» құрамында қалуын қаламайды. Сонау астарлы саясатқа шебер жетекшілер, сондай-ақ, Ташкент тағдырын да өздерінше шешеді...

Баяндамашы «ұлттық мәдениетті дамыту» жайындағы алдамшы үмітті алға тартты. Большевиктер мәдениетті екіге бөлетін, сөйтіп, «ұлтшылдық уымен уландыруға тырысатын буржуазиялық мәдениет» емес, «өзінің мазмұны жағынан социалистік болған пролетар мәдениеті» үшін күресетін-ді. Ал бұл – жеке-дара отау тіккен ұлттық республикаларда өркендейтін ұлт мәдениеттерінің бағытын большевиктер қатаң бақылауда ұстап, отаулардың бірін-бірі өзара байытуына жол бермей, «мазмұны жағынан пролетарлық, формасы жағынан ұлттық мәдениет» болатын «жалпы адам баласының мәдениетін» орнықтыруды ғана құптайды деген сөз. Яғни большевизм ұлттарды жалпыадамзаттық ұмтылыс жолына түсіреді. Сөйтіп, ұлттық тамырдың үзілуіне апаратын жаңа тұрпатты рухани тіршілікті қалыптастыруға бет алады. Әйтсе де мұндай болашаққа ешкім ой жүгірте қоймады, көпшілік көңіліне баяндамашының өлкедегі әр ұлыс өкілінің ұлтшылдық түйсігін қанағаттандыратын пайымдары жақты. Көздерін большевизм ашқан қайраткерлердің кеудесінде ешқандай күдікке орын қалған жоқ. Кеңеске қатысушылар тезірек ұлттық тұрғыда межеленуді қолдады.

Дегенмен, жиналысқа қатысушылардың бәрінің бірдей санасы уақытша ұлттық шаттыққа масайып, көздері қарыға қоймаған-ды. Ұлтын шын сүйгендер тар ұлттық мүддені күйттеумен шектелмейтін. Жиынның белсенді қатысушылары арасында – орталықтың межеленуді ұсынуы астарынан байырғы «бөлшектеп билеу» саясаты

нәрлендірген жаңа коммунистік тәсілді аңдағандар, бір өңірде аралас-құралас мекендеп келе жатқан ұлттардың келешегін тереңірек ойлағанда, ұлттық дербестенудің залалдылығын түйсінгендер болды. Олар жарыссөз кезіндебаяндамадағы ұсынысқа балама пікірлер ұсынды. Балама пікірлердің бірін Түркатком Төрағасының орынбасары, Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшесі Сұлтанбек Қожанов көтерді. Ол өлкені ұлттық белгісіне қарай бөлшектеп жібермей, оларды алдымен экономикалық негізде, содан соң Орта Азия Федерациясына біріктіру, сосын, экономикалық та, саяси-әкімшілік те тұрғыда қалыптасқан қуатты құрылым ретінде, Республикалар Одағына – КСРО-ға кіру бағытын ұстанды.

Оның бұл көзқарасын кеңестік тарихи әдебиеттің пантүркілік (түркішілдік) қателік ретінде бағалағаны мәлім. Мәселен, біздің академиялық «Қазақ ССР тарихы» көптомдығы сол жиыннан: «С. Ходжанов пантүркістік қателерді қайталап, «түрік тайпалары бірыңғай түркі тілдес халықты құрайды», оны «жасанды түрде айыруға болмайды» дегенді жөнсіз дәлелдеуге тырысты», – деген хабар береді. Алайда бұл – тарихи оқиғаларды түсіндіруде кеңестік идеология салдарынан жиі қолданылатын, әдеттегі большевизм бұрмалаушылықтарының бір парасы еді. Іс жүзінде С. Қожанов жалпы түркішілдікті емес, қазақ мүддесін күйттеді. Және оны жеке-дара бөлмей, бүткіл өлке халқының өмірімен тығыз байланыста қарап, сол жиында да, одан кейін де – межелеу жөніндегі территориялық комиссия мәжілістерінде, 1924 жылғы 14 қыркүйектегі ТКП Орталық Комитеті, ТКП Орталық Бақылау Комитеті және ТКП Тексеру комиссиясының біріккен Пленумында да жанын сала қорғады. Оның позициясы қазіргі идеологиялық шарттылықтан құтылған кездің көзқарасы түгіл, тіпті сол кезгі ашық партия саясаты тұрғысынан да дұрыс болатын.

Ой жүгіртіп көрейік. РК(б)П XII съезіндегі қорытынды сөзінде, съезде туған сұрақтарға орай, И.В. Сталин: «Тәуелсіз республикалар әуелі шаруашылық негізде жақындасады... республикалардың жақындасу тәжірибесі оң нәтиже берген соң, келесі қадам – федерацияға бірігу жасалады», – деген концепциясын нақты практикада басшылыққа алатын реттілік сипатты аян еткен еді. Артынша оны кеңітіп түсіндірген: «Әсіресе Закавказье секілді, ұлттық бітімнің арнаулы органынсыз оң жұмыс істеуге болмайтын орында осылай ету ләзім. Сіздер білесіздер, Закавказье патша кезінде татар-армян кескілесуі болған және муссавиттер, дашнактар мен меньшевиктер кезінде өзара соғысқан ел. Осы қырқысуды доғару үшін ұлттық бітім органы керек, яғни өзінің кесімді сөзін айта алатын жоғарғы өкімет керек. Ұлттық бітімнің осындай органын грузин ұлтының өкілдерін қатыстырмай құру еш мүмкін емес. Міне өстіп, шаруашылық күштерін біріктіргеннен кейін бірнеше ай өткенде, келесі қадам – республикалар федерациясы жасалады, одан бір жыл өткенде – республикаларды біріктіру жолындағы қорытынды кезең іспетті тағы бір кезекті қадам – Республикалар Одағын құру жасалады... Бұл – біздің ұлт саясатымыздың жүйесі».

Мәселе осы партияның «ұлт саясатындағы жүйені» өмірде қолданған шақта – большевизм қайраткерлерінің қос стандарт ұстанғандықтарында еді. Қаласын-қаламасын, Ресей империясының «бөлшектеп ал да – билей бер» формуласымен жүргізген саясатын іс жүзінде кеңестік негізбен жалғастырғандықтарында-ды. Соны – жаңа отаршылдықты – жүйенің түпкі мақсатын құпиялаған алдамшы ұранмен, «бұқараның өз тілегі бойынша» әрлеп өмірге енгізуге шеберленуінде жатқан-тын. «Бұқараның өз тілегі бойынша» жүргізілген Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық бөлшектеуді әлем демократиясының дұрыс қабылдай қоймағанын Сталиннің өзі де мойындап: «Буржуазия баспасөзі бұл межелеуде «большевиктік қулық» бар деп жүр, – деді де, оны былай деп жоққа шығарды: – ...мұның «қулық» емес екендігі, қайта,

Түркпенстан мен Өзбекстанның қалың бұқарасының өздеріне жақын және түсінікті өз өкімет органдарын құруға қатты талпынуы екені анық». Әйтсе де, сонау «Түркпенстан мен Өзбекстанның қалың бұқарасының... өз өкімет органдарын құруға қатты талпынуы» тәрізді «бұқараның өз тілегі» артында қандай қозғалтқыш күш тұрғанын да білдіріп алды: өлкені ұлттық белгілері бойынша бөлшектеу үшін «коммунистерге тек бірнеше ай түсіндіру-насихат жұмысын жүргізу ғана керек болды», – деп ұлттық межелеудікім ұйымдастырғаны хақындағы шын сырын ашып қалғанын абайламады.

Алайда жаңа империялық идеологияны жүргізуші коммунистен жаңа отар коммунистінің айырмашылығы бар-ды: ұлт коммунисті өзінің саяси-насихаттық жұмысында жоғарыдан белгіленген шеңберден асуға хақысы жоқ болатын. Сондықтан да Сталин айтқан «ұлт саясатымыздың жүйесі» түркі халықтары арасында орнықтырылуға келгенде сипақтатылып, жаңа империялық мүддеге бағындырылды. Жария етілген ұлт саясаты жүйесіндегі осынау баспалдақтан соң баспалдақ басып жоғарылау іспетті, кезеңнен кезеңге өту концепциясы түркістандық ұлттардың тағдырларына шын жаны ашыған күрескер көңіліне қонымды еді. Яғни, алдымен Орта Азия республикаларын экономикалық тұрғыда біріктіру, одан Орта Азия Федерациясын құру, ақырында КСРО-ға кіру – енді оянып келе жатқан кенже халықтар мүддесіне мейлінше дәл жауап бере алатын реттілік екеніне С. Қожанов сынды коммунистер мүлдем сенімді-тін.

Қазақ және Түркістан өлкелеріндегі қазақ қауымдарының экономикалық даму деңгейлері әртүрлілігін ескеріп, оңтүстіктегі қазақ аймақтарын әзірге терістікке қоспай, жеке республика ету арқылы – ортақ әрі тиімді ортаазиялық экономикалық бірлестік жасауға да болатын. (Жекелеген саясаткерлерді біріккен алып Қазақстан болашағы шошытатын. Ондайлар Қазан, Қырым татарларының екі мемлекеттік құрылымы барлығына қарамастан, Дала өлкесі мен Түркістан өлкесі қазақтарының екі Қазақ республикасы болуына да қарсы-ды). Қысқасы, экономикалық бірлестік – өтпелі, бірақ аттап өтуге болмайтын, ұлттардың өркендеу келешегіне қажет баспалдақ екені айқын-тын. С. Қожановпен бірге мұндай көзқарасты қолдаған Орта Азия экономикалық кеңесінің төрағасы М.А. Паскуцкийдің позициясын партия тарихшылары «ол шын мәнінде, межеленуге қарсы шықты» деп бағалады. Дұрысында, осы қос қайраткер (Қожановпен Паскуцкий) езілген ұлттардың шаруашылықтарында табиғи түрде орын алған интеграцияны өркендету ретімен, олардың әлеуметтік дамудағы теңсіздіктерін, саясаттағы, экономикадағы, мәдениеттегі кемістіктерін теңгеруге ұмтылу, сөйтіп, ұлттық мемлекеттікке – бірден ірге бөліп дербестену арқылы емес, өзара тәуелділікті сезіне отырып, өзара жәрдемдесу жолымен жету мақсатын көздеген-тін.

Алайда бұндай пікірге ерік беру, РК(б)П үшін, – түркі елі халықтарының төте байланыстарын арттыру, өзара туыстықтарын түйсінту, соның арқасында орталықпен санаса қоймайтын күшті ұлттық мемлекеттікке қол жеткізу даңғылына әрқайсысын өз қолымен салып жіберу деген сөз болар еді. Ал ол – коммунистік мұраттарды ту еткен жаңа отаршылдар мүддесімен еш үйлеспейтін. Сондықтан да «партия жолын бұрмалаушыларға» саяси айырым-белгілер жапсыру амалы іс-дағды барысында кең қолданылды. Сол шақтағы идеологиялық штамп пен саяси құрсау мәжбүр еткен пайымдау жүйесінің ықтимал өрісін кеңес зерттеушісінің мына пікірі айқын көрсетеді: «Ауытқушы-ұлт өкілдері (национал-уклонистер) өздерін «өз» республикаларының «қорғаны» рөлінде көрсетіп, ұлт мәселесін өздерінше «шешуге» әрекет жасады. Олар «ұлыөзбек мемлекеті», «ұлы Қазақстан мемлекеті», «ұлкен Қырғызия (Қазақия)», «автономиялы қалалар», «еркін тайпалық мемлекет» жасау жобаларын көтерді. Бұл «жобалардың» бәрі олардың авторларының Орта Азияны ұлттық-мемлекеттілік тұрғыдан межелеуді кеңес халқы мүддесіне қайшы дұшпандық мақсаттарға пайдаланғысы келетін ұлтшылдық ұмтылыстарын танытты». Бертінде, қайта құру заманының зерттеушілері



одан да асып түсті. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы партия тарихы институтының ғалымдары 1989 жылы: «Қожанов – «Қазақстан қазақтар үшін» деген ұлтшылдық ұранды барып тұрған жанын салып жақтаушылардың бірі ретінде белгілі», – деген тұжырымын алға тартты.

«Национал-уклоншыларды» – ауытқушылыққа жол берген ұлт өкілдерін «әшкерелеудің» өтімді үлгісін, әрине, өз уақытында және бірінші кезекте Бас хатшының өзі көрсетті. Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетінің студенттері алдында 1925 жылғы 18 мамырда сөйлеген сөзінде И.В. Сталин: «...Түркістанда жақында аяқталған ұлттық межелеуді советтерді бұқараға... жақындатудың үлгісі деп санауға болар еді», – дей келе, кеңестерді еңбекшілерге тақалту жұмысында «совет Шығысының белсенді қызметкерлерінің практикасында екі уклон (ауытқу) бар екенін есте тұту керек, совет шығысы үшін нағыз кадрлар мен нағыз революционерлер тәрбиелеп шығару үшін бұл Университеттің ішінде ол уклондарға (ауытқуларға) қарсы күрес жүргізу қажет», – деп нұсқау берді. Коммунистік оқу орнында білім алып жатқан шәкірттерді белсенді қызметкерлердің іс-дағдысындағы ауытқушылықтарды ажырата білуге үйретті. «Бірінші уклон – жеңіл-желпі қараушылықта» болса, «Екінші уклон, мұның керісінше, жергілікті ерекшеліктерді асыра көрсетуде... өрісі тар және таяз ұлтшылдықтың міндеттеріне бейімделуде болып отыр», – деді ол. – Қайткенде көршісінен бір пұшпақ жерді артығырақ бөліп аламын деп, «Шығыстың кеңестік республикаларын Совет Одағының өнеркәсіпті аудандарымен байланыстыратын ортақ және басты нәрсені... социалистік міндеттерді» елеп-ескерместен, мұндай уклоншылар «өз республикасының шекарасын кеңейту, іргелес республикалармен кергілесу, көршілерінен үзіп-жұлып артық олжа түсіруге тырысу» арқылы «өз елінің буржуазиялық ұлтшылдарына жағыну» мақсатын көздеді.

Межелеу тұсындағы күрделі пікірсайыстар палитрасын Сталин осынша қарабайырландыра, сүмірейте жіктеп, нәтижесі «кәдімгі буржуазиялық ұлтшылдарға айналып азғындау» болатын ауытқушылықпен, яғни «осындай астыртын ұлтшылдықпен рахымсыз күрес жүргізу рухында» кадрларды тәрбиелеу міндетін алға қойды. Сөзін сөйтіп әдеттегі большевиктік көзқарасқа сай, қараңғы қалың бұқараны өздерінің көзі ашық азын-аулақ азаматтарымен өштестіру, таптық тұрғыда бітіспестей жауластыру рухында қорытты. Оған алуан реңкті пікірсайыстар, ортаға тасталған пайымдар байыбына бару тиімсіз-тің, сондықтан да, олардың бәрін «көлегейлеулі ұлтшылдық» (скрытый национализм) деп атады. Енді сонау «көлегейлеулі (астыртын) ұлтшылдыққа» жол берген қазақ қайраткерлерінің көзқарасына тоқталайық.

Орталыққа ұлттық элитаның Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелерге бөлшектеу мәселелеріне көзқарастарындағы тұтастық ұнамаған еді. Ұлттардың дербес отау тігуіне байланысты пікір сайыстары РК(б)П ОК Орта Азия бюросы құрған ортаазиялық республикалардың аумақтарын белгілеп-межелеу жөніндегі Территориялық комиссия мен оның ұлттық дайындық комиссияларында мейлінше өрбіген-ді. Бес айға созылған талқылау, жобалау, дауласу, пікірлесіп-ақылдасулардың шарықтау шегін 1924 жылғы 17 тамызда болған Территориялық комиссияның пленумы көрсетті. Осы пленумның стенографиялық есебі «жалындаған пікірталастарды, жаңадан құрылып жатқан ұлттық кеңестік социалистік республикалар мүдделерін танытқан қызметкерлердің территориялық талаптарын барынша өткірлігімен біздің заманымызға жеткізіп отыр». Есіміне бертіңгі тарихи әдебиетте «пантюркист», «ұлтшыл», «уклонист», «антипартиялық топшыл» іспетті күллі жаман, күйдіргі атақтар жамалған С. Қожанов аталған пленумда «біртұтас және бөлінбейтін Түркістан» тезисін қорғаған жоқ», – дейді зерттеуші Р.Я. Раджапова. Дұрыс айтады, байламына орнықты дәлелдер келтіреді. С. Қожановтың межелеу науқанында ұстанған көзқарасына байыпты талдау жасайды.

Шынында да, алғашқы мәжілісте күллі Орта Азияны бір бірлестікке ұйыстыру жөнінде айтқан ұсынысына С. Қожанов бірнеше дәйек келтірген-ді. Біріншіден, мәжіліс өтіп жатқан шаққа дейін көпұлтты Хорезмнің ұлттық құрамына қарай бөлшектенуге келісім бере қоймағаны оның Федерация құру жайындағы ойын негіздей түсетін. Екіншіден, Орта Азия Федерациясында жүргізілмек әрбір шараны ол өлкедегі жекелеген ұлттардың тұрмысы мен ғұмыр кешу бітімі талаптарына жауап бере алатындай болуға тиіс деп есептеді. Бұл ретте ол Түркістан өлкесінің үш аймаққа – өзбек, қазақ, түрікмен облыстарына бөлінетінін айқын атап айтты. «Әрине, өлкедегі ұлттар мен ұлыстар санын кеміткені үшін Қожановты сынауға болады. Бірақ, С. Қожанов Түркістанның бірлігі туралы айта отырып, онда жекелеген ұлттардың бар екендігін жоққа шығарды, сөйтіп пантюркистік позицияда тұрды-мыс деген тезис біздің тарихи әдебиетте қалай пайда болып, орнығып кетті – мұның парқына жету мүмкін емес» – деп жазды зерттеуші Р. Раджапова. Дұрысында, Түркістан өлкесінің өзбек, қазақ, түрікмен облыстарына бөлінетіні жөніндегі пікір әуелде Р. Раджапова жазып отырғандай С. Қожановтан емес, РК(б)П Орталық Комитетінен, РК(б)П-ның көсемі, нөмірі бірінші большевик В.И. Лениннен шыққан болатын. Ол Түркістан өлкесіндегі болашақ мемлекеттік құрылымның Т. Рысқұлов пен Түрккомиссия ұсынған жобаларын қарай отырып, 1920 жылғы 13 маусымда партия-үкімет буындарына «Түркістанды Өзбекия, Киргизия (Қазақия) және Түрікменияға бөліп (этнографиялық және басқа да) карта жасау» жайында тапсырма берген-ді. Ал РК(б)П Орталық Комитетінің Ресей Федерациясы мен Түркістан Республикасы ара-қатынасының негізгі принциптерін айқындаған 1920 жылғы 8 наурыздағы директивасында Түркістан «онда тұратын негізгі халықтар: түрікмендердің, өзбектердің, қазақтардың автономиялық республикасы» болып табылатындығы атап көрсетілген-ді. Содан, 1924 жылғы сәуірдің соңында, РК(б)П Орталық Комитетінің басшылық нұсқауларына сай, РК(б)П ОК ОАБ (Средазбюро) мен ТКП Орталық Комитетінің бірлескен мәжілісінде Орта Азияны бөлшектеп-межеленуді дайындайтын және жүргізетін комиссия мен оның үш әзірлік тобы – қазақ, өзбек және түрікмен комиссиялары құрылған еді.

Тәртіпке бекем коммунист-қайраткер С. Қожанов тек сол жоғарыдан түскен бағдар, қабылданған шешімді ғана қайталаған-тын. Артынан, межелеу шаруаларына тереңдей келе, ол өлкедегі ұлттардың бәрінің өздеріне тән мемлекеттік құрылымы болуын қолдады, өзі әсіресе тәжік автономиясының шаңырақ көтеруіне елеулі үлес қосты. Ал оған жазықсыз айырым-таңбалар қайдан жапсырылды дегенді – тоталитаризм тарихшыларының саясат мүддесі үшін қолдан жау сомдауға шебер болғандығымен ғана түсіндіруге болар. Мәселен, «Қазақ ССР тарихын» жазушылар межелеу мәселесі алғаш ірі көлемде көтерілген жиындағы С. Қожановтың сөзінен – өлкенің экономикалық бірлігі хақындағы ойларынан туындайтын, ғасырлар бойы қоян-қолтық аралас-құралас өмір сүріп келе жатқан түркі халықтарының іргесін «жасанды түрде ыдыратып-ажыратуға болмайды» дегенін ғана көзге іліп, С.Қожанов «пантюркистік қателерді» қайталады деп қорытқан болатын.

Территориялық комиссияның тамыз пленумы қарсаңында «Туркестанская правда» газеті «Ұлттық-мемлекеттік межелену» деген тақырыппен, «Туркестанская правда» анкетасы» айдары аясында, ондаған жауапты қызметкерді газет бетінде сөйлетті. Межелену жұмыстарына қатысушылардың позициялары осы басылымдағы мақалаларында өте айқын қойылғандығы көзге ұрады. Олар бізге Терком пленумында болған ой-пікір шайқастарының өрістеген ауқымын аңдауға жақсы жәрдемдеседі. Аталған үнпарақта С. Қожанов алғашқылардың бірі болып сөйледі. Газеттің 1924 жылғы 15 тамыздағы нөмірінде, межелеу мәселесіне партияның мақтанашты ұлт саясаты рухында тоқталған мақаласына РК(б)П Орталық Комитетінің

хатшысы ретінде қол қойған РК(б)П ОК ОАБ төрағасы Исаак Абрамович Зеленскиймен қатар, Турцик төрағасының орынбасары ретінде қол қойған Средазбюро мүшесі, Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожановтың мақаласы басылған. Мұнда Сұлтанбек: «Орта Азияны ұлттық белгілері бойынша межелеу – кеңес өкіметінің азаттық әперуші ұлт саясатының логикалық жалғасы және практикалық тереңдетілуі болып отыр», – деп ой түйеді. Межеленудің қажеттігін «жекелеген ұлттық топтардың ұлтаралық ерікті байланысын, еркін бірлігі мен достық қызметтестігін қамтамасыз ететін шара» ретінде дәйектеп бағалайды. Сосын «РКП XII съезінің тұжырымы бойынша» – тузем еңбекшілерінің азаттық қозғалысы шет аймақтағы орыс отаршылдығымен күрес барысында ішкі қайшылыққа шалынысуы ықтималдығын, ал ішкі қайшылық – күштірек ұлттың әлсіздеу ұлттарға қарсы бағытталған шабуылдаушы ұлтшылдығы (шовинизм) түрінде көрініс беретінін еске салады. Ел-жұртты ұлттық-аумақтық жіктері бойынша межелеу – жергілікті шовинизммен күрестің ең радикалды түрі дейді ол. Бұл күрес сонымен бірге, С. Қожановтың ойынша, әр ұлттың еркін түрде мәдени және экономикалық жағынан дамуын қамтамасыз етуінің шарты болып табылады.

Байқалып тұрғандай, саяси қайраткер С. Қожанов РК(б)П-ның тұжырымдамаларын терең ұғынып, өз пайымдарына шығармашылықпен басшылыққа алған. С. Қожанов «кеңес өкіметінің азаттық әперуші ұлт саясаты» партиялық съездің қарарларын байыбына бармай теріс қолданатындар тарапынан орта жолда бұрмаланбай, түпкі көзделген адал да әділ мақсатына жеткізілуі үшін күресетінін осы мақаласымен де айқын көрсеткен. Компартия алға тартқан межелену іспетті күрмеуі күрделі мәселені шешуде кездесер қиындықтардың – қилы «ауытқушылықтар, елігулер, ой қақтығыстарының» шешімін табарына ол сенімді.

Бірақ, сонымен қатар, оп-оңай шешіле салмайтын мәселе де бар. Осы ретте, Түркістан Республикасын басқарушылардың бірі болып отырған бұл коммунист-қазақ: өлкені ұлттық-мемлекеттік құрылымдарға бөлшектеуде кездесер «жалғыз ғана ірі қиыншылық – қазақтардың Орта Азиядағы жағдайы туралы мәселе болуы ықтимал», – деген шүбәсін ортаға салады. С. Қожановтың бұлай дүдәмалдануына негіз бар, себебі «Орта Азия қазақтары мен жалпы Қазақия жайындағы мәселе әлі күнге дейін нақты ойластырылмаған». Ол Средазбюро төрағасының орынбасары О. Карклиннің ой-пікірлерінде қазақ аудандары қазіргі Қазақияға өтеді дегеннен өзге ештеңе жоқтығына назар аударады. Өлкедегі жер-суы 750 мың шаршы шақырым шамасындағы аумақты алып жатқан, екі жарым миллиондық тұрғындардың 70 пайызын құрайтын Орта Азия қазақтарының мәселесін оның мұндай жартыкеш тезистері ешқандай да шешпейтінін айтады. Одан әрі ол: «Саны жағынан аса зор осы халықтың мемлекеттік құрылысқа қатысуын қамтамасыз етудің неғұрлым нақты шарттарын және Кирреспубликаның (Қазреспубликаның) мемлекеттік единица ретінде Орта Азиядағы жағдайын анықтау» қажет дей отырып, мақаласында жаңадан құрылып жатқан республикалардың өзара қарым-қатынастарының жарқын келешегіне тоқталады. Сенімді болашақты ортаазиялық ауқымдағы, және әрине, Қазақиямен бірге, өзара келісіліп жүзеге асырылатын қызметтестік пен тығыз экономикалық байланыстарда деп білетінін түсіндіреді. Келешектегі дамудың дұрыс жолы – «әуелі экономикалық бірлестік, ал содан соң, бәлкім, мемлекеттік федерацияландыру» болатынын дәлелдейді. Және бұл сатылар, Түркатком төрағасы орынбасарының сенімі бойынша, межеленудің мәні мен нәтижесін ешқандай да кемітпейді, керісінше, межелеуді табысты аяқтаудың ақылға қонымды көрінісі, тарихи акті болады. Мақаласының түйінді бір жерінде ол: «Әзірге мынандай ой айқын – өзбектер мен түрікмендердің тәуелсіз республикалары жарияланады», – дей отырып, өз ұлтының да өмірге жолдама алуға тиіс құқығын былайша жайып салады:

«Жалпы саны бес миллионнан асатын, оның екі миллиондайы межелену үстіндегі Түркістанда тұратын қазақтар тап сондай құрметке ылайық және тап сондай жағдайды қалайды».

Сонымен, алты миллиондық қалың қазақ оңтүстік өлкедегі бөлігінің миллионнан астамын революцияның алғашқы жылында большевиктік геноцид құрбандығы етсе де, бұрынғысынша, түркі халықтары ішіндегі ең саны көптігімен (мекендеген аумағының орасан алыптығы өз алдына) – өзбектер мен түрікмендер секілді тәуелсіз республика тәжін киюден үміттенеді. Және онысы, қазақтың ұлттық мемлекеттігін орнықтыру жолындағы күрестің алғы шебіндегі С. Қожановтың жүрекжарды пікірінше – орынды да әділ ұмтылыс. Алайда Түркістан халықтары болашақ «халықтар әкесі» сызған жобамен бөлшектеніп жатқан. Сондықтан, Бас хатшы И. Сталиннің өзі басқарып-бағыттап отырған науқанда оның батасын алмаған істің оңға басуы неғайбыл-ды. Сталиннің ойынша, партияның сара жолынан ауытқуға жол беретін уклоншылар орталықтағы және «шеткері аймақтардағы» жағдайлардың бірдей емес екенін ұқпайды, тіпті, шығыстың кеңес республикаларының өздері біркелкі емес екенін білгісі келмейді: «бұлардың кейбіреулері, мысалы Грузия мен Армения ұлттық қалыптасудың жоғары сатысында тұрғанын, ...екіншілері, мысалы Чечен мен Кабардин, ұлттық қалыптасудың төменгі сатысында тұрғанын, ...үшіншілері, мысалы Киргизия (Қазақия), осы екі шеткеріліктің арасында орта қалыпта тұрғанын түсінбейді». Демек, осынау сталиндік классификация бойынша «ұлттық қалыптасудың орта сатысында тұрған» Қазақияға одақтық мәртебе әперем деп «жергілікті ерекшеліктерді асыра көрсету» арқылы ауытқушылыққа ұрынушылар танытатын «уклонның нәтижесі социализмнен қол ұзу және кәдімгі буржуазиялық ұлтшылдарға айналып азғындау болады». Ондайға партия жол бермейді, сондықтан да әлгіндей ерекшеліктерді елемеушілер де, керісінше, өз ұлттарының мұқтажын аспанға көтеріп асыра дабыралатушылар да Сталиннің «дана» басшылығымен, басқаша айтқанда қитұрқы саясатымен қалыпқа түсіріліп отырылатын болады. Алайда оны әзірге біліп жатқан ұлт қайраткерлері жоқ. Олар партияның ашық та түсінікті қағидаларын, ұлттардың дамуына мүмкіндік беруді көздейтін шешімдерін басшылыққа алып, өлкедегі ұлттық-мемлекеттік межелеп-жіктеуді ел-жұртқа шынымен пайдалы етіп жасауға тырысады.

Орта Азияны ұлттық шектерге бөліп-межелеуді әзірлеу науқаны қазақ қайраткерлерінің халықты шынайы ұлттық мемлекеттілікке жеткізу жолындағы саяси күресінің маңызды белесіне айналды. Бұл шақта олар тек қазақтың емес, өлкені мекендейтін басқа да ел-жұрттардың тағдырына алаңдайтынын білдірді. Мәселені тиісті ресми жиындарда, баспасөздегі мақалаларында әр қырынан қозғап, кең де терең білім, парасат, мемлекет қайраткеріне ылайық кемелдік көрсетті. Осы істердің бел ортасында ТКП Орталық Комитетінің бір топ белсенді қызметкерлері жүрген еді. Олар Орта Азиядағы қазақтар проблемасын жете ойластырып шешу жағында болды. Қазақ республикасына Түркістан өлкесінің қазақ аудандарын қосуды түбегейлі жүзеге асыруды көздеді. Ташкент қаласы, Мырзашөл және Ташкент үйездері де қазақстандық аймақтар қатарында болуға тиістігін экономикалық және мәдени тұрғыдан дәлелдеді. Сондай-ақ жалпы мемлекеттіктің іргесін нығайту мүддесімен, өлкенің өткен тарихымен дәйектеді. Күллі талқылауларда олар терең зерде, білікті парасат танытты.

Орта Азияны межелеп-жіктеудің қызу айтыс-тартысты мәжілістеріндегі С. Қожанов бастаған қазақ өкілдерінің позициясы Кирреспублика тарапынан қолдау тауып тұрғанды. С. Қожанов РК(б)П ОКОАБ мүшесі ретінде Орынборға бірнеше мәрте келіп, межелену проблемаларын көтеріп отырды. Бөлшектеніп жатқан Бұхара Республикасындағы қазақтардың өкілдерін ертіп әкеліп, олардың Өзбек Республикасы құрамында автономиялық бірлік (единица) құру жайындағы тілегін РК(б)П Қазақ

обкомына жеткізуіне қамқор болды. Сондай-ақ жіктелуге түскен Хорезм қарақалпақтарының Амудариядағықандастарымен бірге автономиялық облыс құрып, Қазақ Республикасына қосылмақ өтініштерін білдірген өкілдерді де Орынборға С.Қожанов бастап келген еді. Барлық ретте де түркістандық қайраткер С.Қожановтың қызметі оң нәтижеге жетіп отырды. Ол РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің екінші пленумында (26–28.09.1924) межелеу жайында қосымша баяндама жасады (пленум Орынборда өтті. Бұл – тоталитаризм жылдарында негізгі шешімдері бүркеулі қалдырылып, яки бұрмалап түсіндіріліп келген форум-тын. Қарарларының толық мәтіні 1931 жылы Ж. Садуақасовтың басшылығымен партиялық құжаттар жинағында шыққан. Бірақ олардың көпшілігі орындалмады). «Қазақстан Компартиясының тарихы мәселелерінің» 1971 жылғы шығарылымында: «1924 жылғы 26–28 қыркүйекте болған РК(б)П Киробкомы (Қазобкомы) пленумында Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеу және Түркістанның қазақ облыстарын ҚАКСР-ге қосу туралы мәселеге айрықша көңіл бөлінді. Пленум Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өміріндегі осы тарихи актіні құптады», – деп жазылды. Пленум обком бюросының есебі мен Орта Азиядағы ұлттық межелеу туралы баяндамалар бойынша кеңейтілген қарарлар қабылдаған-ды. Онда қазақ елінің мемлекеттігін нығайтуды көздейтін қағидалар тұжырымдалды. Сонымен бірге: «Қазақ өкілдері экономика мәселелері бойынша енгізген айрықша пікір расталсын», – деген сөздермен, ұлттық межелеуге байланысты қабылданған қарардың 6-шы тармағында, түркістандық қайраткерлердің Средазбюро Территориялық комиссиясындағы позициясын, олардың шаруашылық тиімділік тұрғысынан білдірген ерекше көзқарасын Киробкомның құптайтыны арнайы нақтыланды. Осы орайда Түркеспубликадағы белсенді қазақ азаматтарының аталған партиялық шешіммен Қазреспублика қолдауына ие болған көзқарастарын қарастыру ләзім.

Оңтүстіктегі қазақ аймақтарын Орынборда шаңырақ көтерген Алаш автономиясына қосуды С. Қожанов пен өзе де ұлттық саяси қайраткерлер әуелде 1918 жылдың қаңтарында Түркістан қаласында өткен съезде: «Алашорда өз алдына автономия иғлан қылып болып, Түркістан автономиясына союз (одақ) болса, Сырдария қазақ-қырғыздары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіруге қарар қылады», – деп, жалпы түркі бірлігінен ажырамау шартымен қолдаған-ды. Содан кейін алғашқы ұлт лидерлері сахнадан кетіріліп, тарих доңғалағы большевиктер ыркымен айналды. Сөйтіп 1918 жылы – Советтік Түркістан автономиясы, 1920 жылы Советтік Қазақ автономиясы шаңырақ көтерді. Түркі тұтастығын ыдыратуға мүдделі большевизм 1920 жылы Т. Рысқұлов делегациясының ұсынысын кері қақты. Содан ұлт коммунистері оңтүстіктегі қазақ жер-суын Түркеспубликадан бөліп алып, Кирреспубликаға біріктіруді кеңес үкіметінің алдына жылма-жыл қойып отырған. Сол себепті, РК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросының 1924 жылғы 31 қаңтардағы шешіміне сәйкес, Түркістан, Қазақстан, Бұхара мен Хорезм партия-кеңес ұйымдарында межелену мәселесі талқылана бастағанда, белді ұлттық қызметкерлердің бәрі де оны қолдады. Қолдау сөздерінде, қанша коммунист болғанмен, жәй ғана қанағаттанушылықпен шектелмей, алға тартылған ұлттық ірге бөлудің оң-солын, артықшылық-кемістігін, жіктеудің қалай жүргені жөн болмағын терең пайымдауға тырысты.

«Туркестанская правда» газеті 1924 жылғы 17 тамызда «Ұлттық-мемлекеттік межелеу» анкета-айдарымен кезекті пікір білдірушілерге мінбер берді. Сонда ТКП Орталық Комитетінің мүшесі ретінде қол қойған Санжар Асфендиаров (Аспандиаров) өз мақаласында: «Ұлттық тұрғыда межелеп-жіктеу – күштілеу халық езгісіне түсіп қалмауы үшін, дамуы кенжелеу халықтың мәдени және экономикалық өркендеу мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей тәртіппен жүргізілуге тиіс», – деген ой айтты. Өмір сүру

салттарының заманға бейімделуі мен шаруашылық-қожалық тірліктерінің өсу дәрежелері әрқилы халықтардың болашақ тағдырына алаңдаушылығын осылай түйіндеп, межелендіру міндеттерін тарихпен байланыстырды. Орта Азия тарихында, ежелгі ғасырлардан бастап жаңа заманға дейін, көшпенділер жер өңдеушілермен күрес жүргізіп келгенін айтты. Содан, «Түркістанды орыстар жаулап алар сәт қарсаңында, екі ұлт қалыптасты: а) Бұхара, Самарқан және Ферғана аймағында біржолата отырықшыланған, мұсылмандық пен парсы мәдениетінің күшті ықпалына түскен өзбектер мен б) бір бөлігі отырықшыланған (Ташкент үйезі), енді бір бөлігі жартылай көшпенді және көшпенді күйі қалған қазақтар». Бұдан бергі мезгілдерде қазақтардың отырықшыға айналу процесі үздіксіз жүріп жатқанын, олар қоныстанған жерлердің неғұрлым мәдениетті, экономикалық қуатты ауданы – Ташкент алқабы екенін дәйектеді. Одан әрі С. Аспандиаров жаппай отырықшы болуға бет алу және ұлттық қалыптасу процесін бастан кешіп келе жатқан қазақтарға арнап мәдени территория беру мәселесінің елді нақты жіктеп-межелендіру кезіндегі аса мұқият атқарылуға тиіс негізгі де жауапты жұмыс екенін еске салды. Бұл территория, ғалым-қайраткердің пікірінше, олардың экономикалық және мәдени тұрғыда өркендейтін орталығы болуға керек. Қазақтардың негізгі бөлігі және неғұрлым отырықшы боп қоныстанған көпшілігі Сырдария облысында тұрады. Сырдария облысындағы Ташкент алқабы (Шыршық пен Ангрен өзендерінің шұрайлы аңғары) – мал-жанымен күллі аймақтың отын жеп, суын ішіп көшіп-қонып жүрген қазақ халқының әрдайым иек артқан экономикалық тартылыс орталығы. Осындай дәйегімен ол өткен замандарда қазақтардың басқа халықтармен (өзбектермен, қалмақтармен және өзгелермен) Ташкентті билеу үшін жанкешті күрес жүргізгенін» түсіндіреді. Сосын, Ташкенттен өзге қазақ үшін маңызды қаланы – «болашақ қазақ мемлекеттігінің ұйытқы-өзегі боларлық, барлық жағдайы бар басқа орталықты табу қиын» болмағын алға тартады. С. Аспандиаров та, С. Қожанов секілді, «жаңа ұлттық республикалардың... болашақ жұмысы ең тығыз бірлікте және қызметтестікте жүруі тиіс, – деп санайды. – Жаңа республикалар... өз шаруашылық жұмыстарында сөз жоқ бірігулері керек. Орта Азия – экономикалық тұрғыда бөлінбейтін тұтастық. Түркістанның 2 млн. халықты құрап отырған қазақ бөлігінің Орта Азияның қалған жағымен экономикалық байланысын бөліп тастау – тиімсіз болып табылады».

Түркесублика экономикалық кеңесінің төрағасы Н.А. Паскуцкий де қазақ халқының тең жартысы мекендеген Орта Азияның біртұтас экономикалық бірлестікте болуы жағында еді. Алайда Орта Азияның қазақ бөлігінің қалған жағымен экономикалық байланысын бөліп тастауды орталық көздейтін. Себебі бұл байланысты үзу – қазақтың ұлттық мүддесі тұрғысынан тиімсіз болғанмен, орталықтың даралап билік жүргізуі үшін әбден тиімді де қолайлы еді. Мұндағы саяси тіршілікке сын көзін қадап отырған М. Шоқайдың түрлі мысалмен дәлелдеп қорытқанындай, большевизм «Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынан өлердей қорқады. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысады». Тұтастықты бұзудың, жалпытүркілік тұтастықты сезіну беретін қуатты әлсіретудің төте жолы – Орта Азиядан алдымен Қазақстанды оның ортаазиялық бөлігімен қоса бір бөліп алу, сөйтіп бауырлас халықтардан қазақтарды ажыратып-алшақтатып жіберу еді.

Межелеу жұмыстарын әзірлеу қарқын алар 1924 жылғы наурызда, Мұхамеджан Тынышбаев Ташкент алқабының тарихына байланысты арнайы тарихи анықтама жазды. «Тарихи анықтама және Ташкент үйезі жергілікті халқының тайпалық құрамы» деп аталған сонау сындарлы зерттеуінде ол Түркістан өлкесінің, оның ішінде Шыршық пен Ангрен өзендері алқаптарының шежіресін Иса пайғамбардың өмірге келуінен әлденеше ғасыр әрідегі көне эпостарда ұшырасатын деректерден бермен қарай жүйелеп тартады. Халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңіне, жаппай сапырылысқан көші-қон мен оның

себептеріне, түркі қағанаттарына, олардан бергі белестерге шолу жасайды. Шыңғыс хан империясының құрылуына байланысты Түркістанда орын алған этносаяси оқиғалар өлкедегі этникалық жағдайды жаңаша қалыптастырып, этникалық араласуларды шапшаңдатқаны белгілі. М. Тынышбаев сол процестерді жүйелеп тарата келе, аймақ пен оның басты қаласының тарихын әңгімелейді.

XIV ғасырдың басында Түркістанда «соңғы этнографиялық төңкеріс» болып, Жошы Ұлысына жататын көшпенді тайпалар, бірқатар қанды қақтығыстар нәтижесінде, Түркістанның отырықшы жұрты мен Жетісудағы Шағатайға тән көшпенділерін жеңеді. Содан «Сырдариядан батысқа қарай өзбектер, шығысқа қарай – қазақтар орнығады. Сонау кезде бұл халықтар арасында этнографиялық айырмашылықтар бола қоймаған, өйткені өзбектер де, қазақтар да Жошы Ұлысының бірдей тайпаларынан құралған-ды, сондай-ақ өзбектер мен қазақтар өздеріне – оң қанатымен Түркістанды, сол қанатымен Жетісуды иемденіп алған халық ретінде қарайтын». Дегенмен қазақ және өзбек хандары өзара жауласуын доғара қоймаған-ды. Өзбек мемлекетін 1500 жылы құрған, «Дешті-Қыпшақ жеріне өзінің ата-бабаларының жері деп қарап, оған қазақтардың орнығып алмауын әрдайым ойынан шығармаған» Мұхаммед Шайбани хан қазақ хандығына қарсы бірнеше жорық жасайды. Әйтсе де, шапқыншылықтарында жекелеген жеңістерге жеткенімен, «қазақ хандығын біржола жеңе алмаған еді». Керісінше, өлкеде қазақ хандарының дәуірлеген кездері болған. «Қазақтар 940-шы жылға (хиджра бойынша) дейінгі уақыт ішінде (1533–1534 жж.) Өзбекстанның басым бөлігіне билік жүргізді».

Шайбани ұрпақтары мен қазақ хандары арасында Ташкент үшін шайқастар XVI ғасыр бойы үздік-создық, толассыз, кезек жеңіспен жалғаса береді. Ақыры, қысқа мерзімде өлкенің Ташкент, Ферғана, Самарқан, Бұхара секілді көрнекті шаһарларын жаулап алған Тәуекел хан заманынан бастап, екі жүз жыл (1598–1798) бойы Ташкент қазақ билігінде болды. Әйгілі «Жеті Жарғы» атты заңдар жиынтығын шығарушы атақты Тәуке хан тұсында бұл өңір едәуір дәурендеді. Ол, Тәуке – «үш орда ханы (Үлкен Орда – Ұлы жүз – ханы да сол) әдетте Ташкент маңында, ал Орта және Кіші Ордалардың (жүздердің) уделдік хандары Түркістан маңында тұратын. Ангрен өзенінің жағасындағы Күлтөбе деген жерде, Тәуке ханның «Ханабад» ордасы жанында, жыл сайын күзде қазақ халқының атақты заң шығарушылары бір-бір жарым айға бас қосатын; сөйтіп осында аса маңызды мемлекеттік және қоғамдық істер шешімін табатын». Сонау XVII ғасырдың соңы, XVIII ғасырдың басында, Тәукехан тұсында, хан ордасы жанында жылына бір мәрте, айлап өтіп тұрған осы құрылтайлар халық жадында – «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген, қанатты сөзге айналған тіркес арқылы сақталып қалды. Ұлттық зерде төріне осынша терең ұялаған Ташкент үйезінің қазақ үлесіне межеленуі тарихи әділ шара болмағына сөз жоқ-ты. Өңірдің қазақ халқының тыныс-тіршілігімен тығыз байланысып жатқандығы ата-баба бейіттерінен де айқын көрінетін. Ташкенттің түбінде Ұлы жүздің аса әйгілі төбе биі болған атақты Төле би кесенесі бой түзеген. Одан үш-төрт көш әрідегі Нұратау жотасында – Кіші жүздің аса әйгілі төбе биі болған атақты Әйтеке би жатыр. Ташкент түбіндегі қасиетті баба мазарының алды басына тәу ете барған қазақтардан үзілмейді. Кезінде Төле бидің көп түйесі қала іргесінен басталатын Қарақамыс деген батпақты алқапта жайылатын. Болашақта ел басқаратын айбынды Абылай хан он алты жасында сол жерде Төле бидің түйесін баққан.

Ташкент үйезінің өткен замандағы қазақ мемлекеттігі тарихында аса зор орын алғандығына мысал ретінде М. Тынышбаев мынандай да ірі саяси оқиға жайында мәлімет келтіреді: «Қазақтардың «Алты-алаш» (алты алаш одағы) атауымен белгілі 6 бөліктен тұратын федерациясы дәл осы Тәуке хан дәуірінде жүзеге асырылғандығын көрсететін оң деректер бар, – деп жазды ол межелеуге орай әзірлеген анықтамасында. – Федерацияны құрайтындар: 1) Басында Төле би тұрған Ұлы жүз, 2) Қазыбек бимен –

Орта жүз, 3) Әйтеке бимен – Кіші жүз, 4) Қырғыздар (кара-киргиз) – Қоқым бимен, 5) Қарақалпақтар – Сасық бимен, 6) Қият, қатаған, үз тобы және басқалар». Бастан кешкен қилы қасіреттерге қарамастан, сол федерация құрамындағы халықтар өлкеде де, үйезде де өзге ел-жұртпен шаруашылық ыңғайына қарай алыс-беріс жасап, сауда-саттық, тауар алмасу ретімен қоян-қолтық араласып, өмір сүріп келе жатқан-ды. Межелеп ірге ажыратуда сондай тіршілік қамының келешегін ойламауға болмайтын еді. Отырықшыларының қатары аз, демек жер өңдеуді емес, негізінен көшпенді және жартылай көшпенді өмір салтымен мал бағуды кәсіп еткен қазақтар үшін оның маңызы ерекше болатын.

«Туркестанская правда» газетінің бетінде Түркеспублика Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы Сүлеймен Есқараев қалыптасқан экономикалық байланыстарға, өлкедегі барша тұрғындарға ортақ өзендер Сыр мен Аму суын пайдалану мәселесіне, күллі елдің қан тамыры іспетті теміржол қатынастарына тоқталады. «Өзбек шаруашылығы, айталық, қазақ шаруашылығымен, немесе керісінше, – қатыспай, дербес, оқшауланып өркендей алмайтынын» айтады. Соған қарамастан, «қазірдің өзінде Орта Азия республикаларынан Кирреспубликаны оқшаулау жөнінде дауыстар көтеріліп жатқандықтан», ондай «онсыз да үлесінен айрылған қазақтардың диқандық және малшаруашылық тірліктерін толығымен күйзелтіп-күйретуге апаратын» әрекеттерге партия жол бермес деген үміт-сенімін білдіреді. «Орта Азия республикаларының экономикалық бірлестігі қажеттігіне» ол, облыс басшысы ретінде, жан-жақты дәйектер келтіреді. «Мұнсыз Орта Азияның экономикалық дамуы шабандайды, – дейді. – Біздің пікірімізді басқа ұлттық (Закавказье, Оңтүстік-Шығыс) республикаларының құрылу-жұмыс істеу тәжірибесі мейлінше айқынырақ растайды». Мақаласында, С. Есқараев та «тарихи қалыптасқан экономикалық тұтастық болып табылатын Сырдария облысы – қазақ мемлекеттігінің кіндігі болуға тиіс» деп тұжырымдайды.

Қазақтардың жаппай иек артып көз тігетін, тұрмыс-тіршілігінде икемделіп тартылатын орталығы мәселесіне «Туркестанская правда» анкетасына орай жазған өз мақаласында – экономиканы «қалпына келтіру кезеңінде Ташкентте шығып тұрған» және С. Қожановтың «идеялық ықпалында болған» «Ақ жол» газетінің жауапты редакторы Иса Тоқтыбаев та тоқталады. Ол: «Қазіргі Кирреспублика құрамында қазақ халқы тұратын ірі елді мекендер жоқ екенін ұмытуға болмайды», – деп, мақаласын сол ойын дәйектейтін деректермен өрнектейді. Сосын: «...Бұл цифрлар қазақ орталығы қайда ауыстырылуға тиістігін айқын көрсетеді, – деп түйеді. – Қазақ еңбекшілерінің бүтін-сау мәйек-өзегін құруға тек Сырдария мен Жетісу облыстары ғана үлкен мүмкіндік береді». Бұл сөздерді автордың үлкен сеніммен жазғанына, ұлттарға революция азаттық әперді, енді, компартияның басшылығымен оның дамуына жағдай жасайды деп иланғандықтан айтып отырғанына күмән жоқ.

Осы орайда, большевизмнің мұрагер-тарихшыларының, қайта құру саясаты дәуірлеген заманның өзінде, ақиқаттан алшақ, бұрмалаулы жалаларын жандандырумен шұғылданғанын өкінішпен еске ала кетуге тура келеді. Олар интернационализм жалауымен бүркемеленген көне ұлыдержавалық пайыммен былай жазғырады: «Ақ жол» газеті, ұлтаралық шиеленісті ұлғайтуға шағыстырып айдап сала отырып, өзінің 1924 жылғы 24 қазандағы басмақаласында: «Қазақ республикасы өзінің төрт жылдық өмірінде шын мәніндегі қазақ мемлекеті бола алмады. Тұрғындардың көпшілігі – орыс отаршылдары. Орталығы – орыс туын тіккен Орынбор қаласы», – деп жазды. Газеттің бұл ойдан шығарылған жорамалдары Қожанов... көтерген идеялардың жаңғырығы болып табылады». Бұл сөздер – КОКП-ның қайта құру саясаты жарияланғанына екі жыл толғанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының ғалымдары В.К. Григорьев, Н.Р. Джағфаров, В.П. Осипов жазған



еңбектен.

Өтірікті шындай етіп, қолдан дұшпан бейнесін жасап қалыптастыруда алдарына жан салмаған партия-кеңес тарихшылары сол мақсаттары жолында – болған оқиғаларды да, тарихи құжаттарды да не бұрмалай салуға, не мүлдем елемеуге әбден машықтанған-ды. Жоғарыда келтірілген үзінді – соның бір мысалы. Олар «Қожанов көтерген идеялардың жаңғырығын» «әшкерелеуде» әдейілеп ескерусіз қалдырған бір құжат бар. Ол мынау. РК(б)П Қазақ обкомының 1924 жылғы қыркүйек пленумы «Ақ жолдағы» аталған бас мақала жарық көрерден бір ай бұрын былай деп қаулы алған еді: «Біріккен ҚАКСР-дің орталығы – өзінің географиялық орналасуымен және шылғи орыс тұрғындары ортасында тұрғандығымен қазақ астанасына сәйкес келмейтіндіктен, бұдан әрі де Орынбор қаласында қала беруі мүлдем мүмкін емес деп есептелсін». Демек, «Ақ жолдың» басмақаласы партиялық шешімді ғана қайталап айтып, ұлттық мемлекеттіліктің талаптары тұрғысында оқырмандарға түсіндірме жасаған. Тағы аз уақыт өткенде бұл мәселе 1925 жылғы сәуірде Ақмешітте өткен Бесінші Кеңестер съезіндегі үкімет баяндамасында да: «Орынбор қаласы... Киргизияның (Қазақияның) тек солтүстік-батыс бөлігінің және оның түгелге жуық орыстар қоныстанған бөлігінің... орталығы ретінде, өзінің қазақ астанасы етіп тағайындалған мақсатына жауап бермеді», – деп атап көрсетілген-ді. Алайда ондаған жылдарғы тоталитаризм қамыты сомдаған құлдық сана жариялылық, қайта құру дәуірінің өзінде ой азаттығын бірден қабылдай қоймаған: партия тарихшыларына күрделі шындықты әділ талдаудан гөрі, «партияның сара жолына» залал жасаған «ұлтшылдардың дұшпандығын» қолдан қиыстырып «әшкерелеу» әлі де маңызды болып қала берген...

Ташкенттегі «Туркестанская правда» анкетасына» Орынбордан Қазатком төрағасы Сейтқали Мендешев те қатысты. Ол мақаласында межеленіп-бөлініп жатқан аймақтардың қазақ мемлекеттігі үшін маңызын, сондай-ақ Орта Азиядағы жаңа республикалармен экономикалық байланыстарды тиісінше келіссөздер жүргізіп, тікелей келісімдер жасап дамытуға болатынын абаймен айтты. Сосын: «Біз Қазақияның орталығы, басқа қаланы осы мақсатқа ыңғайлап алғанға дейін, Өзбекстанға өтіп бара жатқан Ташкентте уақытша болуы мәселесін көтердік», – деп бір сырдың ұшығын шығарады. Межелену мәселесін алдын ала қараған РК(б)П ОК Саяси Бюросының 1924 жылғы 12 маусымдағы шешіміне көнбей өрбіген түркістандық дау-дамайларда таразы басы қайда ауып бара жатқандығын шамалағандықтан да, олосындай сақ сөздер айтқан тәрізді. Әйткенмен оның да – С.Қожановтың РК(б)П ОК Орта Азия Бюросының ұлттық-аумақтық межелеу жөніндегі Территориялық комиссиясында қолқасын суыра айтқан: «Егер сіздер басқа ұлттардың да шамалап та болса жағдайластырылуы туралы жандарыңыз ашыңқырап ойлайтын болсаңыздар, онда Ташкент Киргиз (Қазақ) республикасының орталығы болуға тиіс», – дегеніне сабақтастығы хақ.

Түркеспублика совнаркомы төрағасының орынбасары Абылай Серғазиев «Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы және Орта Азияны ұлттық межелеу» деген мақаласында өлкедегі межелеп-ажыратуға болмайтын экономикалық байланыстарды мол цифрлы мәліметтер келтіру арқылы суреттеп дәйектейді. Ең қажет шара ретінде: «...табиғи-одақтас осы республикалардың федерациялануының негізгі ережелерін дайындау керек», – деген пікір қорытады.

РК(б)П ОК ОАБ құрған Межелену жөніндегі территориялық комиссия мен оның секцияларында, ұлттық дайындық комиссияларында бірнеше ай орын алған қызу саяси айтыстар мен пікірталастар ауқымын осы мақалаларда тұжырымдалған позициялар айқын аңғартады. Мәселені төте де өткір қойып, көтерген ойын табандылықпен дәлелдеуден тартынбауы салдарынан – әсіре коммунистер мен жаңа тұрпатты отаршылдар жапсырған саяси айырым-белгіден әлі толық тазартылып болмаған басты

күрескер Сұлтанбек Қожановтың көзқарасын, бұдан ілгеріде атап айтқанымыздай, Р.Раджапова жап-жақсы талдаған. Ол Қожановтың Түркатком төрағасының орынбасары ретінде «Түркістан» газетіне 1924 жылғы 18 тамызда жариялаған «Орта Азияны ұлттық республикаларға жіктеп-бөлу туралы әңгіме» атты мақаласын арнайы қарастырады. «Туркестанская правда» газетінің анкетасына орай берген мақаласынан үш күн өткен соң «Түркістанда» шыққан С.Қожановтың бұл жарияланымына зерттеуші мынандай түсіндірме жасайды: «Ол Орта Азия мен Қазақстан қазақтарының мәселесі шешілмегендігіне назар аударды. Қазақ аудандарын Қазақ республикасына қосу жөніндегі Карклиннің ұсынысын қолдап, С.Қожанов, бірақ, осы республиканың саяси, құқықтық, экономикалық, мәдени жағдайын айқындауды маңыздырақ деп есептеді. Құрылып жатқан республикалардың келешек жолдарын айқындау орайында, бұлардың алдымен экономикалық бірлестік, содан соң Федерация құру негізінде тұтастанып-бірігуіне ол ерекше рөл бөліп маңыз беруін қоймай жалғастыра берді. Осы біріктіру процестері, оның ойынша, ұлттық-аумақтық бөлініс мәнін төмендете алмайтын, оның үстіне, олар жаңа құрылған республикалар тарихында оң рөл атқаруға тиіс-тін: себебі болашақта бұлар толық құқықты мүшелері болып, кеңес республикалары Одағына енеді. Сөйтіп Кеңестердің ұлт саясатының пәрменді, практикалық сипатын куәландыратын болады». Мұндай пайым, жоғарыдағы ой-пікірлерін шолудан байқалатындай, С.Қожановтың үзеңгілестерінің баршасына тән еді. Осылай, большевизм Орта Азияны ұлттық белгілері бойынша жіктеп, ғасырлар бойы араласып отырған халықтарды бір-бірінен оқшаулау саясатын жүргізгенде, қазақ қайраткерлері ұлттық шаңырақ түтінін бір-бірінен оқшауланбай, өзара қарым-қатынасты өрбіте отырып түтету жайындағы көзқарастарында кемел ортақтық таныта білді.

Осы жерде түркі халықтарының тұтастығын күйттеуші ұлы азамат, «өзі ішінде жүріп білім алған орыс өмірін тамаша түсінетін, сай-сүйегіне шейін Түркістандық, сонымен бірге аса жоғары білімдар Еуропалық» ретінде батыс демократиясына, орыс эмиграциясына танымал болған М.Шоқайдың мына пікірін еске алу жөн: «Түркістандағы ұлттық коммунистердің ұлттық сапқа өтуіне біздің насихатымыздың ықпалы шамалы болғанын мойындаймыз. Оларды ұлттық сапқа тұрғызған – Кеңес үкіметінің сатқындық саясаты. Олар Лениннің төңкерісшіл... кезіндегі «ұлттардың өз тағдырын өзі белгілеуі» туралы айтқандарына кейінгілердің түкіргенін, кеңестік үкімет орыстардың орыс емес халықтарға үстемдігін қамтамасыз етуге қызмет етіп отырғанын көрген соң оянып, ұлттық сапқа өткендер». Өз тарапымыздан бұл пікірге қосарымыз: дегенмен, ұлт коммунистерін ұлт мүддесі үшін, ұлттық мемлекеттілік үшін белсенді күреске қосқан қисын ретінде – олардың жүректеріне терең ұялаған Алаштың елдік идеясы сол шақтағы билеуші партияның қарарларында ұлт мәселесіне орай тұжырымдалған әдемі де әділ ұрандарға үйлесе кеткендіктен де, межелеудің жариялы мақсатына құлай сенгендіктерін атау жөн. Ал сенген өкіметінің жасаған «сатқындық саясаты» – тамыры тереңде жатқан озбыр отаршылдық пен орыс шовинизмі – оларды белсенді әрекет майданынан шеттетті. Дұрысында, ұлттық мемлекеттік құрылым құруды көздеген ұлт коммунистері біртіндеп кеңес платформасындағы белсенді күрес майданынан ығыстырылды. Ал М.Шоқайдың «ұлттық сапқа өткендер» дейтін анықтамасына біз зерттеп отырған кезеңде – кеңестік арамза іс-дағдыдан безініп, 20-шы жылдары «басмашылық» атанған көтерілісшілер қозғалысы жағына шығып кеткендер мен соларға іштей тілектестікпен, астыртын байланыс жасағандарды қосар едік. Оның ішінде – Шоқайдың өзі оқыған, «Түркістандағы большевиктік билікке тән шовинистік, отаршылдық сипаттарды жасырып, ақтап қызмет көрсетіп келе жатқан... Дмитрий Фурмановтың Жетісудағы большевик ұйымдары мен Кеңес үкіметі хақында жазған «Мятеж» («Бүліншілік») романындағы» Түркмайдан өкілі Фурманов пен оның Айрықша

бөлімдегі особист серіктері тарапынан кудалауға ұшыраған, ақыры кеңестен күдерін үзіп, басмашылар жағына шыққан Төрекұл Жанұзақов, Бұхарада азаттық қозғалысын ұйымдастыруды қолға алған Зәки Валидовке Орынбордағы ұлт зиялылары тапсырмасына орай байланысқа барған, аталған екеуімен бірнеше ай қызметтес болған Дінше Әділов секілді ұлттық қайраткерлер бар.

Территориялық комиссияның қызу пікірсайыс жағдайында өткен пленумынан кейін, 1924 жылғы 20 тамызда, большевиктік орталықтың Түркістандағы оң көздерінің бірі, РК(б)П ОК Орта Азия Бюросының мүшесі И.М. Варейкис Ташкент қалалық партия жиналысында Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы ретінде баяндама жасап: «Кирреспублика жаңаша рәсімделеді, – деп хабарлады, – оған Жетісу, Сырдариядан бірқатар аумақ, Амударияның белгілі бір бөлігі, басқа да жерлер кіреді. Осының бәрі Орынборда өз резиденциясы бар ұлы Кирреспубликаға бөлініп кетеді». Сосын баяндамасының «Кирреспублика туралы» деген тараушасында ол «экономикалық бірлестікпен қамтылатын мемлекеттік единицалар ауқымы жайындағы мәселеге» және сол мәселелерді тиянақтауда көрініс тапқан ой-пікір алауыздықтарына тоқталды. «Сібірмен де, Жетісу облысымен де көрші өмір сүретін Кирреспублика да экономикалық бірлестікке кіруге тиіс деген пікірді жақтайтындар бар. Сонымен бірге Кирреспубликаны Орта Азиямен тіпті де біріктірмеген жөн деген кері пікір жағындағылар да бар, – деді баяндамашы бұл орайда. – Менімше, бұл мәселенің шешілуін біраз уақыт кейінге қалдыру керек. Себебі, біріншіден, әлі күнгі қазақ экономикасының негізгі тартылыс орталығы қайда екенін Кирреспубликаның өзі жеткілікті дәрежеде айқын білмейді. Екіншіден, Кирреспублика алып территория, бір бөлігі Амударияға тіреледі, Жетісуға кетеді, ал екінші бөлігі Алтай мен Томскіге және тіпті Самараға да жетіп қалады. Сіздер түсінемісіздер, осындай орасан зор территориямен экономикалық бірлестікке бару – аса ұқыпты түрде алды-артынды ойлап, сақтықпен қарауды талап етеді... Сондықтан экономикалық бірлестік алғашқы шақта Өзбек, Түрікмен республикаларын және... – қырғыз бен тәжік автономиялық облыстарын қамтиды».

Орта Азия республикаларының экономикалық бірлестігін Қазақстанды қатыстырмай ұйыстыруға ұйғарған большевиктік шешімді И. Варейкис осылай аян етті. Одан әрі ол баяндамасының «Орта Азия Федерациясы бола ма?» деген тараушасында өлкеде федеративтік құрылым жасаудың «пісіп-жетілмеген ниет» екенін «дәлелдеді»: «Егер біз федерацияны бүгін құруға болады десек, бұл – мәселені түк те түсінбегендік болып шығар еді. Федерацияны бүгін құруға болмайды, өйткені федерация – жекелеген мемлекеттер одағы. Ал ондай мемлекеттер жоқ кезде, біз федерацияны қалай жасамақпыз? Әуелі сол мемлекеттерді құру керек – міне біз соларды құрып жатырмыз. Жаңа республикалар өз дамуында белгілі-бір тарихи кезенді өткерсін, содан соң олардың өздері-ақ федерация жасау қажеттігіне сөз жоқ келеді. Сол кезде біздің партия, еңбекші бұқараның ерік-жігеріне сүйене отырып, осы идеяны өмірге енгізуге аялдамастан кіріседі». Большевиктер іс-дағдысында, орайы келгенде, қысылмай қолдана беретін қос стандарттың әдеттегі көрінісі осы сөздерден де байқалады: қазан төңкерісі жариялаған Ресей Республикасында – бұрынғы империя аумағында – бірде-бір «мемлекет» болмағанын, жоқ «мемлекеттердің» құрылуына кеңес өкіметі жариялаған халықтар құқтары декларациясы ерік бергенін, сөйтіп барып республиканың федеративтік сипатқа көшкенін орталық билік эмиссары «ұмыт» қалдырды. Түтін түтетіп тұрған Түркістан, Бұхар және Хорезм Республикаларын Орта Азия Федерациясына негіз етіп, Федерация ішінде, экономикалық байланыстарды бұзбай, ұлттық республикаларға межеленудің ұтымды болуы ықтималдығын ол ауызға да алмайды. Және әрине, бұл республикалардың іс жүзінде бар екендігін, яғни үш республиканың үш «жекелеген

мемлекет» екендігін жоққа шығарып, «федерация – жекелеген мемлекеттер одағы. Ал ондай мемлекеттер жоқ кезде, біз федерацияны қалай жасамақпыз?» – деп аузын құр шөппен сүртеді. «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деп халық бекер айтпаған, Мәскеу сенетін қайраткер сөйлегенде, ұлттық отау тігу мүмкіндігі көздерін қарықтырған көпшілік оның сөзіне мүлги ұйыды. «Тек төркіні белгісіз және халқымыздың желкесіне қалай мініп алғанын да бір құдайдан басқа ешкім білмейтін Варейкис деген біреу ол кезде «Орта Азия партия комитетінде федерация идеясының тым күшті және үстем ағымға айналғанын» мойындаған еді, – деп жазды М. Шоқай Еуропада шығарып тұрған «Яш Түркістан» журналында 1931 жылы. – «Кейбір сәттерде және кейбір уақыттарда саяси мәселелер мен ұғымдардың алға шығуы, экономикалық мәселелерді екінші, тіпті үшінші дәрежелі мәселелер қатарына ығыстыруы әбден мүмкін» деп сәуегейсіген әлгі Варейкис деген көлденең көк атты Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеудің белгілі бір саяси мақсаттарды көздеу нәтижесінде болғанын мойындайды». Түркістан тұтастығының бірегей намыс жыртушысы эмигрант Шоқаев өзінің талдауларында – большевиктердің астарлы, жәдігөй саясатын іске асыру мақсатымен, әдетте бастарына құдайдай көтеретін Карл Маркс ілімінің өзін аяқ-асты етіп жүре беретін екіжүзділіктеріне нұсқады: «Осы бір жауапты қызметтегі кеңес әкімінің мойындауларын біз ешқашан есімізден шығармауымыз керек. Бұл мойындау – большевиктер Түркістанда өздерінің саяси мақсаттарын жүзеге асыру үшін Маркстің: «Әрбір саяси және әлеуметтік мәселелер экономикалық негізге құрылуы тиіс» деген теориялық тұжырымын ілікке алмай отырғанын көрсетеді. Демек, большевиктер Түркістанда біржола орнығып қалу үшін марксизмнің аяғын аспаннан келтірді».

Ташкент қаласы коммунистері алдында негізгі тұжырымдарын бір сынақтан өткізіп алған И.М. Варейкис араға айға жуық уақыт салып, 1924 жылғы 14 қыркүйекте, Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті, ТКП Орталық Бақылау Комитеті және ТКП Тексеру комиссиясының біріккен пленумында – Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік жіктеу туралы баяндама жасады. Баяндамада Территориялық комиссия жүргізген қызу пікірталастарға толы жұмыстар қорытындыланды. Оның алға тартқан тұжырымдарын пленум мүшелері түсінушілікпен қабылдады. Мұнда РКП Орталық Комитеті атынан содан бірнеше күн бұрын үлкен мақала жариялап, қоғамдық пікірді алдын-ала қалыптастырған Средазбюро төрағасы И.А. Зеленскийдің де едәуір үлесі болды. «Туркестанская правда» газетіндегі «Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелерге бөлу» деген мақаласында Исаак Зеленский ұлттар құрамы жөніндегі статистика деректерін мол пайдаланып, әр ұлттық-мемлекеттік құрылымға жеке-жеке тоқталды. Сонан соң «Орта Азияның Кирреспубликамен экономикалық бірлестік құруына – ерте» деген тақырыпшамен айқайлатып, өлкедегі түркі халықтарының туыс-қазақтардан іргесін ажыратуы керектігін «дәйектеді».

Ол, әрине, түркі халықтарының бірігуіне құлықсыз мәскеулік пікір-тің. Бірақ оның өрісі тар ұлтшылдық сезім құшағындағы шолақ белсенділерге жаға кеткені анық. Ондайлар өлке тұрғындарын шын өркендеуге апаратын шартты – Түркістанның тұтастығын ойламады. Көзбояушылық «дамуға», іс жүзінде жаңаша отарлануға қызмет ететін, алдын болжай алмайтын ұсақ ұлыс күйбеңін күйттеген, тәттілігі алдамшы пайымға малданды. Сол себепті, сырттан келіп төрелік айтқан И. Зеленскийдің мақаласындағы мына тұжырымдар іс басындағы, дара ұлттық отау тігуге құлшынулы көпшілікке оғаш көрінбеді: «Бізде Қазақ облыстарында Орта Азия республикалары үшін мал дайындалатыны жайындағы мәліметтер жоқ. Сол цифрлар елеулі бола қояр-ау деп болжау да қиын. Орта Азия республикаларының астық балансында Жетісу облысынан келетін астық мардымсыз рөл атқаратын... қазақ облыстарынан тасылатын малшаруашылық шикізаты – Орта Азиядан барлық шығарылатын шикізаттың 23%-ы.

...Қазақ Республикасының тағы бірнеше экономикалық тартылу аймағы бар. Ташкенттен немесе Түркістаннан Қазақияның Сібірге, Приуральеге шектес шалғай аудандарымен экономикалық өміріне басшылық жасауды қазіргі қатынас жолдары кезінде ұйымдастыру – үмітсіз іс. Қазақияны Орта Азия республикаларымен экономикалық тұрғыда біріктіру беретін даулы-дүдәмал болашақ пайда көзі делінетін аспандағы алтын құс тәрізді тырнадан гөрі, қазіргі сәтте Орта Азиядағы ұлттық өсек-аянды доғарудың қолдағы сарышымшығын артық көру қажет». Большевизм лидерлерінің бірі Зеленскийдің «көктегі тырна мен қолдағы шымшық» орайында ұсынған қарабайыр да қатерлі бұл таңдауын оның средазбюролық үзеңгілестері де табыспен жүзеге асыру үстінде-тін. Ташкент қалалық партия активі алдында, мәселен, «айлагер Варейкис: «Қазіргі күнде Орта Азия федерациясын құру мәселесі тек көзқарастарға ғана емес, сонымен қатар қаржыға да қатысты болып отыр», – деп мәймөңкелетті. Сөйтіп, М.Шоқай кесіп көрсеткендей: «Бүкіл жәмиғаттың, экономикалық жағдайдың, тіпті Маркстың экономикалық теорияларының талаптарына қарсы шыға отырып, қызыл орыс империалистері ұлы Түркістанның ұлттық болмысын бөлшектеді». И.Зеленский жоғарыда аталған мақаласында Ташкент мәселесін құрдымға кетірудің де ұтымды тәсілін ортаға салды. Онда ол: «Ташкентке ең кемі үш ұлт республикасы (Өзбек, Қазақ, Қырғыз) таласады», – деген сөздермен, тағы бір жалғандықты алға шығарады. Сосын әділет жағынан пайымдағансып, астана – шаруашылық және мәдени өмір ортасында тұруға керек деген дұрыс ойды – Ташкентті айнала қоршаған қазақ қоныстарына қатыстырмай, жалаң безеп, өзбек пайдасына бұрып сөйлейді.

Шамалы шегініс жасайық. Түркістандағы «ұзаққа созылған түркі және иран тайпаларының аралас-құралас өмір сүру процесі «сарт»ұлысын дүниеге әкелді, ол тұрпаты мен салты жағынан ирандықтарға көбірек тақалған, тілі бойынша – түркілерге жақын-тын». Иран тайпаларының отырықшы өмір салтын қабыл алып, жалғастырған сарттар бейбіт тіршілікке бейім болып, жер өңдеушілер мекендерін көбейтті. Қала халқы сарттардан, қышпақтар – уақыт өте келе отырықшы бола бастаған өзбектерден құралды: «осы жағдай қазірге дейін сақталып отыр, – деп жазды М.Тынышбаев. – Өзбекті сарттан оңай ажыратуға болады: «Сен кімсің?» – деген сауалға өзбек міндетті түрде шыққан тайпасын... атап жауап қатады, ал сарт туған қаласын атайды: қалалықтарда тайпалар жоқ». Түркістанда ХХ ғасыр басында 960 мың сарт, 720 мың өзбек тұрған-ды. Алайда большевиктік статистика есеп-қисаптан сарт деген ұлысты жойып, бәрін өзбек етіп жазды. Сондағы, межелеу кезіндегі Ташкент үйезінің ұлттық құрамына көз алсақ, Ташкент қаласында тұратындарды қоса санағанда, Ташкент үйезіндегі өзбектер (сарттар жеке есепте жоқ, олар өздерімен тілі және тұрмыс салты ұқсас өзбектерге біріктірілген) 1924 жылы барлық тұрғындардың 45,7%-ын құраған, ал қазақтар – 25,8%. Бұл көрсеткіштер, Ташкентті қоспай есептегенде, былай өзгереді: үйездің тек қаладан, теміржол поселкелерінен тысқары жерлерінде өмір сүріп жатқан өзбек барлық ауыл, село, қышпақ тұрғындарының 32,7%-ы болса, қазақ – 42,0%.

Ал егер қазақтардың үлестік салмағын жоғарыда келтірілген «Алтыалаш» – Тәуке хан тұсында осы Ташкент өңірінде ұйысқан тілі, өмір салты жақын тайпалар одағы тұрғысынан қарар болсақ, онда қазақтар құрама, қарақалпақ, қырғыздармен бірге, ташкенттіктерді қосқанда – үйездегі халықтың 36,4%-ын, ауылдық жерлерде – 59,6%-ын құрайды. Бұл – революцияның алғашқы жылдарындағы большевиктік «аштық саясатының» (М. Шоқай) салдарынан ауылдардың талайының қаңырап босап қалғанынан кейінгі көрініс. Соның өзінде қазақтар және олармен тағдырлас «Алтыалаш» одағының мүшелері – қырғыз, қарақалпақ, құрамалар үйезде тұратын өзге жұрттан басым, әр жүз кісінің алпыс шақтысы еді. Өзге жұрт өкілдері (орыс, тәжік, басқалар) Ташкентпен қоса қарағанда – барлық үйез халқының 17,9%-ы болады, ал тек ауыл-селода

тұратындарын есептесек – 7,7%. Сонымен, тарихи әділеттілік тұрғысынан, Ташкент қаласы мен үйезі ұлттық дамудың қай жағынан да мұқтаж қазақтар пайдасына межеленуге тиіс болатын. Ал өзбектердің ұлттық мемлекеттік құрылысын ұйыстыруға әзір, қалың өзбек ортасында жатқан қалалары (Самарқан, Бұхара, Қоқан, Ферғана) жеткілікті-ді.

«Ташкент үйезін Өзбекстанға, яки Қазақстанға қосу мәселесін буржуазиялық ұлтшылдар құрама тобының ұлттық тиістілігін айқындаумен байланыстырды, – деп жазды 1957 жылы кеңестік зерттеуші А. Нүсіпбеков. – Олардың құраманы этникалық тұрғыда тек қазақтармен байланысты, өзбектермен байланысты емес деп дәлелдеуге әрекеттер жасауы түк негізсіз және зиянды болатын». Ал ол меңзеп отырған «буржуазиялық ұлтшылдардың» бірі М. Тынышбаев «қазақтар мен өзбектер ішінде үйсін, қаңлы, жалайыр, арғын, керей, қыпшақ, қоңырат, найман, алшын және т.б. (қазақтікі); үш, қырық, мың, кенегес, барлас, дүрмен, барин, қатаған (өзбектікі) деген жекелеген тайпалар бар; ал қазақ қыпшақтарының, наймандарының, қоңыраттарының, жалайырларының шашыранды-сынық-бөліктері өзбектерде де, өзбектердің шашыранды-сынық-бөліктері қазақтар арасында да бар» екенін айтқан. Сосын, «түк негізсіз және зиянды» дәлелдерін былай жалғастырған-ды: «Құрама» атымен белгілі ұлыстар тобының шыққан тегі мен құрамы жөніндегі мәселеге көше келе, тарихта тек: екі туысқан халық – өзбектер мен қазақтар аталатынын, ал «құрама» деген жеке халық еш жерде еске алынбайтынын айту керек... «Құрама» деген сөз орысшаға аударғанда – жамау, жиынтық, қоспа және т.с.с. мағынаны білдіреді... Егер «құраманың» құрамдас бөліктерін алып қарасақ, оның шынында да әр тайпа, әр ру, тіпті әр атадан тұратынын... үш жүздің «жиынтығы» және миниатюрадағы қазақ халқы екенін көреміз. ...Әлдеқашан отырықшыға айналған, мәселен, Самарқан яки Ферғана облыстарындағы өзбек (әсіресе сарт пен тәжік те), өзін ешқашан «құрама» деп атамайды, қазақ екенін мойындаса жерден айрылып қалудан қорқатындықтан (ескі жер үлесі алым-салығы санақтары мен переселен ұйымдары жұмыстарында солай болды да), «құрама» атауын ресми қабыл алған отырықшы халық тіркеушілер алдында өзін қазақпын деп атамайды, әдетте керісінше айтады, сондықтан қазақ пен құрама арасында толқып тұрғандарды қазақ деп, құрама мен өзбек арасындағы толқушыларды өзбекке санаған жөн».

Тарихи сүйенішін өстіп дәйектеп, М. Тынышбаев Ташкент үйезі статистикасынан өте тағлымды деректер келтіреді. Үйез халқының қазағы 1911 жылғы Сырдария облысын шолу мәліметі бойынша – 50,7%, 1917 жылғы ауылшаруашылық санағы бойынша – 48,5%, 1920 жылғы бүкілресейлік санақ материалдары бойынша – 44,3%. Межелену тұсындағы үйез халқының қаладан бөлек құрамы (табиғи өсім мен көші-қонды қоса есептегенде): қазақ – 49,1%, құрама – 15,0%, өзбек – 30,3%. Қазақ пен «қазақ халқының кішігірім қорытпа миниатюрасы» іспетті құрама екеуінің үйездегі үлесі, демек, – 64,1%.

Бұл қисындарды «зиянды», «негізсіз» деу – еріксіздіктен, мәжбүр болған саясатшылдықтан шыққаны күмән тудырмайды. Ал «зиян» мен «негізсіз» сөз, шынтуайтқа келгенде, И. Зеленскийдің Ташкентке ең кемі үш ұлт республикасы таласатындығы туралы жоғарыда келтірілген, «Мәскеу қызыл империалистерінің «бөлшекте де билей бер» деген ұраны» ойдан шығартқан өтірігі еді. Ол кезде іс жүзінде Қазақ Республикасы ғана бар, Өзбек Республикасы енді жасалмақ, ал Қырғыз – автономиялық облыс ретінде ғана рәсімделу алдында-тын.

Межелену жұмыстарының қорытындысы қызу айтыс-тартыспен өріле отырып шығарылды. Және оны әділ болды деп айту қиын. Пікір таластырушылардың өзіншілдігі, әділетке жығылмауы, ортақ мүдде жолы емес, өрісі тар ұлтшылдық соқпаққа түсуі, айналып келгенде, өз еріктерімен-ақ, байырғы «бөлшектеп билеушілер» жеміне айналмағы көзге ұрды. Осы ретте – РК(б)П ОК ОАБ Теркомындағы талқылаулар кезінде

орын алған пікірсайыстардың тәжік зерттеушісі Н. Табаров жұмысында келтірген мына бір парасы танымды да тағлымды...Терком төрағасы, Средазбюро төрағасының орынбасары О. Карклин межелеу мәселесін талқылаған екінші отырысты ашып тұрып, «Түрікмен және Өзбек республикаларын құру мәселесінің неғұрлым анық та айқын» екенін, ал «Қазақ және Хорезм республикалары жайында әлі де пікірталасты жалғастыруға тура келетінін» айтты. Алайда нақты пікірсайыс ауқымы төраға сызып беруге тырысқан шеңберден тез-ақ асып кетті. Түркеспублика ХКК төрағасы Рустам Исламов түрікмендермен шекара жөнінде келісе алатындарын, мәселенің онда емес, «қазақ жолдастардың жобасындағы алауыздықта» тұрғанын тілге тиек етті. «Біз – өзбектер мен түркімендер – тәуелсіз республикаларымызды құру туралы айтудамыз, – деді ол одан әрі, – ал қазақ подкомиссиясы қазіргі республикаларға қосылып федерация құруды айтады, бұл, әрине, ағарту, сот ісі, т.с.с. салаларға кең өріс ашқаннан өзге ештеңе бермейді. Бірақ ұлттық мүддені қорғау негізіндегі дау-дамайдан біз арылмаймыз, олар қала беретін болады. Міне сондықтан да біз былай ойлаймыз: өзбек тұрғындары басым тәуелсіз Өзбек республикасын, түрікмен тұрғындары басым тәуелсіз Түрікмен республикасын құру жобасына тоқтау керек...»

ТүркОАК төрағасының орынбасары, Средазбюро мүшесі Сұлтанбек Қожанов оның пікірімен, және, жалпы алғанда – барша тар да саяз ұлттық шеңбермен шектелген ұсақ ұлтшылдық көзқараспен келіспейтінін былай мәлімдеді: «Мұнда тек қазақ, яки өзбек көзқарасы емес, – кеңестік, мемлекеттік көзқарас болуға керек... Сөз – не мына, не ана ұлттың тоғышарлық игілікке бөленуі жайында емес, – мемлекеттік тұрғыдан қойылуға тиіс. Жолдастар мынаны түсіну керек: бізге бірден жік айырудың ыңғайы келмейді, бұл істегі дау-дамай әлі талай мәрте өрт боп тұтанады. Бұл өте өткір мәселе, мұнда суайттық алдап соғу тәсіліне баруға болмайды... Мен тағы да мына ойды баса айтқым келеді: біз қаншама арамызды жарып межеленсек те, Орта Азиядағы экономикалық бірліктен ат-тонымызды ала қашып кете алмаймыз. Тәуелсіздік – жақсы нәрсе, бірақ ол басқалар үшін де аңсаулы болуға тиіс, әсіресе іс жүзінде тәуелсіз еместерге; ал іс жүзінде тәуелсіздер үшін, билеп отырғандар үшін – тәуелділік дегеніңіз қаңқ еткен бос дыбыс. Егер біз ұлттық межелеу мен әр ұлттың мүддесі жайлы айтып отырған болсақ, онда бұл тәуелсіздіктің – экономикалық жағынан онсыз да тәуелсіз өзбектерге қымбат екенін ғана айтпауымыз керек, оның экономикалық тұрғыда өзгелерге тәуелді республикаларға да қымбаттығын ойлауға тиіспіз... Егер өзбек тезісі тек өзбектер, түрікмен тезісі тек түрікмендер туралы ғана сөйлейтін болса, онда бұл кеңестік көзқарас емес».

Өзімсінген ой-өріспен ғана шектелетін ұлтшылдықты С. Қожанов осылай, – сонау тізгіндеулі де басқарулы, бағдарланған ұлтшылдықты тұтандырушының өзін, яғни түркі ұлыстарының жеке-жеке тайпашылдық сезімін астыртын қытықтау арқылы, өз уысында ойнататын ұлтшылдықты туғызып отырған кеңес өкіметін арқа тұта отырып мінеді. «Біз түрікмендер мен өзбектерден гөрі кеңпейілдірекпіз, – деп сабақтады ол сыншыл сөзін. – Кеңпейілдігіміздің нақты көрінісі сол, Ферғана облысында бес қазақ болысын, Маргеланда – екі, Қоқанда – екі, Наманганда – екі қазақ болысын қалдырып отырмыз. Біз ұлттық азшылықтың болуын жоққа шығармаймыз. Оның үстіне, Әмудария облысын Хорезм облысына қосу қажеттігін айтудамыз... Мына қала – менікі, ана арық та – менікі, ал сен табыныңды әйтеуір бір жерде жайып баға бер дейтін көзқараспен келісуге болмайды ғой...»

С. Қожанов Ортаазиялық Федерация құруды ғана болашағы бар іс деді. Алайда Түркатком төрағасының орынбасары Абдулло Рахимбаев оның ұсынысына түбегейлі қарсы шықты: «Өзбек және Түрікмен тәуелсіз республикаларын ұйымдастыру – ...Орта Азия ұлыстарын дамытудағы алға басқан бір қадам. Ал федерация құру, бұл – түркістандық өсекті күллі Орта Азияға сонау Сібірге дейін жаю деген сөз».

Төрағалық етуші О. Карклин дауысқа екі ұсынысты қойды: «Бірінші – өмір сүріп тұрған Орта Азия республикалары – Түркесублика, Бұхара және Хорезм республикалары масштабнда федерациясыз межелеп-жіктеуді жүргізу. Екінші ұсыныс: Орта Азия республикалары мен Қазақ республикасынан Орта Азия федерациясын құру». Басым дауыспен алғашқы ұсыныс өтті. «Біз апелляция беру хұқын құзырымызда қалдырамыз», – деді С.Қожанов. Ол өз уәжінің дұрыстығына сенімді-тін. Алайда, науқан соңында, халық айтатындай, құқы молдың айтқаны ғана хақ болмағы тағы да расталады.

Бұл жәйт Ташкент жөнінде де қайталананды. «Жолдастар 1920 жылғы деректер бойынша өзбектердің Ташкент үйезіндегі мөлшері қазақтар мен өзге ұлттардан едәуір көп дегенді дәлелдегісі келеді, ал бұл шындыққа мүлдем жанаспайды», – дей келе, С.Қожанов терком мүшелерінің тарихи парызын түйсінуіне үміт артқан. Егер осынау саяси қайраткерлер басқа ұлттардың да аздап та болса жағдайластырылуын жаны ашып ойлар болса, онда Ташкентті Қазақ республикасының астанасы етулері қажет екенін мейлінше екпін қоя айтқан-ды. Ол: «Ташкентке Түркістан қазақтарының орталығын жинақтау керек», – деген де ұсыныс білдірді. Сонда оның ойы Түркатком төрағасы Нәдірбай Айтақов тарапынан қолдау тапты: «Қалаларға ұлттық нышан таңуға болмайды. Хорезмде түрікмендер тұратын бірде-бір қала жоқ. Олар қалалардың сырт жақтарында өмір сүреді. Сондықтан мен қалалар оны қоршап жатқан халыққа тиесілі деп санауды ұсынамын», – деді ол. Бұлардың көзқарасын Бұхара Республикасының қайраткері, Түркістан Республикасы ХКК-нің бұрынғы төрағасы Қайғысыз Атабаев терендете түсті: «Ташкент туралы айтудан бұрын, қала – рынок ретінде, экономорталық ретінде, – іс жүзінде кімге тән еді, өзбектерге ме, қазақтарға ма, – соны негіздеп алу керек, – деді ол айтыстың астарын ақтарып. – Міне мәселе қайда. Егер тарихқа терендер болсақ – онда Ташкенттің өзбек орталығы болмағанын көреміз...»

Алайда, тарихи дәйекпен санасуға бармай, А.Рахимбаев: «Ташкент қаласы өзбектердің мәдени орталығы болып табылады», – деп нығарлайды. Оның жағындағылар пікірлерін дәлелдеуге – большевиктік тәсілмен бұрмаланған есеп-қисапты қолданады. Сонда Қожанов: «Егер тек Ташкент үйезін алсақ, қазақтар мұнда 45,8%, ал өзбектер – 28%, бірақ оған ескі қаланы қосқанында – екеуі теңеседі де, содан пайыздардағы шатастырулар басталады, – деді. – Иелікті анықтағанда, мәселені Ташкент қаласының тұрғындарынан бастамау керек, ал Исламов жолдас осы цифрларды құбылтамын деп, олардың ішіне күллі ескі қала тұрғындары кіріп кеткенін байқамаған». Оған Р.Исламов басқа мәліметтермен жауап қатты: «Мен ресми деректер бойынша анықтама беремін: мұнда, қышлақтарда – отырықшы тузем халқы – 96 мың ер, 86 мың әйел, бұлар өзбектер, ал қазақтар: ерлер – 89 мың, әйелдер – 84 мың. Бұл ЦСУ деректері. Егер қаланы алсақ, басым көпшілігі – өзбектер, ал қазақтардан бар болғаны – 82 мың ер, 76 мың әйел боп тұр». Осындай анықтамалармен алмасудан кейін Средазбюро Теркомының төрағасы О.Карклин «Ташкент қазақ бірлестігіне кірсін деген Қожанов жолдастың» және «Ташкент өзбек бірлестігіне кірсін деген Исламов жолдастың» ұсыныстарын дауысқа салды. Тағы да тарұлтшылдық ұсыныс қабылданды. Әйтсе де, Терком материалдарын қараған РК(б)П ОК ОАБ мәжілісіндегі қазақ коммунистерінің табандылығы нәтижесінде, мәселе Мәскеу құзырына қалдырылды.

М. Шоқайдың айтуынша, «Мәскеу большевиктері сүйікті атамекеніміздің ұлттық бірлігін бөлшектеу мақсатында рулық республикалар мен автономиялы аймақтар құруды» өздерінің жаңа отаршылдық пиғылдарына жауап беретін оңтайлы да тиімді тәсілмен жүзеге асыруға батыл кіріскенде, межелеп-жіктеудің залалды салдарын түйсініп, «ұлттық намысы мен иманын жоғалтпаған түркістандық ұлттық коммунистер федерация идеясын көтерген» әрекеттерімен орталық пен оның эмиссарларын едәуір абдыратқан еді. Сондықтан да Зеленский ТКП ОК газеті бетінде РКП Орталық Комитеті



атынан сөйлеп, партияның ташкенттік эмиссарлары мен жергілікті ұлттар коммунистері арасынан шыққан шашбау көтерушілерді мәскеулік пікірмен жебеп-қанаттандырды. Ол мақаласының «Ауытқушылықтар туралы» деген арнаулы тарауында ұлт коммунистері пікірлерін екі жүйеге түйді. Екі жүйеде де қазақ қайраткерлерінің пайымдарын тілге тиек етті. Бірін: «егер таза экономикалық жағынан қарасақ, онда біз тек қана жер жырттып дақыл өсірумен және мал бағумен шұғылданамыз, ал өзбектерді алсақ, олардың негізгі кәсібі сауда жасау болып табылады», – деушілермен топтады. Екіншісінің: «өзбектерде шариғатпен соттайтын қазилар бар, бізде әдет-ғұрып заңымен соттайды, одан соң, өзбектерде ишан көп», – дегендермен жүйеленетінін айтты. Мұндай пайымдардың «өңбекшілерді қандай батпаққа жетектеп апаратынын, ондайдың кімнен шығып жатқанын және кімнің идеологиясын көрсететінін» ескертуді ұмытпады.

Сосын, жағымсыз пікір білдірушілерді: «Бұл мәлімдемеге қолқойған коммунистер үлкен принципті қателік жасап отыр, сөйтіп өздері қарсы күресуге тиіс іске жәрдем беріп отыр», – деп айыптады. «Ұйымдастырылған республикалардың бәрінде де кеңестік құрылыс болады – бұл мызғымайтын факт. Ал Кеңестік құрылыс ұлттық езгіні жоққа шығарады». Алайда осынау «айқын да бұлжымас аксиомаға» қасақана, ұлт коммунистері бұрмалауларға жол беруде, яғни, И.Зеленскийдің ойынша: «Кейбір жолдастар межелеу жөніндегі комиссияға жолдаған мәлімдемелерінде: «ұлттық азшылық әмірдің немесе ханның кезіндегідей, басым ұлттар тарапынан езілуде» деп, «мүлдем құлақ естімеген өңін айналдырушылық» жасауда. Ол ондай мәлімдемелердің не нәрсеге негізделгенін, «ұлттық азшылықтың қаналуы» турасындағы ақиқатты, өмір шындығын нұсқап шырылдауға не түрткі болғанын білуге талпынбайды да. Кеңестік құрылыста езгі жоқ, себебі болуы мүмкін емес, ал жаңаша қанаушылықты бар деушілер – барып тұрған бұрмалаушылар. Осылай дей келіп, ол ұлттық баспасөзді де ащы сынмен сөге кетеді: «Біздің мұраттарымызды өмірге енгізуге тиіс ұлттық пресса, өкінішке қарай, сенімді ақтамай отыр. Мақалалар сипаты мүлдем төзгісіз». Мәселені идеологиялық жағынан өстіп жан-жақты қамдап-дайындап алудан кейін, межелеп-жіктеудегі негізгі жоспарларды жүзеге асыру – Мәскеудегі басшылықтың ойлағанындай жасалды.

Дегенмен, маңдайлары жарға соғыла берсе де, ТКП Орталық Комитеті құрамындағы С.Қожанов бастаған белсенді азаматтар қазақтың ұлттық-мемлекеттік мүддесі жолында, жоғарыда келтірілген позициялары тұрғысынан, үлкенді-кішілі билік буындарындағы жарты жылдай уақытқа созылған ой-пікір қақтығыстарынан тартынған жоқ. С.Қожановтың Ташкентті Қазақ Республикасына қосу талабы да, Орта Азия экономикалық бірлестігі мен Орта Азия Федерациясын құру жайындағы ұсыныстары да қабылданбады. Осы орайда – федерация жайында жоғарыдан қорытылған ойды бекем ұстанған РК(б)П ОК ОАБ көзқарасын білдіре келе, И.Варейкистің: «Қазір бәрі де бірігу емес, жіктеліп бөліну жағында», – дегеніне назар аударған жөн. Бұл сөздер РКП Орталық Комитетінің Түркістанда істеген сенімді өкілдері жұмысының жемісті нәтижесін байқатады. Бұған большевизм отаршылдығы ұлт коммунистерінің ұлтшылдық сезімдерін ОАБ (Средазбюро) атты саусақтарымен қытықтап жіберу арқылы қол жеткізген. Өз тізгініндегі белсенділер көкірегіне «бірігу емес, жіктеліп бөліну» ниетін сөйтіп жаппай ұялатқан болатын. Жалпы, межелеудің Мәскеу пиғылынан туғанын 1924 жылғы 14 қыркүйекте болған Бірлескен пленумдағы баяндамасында, И.Варейкис жеткілікті түрде ашып та айтты: «Қазірдің өзінде Орта Азия федерациясын құруды жақтайтындардың көптігіне қарамастан, жоғары партия органдары (яғни – РК(б)П ОК) федеративтік бірлестікке – әлі ерте, мезгілі келген жоқ деген қорытындыға келді. Экономикалық байланыстар жөнінде де соны айтуға болады».

Неге? Себебі партия, яғни жаңа «қызыл империалистер» күллі айла-шарғылы саясаттарының күшімен бір-бірінен іргелерін ажыратқыза алып отырған түркі

халықтарының қайтадан бірігіп кету ықтималдығынан қатты сескенеді. Сондықтан «түркістандықтардың ұлыстық өмірден – ұлттық мемлекеттік құруға қарай жылжуына барынша кедергі жасайды». Бұл жайында 1926 жылы Ташкентте шыққан «Орта Азиядағы революциялық қозғалыстар тарихы» деген бір большевик автордың (Мурлевский-Лобохов) кітабында мейлінше ашық жазылған. Өйткені, дейді Шоқай, Тұрар Рысқұловтың басшылығымен мұсылман бюросы мұрындық болған 1920 жылғы партконференция шешімін еске алып, –«Түркістан коммунистері Мәскеудің «ұлттық шекараға бөлу» деген сұмпайы саясатынан бұрын «тәуелсіз Түркістан мемлекетін» құру идеясын көтерген еді». Сол жәйт «қызыл империалистердің» ұлттық тұрғыда межелеу сынды «сұмпайы саясатты» ойлап табуына түрткі болды.

Большевизмнің Түркістандағы көсемдерінің бірі болған «айлакер Варейкис» түркілердің түбі бірлігін ұмыттыруға бағытталған пейілін былай білдіреді: «Біз – жаңа республикаларға және облыстарға өз «балдай тәтті» айларында саяси да, шаруашылық жағынан да, барынша бастамашылдық көрсетіп дамуларына мүмкіндік беруіміз керек». Ондай пиғыл орталықтың партиялық басшылық жасауына да қатысты болды ма? Әрине жоқ. Көз ғып тіккізген ұлттық «отауларға» иелік қылатын «қарашаңырақ» – сол «ақылғөй, дана» большевиктер партиясы: «Реформа партиямыздың ішінде кейбір ұйымдық өзгерістер әкеледі. КПТ екі бөлікке: басында орталық комитеттері бар түрікмен, өзбек коммунистік партияларына бөлінеді. Олардың жұмыстарын үйлестіріп отыру үшін бұрынғысынша РКП Орталық Комитетінің Орта Азия бюросы қала береді». Яғни берілген «еркіндікті» айдаланып, «националдардың» тым еркінсіп кетпеуіне жақыннан тұсау салып қою мәселесі ұмытылмаған.

Тұсау қызметін атқаратын – кәдімгі Средазбюро. «Орта Азия бюросы – орыс пролетариаты диктатурасының Түркістандағы ең жоғарғы мекемесі, – деп жазды М.Шоқай. – Ол Ресей Коммунистік партиясы Орталық Комитеті тарапынан сол жердегі «Тәуелсіз Кеңес Республикалары» партия комитеттері мен үкіметтерінің іс-қимылдарын бақылап отыру үшін орнаған. Кеңес Одағының ешбір жерінде, мәселен, Украинада, Белоруссияда және Кавказияда мұндай ерекше оқшау тұрған аппарат жоқ. ...Түркістанның Мәскеуге Орта Азия Бюросы арқылы байлануы, Зиновьевтің Коминтерн Атқару Комитетінің төрағасы болып тұрған кезінде айтқан «Кеңестік Орталық (яғни Мәскеу) Түркістандағы жергілікті партия ұйымдарына сене алмайды» деген сөзін еріксіз еске түсіреді».

Ұлттық жікке бөлу «сұмпайы саясатының» авторы РК(б)П көсемдері болғанын Варейкистің тағы былай деп ағынан жарылуы дәлелдейтүседі: «Бізде жоғарғы жақтың (Мәскеудің) пікірі бар, партияның (Средазбюро төңірегіндегілердің) пікірі бар, бірақ бізде алдағы жіктеп-бөлу шарасының диқан бұқарасы санасында қандай әсерге ұшырайтыны жөнінде пікір жоқ, оны біз дәл білмейміз». Осылай, межелеу – халықтың өз тілегі бойынша жасалды деп ұрандатқан большевиктер, сол «өз тілегі бойынша жасалған» межеленуді халықтың қалай қабылдайтынын білмейтінін де байқамай мойындап қалды.

Түркістан партия органдарының аталған бірлескен пленумында қаралып болғаннан кейін, мәселе кеңестік ретпен бекітілуге ұсынылды. 1924 жылғы 16 қыркүйекте Түркаткомның 3-ші Төтенше сессиясы Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасын ұлттық-мемлекеттік межелерге бөлу жөнінде қаулы алды. Қаулының қазаққа қатысты тармағында мынандай сөздер жазылған: «Қазақ халқының жұмысшы және диқан бұқарасы білдірген жалпыға ортақ ерік-жігерін жүзеге асыру үшін, қазақ халқына – ТАКСР қазақ облыстарының Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасымен бірігуі мақсатында – ТАКСР құрамынан шығуға құқық берілсін». Сұлтанбек Қожанұлы осышешімнен қазақтар үшін оң сипат табуға тырысып, Төтенше сессияда сөйлеген

сөзінде: «Ыдыраған Түркістанның екі облысын Қазреспубликаға қосу – Қазақ Ұлттық Республикасын рәсімдеудің басы болады», – деп мәлімдеді...

### Әдебиет тізімі

1. Маркс К., Энгельс Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалары. Т.1. Алматы, 1956; Ленин В.И. Полное собрание сочинений. ТТ. 2, 30, 41; Сталин И.В. Сочинения. ТТ. 5, 7; Сталин И.В. Шығармалар. 7-т. Алма-Ата, 1949.
2. Раджапова Р.Я. Имя, возвращенное истории и народу // Алаш арысы. – Алматы, 2011.
3. Туркестанская правда. Ташкент, 1924.
4. Нусупбеков А. Объединение казахских земель в Казахской Советской Социалистической Республике. Алма-Ата, 1953.
5. Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. 4-т. Алматы, 1981.
6. Шоқай М. Таңдамалы. 1-т. Алматы, 1998.
7. Шоқай М. Таңдамалы. 2-т. Алматы, 1999.
8. Қойшыбаев Б. Сұлтанбек Қожанов, Алматы, 2007.
9. Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер. Т.ІІІ. Алматы, 2016.

**Аннотация:** Статья посвящена национально-территориальному размежеванию в Средней Азии, проведенному в 1924 году. Показываются отношения Султанбека Ходжанова, одного из видных руководителей Туркестанской Республики и его соратников к проведению кампании, анализируется их подходы к проблеме, причины выдвижения Ходжановым идею об образовании экономического совета в Средней Азии вместе с Казахстаном, о необходимости создания Среднеазиатской Федерации для вхождения в Союз Республик как единой государственной единицы и несогласия с ним представителей центра и других руководящих работников Туркестанской Республики. Побеждает узконационалистический подход, поддерживаемый и подогреваемый истинными организаторами национально-государственного размежевания из существующих республик (Туркестана, Бухары и Хорезма). Разрешается казахским областям выйти из состава Туркестанской Республики для воссоединения с Казахской Республикой. Ходжанов не унывает и заявляет, что этот акт позволит начать работу по оформлению Казахской Республики как истинно Национальной.

**Abstract:** The article is devoted to the national-territorial delimitation in Central Asia, conducted in 1924. Shows the relationship of Sultanbek Khodzhanov, one of the prominent leaders of the Turkestan Republic and his associates to the campaign, analyzes their approaches to the problem, the reasons why Khodzhanov launched the idea of forming an economic council in Central Asia together with Kazakhstan, about the need to create a Central Asian Federation to join the Union of Republics as a single state unit and disagreement with it by representatives of the center and other senior officials of the Republic of Turku. The narrow nationalist approach, supported and fostered by the true organizers of national-state disengagement from the existing republics (Turkestan, Bukhara and Khorezm), is winning. It is allowed for the Kazakh regions to secede from the Republic of Turkmenistan for reunification with the Kazakh Republic. Khodzhanov is not discouraged and declares that this act will allow to begin work on the design of the Kazakh Republic as truly National.

ӘӘЖ: 930(091); 847

**Салқынбек Досалы Исаханұлы,  
Сырбаев Ербол Өмірзақұлы**

т.ғ.к., профессор "Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті"  
кафедрасының меңгерушісі, ҚазҰАУ. Алматы, Қазақстан  
аға оқытушы, ҚазҰАУ. Алматы, Қазақстан

**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ  
ҰЛТТЫҚ РЕСПУБЛИКА ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ**

**Түйін:** Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың Ұлттық республика құру жолындағы саяси қайраткерлік күрес жолы баяндалады. Қазақ топырағында есімдері ардақталып, халқы үшін еткен еңбегіне тағзым жасалып, артында қалдырған мұраларынан тағылым аларлық ұлы тұлғалар жеткілікті. Осындай ұлы тұлғалардың қатарында өзіндік лайықты орны бар тұлғалардың бірі – бүгінде дүниеге келгеніне 125 жыл толып отырған Қазақстан мен Орта Азияның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы, ағартушы-ұстаз Сұлтанбек Қожанұлы Қожанов болып табылады. Қазақ автономиясының құқықтық мәртебесін кеңейтіп, одақтас Республикаға айналдыру С.Қожанұлының басты армандарының бірі болатын. Түркістан Республикасының өкілі ретінде қатысқан Сұлтанбек Қожанұлы Қазақ автономиясы үшін алдағы болатын өзекті маңызы бар мәселелерге тоқталып, Қазақ автономиясының орталығын қазақтар тығыз орналасқан аймаққа көшіру, оған қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу мақалада зерттелді.

**Кілттік сөздер:** қайраткер, тұлға, республика, ұлттық, ұлттық мүдде, саясат, автономия

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында тарихи санамызды жаңғыртуға бағытталған әрі іске асыруға тиісті ірі жобаларды орындауға тапсырма берген болатын. Осы іске асыруға тиісті ауқымды жобалардың бірі «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты жобада: «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады» деумен қазақ топырағында дүниеге келген ұлы тұлғалардың есімдерін ардақтау ісін одан әрі тереңдетіп, олардың есімдерін әлемге таныту шараларын жасауды атап көрсетеді[1].

Ия, қазақ топырағында есімдері ардақталып, халқы үшін еткен еңбегіне тағзым жасалып, артында қалдырған мұраларынан тағылым аларлық ұлы тұлғалар жеткілікті. Осындай ұлы тұлғалардың қатарында өзіндік лайықты орны бар тұлғалардың бірі – бүгінде дүниеге келгеніне 125 жыл толып отырған Қазақстан мен Орта Азияның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы, ағартушы-ұстаз Сұлтанбек Қожанұлы Қожанов болып табылады.

Қайраткер тұлғаның саяси өмірінің жарқын белестерінің бір кезеңі Қазақ автономиясының қалыптасып құрылуы кезеңіндегі ұлттық республика құру жолындағы саяси қызметіне тоқталмақпыз.

"Бөлшекте де, билей бер" принципін ұстанған Ресей империясы бүкіл қазақ жерін отарлап, уысына ендіргеннен кейін, өз қалауы бойынша қасиетті жерімізді бірнеше генерал-губернаторлыққа бөлшектеп тастады. Империялық билік құлап, жаңа кеңестік билік орнағаннан кейін бұрынғы империяның қол астындағы халықтар кеңестік негіздегі автономиялық билікке қол жеткізуге ұмтылды.

1920 жылы 26 тамызда БОАК мен РКФСР Халық комиссарлары кеңесінің "Автономиялы Қырғыз(Қазақ) Социалистік Кеңестік Республикасын құру туралы" В.И.Ленин мен М.И.Калинин қол қойған декреті жарияланды.

Декреттің бірінші пунктінде: "РКФСР-дің бір бөлігі ретінде Автономиялы Қырғыз(Қазақ) Кеңестік социалистік республикасы құрылсын делінді. Қазақ АКСР-інің құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары және Закаспий облысы мен Астрахан губерниясының қазақтар мекендеген жерлері кірді. 26 тамыздағы декретке қосымша ретінде БОАК 22 қыркүйекте қабылдап жариялаған қосымша қаулыда өз маңайындағы аудандармен қоса Орынбор да қазақ АКСР-інің құрамына енгізілді. Сонымен қатар декретте былай деп атап көрсетілген болатын: "Қазір Түркістан республикасының құрамына еніп отырған қырғыз(қазақ) территориясын Қырғыз(Қазақ) республикасының құрамына енгізу осы облыстардың халықтарының білдірген тілегі бойынша жасалады" [2]. Заң жүзінде Кеңестік негіздегі Қазақ автономиясы құрылғанымен де ол бүкіл байырғы қазақ жерлерін қамтыған жоқ. Біртұтас қазақ жерлерін біріктіруде сол кездегі әр түрлі дәрежеде мемлекеттік, партиялық қызметте отырған және тағы да басқа ұлт жанашырларының тер төгуіне тура келді. Әсіресе, Қостанай уезін, Ақмола мен Семей губернияларын, Түркістан АКСР құрамына да болған Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақ Автономиясына қайтару өте қиын айтыс, тартыс жағдайында жүргізілді. Талас тудырған Қостанай уезі, Ақмола және Семей губерниялары 1920-21 жылдары Қазақ автономиясына қайтарылғаннан кейін, ендігі кезектегі негізгі жұмыс Сырдария мен Жетісу облыстарын Қазақ автономиясына қайтару еді.

1918 жылы 20 сәуір мен 1 мамыр аралығында Түркістан кеңесінің V съезі Түркістан кеңестік федеративтік республикасының құрылғандығын жариялайды. РКФСР құрамына автономия дәрежесінде кірген бұл автономияның құрамына Қазақстанның Сырдария мен Жетісу облыстары кірген болатын.

Ендігі жұмыс отаршыл Ресей империясы бөліп кеткен құрылым негізінде пайда болған бұл автономияның құрамындағы қазақ жерлерін қайтарып алу болды.

1924 жылдың бас кезінен бастап Орта Азия Республикаларының территориясында ұлттық-территориялық тұрғыда межелеуді жүргізу жұмыстарына дайындық басталды. Қазақ, Қырғыз, Өзбек, Түркімен, Тәжік, Қарақалпақ халықтарының саяси және экономикалық өміріне тікелей қатысты бұл жауапты шараны өткізу оңайшылықпен іске асқан жоқ. 1924 жылдың 5 сәуірінде РК(б)П Орталық комитетінің саяси бюросы Орта Азия партия ұйымдарының межелеуді жүргізу жөніндегі ұсынстарын қарады. Осы іске тікелей жауапты және ұйымдастырушы Ортаазиялық бюроға Орта Азияның этнографиялық, саяси және экономикалық карталарын және тағы басқа қажетті материалдарды даярлап, Орталық комитетке тапсыру жүктелді. Осы жұмыстарды атқару үшін Орталық комиссия және әр республикалардың өкілдерінен құрылған көмекші комиссиялар құрылды. 1924 жылы 12 маусымда РК(б)П Орталық комитеті "Орта Азия республикаларын ұлттық межелеу туралы" қаулы қабылдады. Қаулы негізінде Орталық комиссияға жаңадан құрылатын республикалар мен облыстардың өкілдерін қатыстыра отырып, болашақ құрылғалы жатқан республикалар мен облыстардың шекараларын анықтап шығу тапсырылды. Орталық комиссияның жанынан ұлттық бюролар, құқықтық, экономикалық көмекші комиссиялар ұйымдастырылды.

Осы бір жауапты кезеңде Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі қызметтерін атқарған Сұлтанбек Қожанұлының атқарған қызметін ерекше бөліп айтуға болады. Ол Сырдария мен Жетісу облыстарын Қазақ автономиясына қосуға қарсылық білдіргендерге, Сырдария мен Жетісу облыстарының территориясынан біраз жерлерді қарпып қалғысы келген өзге республикалар басшыларына батылтойтарыс беріп, ұлттық территориялық межелеуді жүргізу кезінде көрші республикалардың территориясында қалып бара жатқан қандастарымыздың жағдайына байланысты ұсыныс-пікірлердің бастамашысы болды.

Қарқынды жұмыс 1924 жылы 8 шілдеде болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің мәжілісінде Түркістан Республикасынан бөлініп қазақ республикасының құрамына кіретін қазақ аудандарын басқару және қабылдау тәртібі туралы және РК(б)П ОК Орта Азиялық бюросы жанындағы территориялық комиссияға өкілдер тағайындау туралы мәселелерді бастады. Осы мәселелер мәжілісте талқыланып мынадай қаулы қабылданды: Орта Азия республикаларын межелу жөніндегі территориялық комиссияның құрамына Казаткомның төрағасы С.Меңдешев комиссия төрағасы, егін шаруашылығы халық комиссары Ә.Әлібеков, комиссия мүшелігіне кандидат Т.Жүргенов бекітілсін. Түркістан қазақтары атынан ұсынылған С.Қожанов, Н.Сырғабеков, С.Есқараевтердің кандидатуралары да бекітілді.

Мәжілісте Түркістан республикасынан бөлінетін қазақ аудандарын басқару және қазақ автономиясының құрамына қабылдау үшін құрамында С.Меңдешев, Ә.Әлібеков, С.Есқараев, Н.Сырғабаев және Т.Жүргенов бар революциялық комитет құрылды. Революциялық комитеттің төрағасы С.Меңдешев оның орынбасарлары болып Ә.Әлібеков және С.Есқараев тағайындалды. Революциялық комитеттің мүшелігіне кандидаттар болып С.Қожанов, Избасаров, Ж.Мыңбаев бекітілді. Ревкомның сайланған құрамына Революциялық комитет жөнінде ережені дайындап, ұсыну тапсырылды. Осы мәжілісте қаралған басты мәселелердің тағы бірі болашақ астананың жағдайы болатын. Мәжіліс қазақ республикасының астанасын Орынбор қаласынан ішкі қазақ аудандарына көшіру жөніндегі мәселені қарап: Орталықтың жергілікті халықтың тығыз бөлігіне жақындылығының қажеттілігіне сондай-ақ Қазақ республикасының кейбір бөліктерінің шашыраңқылығын есепке ала отырып, Қазақ республикасының орталығын Орынбор губерниясынан ауыстырудың қажеттілігіне байланысты және Қазақ елі үшін Оңтүстік облыстардың экономикалық, саяси үлкен маңызын және Қазақстанның Орта Азиялық экономикалық бірлестікке қатысуын ескеріп, Қазақстанның орталығын Орынбордан қазақтар тығыз қоныстанған ауданға көшіру осы мақсатта РК(б)П ОК-нен уақытша Ташкент қаласын пәтер ретінде пайдалануға рұқсат беруін сұраған қаулы қабылдады[3].

РК(б)П Орта Азия бюросы жанынан құрылған Қазақстандық комиссия өкілдері территориялық межелеуге байланысты, алдағы құрылғалы жатқан республиканың мемлекеттік құрылымына байланысты өздерінің ұсыныстарын жасады. Қазақ автономиясының құрамына қосылғалы жатқан облыстардың шекарасын анықтауға қатысып, сол аймақтағы халықтардың этнографиясына қатысты және басқа да керекті мәліметтерді жинады. Бұл қазақ комиссиясының сол кездегі батыл да дұрыс шешімдерінің бірі, ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу барысында қазақ автономиясын одақтас республикаға айналдыру жөніндегі ұсынысы еді. Мәселен, Қазақ республикасы мен Түркістан облыстары қазақтары делегациясының РК(б)П Орталық комитеті атына жазылған "Орта Азиядағы ұлттық межелеуге байланысты, Қазақстан жөнінде" деп аталатын хатында ұлттық территориялық межелеудің қортындысы бойынша қазақ автономиясын одақтас республикаға айналдырудың негізгі тұжырымдары айтылған болатын.

Хат авторлары межелеудің нәтижесінде Сырдария мен Жетісу облыстары және Түркістанның Амудария облыстары сондай-ақ Хорезмнің Қазақтар мен Қарақалпақтар мекендеген Хожелі облысының Қазақ автономиясына қосылатындығына байланысты оның территориясы кеңейгеннен кейін астананы қазақтар тығыз орналасқан Сырдария облысына ауыстырудың қажеттігін дәлелдейді. Екіншіден, Қазақ делегациясы қазіргі уақытта қазақ автономиясында европалықтар 54 проценті, қазақтар 45 процент құрап отырғандығын, компартиядағы коммунистердің 94 проценті европалықтар екендігін айта келіп, бұндай жағдайда ұлттық республика үшін компартияның ұлттық сясатты жүргізуі қиындыққа ұрынатынын алға тартты. Яғни ұлттық межелеуді жүргізу барысында

қазақтар көпшілік құрайтын облыстар Қазақстанға қосылып, нәтижесінде ұлттық республика құруға кең жол ашылмақ. Үшіншіден, қазақ делегациясы қазақ халқының сандық құрамына кеңінен тоқталып қазақ автономиясы мен Түркістан аумағында 5,500,000 қазақ тұратындығын және көрші Қытай, Монғолия мемлекеттерінде тұратын миллионға жуық қазақтардың территориялық жағынан қазақстанмен тығыз байланыстығына тоқталып, бұдан арғы ойларын былай деп жазады: «Түркістан облыстарындағы қазақтар осы уақытқа дейін толық егеменді Республикада өмір сүрмесе де, кең автономиялы жағдайда болып, өздеріне деген үкіметтің нақты көзқарасын қалыптастыра білді. Олар қазіргі уақытта Бұқарадағы, Хорезмдегі өз қандастарымен бірігіп, тәуелсіз Өзбек және Түркімен социалистік Республикасын құрып жатқан өзбектер және түркімендермен бір жағдайда өмір сүрді. Хорезмнің Хожелі облысы халқының да саяси көңіл-күйін ескеруіміз керек. Қазақ автономиясындағы халық өмірінің өзекті мәселелерін қалыпты реттеу және басқару үшін федерация жүйесінде оның құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейтілуі қажет. Түркістан облыстарының Қазақ автономиясына қосылуына байланысты оның Қытай және Монғолия мен шекарасы ұзарады және бұл шекараның аржағында Қазақ АКСР-і мен туыстық және экономикалық жағынан тығыз байланысты қазақтар тұрады. Бұл қазақтардың КСРО мен қатынасына дұрыс жағдай жасау саяси және экономикалық жағынан маңызы үлкен. Қазақ АКСР-ның осындай жағдайы Қазақ автономиясының құқықтық жағдайын көрші Орта Азия республикаларымен тең дәрежеде қайта қарауды қажет етеді. Осы жағдайлардың бәрін ескерген Киробком биылғы жылғы 26 тамызда болған пленумында бұл мәселеге байланысты бір ауыздан оңды шешім қабылдады. Біздің қазақтар үшін межелеудің нәтижесі жоғарыда айтылғандармен қатар, КСРО-ға тікелей кіретін Қазақ АКСР-ын тәуелсіз Республика деп жариялау деп білеміз» [4].

Қазақ автономиясының құқықтық мәртебесін кеңейтіп, одақтас Республикаға айналдыру С.Қожанұлының басты армандарының бірі болатын. Жоғарыда РК(б)П Орталық комитетіне жазылған хаттың белсенді авторларының бірі болып, негізгі дәйектер мен пікірлер ұсынған да С.Қожанұлы еді. Өкініштісі, қол астындағы өз ұлттардың тағдырын өз қалауларымен шешіп үйренген орталық «бұндай үлкен территорияда аз санды халықпен, артта қалған экономикамен, сауатсыз халықпен, жергілікті кеңестік мамандардың өте аздығы, РКФСР-дың көмегінсіз мемлекеттік басқару мүмкін емес» деген сияқты қисынсыз дәлел сымақтарды алға тартып бұл ұсынысты қабылдамай тастады.

Сұлтанбек Қожанұлы 1924 жылы қазан айындағы Сталиннің атына жазған хатында ұлттық межелеудің нәтижелерін баяндай отырып: "Қалай есептесекте Қазақстандағы европалықтар саны жағынан көп болып 54 процентті құрап отыр, қазақтар 46 процент ғана. Қазақстандағы РК(б)П ұйымдарындағы қазақтардың құрамы 6 процент (368 адам). Оның үстіне қазақ коммунистері барлық партия бөлімдерінде шашырап кеткен", -деумен қатар, жік-жікке бөлінген басқару апаратын бір орталыққа біріктіріп, партиялық-кеңестік бақылауды күшейту, қалыптасып отырған тұңғыықтан шығудың жолдары жөнінде өз ұсыныстарын білдіреді. Ал 1924 жылы 29 желтоқсан күні Қазақ Республикасының орталығын ауыстырудың қажеттілігіне байланысты Сталиннің атына жазған екінші хатында: "Тот курьез что киргизи в собственной республике занимают положение нацмен, надо изжить. Пролетарское руководство должно осуществляться не в порядке пленения кирпартинтелегентов в пролетарском центре, как Оренбург, а в живой массовой работе. Пролетарское руководство нисколько не облегчается увеличением численности русского крестьянство в составе населения, а, наоборот, затрудняется обострением традиционной межнациональной вражды и неизбежной оценкой пролетарского руководящего влияние, как русского национального засилья.

Пролетарское руководство должно выражаться не в "леиальном" застое, а в развернутом, развивающейся хозяйственной и общественной жизни страны..." деген болатын[5]. Сан жағынан қазақтарды ұлттық көпшілікке айналдыру нәтижесінде РК(б)П құрамындағы қазақтардың санын көбейту және Қазақстанды шын мәнісінде ұлттық негіздегі Республикаға айналдыру Сұлтанбек Қожанұлының басты арманы болғанын аңғарамыз.

Орта Азия территорияларын ұлттық межелеуге байланысты РК(б)П ОК Орта Азиялық бюросы жанынан құрылған қазақстандық комиссияның атқарған жұмыстарының барысы 1924 жылы 26 тамыз күні болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің мәжілісінде тыңдалды. Сұлтанбек Қожанұлы бұл мәжіліске Орта Азия бюросының өкілі ретінде қатысады. Мәжілісте Қазақстандық делегацияның басшысы Қазақ орталық атқару комитетінің төрағасы С.Меңдешев баяндама жасап, Қазақ автономиясына қосылғалы жатқан Сырдария мен Жетісу облыстарының шекараларын айқындау жұмыстары қиыншылықтармен жүргізіліп жатқандығына тоқталады.

РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің қаулы шешімдерімен қатар Орта-Азия территориясын межелеу жөніндегі Қазақстандық комиссия мүшелері Ташкент қаласын және оның төңірегіндегі аудандарды Қазақстанға қосу жөніндегі өздерінің ұсыныстары мен талаптарында қаулы-қарарлық шешімдерді толықтыра отырып, халықтың сандық құрамын нақты статистикалық мәліметтермен анықтап, талас тудырып отырған аудандарды Қазақстанға қосу мәселесін Орталық комитеттің атына жазған хаттарында қойған болатын. Орталық комитеттің атына жазылған бұл хаттардың мазмұнына үңіле отырып қазақстандық комиссия мүшелерінің үлкен шаруа атқарғанын аңғаруға болады. Ең бастысы талас тудырып отырған аудандардағы қазақ халқының санын қолдан кемітіп отырғандардың бетін ашады. РК(б)П Орталық комитетінің атына жазған хаттарында Қазақстандық делегация Орта Азия Республикаларының территориясын межелеуді жүргізу барысында РК(б)П Орталық комитеті Ташкент қаласын Өзбек республикасының құрамында қалдыру қажет дептапқанын ал қазақ облыстық комитеті бұл мәселені қайта қарап, бүкіл Ташкент уезін, Ташкент қаласымен қоса Қазақ Республикасына қосу қажеттігінің негізгі дәйектеріне тоқталды. Орта Азия республикаларының территориясын межелеу барысында негізгі принциптердің бірі әлсіз ұлттардың мүддесін қорғау екендігіне тоқталған хат авторлары, қазақ ұлтты сондай әлсіз ұлттардың бірі екендігіне баса назар аудартып, ұлттық, мәдени және шаруашылық дамуда қазақ халқы үшін Ташкент қаласының маңызды рөл атқаратындығын тоқталып өтеді. Ташкент қаласы Сырдария облысының орталығы болғандығына басты назар аударылып экономикалық тұрғыдан бұрынғы қалыптасқан байланысты үзбеу қажеттігіне тоқталады. Талас тудырып отырған Ташкент қаласы мен оның төңірегіндегі аудандарға қатысты нақты дәлелдер мен ұсыныстар, дәйектерді алға тартып отырған қазақ комиссиясының пікірлерімен санаспай Өзбектерге қарай бұра тартқан, осы іске жауапты және басшылық етуші Орта Азия саяси бюросы, оның басшылығының ісіне Сұлтанбек Қожанұлы қатты наразы болды. Сондай-ақ Орта Азия республикаларының территориясын межелеуді жүргізу барысында Сұлтанбек Қожанұлын толғандырған өзекті мәселелердің тағы да бірі-Орта Азия Республикаларының территориясындағы қандастарымыздың хал-жағдайы болатын. Кеңестік билікке дейін Бұқар әмірлігінің одан кейін Бұқар республикасының территориясындағы қазақтардың жағдайы өте ауыр болды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де олардың ұлт ретіндегі барлық құқықтары тапталып, талап арыздары қанағаттандырылмақ түгіл қаралмады да. Осы жағдайларға байланысты Сұлтанбек Қожанұлының бастамасымен әрі дайындап жазуымен қазақ республикасы және Түркістан облыстарының қазақтары өкілдерінің атынан РК(б)П ОК саяси бюросына, көшірмесі саяси бюроның барлық мүшелеріне арналған "Орта Азияны ұлттық межелеу" жөніндегі баяндама хат дайындалып Москваға жолданған еді. Онда



Орта Азия республикаларының территориясын межелеу жұмыстарында Орта Азия бюросы Орта Азиядағы қазақтардың ішінде Бұқар Республикасындағы қазақтардың мүддесін бұзуы айқын көрініп отыр делінді. Мәліметтер бойынша Бұқар әмірлігінің территориясында 230.000 қазақ тұрған. Ал, 1923 жылы төртінші ұлттық кеңесте Ф.Ходжеевтың айтуынша ондағы қазақтардың саны 260.000. 1923 жылы болған Бүкілбұқаралық құрылтайдың шешімі бойынша 250.000 адам болған. Олардың Бұқар уалаятының оңтүстік-батыс жағында Нұрата уалаятын және Керменты уалаятын тұтасымен Қаршы уалаятының батыс жағында мекендегендігі айтылып, РК(б)П ОК саяси бюросын осы қордаланған мәселелерден хабардар етіп, төмендегідей табынды түрде сұралған ұсыныс жасайды:

1. Пересмотреть вопрос о г. Ташкенте в смысле предоставления его Кирреспублика в какой бы то ни было форме.

2. Пересмотреть вопрос о государственной принадлежности 6-киргизских волостей Ташкентского уезда в смысле удовлетворения желания населения отойти к своей национальной республику.

3. Отменить решение сред. Аз.Бюро о бухарских киргизах и представить киргизам и каракалпакам автономное устройство в пределах Узбекистана.

4. Пресмотреть вопрос о Шурахатским уезде о г. Турткулем и отдать их Каракалпакской Автономной области.

5. Обновить состав Сред. Аз.Бюро изгладив преобладания одной национальности и допустить киргизкого представителя в состав бюро [6].

Бұқар қазақтарының өтініш-талаптары 1924 жылы 27 қыркүйекте болған Қазақ облыстық РК(б)П Президиумының мәжілісінде Қарақалпақ халқы делегациясының арызымен бірге арнайы қаралды. Мәжіліске Сұлтанбек Қожанұлы Түркістан өкілі ретінде қатысқан. Мәжілісте Бұқар қазақтары делегациясының атынан Наурызбаев Құдайбергенов, Құлтаевтар сөз сөйлеп Бұқар қазақтарының алдында "не өмір, не өлім мәселесі тұр" деп ашына баяндайды. Революциядан кейін де ондағы қазақтардың тұрмыстық жағдайында еш өзгеріс болмаған. Автономия алуға деген талпынысына жергілікті билік қуғындау, жазалау шараларын қолданған. Осы мәжілісте Бұқар қазақтарының делегациясы, Бұқар облысының қазақ автономиясынан алыс жатқандығына байланысты, қазақ автономиясына қосылу мүмкін емес екендігін атап көрсетіп, құрылып жатқан өзбек республикасының құрамында өздеріне автономия беруді талап етіп отырғанын және осы мәселеде өздеріне жәрдем беруді сұрады. Мәжілісте Бұқар қазақтарының Сөзін Сұлтанбек Қожанұлы Қазақшадан орысшаға аударып отырған еді.

Бұқар қазақтарының өтініш талаптарына байланысты мынадай қаулы қабылданды. Қаулыда: Бұқар қазақтарының адам төзгісіз ауыр жағдайына РК(б)П Орталық комитетінің назарын аударып, осы ауыр жағдайды жақсарту жолында қажетті шаралар қолдану қажеттігін атап көрсетіп, ондағы қазақ халқының ұлт ретінде сақталуын қамтамасыз ету, өзбек халқы тарапынан қазақтарды ассимиляциялауға бағытталған әрекеттерді доғару сынды мәселелер айтылды. Дегенмен де "Құрылып жатқан Өзбек республикасында Бұқар ауданы қазақтарының бөлініп, автономиялы облыс болуын қажетсіз деп санау" деген сияқты қаулы да қабылданып кеткен болатын.

1924 жылы 12 қыркүйек күні РК(б)П Облыстық комитетінің мәжілісіне РК(б)П Орта Азия бюросының төрағасы И.Зеленский қатысып, Қазақ республикасының Орта Азия республикаларынан межеленуі туралы хабарлама жасады. Мәжілісте Түркістан Республикасының өкілі ретінде қатысқан Сұлтанбек Қожанұлы Қазақ автономиясы үшін алдағы болатын өзекті маңызы бар мәселелерге тоқталып, Қазақ автономиясының орталығын қазақтар тығыз орналасқан аймаққа көшіру, оған қажетті дайындық

жұмыстарын жүргізуде қазақ облыстық комитетінің мардымды жұмыстар атқармағанын сынап өтеді.

Мәжілісте мынадай қаулы қабылданды: 1. Қазақтар тығыз қоныстанған аймаққа орталықты жақындату мақсатында және Қазақ АКСР-да қазақтар көпшілік құраған ұлттық республика құру үшін, ұлттық саясатты тереңдетіп жүргізуге жағдай жасау мақсатында Қазақ АКСР-ның орталығын тез арада Орынбор қаласынан Сырдария облысының Шымкент қаласына көшіру қажетті деп мойындалсын, РК(б)П Орталық комитеті алдында Қазақ обкомының орталығы етіп Ташкент қаласын уақытша пәтер ретінде пайдалану туралы ұсынысының қанағаттандырылуын немесе Шымкент қаласын Қазақ автономиясының орталығы етіп қайта жарактандыруға қажетті қаржы бөлу талап етіліп сұралсын. 2. Үгіт-насихат бөліміне және С.Қожановқа Қазақ республикасының Орта Азия Республикаларынан межеленуі бойынша, ауқымды жұмыстардың жоспарын және тезистерді жасау тапсырылсын[7].

1924 жылы қыркүйек айының 25-28 күндері аралығында болған РК (б) П Қазақ облыстық комитетінің 2-ші пленумының күн тәртібінде қаралған негізгі мәселердің бірі Қазақ АКСР-на Түркістанның қазақ аудандарының қосылу жағдайы, барысы, қорытындылары болды.

Пленумға Түркістан қазақтарының атынан қатысқан С. Қожанұлы, С. Еқараев, Ж. Барыбаев және Түркістан ОАК-ті Қазақ АКСР-ның өкілі Т. Жүргеновтер ұлттық территориялық межелеуге, Астананы ауыстыру мәселесіне, ұлттық Республика құру ісіне байланысты өткір ойлар айтып, осы мәселелерді іске асыру жұмыстарын жүргізуге табанды талаптар қойды. Әсіресе, Түркістандықтардан Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мәселесіне байланысты өткір де орынды пікірлері Шовенистік өктем оймен уланған Қазақ обкомының мүшелері Равдель, Ежов, Бах сияқтылар тарапынан қарсылыққа ұшырады. Сұлтанбек Қожанұлы өз сөзінде осы уақытқа дейін Қазақ обкомы бұған дейін болған Президиум мәжілістерінде Қазақ Республикасының астанасын қазақ халқы тығыз қоныстанған аймаққа ауыстыру жөнінде бірнеше рет қаулы қабылдағанмен де «істің шешілуі сол бұрынғы орнында тұр ешқандайда дайындық жұмыстары жүргізілмеген» деп обком жұмысын сынға алды. Ұлттық мәселелерді шешуде Халқымыздың мүддесін көздеп «Республикамыз ауыл-шаруашылықты ел, елдің халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысады, қазақтар мен орыстардың малы бірдей болғанымен де орыстардың иемденіп отырған жері қазақтарға қарағанда бес есе көп болып отыр», деп ұлттық теңсіздіктің жүргізіліп отырғандығына баса назар аударды. Қазақстандық партия ұйымдарындағы қазақтар 5 пайыз ғана екендігін, басшылық, шаруашылық органдарда қазақ ұлтының өкілдері аз екендігін, кәсіподақ ұйымдарына қазақтардың аз тартылып отырғандығына тоқталды. Іс қағаздарына байланысты заңдар қабылданғандығымен де, іс жүзінде барлық іс қағаздары орыс тілінде жүргізіліп отырғандығын баса көрсетті.

Пленумның 27 қыркүйек күні болған отырысында Сұлтанбек Қожанұлы «Орта Азиядағы ұттық межелеу және қазақ облыстарының Қазақ АКСР-не қосылуы» туралы деген қосымша баяндама жасады. Сұлтанбек Қожанұлының баяндамасынан ұлттық межелеуді жүргізу барысындағы әділетсіздіктерге деген наразылығы айқын байқалады. «Қазақстан межелеу жүргізілген басқа аудандарға қарағанда батысырақ орналасқандықтан, оған аз көңіл бөлінді. РК(б)П ОК Орта Азия бюросының әлсіз ұлттарға көбірек көңіл бөлу туралы принципі іске асырылмады. Практика принциптерден күштірек болып шықты. Қазақтар ең әлсіз ұлт. Көптеген аудандар қазақтарға бұйырмады. Мырзашөл уезі Өзбек Республикасына берілді. Ұлттық межелеуде мемлекетті құру принципі бойынша емес, өзіне көп алғысы келген қызығушы жақтың мүддесін қанағаттандыру принципі бойынша қаралды. Бізді ренжітті. Барлық негізгі капитал Орта Азияда қалды. Бізге Қазақстан жағдайы жақсы ел деп айтты, бұл

шындықтан алыс жатыр.Әділетті межелеуге қол жеткізүміз керек.Экономикалық бөліністегі үлесімізді арттыруды сұрау қажет. Қазақ АКСР-не қосылатын Сырдария облысы мен басқа да аудандардағы партия ұйымдарындағы қазақтардың үлесі көп. Еуропалықтар үлесі 25 пайыздан аспайды. Біріккеннен кейін алдымызға ұлттық республика құру міндетін қоямыз», - деп батыл түрде ұлттық республика құру жөніндегі мәселені төтесінен қойды. Сұлтанбек Қожанұлының Орта Азия республикаларының территориясын ұлттық межелеу жұмыстары басталғанға дейін және одан кейінгі жүргізген қажырлы еңбегінің басты мақсаты Қазақстанды ұлттық республика ету болды. Ол үшін астананы Орынбор қаласынан қазақтар тығыз орналасқан аймаққа көшіру, Республикадағы қазақтардың санын көпшілікке айналдыру, партия ұйымдарындағы қазақтардың пайыздық мөлшерін көбейту, басшылық орындарға қазақтарды көптеп тарту жұмыстарымен белсенді әрі батыл түрде айналысып жоғарғы жақтың алдында да бұл мәселелерді батыл қоя білді. Мұны біз сол кездегі кеңес елінің басшысы Сталиннің атына жазған хаттарынан, Қазақ обкомының мәжілістерінде әрдайым көтерген табанды талабынан білеміз.

1924 жылы 28 қыркүйекте межелеуге байланысты Сұлтанбек Қожанұлы қорытынды сөз сөйлеп мемлекет үшін саяси және ұлттық маңызы бар мәселелерді шешуде кәнігі қайреткер екенін тағы бір қырынан көрсетті. Пленумда айтылған көптеген қарама-қарсы пікірлерге байланысты өз ойларын білдіре келе, ұлттық мүдде жолында ештеңеден де тайынбайтынын көрсетіп: «Біз жиі ұлттық мәселені ұмытып кетеміз. Ал ұлт республикасында қызмет ететін еуропалықтар оны ұмытпауы, керісінше оны барынша ашық қоюы тиіс.Осы тұрғыдан алғанда Ежов және Бах жолдастардың еуропалықтар ретіндегі сөздері мені мүлдем қанағаттандырмайды.Қазақ коммунистері шовинистік уклондарды, ал еуропалық коммунистер отаршылдықты тізгіндеп тұрса, осылай екеуі ұштасар еді, егер кімде-кім мұны түсінгісі келмесе оған біз «Қазақ АКСР-нан кет», -деп тағы да мәлімдер едік, деп қазақ Республикасын ұлттық Республика етуге қарсы болып отырғандарды қатты сынға алды. Сұлтанбек Қожанұлы қорытынды сөзінде ұлттық Республика құру мәселесіне тағы да тоқтатылып: Мен ұлттық республика құру мәселесі жөнінде тағы да айтқым келеді, бұл мәселе барлық өткірлігімен және кеңдігімен қойылуы тиіс», -деді. Республиканың орталығы жөнінде табанды талабын тағы да қайталап: «Біз аса қажырлы ғана болған жоқпыз,біз дәрекі де болдық, бірақ Ташкентті ұстап тұра алмадық. Ал енді біз сіздердің алдарыңызда Орынбордан ауысасыздарма деген сұрақты қоямыз», -деген болатын.Ташкент қаласы жөнінде жасалып жатқан әділетсіздікке көнбей «Мен обкомның үшінші рет Ташкентті бізге қосу мәселесін сұрап отырғанын қолдаймын,бірақ мен бізге Ташкентті емес Шымкентті де бермей қояма деп қорқамын. Бізге Әулиеата немесе Қазалыны ұсынбаса және бізге Шымкент үшін күресуге тура келер», - деп қорытындылады[8].

РК(б)П Қазақ обкомының 2-ші пленумында межелеуді жүргізу жөніндегі және қазақ халқының болашағы үшін айтылған мәселелер мен қабылданған қаулылардың барлығы да аса маңызды еді. Бірақта межелеу барысында талас тудырған Ташкент қаласы мен оның төңірегіндегі аудандардың тағдыры біздің пайдамызға шешілмегені белгілі. Бұл мәселеде РК(б)П Қазақ обкомы жайбасарлық пен табансыздық танытты. Түркістандық қазақтар өкілдерінің ұсыныстарын қолдауда дәрменсіз болды. Бұған сол кездегі қазақ обкомы басшылығында өзге ұлт өкілдерінің көп болуы өз әсерін тигізген болатын. Олар ұлттық межелеу нәтижесінде қазақтардың көпшілікке айналып ұлттық республика құруын мүлде қаламаған еді.

Дегенмен де 1924 жылдың соңындағы Орта Азия республикаларының территориясын межелеу жұмыстарынан кейін, бүкіл қазақ жерлері бір мемлекетке біріктіріліп, Қазақ АКСР-ың қалыптасуы аяқталды. Қазақстанға Қазалы, Ақмешіт,

Түркістан, Шымкент уездері, Әулиеата уезінің көпшілігі, Сырдария облысындағы Ташкент және Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарқан облысы Жизак уезінің бірнеше болыстары, Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Жетісу облысы Пішкек уезінің бір бөлігі және Қарақалпақ автономиялы республикасы қарады. Республикамыздың территориясы 700 мың шаршы километрге жуық ұлғайды, халқымыздың саны 1 миллион 468 мың адамға көбейді. Қазақтар республиканың барлық халқының 61,3 пайызы болып көпшілікке айналды. Осы орайда Сұлтанбек Қожанұлы және тағы да басқа халқымыздың ұлтжанды қайраткерлерінің ұлттық территориялық межелеуді жүргізу жұмыстарындағы халқымыз үшін қызметін, жер ана үшін күресін, айтпасқа шара жоқ. Өкініштісі сол 1924 жылы межеленген шекараны содан кейінгі жылдары қаз-қалпында ұстап тұра алмадық. 1956-1963 жылдары аралығында Қазақстанның Бостандық ауданы тұтасымен және шекаралық аймақтарды бірнеше ауданды қамтитын қазақ жерлері Өзбекстан Республикасына солақай саясаттың нәтижесінде беріліп жіберілді.

Жоғарыда аталған пленумда Сырдария және Жетісу облыстарының қосылуына байланысты Қазақ обкомының төралқа құрамы үш адамға көбейді. Түркістандықтар атынан обком төралқасына С.Қожанұлы, А.Серғазиев, Кулетов кірді. Ал Қазақ ОАК-нің құрамына төрт адам С.Қожанұлы, А.Серғазиев, С.Есқараев, Ерохан кірді. Түркістандық қазақтардың өкілдері Қазақ автономиясының жауапты қызметтеріне сайланғаннан кейін, ендігі кезектегі өздерінің күш жігерін республикамызды нығайтуға жұмылдырды. Олар өздерінің алдарындағы жауапты қызметтерінде өмірдің бел-белестері мен қарама-қайшылықты кезеңдерін бастарынан кешірді.

Сұлтанбек Қожанұлы 1925 жылдың ақпан айында Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланғаннан кейін де Қазақ республикасының территориялық тұтастығын нығайту жолында белсенді жұмыстарды атқарды. Республиканың тағдыры үшін осы бір жауапты кезеңде іштен және сырттан оның территориялық тұтастығына қол салушылар, ішкі саяси құрылымын өзгертуге ұмтылып, автономия алуға әрекет жасаушылар болмай қалған жоқ. Мәселен, Қазақ Республиканың Түркістан, Шымкент, Әулиеата уездеріндегі өзбек халқының өкілдері автономия немесе жеке әкімшілік аудандар беруді сұрап жан-жаққа арыздар жазып жатты. РК(б)П өлкелік комитетінің 1925 жылы 12 қазанда болған төралқа мәжілісінде қаралған күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі "Орта Азия бюросымен қарым-қатынас туралы және Қазақстанның ішіндегі Өзбек мәселесі" болды.

Аталған мәселе бойынша төралқа мәжілісінде Сұлтанбек Қожанұлы сөз алып, Қазақ республикасының болашағына қауіп төндіретін бұндай қадамдарға және оларға қолдау көрсетіп отырған сыртқы күштерге үзілді-кесілді батыл тойтарыс беру керектігіне тоқталды. Төралқа мәжілісінде Сұлтанбек Қожанұлының ұсынысы бойынша мынадай қаулы қабылданды: а) Қалыптасып отырған жағдайдағы Қазақ Республикасы ішінде Өзбек автономиясын құруға рұқсат беру былай тұрсын, ол мәселені қараудың өзі мүмкін емес деп танылсын. б) Қазақстанның ішіндегі кейбір келеңсіздіктерге байланысты Қазақстан орталығын айналып өтіп, Орта Азия бюросына арыздар мен шағымдар беру тәртібі қателік деп танылсын. в) Қазақ тұрғындарымен ұлттық бағыттағы байланысты қалыптастыру үшін РК(б)П ОК-нен С.Асфендияровтың орнына Орта Азия бюросына бір қазақ қызметкерін кіргізу сұралсын [9].

Орта Азия республикаларының территориясын межелеу жұмыстары аяқталып, Сырдария және Жетісу облыстары Қазақстанға қосылғаннан кейін, Қазақ Республикасы территориясының кеңейгендігін Орынбор өлкесінде қазақтардың тым аз тұратындығын және губерния экономикасының Ресеймен тығыз байланыстығын алға тартқан орталық басшылары Орынбор қаласы мен губерниясын Ресей федерациясына қосу мәселесін қойып, ақырында дегендеріне жетіп тынды. Орынбор губерниясымен қатар Орал

губерниясының Елек уезі, Ақтөбе губерниясының бір бөлігін де Ресейге қосу жөніндегі орталықтың шешімі қабылданған болатын. Бұндай Қазақстан үшін зиянды шешімдерге осы жылдары Қазақ республикасында жауапты қызметтерді атқарған С.Қожанұлы, Ж.Мыңбайұлы, С.Садуақасұлы, Н.Нұрмақұлы батыл түрде қарсы шыққанымен де Қазақстанды басқарып отырған Ф.Голощекин орталықтың көңілінен шыға білді. Өз халқының мүддесі жолындағы күрескер Сұлтанбек Қожанұлымен орталықтың мүддесін көксеуші Ф.Голощекин арасындағы саяси тартыстың қызып тұрған осы бір кезеңінде де ұлтжанды қайраткер қазақ жерін бөлшектеуге батыл қарсылық білдірді.

Ұлт мүддесі жолында күресуші табанды қайраткермен жұмыс істесе алмайтынын түсінген Ф.Голощекин Сұлтанбек Қожанұлын Қазақстаннан кетіруге бар күшін жұмылдырды. Орталықтан С.Қожанұлын Москваға шақырып алуды сұрады.

1925 жылы 19 қазанда болған Қазақ өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде орталықтың шақыруы бойынша Сұлтанбек Қожанұлын РК(б)П Орталықкомитетінің қарамағына жіберу жөнінде шешім қабылданады. Өзінің болашақтағы тағдыры белгісіз болып, қазақстаннан кетіп бара жатқандығына қарамастан ұлтжанды қайраткер республиканың болашағын алаңдап, осы бюро мәжілісінде Қазақ жерінің тұтастығын қорғау мақсатында мынадай ұсыныс жасайды: "Ввиду наблюдающегося выделенческого движения по всем окраинам КССР, со стороны национальных меньшинств (русских, узбеков и иных) и ввиду того, что это движение охватывает население важных по экономическому значению городов, и несмотрительное удовлетворение их требований может привести к лишению всех организующих экономических центров КССР и к фактическому управлению самого Казахстана, как государственной единицы - просить ЦК при рассмотрении вопроса о границах с Оренбургской губернии и о возможном выделении национальных меньшинств в других районах, рассматривать вопрос главным образом с точки зрения твердого обеспечения государственного существования КССР, как национальной республики" [10].

Өз ұлтының мүддесі мен болашақ тағдыры сарапқа салынар тұста ұлттық мемлекет құру жолында бар күш-жігерін, қайтпас қайсарлығын танытқан қайраткер тұлғаның саяси қызметі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі және өнеге.

### Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. 2018. 21 қараша
2. Образование казахской АССР. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1957. –с252
3. ҚР ПМ. 139-қ, 1-т, 818 в-іс, 71-72 п.п
4. ҚР ПМ. 719-қ, 1-т, 336-іс, 173-174 п.п
5. ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 1129-іс, 79-80 п.п
6. ҚР ПМ. 719-қ, 1-т, 336-іс, 168-172 п.п
7. ҚР ПМ. 139-қ, 1-т, 818 в-іс, 142-143 п.п
8. ҚР ПМ. 139-қ, 1-іс 816-т 76-77, 83-84 п.п.
9. ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 13 б-іс, 186 п
10. ҚР ПМ. 141-қ, 1-т, 136-іс, 194-п

**Аннотация:** В статье рассматривается политическая деятельность на пути к созданию Национальной республики государственного и общественного деятеля Султанбек Кожанова

Казахская земля славится великими именами, которые оставили свой след в истории народа своим наследием. Одной из самых выдающихся фигур такого рода является выдающийся государственный и общественный деятель Казахстана и Центральной Азии, ученый, публицист, поэт, переводчик, литературовед и педагог-просветитель Султанбек Кожанов, которому в этом год исполнилось 125 лет. Расширение правового статуса Казахской автономии и превращение

ее в союзную страну было одной из главных задач общественно-политической деятельности Султанбека Кожанулы. В статье также исследуется деятельность Султанбека Кожанулы, представляющий Республику Туркестан, который сосредоточил внимание на вопросах, важных для казахской автономии, развитие центра казахской автономии в густонаселенном районе Казахстана.

**Abstract:** The article consider the political activities on the way to the creation of the National Republic of state and public figure Sultanbek Kozhanov. Kazakh land is famous for its great names that have left their mark on the history of the people with their heritage. One of the most prominent figures of this kind is the eminent statesman and public figure of Kazakhstan and Central Asia, a scholar, essayist, poet, translator, literary scholar and educator Sultanbek Kozhanov, who turned 125 years old this year. The expansion of the legal status of the Kazakh autonomy and its transformation into a federal state was one of the main tasks of the social and political activities of Sultanbek Kozhanula. The article also explores the activities of Sultanbek Kozhanuly, representing the Republic of Turkestan, which focused on issues important to Kazakh autonomy, the development of the center of Kazakh autonomy in a densely populated region of Kazakhstan.

ӘӘЖ: 930(781)

### **Түрсүн Хазретәлі Маханұлы**

т.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи атындағы ХКТУ. Түркістан, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ИДЕЯСЫ**

**Түйін:** Мақалада С.Қожановтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі оның ұлттық мемлекеттілік құру идеясына қатысты талданады. Мәселені тарихи тұлғатану ұстанымдарымен қарастыра отырып, Қазақстан мен Орта Азиядағы ХХ ғасырдың 20 жылдары орын алған тарихи процестерге оның қаншалықты қатыстылығы айқындалады. Оның сан-салалы қызметіне баға беріліп, кеңестік реформаларды іске асыруда ұлттық-мемлекеттік мүддені басшылыққа алғандығы жөнінде деректер айналымға ұсынылады. Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы ұлттық-территориялық межелеу, жер-су реформасы, Қазақстанның астанасын Орынбордан Ақмешіт-Қызылордаға көшіру сияқты күрделі міндеттерді іске асырудағы оның саяси ұстанымдары талданады. Қайраткердің саяси көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен тарихи оқиғалар мен факторлар жіктеледі. Соның арасында Ташкенттегі қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын үйірмеден бастап, Алаш қозғалысының қызметіне қатыстылығы талданып, Қожановтың кеңестік биліктегі алаштық үлгідегі қайраткер екендігі туралы тың тұжырымдар жасалады.

**Кілттік сөздер:** С.Қожанов, мемлекет, саясат, ұлттық идея, Алаш, Ташкенттегі қазақ зиялылары.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі» [1] деп тарихи тұлғатанудың басты міндетіне айқындық берді. Дегенде, осындай күрделі мәселенің түйіні отандық тарих ғылымындағы тұлғатанудың теориялық-әдіснамалық мәселелері арқылы тарқатылатындығы белгілі. Ал қазіргі тарихи тұлғатану бағытының даму деңгейі, қалыптасқан ғылыми тұжырымдар мен өлшемдер алдағы атқарылатын міндеттерді іске асыру үшін де жаңа көзқараспен бағамдауды қажет етеді.

Академик М. Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер - жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін

халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркеніет көгінде жарастырушы болса керек» - деген ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихынан кей бір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [2, Б.366] деген пікір айтады. Тәуелсіздік жағдайында ұлттық тарихтың мазмұнын қайта бағалау тұрғысында айтылған бұл пікірдің көрнекті мемлекет қайраткері, биыл туғанына 125 жыл толып отырған Сұлтанбек Қожановқа тікелей қатысы бар деп білеміз.

Отан тарихында осы кезге дейін ғылыми тұрғыда игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Ал өзінің тарихи бағасын осы кезге дейін ала алмай келе жатқан тұлғалар бірі – Сұлтанбек Қожанов. Оның тұлғасын тану мен танытуға қатысты осы кезге дейін бірқатар арнаулы зерттеу еңбектер жарыққа шықты. Атап айтқанда, өзбекстандық тарихшы Р.Я. Раджапова, қазақстандық Т. Қожакеев, Р. Бердібай, Б. Қойшыбаев, Ж. Әлмашұлы, А. Шәріп, Ж. Симтиков, Ж. Уалиханова және т.б. ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектері осы қатарды толықтыра түседі. Әйтсе де, қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен әдеби-мәдени мұрасын зерттеп, зерделеуде кенжелік, сонын күткен кібірткітеу байқалады. Оның сыры неде болды екен? деген сауал әркімді де ойлантуы тиіс. Оның басты себебі С. Қожановтың партия мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған шынайы ұлтжандылығы болды. Тоталитарлық билік саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға да аса бір сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет жасағандар ақталып, олардың тұлғасы кеңестік тәрбиенің идеялына айналдырылды. Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық төзімсіздікке ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С. Қожанов сияқты партия қайраткерлерді саяси тұрғыда ақтау кейінге шегеріле берді. Бұл – кеңестік биліктің саясатындағы басты кілтпандардың бірі еді. Тәуелсіз қоғамымызда осы саясаттың тоңы жібiгендей болғанымен де тұлғатану бағытының методологиялық негізінің қалыптаспағандығы мәселені терең де жан-жақты зерттеуге қолбайлау болып келді.

Қайраткердің өз қызметіне қатысты соңына қалдырған биографиялық деректерінде партиялық биліктің ыңғайымен бүгіп қалған жайттары жоқ емес. Таратып айтар болсақ, ол мақалалары мен ресми баяндамаларында өзінің Алаш қозғалысына тікелей қатыстылығын айтудан тартынып келген. Қазіргі кезде ашық айтылатын мәселе - шын мәнінде С. Қожановтың Алаш қозғалысының өкілі және кеңестік билік жағдайындағы қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінде тәуелсіздікке және ұлттық мемлекеттілікке бағытталған алаштық идеяны одан әрі жалғастырған қайраткер болғандығы. Осы пікірді тереңірек өрбітіп көрейік.

1916-1917 ж.ж. Ташкент қаласында қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесі жұмыс істеген. Түркістан қаласында С. Қожановпен бірге 1918-1919 ж.ж. бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Ленинмен кездескендігі жөнінде естеліктер жазған Дүйсенбай Нысанбаевтың деректері Сұлтанбектің саяси жұмысқа тартылуына бастау болған «Кеңес» үйірмесінің қызметіне ғылыми талдау жасауға мүмкіндік береді.

Үйірме және оның қызметі туралы Д. Нысанбаевтың 1925 ж. 31 қаңтарында РК(б)П Қырғыз облыстық Бақылау Комиссиясына жасаған мәлімдемесінен [3, Б.173-185] аса құнды мағлұматтарға қанығамыз. Бұл құжаттың деректік құндылығы жоғары болатыны, онда өлкелік партиялық басшылыққа, ОГПУ органдарына Түркістандағы алашордашылардың қызметіне қатысты айғақ ретінде түрлі хаттамалар, газет тігінділері сияқты қомақты құжаттық деректер ұсынылған. Осы жерде құпия хат түрінде жазылған мәлімдеменің саяси оппоненттері тарапынан тікелей С. Қожановты әшкерелеуге арналғандығын атап айтқанымыз орынды болар.

Үйірменің төрағасы генерал Сейітжаппар Асфендиаров, орынбасарлары М. Шоқай және өмірі мен қызметі Түркістан қаласымен тығыз байланысты болған Садық Өтегенов болатын. Осы саяси үйірме ұлттық идеяларды іске асыруды өзінің бағдарламалық міндеті ретінде алға қойған еді. Үйірменің баспасөз органы «Бірлік туы» газетінің алғашқы

редакторы М. Шоқай, одан кейін Хайретдин Болғанбаев, ал 16-санынан бастап С. Қожанов редакторлық жасады. 1917 ж. қарашаның 26 күні Қоқан қаласында Бүкілтүркістан мұсылмандарының IV съезі Түркістан мұхтарияты (автономиясы) атты ұлттық үкімет жариялады, «Улуғ Туркистон», «Голос Туркестана» газеттерімен қатар «Бірлік туы» осы автономияның қазақ тіліндегі баспасөз органы болып бекітілді. Осы съезге және желтоқсан айында Алашорда үкіметін жариялаған Орынбор қаласындағы II Бүкілқырғыз съезіне делегат болып қатысқан С. Қожанов алаштық идеяны іске асыруға белсене араласты. Бұндай тұжырым жасауға деректік және дәйектік негіздер жеткілікті. Алғаш рет бұл тұжырым Түркістандағы партия-кеңес органдарының ресми құжаттарында «Алаш Орданың» түркістандық бөлімі «Бірлік туы» газеті органымен аттас ұйым болды. «Бірлік туы» газеті 1917 ж. маусымынан Ташкентте шыға бастады. Аталған газетті ұйымдастырушылардың тұғырнамасы дәлме-дәл алашордашылардың тұғырнамасындай еді» [4, Л.208] деген сипатта негізделді.

Жоғары партиялық инстанцияларға С. Қожановтың үстінен жазылған құпия хат түріндегі арыз-шағымдар бұнымен шектелген жоқ. Мұндай арыз-шағымдарды саяси ұпай жинау мақсатында әсіресе партия-кеңес қызметкерлері - олардың арасында Д. Нысанбаев сияқты үзеңгілес серіктері де бар, көптеп жазды. Олардың мазмұны «ұлтшыл», «алашордашыл», «оңшыл ауытқушы», «топшыл» деген саяси айыптауларға негізделіп, соңы «қожановшылық» айдарына айналды. Арнаулы органдардың мекемелерінде жинақталған бұндай компромат тиянақты талдаулармен БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының Құпия бөліміне жүйелі түрде жеткізіліп отырды. Республиканың саяси басшысы болғанымен оның әрбір ізін аңдыған мұндай әрекетті Орталықтың басқарып отырғаны да жасырын емес. Осындай жағдайда С. Қожановтың Қазақстанда қалыпты жұмыс істеуі және ұлттық идеяны іске асыруға еркін кірісуі мүмкін емес еді. Республикадағы саяси басшылыққа кәсіпқой революционер Ф. Голощекиннің келуі бұл саяси үдерісті өршітіп жіберді. С. Қожанов Мәскеуге кеткен соң оны айыптайтын саяси науқан кең өріс алды. Осыған байланысты С. Қожанов Қазақ өлкелік партия комитетіне 1926 ж. ашық хат жазып, ақталуға мәжбүр болған. Хаттың жазылу мақсаты оның Қазақстандағы қызметіне қатысты өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф. Голощекиннің өршіткен саяси айыптауынан басын арашалау болды. Осы хатты деректік тұрғыда талдағанда С. Қожанов Қазақстандағы саяси қызметінің сипаты мен мазмұны туралы өз аузынан баяндалған көп мағлұматқа қанығамыз. Сонымен бірге бұл құжаттан С. Қожановтың ұлтжандылық және мемлекетшілдік қызметіне негіз болған қоғамдық-саяси көзқарастарының өзегін танымыз.

Ол аталған хатында «Мен партияның алдыңғы қатарында жүріп мына мәселелерге белсене қатыстым:

Отаршылдық пен жергілікті ұлтшылдықты саяси тұрғыдан жоюға;

Жерге орналастыру және жер-су реформасын жүргізуге;

«Қосшы» одағын ұйымдастыру науқанына;

Орта Азияда ұлттық межелеуді іске асыруға;

Қазақстанның орталығын Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға және Қазақстанның ішкі құрылысында ұлттық мүддені күшейтуге тікелей араластым» [3, Б.250] деп баяндайды. Ұлтжанды қайраткердің саяси қызметі туралы өзі жасаған бұл қорытындыларының әрқайсына жеке тоқталып, нақты тарихи дәйектер және дәлелдермен кеңінен таратуға болады. Қайраткер қызметінің биік шыңдары болып саналатын ол жетістіктерді ғылыми тұрғыда талдап, тарихи танымның игілігіне айналдыру - таяу күндердің және осы бүгінгі ұрпақтың еншісі болуы керек.

Қай кезде де тарихи танымның рухани өзегі, ғылыми негізі болады. Кеңестік қоғамда алаштық үлгідегі қайраткерлердің тұлғасын танудағы рухани өзек таптық-партиялық



құндылықтар болса, оның ғылыми негізі маркстік-лениндік дүниетаным болғаны белгілі. Ал бүгінгі тәуелсіз қоғамымызда тарихи танымның талабы өзгерді. Мақсат та өзгерді. Қоғам жаңарды, қоғаммен бірге адам да жаңарды. Ендігі кезекте тарихи таным да жаңаруы тиіс. Тарихи танымды жаңартудың жөні осы екен деп жергілікті, аймақтық деңгейдегі тұлғаларды дәріптеу бүгінгі интеллектуалдық тарихқа жараспайды. Тұлғаларды танудағы әрекеттің алтын арқауы, жібек желісі - ұлттық мүдде болуы керек. Яғни, мәселе тура мағынасында қойылғанда - ол тарихи тұлға өз ұлты үшін не істей алды? деген сауалға жауап беруді қажет етеді. Сол сияқты, кейбір зерттеулерде кеңестік дәуірдегі партия-кеңес қайраткерлерін біржақты айыптау тенденциясы да жоқ емес. Ал олардың саяси қайраткер ретіндегі қызметіне берілер баға да оның қызметінен ұлт тағдырына қандай және қаншалықты зиян келді? деген сауалдың төңірегінде өрбімек. Бұл ұстанымдар рухани жаңғыру идеясына байланған тарихи тұлғатану бағытына өлшем бола алады.

С. Қожанов Түркістан өлкесіндегі кеңестік билікке дейінгі саяси қызметі өлкедегі қазақ зиялыларының «Кеңес» астыртын үйірмесінде хатшы, «Бірлік туы» газетінің редакторы болумен шектелген жоқ. Ол Сырдария облысы қазақтарының атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа да ұсынылды. Ал кеңестік билік орныққан кезде Түркістан уездік кеңесінің төрағасы, Сырдария облаткомының төрағасы, Ішкі істер, Халық ағарту, Жер істері халкомы, Түркатком төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшесі қызметтерін атқарды. Оның бірыңғай партиялық саясаттың сойылын соққан кейбір үзеңгілес серіктерінен ерекшелігі осы саяси қызметтерінде ол алаштық негіздегі ұлттық идеядан бір сәт те қол үзген емес.

Түркістандағы ұлт-азаттық күрес тәжірибелерін этникалық тұрғыда талдау және бағалау өлкедегі Алаш қозғалысы Оңтүстік қанатын (Түркістан қанаты деп атауға болады) дербес тарихи таным нысаны ретінде қарастыруға негіз болады. Оңтүстік қанаттың нақты ұйымдық құрылымы болмағанымен оның қызметінің мазмұны қазақ жеріндегі тарихи құбылыстың құрамды бөлігі болып саналады. Түркістан өлкесіндегі қазақ зиялыларының Алаш қозғалысы қайраткерлерімен тығыз байланыста болғандығы жөнінде деректер жеткілікті. Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының 1917 ж. Минскіден жолдаған жеделхатында түркістандықтардың да ата аталады. Сол сияқты түркістандықтар Орынборда өткен Алаш съездеріне де қатысқан. Орынбордағы шілде айында өткен съезден соң 2-5 тамызы күндері Түркістан қазақтарының съезі болып өткен. Орынбордағы съездің саяси тұғырнамасымен өткен жиын өлкеде «Бірлік туы» саяси бірлестігін құру мәселесін күн тәртібінен алып тастаған. Өйткені, Алаш партиясы құрылғаннан соң өлкеде ондай саяси ұйым құру қажет емес деп тапқан. С.Қожанов осы жиынға хатшы болып қатысты [4]. Өкінішке орай, қауырт саяси процестер өлкедегі Алаш партиясының ұйымдық құрылымының қалыптасуына мүмкіндік бермеді. Өлкедегі қазақ зиялылары ендігі кезекте Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының құрамында саяси күреске араласты.

Түркістандағы жергілікті халықтардың арасында отаршылыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысының өкілдері М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқай, Қ. Қожықов, С. Өтегенов және т.б. қайраткерлердің саяси қызметінде жаңа қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты. М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқай, Қ. Қожықов, Ә. Оразаевтардың өлкедегі саяси қозғалыстың және Түркістан мұхтарыятының басшылығында болуы олардың Алашорда үкіметімен байланыс жасауына мүмкіндік беріп, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды. Осы мәселе 1918 ж. 4-9 қаңтардында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде арнайы қарастырылды. Алаш Орда үкіметінің басшылары Б. Құлманов, Т. Құнанбаев, М.

Дулатовтар арнайы қатысқан съезд шын мәнінде Қазақстанның оңтүстігінде Алаш қайраткерлері ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналды. С.Қожанов осы съезді ұйымдастырушылардың бірі болды. Түркістан қазағын алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Алаш һәм Түркістан» мақаласында [5 Б.109-111] «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ: кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» деп ұлттық идеяның қолдау тапқандығы жазылды.

Түркістанда мемлекеттік құрылыстың, билік құрылымдарының қалыптасуы күрделі мазмұн алған. Бұл жерде дәстүр сабақтастығының іске асу қағидасы талап ететін міндетті түрде сақталуы тиіс қоғамдық шарттар бар. Соған сәйкес кеңес өкіметі ескі қоғамның билік институттарының мазмұнын мансұқтағанымен әкімшілік бірліктер, басқару құрылымдары түрінде олардың сыртқы формаларын сақтап қалды. Осы сияқты басқару элитасы орталық және жергілікті басқару органдары шенеуніктерінің орасан зор бөлігі әкімшілік басқару дәстүрлерін жалғастырып, жаңа қоғамда мазмұндық, түрлік жаңғыруды бастан өткізді. Кеңестік қоғамның басқару құрылымдарының негізін құраған ол мемлекеттік қызметкерлердің басты миссиясы екі қоғам арасындағы байланыстырушылық рөл еді. Өздерінің тарихи миссиясы бойынша ерекше маңызға ие болған бұл категорияның арасынан кеңестік қоғамда көрнекті қайраткерлерге айналған ұлттық элитаның мықты өкілдері өсіп шықты. Олардың қатарында М. Тынышпаев, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, А. Серғазиев, Қ. Ибрагимов, И. Тоқтыбаев, Б. Аралбаев, Қ. Сармолдаев, С. Есқараев, О. Жандосов, Т. Жүргенов, Н. Рүстемов, Ә. Палмұхамедов, Ә. Құдабаев, Н. Сатығұлов, Қ. Болғанбаев, Қ. Қожықов, Қ. Күлетов және т.б. көптеген тұлғаларды атауға болады. Олар Түркістан республикасының жоғарғы билік құрылымдарында басшылық қызметтер атқарып, жаңа қоғамда ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға елеулі ықпал жасаған еді. Олардың қызметіне ғылыми талдау жасағанда саяси көзқарастары мен өмірлік ұстанымдарының әртүрлі болғандығы басты назарда болуы керек. Бірі таптық, бірі ұлттық идеяға қызмет жасағанымен олар өз заманының перзенттері болатын. Бүгінгі көзқараспен кемшілік деп тануға болатын олардың кейбір әрекеттерінің сырын қоғамдық қайшылықтардан іздеу мәселеге сыңаржақ сипат берген болар еді. Тұлғалардың көзқарасындағы қайшылықтар олардың қоғамдық әрекеттерінен көрініс табатындықтан да мәселеге қарама-қарсылықтың күресі және бірлігі заңдылығы қағидаларымен баға беру тарихи ақиқатқа жақындата түсері даусыз.

С. Қожановтың Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің жоғары эшелонында атқарған қызметтерінде Алаш идеясын басшылыққа адалдығы көзге ұрып тұрады. Осы қызметтеріне қатысты мынадай қорытынды жасауға болады: біріншіден, оның алаштық қайраткерлерді Ташкентке шақырып, қызметке тартуы ұлт мәдениеті мен әдебиеті үшін барынша жемісті болды. Екіншіден, оның тікелей басшылығымен 1921-1922 жж. Жетісуда жүргізген жер-су реформасы алаштық идеяның іске асырылуының жарқын көрінісіне айналды. Үшіншіден, 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу кезіндегі қайраткерлігі қазақ елі мен жерінің тұтастығын көксеген алаштық идеяның іске асырылуына жасалған қызмет еді.

Елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерді мұғажырлық жағдайда жіті қадағалап отырған М. Шоқай большевиктер партиясы қатарына енгенімен өздерінің шынайы ұлттық элитаға тән азаматтық, отаншылдық биіктен төмендемеген қандастары туралы «Смағұл Сәдуақас, Қожанұлы Сұлтанбек және Меңдешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. Бірақ олар, өткен тәжірбиелері көрсетіп отырғандай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз. Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін

кам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айрылмайды деп сенеміз» [6, Б.60] деп баға береді. М. Шоқайдың саяси тұлғалар қызметін бағалауда олардың ұлтжандылық әрекетіне баса мән берген бұл пікірін әдістемелік негіз етіп алуға болатын танымдық қағида деп қабылдауға болатындай.

Әрине «көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерінің өмірі дегеніміз белгілі бір адамгершілік және әлеуметтік бағдарлар жүйесіндегі оның нақты ойлары мен әрекеттері ғана емес, ол сонымен бірге тұлғаның өзі саясат сахнасынан кеткеннен кейінгі де қоғамдық үдерістерге жасайтын ықпалы» [7, С.4] екендігін ескерсек аталған тұлғалар алдағы уақытта да ғылыми ойдың нысаны болып қала бермек. Осыған байланысты большевиктер көсемі В.И. Лениннің өзіне тән категориялықпен «Пролетариатқа саяси қайраткерлердің тірісі және өлісі туралы да шындық керек, өйткені саяси қайраткер атына шын мәнінде лайық болғандардың тәні бақилық болса да олар саясат үшін өлмейді» [8, С.8-9] деген тұжырымын қуаттауға болады. Демек, С. Қожановтың тұлғасы саясат үшін де, тарих үшін де қызмет жасайды. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Ұлттық мүдде бар жерде оған қызмет етудің өлшеміне айналған С. Қожановтың тұлғасы менмұндалайды.

Ендігі мәселе қайраткердің қоғамдық-саяси қызметін ғылыми танымның игілігіне айналдыруға байланысты. Бұл үшін ең алдымен С. Қожановтың өмірі мен қызметіне қатысты материалдар мен құжаттардың және шығармаларының жинақтарын ғылыми айналымға ұсыну. Алматы мен Ташкенттің, Мәскеу мен Орынбордың архивтеріндегі құжаттардың басым бөлігі ғылыми жұртшылыққа жетпей жатыр. Сол сияқты оның әдеби шығармаларының өзі қомақты дүние болмақ. Оның соңына қалдырған құжаттық деректерінің арасында бүгінгі ғылыми танымның қажетіне жарайтын, ұлттың рухын көтеруге қызмет ететін дүниелер аз емес.

С. Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі ұлтқа қызмет етудің жарқын үлігісі болды. Ол өзінің сан-салалы қызметінде топтық, аймақтық, тіпті таптық мүдделердің деңгейінде қалып қоймай ұлттық, мемлекеттік биліктен табылды. С. Қожанов сияқты ұлтжандылығы мемлекетшілікпен ұласқан, мемлекетшілігі ұлтының рухына қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер халықтың жадынан да, ғылыми танымнан да мәртебелі орын алуға әбден лайық.

Отан тарихының мазмұнындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, жекелеген тұлғалардың қызметін бағалауда ғылыми айналымға ұсынылатын тың құжаттық деректерден тарихи ақиқатты табу, тану, таныту үшін жаңа әдіснамалық негіз қалыптастыруда ұлттық, мемлекеттік мүдде басты назарда болуы тиіс. Тарихи ақиқатты бүкпесіз және боямасыз тарихи танымға ұсынуды талап ететін бұл ғылыми және әлеуметтік фактор отан тарихының мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтарға сай жаңалайды және қоғамдық ой сананы тұрақтандырады. Елбасының мақаласында тарихи сана қалыптастыруға қызмет етуі тиіс «Ұлы Даланың ұлы есімдері» бағытында атқарылатын кешенді жұмыстардың ғылымилығы осындай методологиялық тұжырымдарға негізделуі керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев. Ұлы Даланың жеті қыры / «Егемен Қазақстан». 21 қараша 2018 ж
2. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. -369 б.
3. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж.ж. Алматы: «Ел-шежіре». 2007. Т.3, Кн.1.304 с.
4. Сборник важнейших декретов, постановлений и распоряжений правительства ТССР за 1917–1922 гг. Ташкент, Издания Комиссии СНК, 1923, 213 с. (С.1-5)

5. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. желтоқсан 1917 – мамыр 1920 ж.ж. Алматы: «Алаш». 2005. Т. 2, 496 с.
6. Шоқай М. Тандамалы. 2 томдық. Алматы: Қайнар, Т. 2, 1999. 520 б.
7. Волкогонов Д.А. Сталинизм: сущность, генезис, эволюция: доклад по совокупности работ на соискание ученой степени доктора исторических наук. Москва. 1990, 47 с.
8. Ленин В.И. Полное собрание сочинения. изд. 5-е. М.: Политиздат, 1973, т. 20. 532 с.

**Аннотация:** В статье проводится анализ общественно-политической и государственной деятельности С.Кожанова с позиции создания национальной государственности. Вопрос изучается на основе принципов исторической идентификации и освещает степень участия Кожанова в исторических процессах Казахстана и Средней Азии в 20-х годах XX века. Дается оценка его работы на различных должностях, установлено, что при реализации советских реформ он руководствовался интересами национальной государственности, полученные результаты исследования рекомендованы для внедрения в научный оборот. Анализируется его политическая позиция в реализации таких сложных задач, как национально-территориальное деление, земельная реформа, перенос столицы Казахстана из Оренбурга в Акмешит (Кызылорду). Дается классификация исторических событий и факторов, повлиявших на формирование политических взглядов деятеля. Кожанов, начавший свою деятельность с кружка казахской интеллигенции «Совет» в городе Ташкенте, стал видным деятелем движения Алаш. Анализ его деятельности показывает, что работая на различных должностях при Советской власти, он оставался деятелем алашского образца.

**Abstract:** This article deals with the analysis the socio-political and state activities of Sultanbek Kozhanov from the position of creating national statehood. The question is studied on the basis of the principles of historical identification and highlights the degree of Kozhanov's participation in the historical processes of Kazakhstan and Central Asia in the 1920s of the 19<sup>th</sup> century. An estimation of his work in various positions is given, it is established that when implementing the Soviet reforms he was guided by the interests of national statehood, the results of the study were recommended for introduction into scientific circulation. His political position is analyzed in the implementation of such complex tasks as the national-territorial division, land reform, the transfer of the capital of Kazakhstan from Orenburg to Akmeshit (Kyzylorda). A classification of historical events and factors that influenced the formation of political views of the activist is provided. Kozhanov, who began his activities with the Kazakh intelligents circle "Sovyet" (Council) in the Tashkent, became a prominent figure in the Alash movement. An analysis of his activities shows that while working in various positions under Soviet power, he remained as an Alash leader.

ӘӨЖ: 930(781)

**Турсун Хазретали Маханович, Салгараев Марат Турганбаевич**  
д.и.н., профессор МКТУ имени Х.А.Яссауи, г.Туркестан, Казахстан  
старший преподаватель МКТУ имени Х.А.Яссауи, г.Туркестан, Казахстан  
**С.ХОДЖАНОВ – ДИРЕКТОР САХИПИ**

**Аннотация:** В данной статье рассматривается социально-воспитательная деятельность Султанбека Кожанова в организации Высшего технического университета. С. Кожанов, который понимал необходимость высшего технического образования в регионе, привел обоснованные аргументы в пользу отсутствия специалистов по централизованному управлению территорией. С. Кожанов, имел большой опыт работы в сфере организационных навыков и в сфере просвещения. Несмотря на все попытки игнорирования его интересов, он настойчиво защищал и осуществлял свои цели. Одной из самых крупных достижений С.Ходжанова это создание САХИПИ (Среднеазиатский хлопковый ирригационный политехнический институт) в Ташкенте – самого первого высшего технического института в Средней Азии и Казахстане. Создание вуза создала не только благоприятные условия для экономики местных народов, но и показала, что среднеазиатские и казахские народы так же в состоянии стать специалистами во многих сельскохозяйственных отраслях экономики как инженерия, агротехника, ирригация и пр.

**Ключевые слова:** С.Ходжанов, САХИПИ (Среднеазиатский хлопковый ирригационный политехнический институт), хлопковое хозяйство, ирригационное земледелие, Средняя Азия, ВТУЗ (высшее техническое учебное заведение), РСФСР (Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика), Среднеазиатское Бюро ЦК ВКП (б) (Центральный Комитет Всесоюзной Коммунистической партии (большевиков)), рабочие факультеты, хлопково-агрономический факультет.

С.Ходжанов выдающийся политический деятель тюркского мира, который за свою короткую жизнь сумел не только противостоять суровой и несправедливой политике советского руководства, но и во многом преобразовать культурную сферу деятельности народов Средней Азии и Казахстана. Несмотря на все попытки игнорирования его интересов, он настойчиво защищал и осуществлял свои цели. Одной из самых крупных достижений С.Ходжанова это создание САХИПИ в Ташкенте – самого первого высшего технического института в Средней Азии и Казахстане. Создание вуза создала не только благоприятные условия для экономики местных народов, но и показала, что среднеазиатские и казахские народы так же в состоянии стать специалистами во многих сельскохозяйственных отраслях экономики как инженерия, агротехника, ирригация и пр. Как основатель и первый руководитель САХИПИ С.Ходжанов до конца своей жизни прокладывал своему народу путь к образованию.

В конце 1920-х годах, в связи с прекращением обвинений С.Ходжанову национальной политической деятельности в Казахстане, он в целях дальнейшего углубления полученных знаний в Москве, просит отправить его в качестве учителя в одну из Среднеазиатских партийных школ.

28 декабря 1927 года на заседании Бюро Казахского Краевого Комитета ВКП(б) было рассмотрено заявление о деятельности С.Ходжанова в Казахстане. Заявление С.Ходжанова на заседании было ознакомлено первым секретарем Казахского Краевого Комитета Ф.И.Голощекиным. В целях полномочного руководства Казахской республикой, политическая деятельность С.Ходжанова была обвинена в «ходжановщине» и было ясно, что все возможности возвратиться в Казахстан у него были потеряны. Поэтому, по итогам заседания было вынесено решение о прекращении деятельности С.Ходжанова в Казахстане [1].

До этих событий, 19 декабря 1927 года на заседании Организации Бюро ЦК ВКП(б) под председательством секретаря Центрального Комитета В.М.Молотова было рассмотрено заявление о работе С.Ходжанова, в котором было принято решение о направлении и рассмотрении этого вопроса в Среднеазиатском Бюро ЦК ВКП(б) [1].

Время должности С.Ходжанова заместителем заведующего отдела по делам агитации, пропаганды и печати в Среднеазиатском Бюро с января 1928 по сентябрь 1929гг. совпало со временем коренизации советского правительства в национальных республиках. В связи с этим в образовательной системе местных народов появилась возможность осуществления коренизации быстрыми темпами.

Перед С.Ходжановым предстояло нелегкая задача дать образование местному населению и создания кадров из местных национальных представителей. В связи с этим политика коренизации востребовала готовых кадров высшего учебного заведения из местных национальностей. Таких кадров в Казахстане и Средней Азии было очень мало. Причиной тому был недостаток контингентов в высших учебных заведениях из-за малочисленности учащихся в средних школах.

Это было самой проблемной задачей в системе образовательной программы в тот период, необходимость совершенствования системы преемственности образования между звеньями средних школ и высших учебных заведений. Например, в 1932 году в общеобразовательных школах всего обучалось 47 казахов. А в 1939-40-х учебных годах во всех десятиклассных школах число всех казахов составляло всего 701 обучающихся [2, с. 88].

Уже в 1924 году было рассмотрено и принято решение в вопросе о выделении квот в высших учебных заведениях для представителей местных национальностей. Хотя комиссия Центрального Комитета в соответствии с этим решением высказывало о том, что: «в национальных республиках и областях необходимо сохранить необходимое число мест в рабочих факультетах и во всех учебных заведениях для местных национальностей» [3, с. 18], должным образом этот процесс не осуществлялся. С.Ходжанов в годы деятельности Среднеазиатского Бюро максимально следил за выполнением этого решения в пользу местного населения.

Кроме этого в этом направлении С.Ходжанов ставил вопрос об обучении представителей местного населения в центральных высших учебных заведениях Москвы и Ленинграда [4, 60-60 с.п.]. В Казахстане и республиках Средней Азии системы в высших учебных заведениях и техникумах были еще на уровне становления, поэтому специальных кадров было решено обучать в центральных учебных заведениях РСФСР. Студентов в России в основном отправляли в технические высшие учебные заведения, потому, что в Казахстане и республиках Средней Азии высшие учебные заведения в основном были педагогические и в сфере сельского хозяйства.

В середине 20-х годов комиссариат РСФСР назначил специальную бронь для малочисленных национальностей [5, с. 199-204]. 1928-29 учебных годах число бронь составила 1000 мест [6]. Но во многих случаях из-за малочисленности малограмотного местного населения эти места большим количеством наполнялись русскими и евреями [7, с. 247]. Хотя это были выводы официальных властей, на самом деле причиной было не малограмотность, а игнорирование прав местного населения, что являлось обычным процессом в тот период советского времени.

В январе 1927 года Зеленский по этому поводу высказывал, что 90% выделенных мест для республик Средней Азии, к сожалению, наполнены «европейцами» [8, с. 31]. В результате первоначальные выделенные брони центра не удовлетворили интересы отстававших в культурном отношении восточных национальностей. В связи с такими обстоятельствами Среднеазиатское Бюро ЦК ВКП(б) для удовлетворения, в особенности

подготовки технических специальностей, для населения Казахстана и Средней Азии поставил задачу создания высшего технического учебного заведения (ВТУЗ).

**Abstract:** In this article it is about activity of the famous statesman Sultanbek Hodzhanov. In it are given S.Hodzhanov’s ideas about creation of the Central Asian Federation during national and territorial delimitation in the republics of Central Asia in 1924. The activities of the famous state and public figure Sultanbek Khodzhanovich Khodzhanov (1894 - 1938) is directly connected with Tashkent. S.Hodzhanov actively participated in the national-territorial demarcation in Central Asia and in the creation of new Soviet republics held by the Soviet state at the end of 1924. The revolution, undoubtedly, pushed them far ahead, but nevertheless the ongoing revolutionary processes have features specific to the social system of Central Asia. Therefore, when assessing the content and significance of the question of delimitation, it is necessary to proceed from the evaluation, first of all, of these features of Central Asia.

<sup>12</sup> Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости. Научный редактор: Р.Я.Раджапова. –Ташкент: «Шарк», 2000. –С. 665.

УДК.391.31

## **Әлібек Сейдехан Нұрмахаұлы**

т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### **СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ – «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ РЕДАКТОРЫ**

**Түйін:** Біртуар, ұлы тұлға Сұлтанбек Қожановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, оның ішінде «Ақжол» газетінің алғашқы редакторы ретіндегі қызметі жан- жақты ашып көрсетілген. «Ақжол» газеті сол кездің өзінде-ақ ұлттық қоғамдық – саяси басылымға айналуы, оның басында ұлт уызына жарыған, Алаш зиялыларымен етене жақындықта болған С.Қожанов секілді тұлғалардың тұруынан деп білеміз. Ұрпағының болашағына алаң көңілмен қарап, ұлтының жоғын жоқтады, барын бағамдады. Осындай жұрт іздеп жүріп оқитын басылымның бірі – 1920 жылдың желтоқсанынан 1926 жылдың наурыз айына дейін Ташкент қаласында аптасына үш рет жарық көріп отырған «Ақ жол» газеті болатын. Жалпы баспасөзді қоғам өмірінің барометрі десек, «Ақ жолдың» бетінде тасқа басылып тарихта қалған материалдардың да деректік маңызын ашып көрсету, ғылыми құндылығын анықтау, ел тарихының дереккөзі ретінде кеңінен пайдалану өте маңызды. Өйткені кеңестік кезеңдегі қазақ баспасөзінің тарихы Х.Бекхожин, Ү.Субханбердина, Б.Кенжебаев, Т.Қожакеев сынды бірқатар ғалымдарымыздың зерттеу нысанына айналғанымен, «Ақ жол» секілді беделді басылымдардың терең зерттелмегені баршаға мәлім.

**Кілттік сөздер:** «Қазақ баспасөзі», «Ақжол», «Бірлік туы», алаш зиялылары, рухани жақындық, большевиктік билік.

Қазақ баспасөзінің тарихы тым тереңде жатыр. Әсіресе «Өмірде құны ескірмес, бағасы құнды асыл сөз» деп сөздің пірі – Сүйінбай жырлағандай, қазақ көсем сөзін өрге сүйреген сөздің құнын білетін ұлт қайраткерлері кеңестік кезеңде тарих сахнасына көптеп шықты. Сол себепті де болар, сол кезеңде шығарылған мерзімді басылымдардың дені шын мәнінде Алаштың Ахметі айтқандай, «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола алды. Ұрпағының болашағына алаң көңілмен қарап, ұлтының жоғын жоқтады, барын бағамдады. Осындай жұрт іздеп жүріп оқитын басылымның бірі – 1920 жылдың желтоқсанынан 1926 жылдың наурыз айына дейін Ташкент қаласында аптасына үш рет жарық көріп отырған «Ақ жол» газеті болатын. Жалпы баспасөзді қоғам өмірінің барометрі десек, «Ақ жолдың» бетінде тасқа басылып тарихта қалған материалдардың да деректік маңызын ашып көрсету, ғылыми құндылығын анықтау, ел тарихының дереккөзі ретінде кеңінен пайдалану өте маңызды. Өйткені кеңестік кезеңдегі қазақ баспасөзінің тарихы Х.Бекхожин, Ү.Субханбердина, Б.Кенжебаев, Т.Қожакеев сынды бірқатар ғалымдарымыздың зерттеу нысанына айналғанымен, «Ақ жол» секілді беделді басылымдардың терең зерттелмегені баршаға мәлім.

«Ақ жол» сол кезеңде Ташкентте басылып отырған «Жас алаш», «Сана», «Шолпан», «Жас қайрат», «Шаншар», «Жаңа өріс» мерзімді басылымдары секілді қоғам өмірінің ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосып отырды. Нақтырақ айтар болсақ, «Ақ жол» 1920 жылдың сәуірінен аптасына екі рет өз оқырманымен көрісіп, осы жылдың 27 шілдесіне дейін небәрі 14 нөмірі шыққан жоғарыда аталған «Жаңа өріс» газетінің негізінде құрылған болатын. Ал жаңадан жарық көргелі отырған, 12 мың данамен тарату көзделген газеттің жауапты редакторы болып Сұлтанбек Қожанов тағайындалса, жауапты хатшы міндетін Міржақып Дулатов атқарған. Сондай-ақ редакция құрамында олардан бөлек, Иса Токтыбаев, Хасан Алиев, Абдулла Байтасов, Қоңырқожа Қожықов, Хади Илаев, Ғабит Алпаровтар да болған [1]. Жарық көре салып сынға ұшыраған газеттің тізгінін ұстаған Сұлтанбек Қожановтың Ғалижан Рахметулиннің «Қызылдардың

жолы «ақ» болмаса керек еді, «Ақ жолға» ат қойғанда мен болсам «Қызыл жол» яки «Біздің жол» деп ат қояр едім» деген пікіріне: «Қазақ тілінде «ақ жол» деген сөздегі «ақта» «білгіштер» күстәналағандай жаман саяси мағына жоқ. «Ақ бата», «ақ көңіл», «ақ сөз», «ақ жол» һәм бұл сөздегі «ақ» дегеннің «тіл білгіш түріктердің» түсінуінен басқа екені анық білінді. Құр «біліп қана» қоймаған. Тура сөйлеп жүріп, туған тілінің мәні арқылы біліп, жүрегі сезетін қазақ жұрты ол сөздерді естігенде, көз алдында бір түрлі шындық, тазалық, қулық-сұмдықсыз жақсылықтың ең бірінші болып жеткен идеалы келіп тұрады.

... «Ақ жол» біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезді» [2], - деп орынды тойтарыс береді. Тіпті Ж.Досмұхамедов пен Т.Рысқұлов бастаған зиялылар да «Ақ жол» деген атауды барынша қолдаған. Байыппен үңілсеңіз, осы атаудың өзінде де көп мән бар. Ашығын айтқанда, сол арқылы ұлттық элитаның арман-аңсарын, идеялық бағытын анықтауға болады. Қалай дегенде де ел арасына кең тарап, кейіннен оның ұлт мұраты жолындағы күрестегі табандылығынан қаймыққан коммунистік билік «антикеңестік» деп баға берген газет ақиқатында ақ сөйлеп, адалдыққа үндеген, «қараңғы қазақ көгінде күн болуға» барынша тырысып баққан ұлттық басылымға айналды.

Олай болса Ақсұмбенің Сұлтанбегінің де «Ақ жолда» қалдырған өз қолтаңбасы бар деуге толық негіз бар. Яғни, сол 1920 жылға дейін алдымен 1908 жылы Түркістандағы орыс-түзем мектебін бітіріп, 1913 жылы 3 сыныптық қалалық училищені үздік тәмамдаған қайраткер 1915 жылдардың бедерінде идеялық жетекшісі М.Шоқай болып табылатын жастардың «Кеңес» атты жасырын ұйымының да белсенді мүшесі болды. Ал М.Шоқаймен байланыс «Ақ жолда» қызмет еткен кезінде де үзілмегенге ұқсайды. Ойдағыдай оқыды дейтініміз, Өзбекстан мемлекеттік мұрағатында сақталған Сұлтанбек Қожановқа берілген куәлік көшірмесінде оның Түркістан мұғалімдер семинариясының I-IV кластарын мерзімінен бұрын аяқтап, педагогика, орыс тілі, тарих, география, арифметика, геометрия, физика, парсы тілі секілді пәндерді 5-ке бітіргендігі жазылған [3]. Яғни, «Ақ жолға» келмес бұрын С.Қожанов әуелі Әндіжан уезінде ұстаздық етсе, кейіннен саяси көзқарасы қалыптаса келе 1917 жылы шілдеде Орынборда өткен бірінші жалпы қазақ съезіне делегат ретінде қатысып, тамыз айының басында өткен Түркістан аймағы қырғыз-қазақтарының жалпы жиналысына хатшылық жасап, Сырдария облыстық қырғыз-қазақ комитетіне мүшелікке және Бүкілресейлік құрылтай жиналысына өкілдікке сайланады.

Жалпы Сұлтанбек қазақ баспасөзіне, оның ішінде «Ақ жолға» кездейсоқ келген жоқ. Ол алдымен 1917 жылдың желтоқсанынан 1918 жылғы сәуірдің ортасына дейін «Бірлік туы» газетінде жауапты шығарушы қызметін атқарып, журналистік қызметтің қыр-сырына біршама қанықты. Тіпті осы қызметінде жүріп-ақ ұлтын ұлықтаған қайраткердің азаматтық ұстанымы қалыптаса бастады десек, ол артық айтқандық емес. Өйткені осы «Бірлік туының» белді басылымға айналуы үшін газет жұмысына М.Дулатұлы, Х.Болғанбайұлы, А.Мәметұлы, Ш.Сарыбайұлы, Қ.Құлетұлы, Н.Құлжанұлы, И.Тоқтыбайұлы сияқты қарымды қаламгерлерді тартып, Ахмет пен Міржақып бастаған ұлт зиялыларына ешкімнен тайсалмай қызмет берді, Мағжан Жұмабайұлының өлеңдер жинағына алғысөз жазып, баспа бетін көруіне көмек қолын созды. Яғни, белгілі ғалым Амантай Шәріпше айтқанда, Сұлтанбек Алаш қайраткерлерінің аға толқынына жас шағында қолғанат, есейген уағында қамқор болды [4]. Ал оның Қазан төңкерісін құп көрмегендігін, кеңестік билікті жақтамағанын сол «Бірлік туында» шыққан «Түркістанда орыс сиездері», «Өзіміздің большевиксінгендерге» т.б. мақалаларынан айқын көруге болады.

Біздіңше «Ақ жолдың» большевиктік биліктің баспасөз органы бола тұра ұлттық

қоғамдық-саяси басылымға айналуы оның басында ұлт уызына жарыған, Алаш зиялыларымен етене жақындықта болған С.Қожанов секілді тұлғалардың тұруынан деп білеміз. Тарқата айтқанда, ол Алаштың Ахметін «тіл тазартуға тынбай еңбек қылып келе жатқан, амал мәселесін іс жүзінде шешіп, тіл құралдарын жазып, қазақтың ұлт мектебіне негіз қалап, ұлт мәдениетінің түп қазығын мықтап қағуына еңбегімен себеп болған, қазақ ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері» [5], деп әділ бағаласа, біртуар ақын Мағжан кітабына жазған алғысөзінде де оның өлеңдерінің төл әдебиетімізде төрден орын табатынын сол кездің өзінде-ақ тап басып таниды. Демек, белгілі жазушы С.Мұқановтың Сұлтанбек турасында: «Совет өкіметіне қарсы өлең-жыр жазудан танбай келе жатқан алашордашыл ақын – Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; «Алаш» лидері Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылдың күзінде Орынборда 50 жылдық юбилейін Ташкентте өткізіп, Түркістан Республикасының басқарушы газеті – «Ақ жолда» Байтұрсыновты мақтаған мақалалар бастырды, портретін жариялады» деуі бекер емес. Ал Түркістандағы алаштық үлгідегі ұлттық элитаны топтастырушы, ұлттық идеялардың насихатшысы бола білген «Ақ жолда» С.Қожанов басшылық еткен тұста «Басқармадан», «Сыртқы хабарлар», «Ішкі хабарлар», «Бұйрық-жарлықтар», «Әйел теңдігі», «Жастар арасында», «Ресми бөлім», «Елден», «Басмашылар тарихы» секілді айдарлар болды.

Мәселен, «Басқармадан» айдарында оқырманмен байланыс жасалып отырса, «Сыртқы және ішкі хабарларда» сол кездегі кеңестік хәм әлемдік саясатқа баға беріліп, «Бұйрық-жарлықтар» және «Ресми бөлімде» қаулы-қарарлар, низамдар халыққа өз тілінде ұдайы түсіндіріліп отырылды. Мұның өзі орыс тіліне жетік емес жергілікті тұрғындар үшін өте пайдалы болғаны анық. Жалпы Сұлтанбектің Алаш зиялыларымен рухани жақындығы, қай қызметте жүрмесін маңайына ұлтының маңдайына біткен арлы да адал перзенттерін топтастыра білуі турасында да көп айтуға болады. Жоғарыдағыдан бөлек, тағы бір мысал келтіре кетейік. Кезінде С.Қожановты 1921 жылы күзде Ташкент қалалық Төтенше комиссиясы негізсіз қамауға алғанда, бұл бассыздыққа арашашы болған Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Төреқұлов болса, Қожанов та өз кезегінде 1924 жылы 5 қарашада жаңа мемлекеттік құрылымдарды ұлттық кадрлармен қамтамасыз ету ісін одан әрі нығайту үшін Нәзір Төреқұловты Қазақстанға қызметке жіберуді өтініп, И.Сталинге хат жолдайды [6].

Демек, Сұлтанбек пен Алаш зиялылары арасындағы рухани хәм достық байланыс желісі оның жазықсыз жазаланып, большевиктік биліктің құрбанына айналғанына дейін үзілмеген.

Жалпы «Ақ жол» газеті шығарушы-редакторларын мына жолмен тізімдеп шығуға болады: С.Қожанұлы, Н.Төреқұлұлы, Қ.Құлетұлы, С.Аспендияров, И.Токтыбайұлы, С.Оспанов, С.Үсенов, С.Баймақанұлы, Байғасқаұлы, Тоқжігітұлы, М.Қайыпназарұлы, Ж.Арыстанұлы. Тек соңғы жылдарда ғана газет «Жазушылар ұйымы» атынан шығып отырған. Ал «Ақ жолда» қызмет атқарып, кейіннен «Кедейшіл жас», «Ленин жолы», «Социалды Қазақстан», «Қарағанды пролетариаты» газеттерінде де редакторлық етіп, үлкен журналистік өсу жолдарынан өткен С.Үсенов туралы сөз бөлек болу керек. Өйткені оның өмір жолы мен қоғамдық қызметі, бай шығармашылығы әлі де болса терең зерттелген емес. Тіпті оның өңіріміздегі қазақ журналистикасының «қарашаңырағы» - бүгінгі «Оңтүстік Қазақстан» (бұрынғы «Ленин жолы») газетінің алғашқы редакторларының бірі болғандығы да зерттеушілер тарапынан назарға алынбай отыр. Өйткені бұл турасындағы мәліметтер де там-тұм ғана, зерттеулер де жоқтың қасы. Осы газеттің 85 жылдығына арналған «Оңтүстікті» кімдер басқарған?» атты мақалада мынадай жолдар бар: «1925 жылдың шілдесінде Ташкенттен Шымкентке көшіп келген

«Ақ жол» газетінің редакциясы қазіргі Түркістан көшесіндегі губерниялық сот ғимаратымен қатар қоныстанған екен. Бұл кездері редакцияда ағайынды Сейілбек, Әшір Үсеновтер, Бақы Молдалиев, Тәңірберген Отарбаев, Әкімәлі Байжасаров, Жанәлі Барқиев, жас тілшілер Тұрлыбек Райымбеков, Иманәлі Ырсымбетов, Әліхан Сүлейменов сынды қаламгер ағаларымыз қызмет еткен» [7]. Біз сөз етіп отырған «Ақ жолдың» ең соңғы саны 1926 жылдың 30 наурызында Шымкентте шыққанын білеміз. Дегенмен көзіқарақты оқырман «Ақ жолдың» ізбасары саналатын Сейілбек Үсенов басқарған «Ленин жолының» да ақиқаттан аттамауға, шындыққа қиянат жасамауға тырысқан газет болғандығын білсе керек. Біздіңше «Ақ жолда» өнімді қалам тартқан Сұлтанбек пен Сейілбектің арасында да бір рухани байланыстың болғаны анық. Өйткені өңір журналистикасын ілгері дамытуда елеулі еңбек еткен олардың жолдарының тоғыспауы әсте мүмкін емес. Себебі осы газетте С.Үсеновтің «Ескеру керек», «Қосшылар ұйымы жайынан», «Көзіңді ашып қара» т.б. мақалалары басылған. Сондықтан да «Ақ жол» мен «Ленин жолында» өз сүрлеуін қалдырған Сейілбек Үсеновтің де көсемсөзіне бүгінгі күн талабымен лайықты баға берілуі тиіс деп білеміз. Осы басылым тізгінін ұстаған ұлт қайраткерлерінің қай-қайсысы болмасын, газетті шын мәнінде халықтық басылымға айналдыруға барынша күш салды. Әсіресе, С.Қожанов қоғамдық-саяси, әлеуметтік, экономикалық т.б. өзекті мәселелерге дер кезінде араласып, ұдайы үн қосып отырды.

Айталық, 1921 жылы «Ақ жол» газетінде жарық көрген белгілі баяндамасында ол:

«... Бүгін, Түркістанда Кеңестер хукіметінің орнағанына 4 жыл болды. Далада көшіп-қонып, бытырап жүрген қырғыз-қазақ халқы бұл өзгерістің не екенін түсінген жоқ. Осы күнге шейін олардың ішінде шын кедейлер хукіметі құрылған жоқ.

...Мақсатпен орысша білгендер көбейді. Түркістанға келген төрелер пара алудан басқаны білмейді. Сондықтан адам болу пара алуменен орысша оқу болып табылды. Кедейлер қорлықта қала берді және біздің қазақта руға бөліну, ру намысы деген ауру бар. Енді бұны жою керек» [8], - деп жана биліктің жергілікті жерде насихатының тым кемшін түсіп жатқанын батыра айтып, отарлау саясаты әсерінен бұрын дархан мінезді қазақ арасында тіптен болмаған сыбайластық пен жең-ұшынан жалғасудың қоғамдық дертке ұласқанын қауіп көретінін жеткізсе де, жаңа үкіметке әлі де болса зор үміт артатынын «Түркістан қырғыз – қазақ еңбекшілерінің тұңғыш сиезі», «20-январь мәжілісі» («Ақ жол», №26. 1921 жыл) мақалаларында да тарқата түсіндіріп, өзінің өткір көсемсөздерімен азаматтық көзқарасын айқын танытып отырды. Сондай-ақ қаламгер Орта Азияны ұлт республикаларына бөлуге қатысты пікірталаста мәселені төтесінен қойып: "... нәтижесінде Ташкент бізге тиген жоқ. Өзбек ұлысының қаласы Өзбек мемлекетіне кетті.

... Кейбір жолдастардың а дегенде ала қашқан екпіні бір ұлттың ішіндегі руларын да ұлт деп санай бастаған. Желік пен уақыт та мәселенің мәнісін өзгерте алмайды һәм ұлт шекарасын ажыратудың саяси һәм түпкілікті керектігін жоя алмайды.

Бұл мәселенің ісі талас кедергісіне душар болатындығы анық. Қызарысу, қисая соғу, түрлі пікірлер түйісу деген болмай қалмайды. Бірақ партияның жолбасшылығы, еңбекшілер кеңесінің жұртшылығы бұл кедергілерді жойып, шекара ажырату жұмысы шарасыз, шатақсыз бітуі анық.

Саны 5 миллионнан артық жалпы қазақ һәм бөлінейін деп тұрған Түркістанның 2 жарым миллион қазағы да мұны тілейді. Ұлт шекарасын ажыратуды мен осылай түсінемін» [9], - деп ұлт тұтастығын сақтауда қазақтың жоғалтары аз болмайын деп тұрғанын жан-жүрегімен түйсініп, әрі Ташкентке ие бола алмай қалу қауіпін қалай сейілтерін білмей аласұрады. Баянсыз бастаманы қолдамаса да, оң пікір білдіруге мәжбүр болады. Қалай дегенде де баяндамаға байыппен үңілген кісі Қожановтың тұтас тарихымыздың айнасы іспетті, хандарымыз билік құрған, «Қарлығаш әулие» атанған



Төле биіміз төрінде жатқан Ташкентті көрші республиканың иелігіне басыбүтін берілуін қолдай алмайтындығын, шарасыздықтан жанын қоярға жер таппаған «ұлттым» деп соққан ұлы жүректің «жанайқайын» анық көреді. Сөйте тұра сабасына түсіп, ұлтты ұлт етуден қалдыратын жаңа құндылықтар мен халыққа қарсы реформалардың жеміссіздігін де қаймықпай бетке айтады. Жалпы ұлтты ұстап тұратын ұштаған – дін, діл, тіл екенін ескерсек, атеистік қоғамда дін турасында өз ойын ашық білдіре алмағанымен, тіл мәселесінде Сұлтанбек тосылып қалмайды. Осы баяндамасын оқу барысында берілген сұрауларға байыппен жауап берген қайраткер біріншіден, мемлекеттік тіл Қазақстанда қазақ тілі болу керектігін айтады да, кеңсе қызметіндегі азаматтардың көбінің қазақша білмейтінін атап көрсетіп, қазақшаны осы күнде орыстармен бірге үйреніп жүргендерді екі күннің бірінде көретінін күйіне жеткізеді [10]. Бір таңқаларлығы, бұл мәселе бүгінгі таңда да өз өзектілігін жоймай отыр. Демек, Сұлтанбек арман еткен тіл мәселесін мемлекет құраушы ұлт пайдасына түбегейлі шешу бүгін де басты назардан түспеуі тиіс. Түйіндей айтқанда, шекара бөлімінен қазақтың ұтары аз болғанын ашына айтқан редактор: «...Ташкенттен кеткен соң Түркістан қазағы тез арада мемлекет болып бірден аяқтанып кетерлік шаруа шарттарын жарыққа шығаруы қиындағаны да рас. Енді бізге Ташкент жоқ болғанда көретін күннің Ташкентсіз мемлекет жасаудың әрекетіне кірісуіміз керек» [11], - деп қайта дүр сілкінеді, қайратына мінеді.

Сондай-ақ, осы ұлттың территориялық тұтастығы қалыптасқан тұста ел астанасын таңдауда да өз байламын батыл білдіріп, былай дейді: «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жақын болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілдігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын» [12]. Бұл пікірге алып-қосарымыз болмаса керек. Себебі өркениет көшінен кейін қалмауды мұрат тұтқан қай елдің де өз астанасынан ұлттың рухы білініп, ұлттың иісі аңқып, ұлттық сәулеттің сән-салтанат құрғанын құп көретіні белгілі. Демек Қожанов та қазақ астанасында ұлттық құндылықтар барынша құрметтеліп, ұлт мүддесі ескерілмесе, ел болып еңсе тіктеудің тым қиынға соғатынын бар болмысымен сезінген. Жалпы оның қай мақаласын алмаңыз, ұлт жоғын түгендеуден танбайтын жанкештілігін көресіз. Яғни, қажет кезінде оның «Тоқпақ» болып төндіре айтып, «Тарпаң» болып шалқая шамдануы да зобалаң жылдарда нокта-жүгенге бой ұсынғысы келмеген асау да азат жұртының ертеңіне шын алаңдауынан туған болса керек.

Әйтпеген күнде «Мұны анықтау керек» («Ақ жол», №460, 21 июль, 1924ж), «Әзіргі Қазақстан» («Ақ жол», №485, 21 сентябрь, 1924 жыл), «Еңбек жұртшылығы бәрін жеңеді» («Ақ жол», №476, 28 август, 1924 жыл), «Қазақ ұлт мемлекеті жасалсын», («Ақ жол», №474, 24 август, 1924 жыл), «Орта Азия бірлігі хәм қазақ ұлты» («Ақ жол», №471, 17 август, 1924 жыл), «Кешіктірмей келісу керек» («Ақ жол», №517, 23 декабрь, 1924 жыл), «Қазақ-қырғыз бірлігі» («Ақ жол», №150, 12 март, 1922 жыл) т.б. мақалалары жазылмаған болар еді.

Осы тұста С.Қожановтың «Тарпаң» және «Тоқпақ» бүркеншік аттарымен жарияланған бірқатар мақалаларына да тоқтала кетейік. Жоғарыда аталған «Іс жүзінде орындау керек» мақаласында Сұлтанбек біріншіден, қазақ жұмыскерлерінің төменгі көпшілік жұртқа жалынбай, жоғары ұйымдарға, жоғарғы үкіметке шағынуы салтқа айналуы жергілікті басшылардың елмен етене жұмыс жүргізуге қабілетсіздігінен туындап отырғанын айтса, екіншіден, қазақ ұлты өкілдерін ел астанасы ретінде танылған қалаға көптеп қоныстандырудың ғана мемлекеттігіміздің іргесі берік болуына кепіл

болатынын баса айтады. Сондай-ақ «Шаруа қамы қазақшылықты жеңуі керек» («Ақ жол», №517 23 декабрь, 1924 жыл) мақаласында Шу ауданы, Ырғайты болысындағы жерге орналастыру жұмыстарында қиянаттың орын алып отырғанын қаперге салса, сонымен қатар ел әлеуетінің көтерілмей, тұрмысы төмендеп кеткенін де ашына жеткізген «Абайлау керек» мақаласының да мәні зор. Ал «Қазақстан кіндігі қай қала болсын?» мақаласында астананы ауыстыру хақында оқырманға ой сала келе қазақ ұлт мемлекетін қалыптастыру үдерісі аяқталғанша Ақмешіттің үлкен қалаға айналып үлгеретініне де үмітпен қарайды [13].

Әсіресе біздің назарымызды ерекше аударғаны – «Токпақтың» «Менің жауабым» және «Жалаң ұрандардан іске өту керек!» мақалалары. Мәселен, «Менің жауабым» мақаласында Сұлтанбек: «... Енді Мағжан өлеңдеріне келейік: бұл жөнінен менен қателік кеткен. Бастырғанымда, менің сол кітапқа саясаттан тысқары баға беріп, сөз басы жазып бергенім үлкен қате. Мұны мен жолдастарым көрсеткен күні-ақ мойныма алдым. Бастырған кезімде өзімше дәлелдерім де бар еді, бірақ қателікті мойынға алған соң, қайта күйсеп, уәж айтып отыруды орынсыз деп білемін.

«Қатесінен танбай, табандап қатені қорғап, аяғына дейін алып барса, кішкентай катеден әрқашан адам нанғысыз үлкен қате шығару мүмкін емес» деген Ленин.

Менің қателігім болған, мойныма аламын. Бірақ мен жаңылсам, көп жаңылмасын, мен қателесем, партия түзетер деп ойлаймын» [14], -деп амалсыз соңына шырақ алып түсушілердің ығына жығылғандай ыңғай танытса да, ызадан жарылардай болып, көргенді ұғып, білгенді істеу деген «кемшіліктен» әлі де сау еместігін алға тарта отырып, мұнан былай да түк қате қылмауға уәде бере алмайтындығын айтып, өзінің жауабын аяқтайды.

Осылайша ақын дауылпаз ақын Мағжан жырларына араша түсе алмағанына опынады. Бір қызығы, біз жоғарыда сөз еткен Сейілбек Үсенов те Мағжанды үйіне қонаққа шақырғандығы себепті «халық жауы» ретінде «Бостандық туы» газетін басқарып отырған жерінен тұтқынға алынған деген сөз бар. Демек қос қайраткердің де рухани үндестігін, ұлттық мұраттарға адалдығын осы жерден іздеген жөн бе дейміз.

Ал «Жалаң ұрандардан іске өту керек!» мақаласында ол: «...Қазақшылық» деген аты-жөні дайынсыз сылтау әлі де талайдың абиұрын жауып, жанына ара түсіп келеді.

Қазақ арасында көп жерде тап күресі деп жүргеніміздің тең жарымы ру таласы боп шыққаны, басшыларымыздың жол таласы деп жүрегінің көбісі бақталастық болып шыққаны, білгіштеріміздің бұрынғы сөзі мен соңғы сөзі басқа-басқа болып кеткеніне қызмет орны өзгергенін дәлел қылған мысалдары партия мүшелерінің арасына тап айырмасын жүргізбекші болған қияңқылықтар» [15], -дейді. Осылайша істен гөрі сөзге бейім ұлтқа айналып бара жатқанымызға қауіппен қарайды, ұлт бойына біткен оғаш қылық, теріс мінездерден арылудың жолын табуға тырысып бағады. Әрине, бір ғана мақаламен Сұлтанбек Қожановтың ұлт үшін сүрген ғибратты ғұмырын толық әрі терең шолып шығу мүмкін емесін білеміз.

«С.Қожанов жоғары мәдениетті тұлға еді, Түркістанда ішкі істер, ағарту, жер істері наркоматтарын басқарды, «Ақ жол» газетінің алғашқы редакторы болды, қазақ халқының ұлттық санасын көтеруде көп жұмыстар атқарды, ұлт мәдениетін алға сүйреп, ғалымдардың, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің тірегі бола білді» деп Елбасымыздың өзі шынайы да әділ бағасын бергеніндей, Сұлтанбек Қожанов большевистік билікке қызмет еткенімен, қашанда ұлттық элитаға ғана тән азаматтық биігінен, ұлтшылдық тұғырынан төмендемеген тұлға. Олай болса Ақсүмбенің ұлынан Алаштың азаматына дейінгі өсу жолынан өткен, ұлтының қамын қара басынан әрдайым жоғары қоя білген біртуар тұлғаның өмір жолы мен қоғамдық қызметі әлі де тереңірек зерттелуі тиіс деп білеміз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Тұрсын Х. «Ақ жол» газетін ақтарсақ... //Түркістан. – 2012 №13, 29 наурыз.
2. Басқармаға хат. //Ақ жол – 1921, 6 январь, №11.
3. ӨРОММ, Ф.И-366, 1-тізбе, 44-іс, 2 п.
4. Шәріп А. Ұлтын ұлықтаған қайраткер //Егемен Қазақстан, 4 желтоқсан, 2007 жыл.
5. Ақ жол, 1924 жыл, 3 сәуір.
6. РГАСПИ. Ф.17.84-тізбе, 721-іс, 1-1 П.
7. Оңтүстік Қазақстан №148. 1 қазан, 2009 жыл.
8. Сұлтанбек Қожановтың баяндамасы // Ақ жол, №27. 19 февраль, 1921 жыл.
9. Ақ жол, №471, 17 август, 1924 жыл.
10. Сұрауларға жауап // Ақ жол, №506. 26 ноябрь, 1924 жыл.
11. Сонда.
12. «Іс жүзінде орындау керек» // «Ақ жол», №514. 1924 жыл, 15 декабрь.
13. Қазақстан кіндігі қай қала болсын? // «Ақ жол», №530. 28 январь, 1925 жыл.
14. Менің жауабым // Ақ жол, №530. 28 январь, 1925 жыл.
15. Жалаң ұрандардан іске өту керек! // «Ақ жол», №549. 16 март, 1925 жыл.

**Аннотация:** В данной статье автор на основе привлечения архивных документов и материалов осветил основные этапы общественно - политической жизни видного деятеля Султанбека Кожанова, в частности работы в качестве ответственного редактор казахской национальной газеты «Ақ жол». Перспектива будущего казахской нации тревожила С.Кожанова. Одним из таких зданий была газета «Ақ жол», которая выходила три раза в неделю в Ташкенте с декабря 1920 года по март 1926 года. В целом пресса является барометром общества, очень важно использовать материалы «Ақ жола» как источник истории страны, раскрыть историческую значимость материалов, которые были опубликованы и определить его научную ценность. История казахской прессы в частности газета «Ақ Жол» в советское время стала предметом исследований наших ученых таких как Х.Бекхожин, У.Субханбердина, Б.Кензебаев, Т.Кожакеев.

**Abstract:** In this article the author draw on an archive of documents and materials covered the main stages of social-political activities of Sultanbek Kozhanov, in particular the work of the responsible editor of the national newspaper «Akzhol». The prospect of the future of the Kazakh nation was alarmed by S. Kozhanov. One of such buildings was the newspaper Ak Zhol, which was published three times a week in Tashkent from December 1920 to March 1926. In general, the press is a barometer of society, it is very important to use the materials of Ak Zhol as a source of the country's history, to reveal the historical significance of the materials that were published and to determine its scientific value. The history of the Kazakh press in particular, the Ak Zhol newspaper in Soviet times, was the subject of research by our scholars such as H. Bekhozhin, U. Subhanberdina, B. Kenzebaev, T. Kozhakeev.

УДК 574

**Садықулова С.С., Мулдахметова Ж.И.**

т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **С.ҚОЖАНОВ–ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, АҒАРТУШЫ, ЖАСТАР ЖАНАШЫРЫ**

**Аннотация:** Мақала арқау болған ұлт ардақтысы С.Қожановтың - қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен ағартушы қызметіне арналған. С. Қожановтың тұлғасы саясат үшін де, тарих үшін де қызмет жасайды. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Ұлттық мүдде бар жерде оған қызмет етудің өлшеміне айналған С. Қожановтың тұлғасы менмұндалайды Академик М. Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек» деген ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихынан кей бір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» деген пікір айтады. Тәуелсіздік жағдайында ұлттық тарихтың мазмұнын қайта бағалау тұрғысында айтылған бұл пікірдің көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановқа тікелей қатысы бар деп білеміз. Отан тарихында осы кезге дейін ғылыми тұрғыда игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Ал өзінің тарихи бағасын осы кезге дейін ала алмай келе жатқан тұлғалар бірі – Сұлтанбек Қожанов. Оның өмірі мен қызметінің елі мен жеріне, ұлты мен халқына, қала берді күллі түркі дүниесіне жанашырлықпен қараған іс-әрекеттерін зерделеп, халыққа таныту қажет. Оның басты себебі С. Қожановтың партия мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған шынайы ұлтжандылығы болды. Тоталитарлық билік саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға да аса бір сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет жасағандар ақталып, олардың тұлғасы советтік тәрбиенің идеялына айналдырылды. Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық төзімсіздікке ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С. Қожанов сияқты партия қайраткерлерін ақтау кейінге шегеріле берді. Бұл – советтік биліктің саясаты. Тәуелсіз қоғамымызда осы саясаттың тоңы жібігендей. Қайраткердің өз қызметіне қатысты соңына қалдырған деректерінде партиялық биліктің ыңғайымен бүгіп қалған жайттары да жоқ емес. Қорыта айтқанда, С. Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі ұлтқа қызмет етудің жарқын үлігісі болды. Тарих ғылымдарының докторы, Түрсүн Хазретәлі Маханұлының пікіріне сүйене отырып « Оның өзінің сан-салалы қызметінде топтық, аймақтық тіпті таптық мүдделердің деңгейінде қалып қоймай ұлттық, мемлекеттік биліктен табылды. С. Қожанов сияқты ұлтжандылығы мемлекетшілікпен ұласқан, мемлекетшілігі ұлтының рухына қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер халықтың жадынан да, ғылыми танымнан да мәртебелі орын алуға әбден лайық» деп есептейміз.

**Кілттік сөздер:** Алаш қайраткерлері, ұлт мүддесі, тоталитарлық билік, саяси, қуғын-сүргін құрбандары

Биыл қазақ тарихында есімдері алтын әріптермен жазылған І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Қожанов сынды ұлт қайраткерлерінің 125 жылдық мерейтойлары. Солардың ішінде шоқтығы биік, алты Алаштың ардақтысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист С. Қожановтың орны бөлек.

XIX ғасырдың ардақты ұлы, ұлтының қамы үшін қырық төрт жасында сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының жаңғыруы мен бірлігі үшін күреске арнаған асыл азамат. Дәуір басында ес біліп, тулап жатқан дүние толқынында шыныққан ерте жетілген, ерте жетілуге халқының аянышты халі мәжбүр еткен боздақтардың бірі. Ол 1894 жылы 10 қыркүйекте қазіргі Оңтүстік Қазақстан

облысы, Созақ ауданына қарасты Ақсүмбе деген ауылда туған.

Аты ұмыттырылуға жататындардың қара тізіміне шегелеп жазылған, қапасақ тығып тасталғандықтан, кеңес дәуірінде оның азаматтық бейнесі көмескіленген.

Тәуелсіздігіміз жазықсыз жапа шеккен тұлғаларды, солардың ішінде С.Қожановты да рухани өмірімізге қайтарды.

Сұлтанбек Қожанов қайраткер ретінде көптеген күнделікті жұмыстармен бірге ең басты мынадай теориялық мәселелерді басты назарда ұстаған:

-ұлт мәселесі

-жер мәселесі

-халық ағарту ісі үш мәселеге ерекше көңіл аударғанын тарихи деректер куәландырады.

Ол жер мәселесі туралы өз ойларын жасырмай, ашып отырады. Өртүрлі жиналыста сөйлеген сөздерінде, баспасөзде жарияланған мақалаларында жер туралы өзекті ой қозғай білді. Шаруаларға жерді бөліп беру, сол арқылы отырықшылыққа үйрету керектігін айтудан жалықпаған.

Оқу-ағарту мәселелерін де назардан тыс қалдырған жоқ. Туған халқына шын жаны ашыған азамат қысқа мерзім ішінде үл-қыздардың сауатын ашып, басқа елдердің мәдениетімен, әдет ғұрпымен тезірек танысқанын арман етті. Оқыған адамның өрісі де биік болатынына кәміл сенді. Әрдайым мазасын алған өзекті мәселелердің бірі ұлт мәселесі болды. ХХ ғасырдың 20-ші жылдардағы Түркістан өлкесінің жағдайы аса ауыр еді. Бұған дейін өзбек-қырғыз, карақалпақ, татар, қазақ болып бөлінбей-ақ, бір жағадан

бас, бір жеңнен қол шығарып дегендей, ауыз біршілікті өмір сүріп келген Орта Азия халықтары арасында бірлі-жарым алауыздықтар байқалып қалып жатты. Оған қоса мұсылмандар бір-бөлек, басқа діннің өкілдері бір бөлек болуы тиіс деушілер де табылды.

1921 жылы 20 сәуірде Орталық Атқару Комитетінің кезекті сессиясы өткізідді. Сессияның күн тәртібінде ұлт мәселелері де кірді. Сонда сөйлеген сөзінде: -Қырғыздарда «Бояушы бояушы десе, сақалын бояйды» деген аталы сөз бар, бұны кейбір ұлт мәселелерін дұрыс түсіне білмейтін жолдастардың әрекетін ашып көрсету үшін әдейі айтып отырмыз. Ұлттар тағдыры туралы сөз, жолдастар, жәй ғана айтылуы керек болған соң ғана айтылып отыр деп ойлап қалмаңыздар. Бұл мәселе керек етсеңіздер, Түркістандағы Кеңес үкіметінің не өмір сүруі, не құрып кетуі туралы болып отыр. Бұған осылай қарау керек: әрбір саналы азамат мұнымен ойлауға тиіс емес, бұл өте маңызды шаруа- дей отырып, Түркістан Орталық Атқару Комитетінің жанынан ұлт мәселелерімен айналысатын не бөлім, не арнаулы комиссия құрылуы керектігіне тоқғалады [1].

Өз халқының шын жанашыр ұлы екенін Сұлтанбек Қожанов 1923 жылы 9-12 маусымда өткен РКП(б) Орталық Комитетінің ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерімен өткізілген төртінші кеңесте тағы да дәлелдеді. Бұл кеңесте Түркістан халықтарының болашақ тағдыры туралы ерекше аландатушылық танытты.

Біз ашығын айтқанда, С.Қожановты осы күнге дейін бір қырынан танып келген сияқтымыз. Мерзімдік баспасөз беттеріндегі мақалаларда оның өмірбаяны, партияға, халқына сіңірген аз-кем еңбегі айтылады, оның журнал-истігі, публицистігі, ақындығы жөнінде айтылмайды.

С.Қожанов-журналист, публицист, әдебиетші, ақын болғандығын ғалымның «Лениншіл жас» газетінің 1990 жылы шілденің 22-де жарияланған «Жастар болар елге егең және «Алматы ақшамын» газетінің 1990 жылғы қазанның 29-да жарық көрген «Ары барға айтпай тиер кесек бар» атты мақалалары. Осы екі жарияланымда ғалым, Т.Қожакеев Сұлтанбектің журналистік, ақындық, әдебиетшілік қабілеті төңірегінде ой қозғайды, өз пайымдауларын білдіреді. Партия, кеңес қызметтеріне белсене араласа

жүріп, өз ойлары мен тұжырымдарын мерзімдік баспасөз беттерінде жиі жариялатуы негізінен алғанда 1924-1925 жылдар болып табылады. Осы екі-үш жыл ішінде С.Қожанов көптеген мақалалар жариялатады. Оның жазғандары сол кезде үзбей шығып отырған «Ақ жол», «Еңбекшіл қазақ» газеттерінде, «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көріп жатты. Және ол бұл кезеңде баспасөзге тиіп-кашып араласпады, үнемі байланыста болып, заман ағымына өз үнін қосып отырған. Жастарға сенім артты. Болашақ жастардікі екенін қадап айтты. «Ақ жол», «Қызыл Қазақстан», «Жас қайрат» басылымдарында жастарға арналған көптеген мақалалары жарияланды.

С.Қожанов өз жанынан өлең де шығарып, сол кездің әлеуметтік мәселелеріне ақын ретінде де үн қоса білген. Қазақ ел болса екен, кеудесін көтерсе екен деген арманы болған. Оның жазғандарының бәрі де қоғамның кеселін көрсетуге, жақсылыққа үмтылуға арналып отырады. Қожанов халықты, қазақ жастарын оқытып, тәрбиелеуге тікелей көңіл бөліп отырған.

Халықты қараңғылықтан құтқару жолында жасаған көп жұмыстарының қатарында С.Қожанов белсенділігін пайдалануы да ескереді. Ол 1921-1922 жылдары Халық ағарту комиссары қызметінде жүргенде Түркістан Ағарту Халкоматының мемлекеттік ғылыми кеңесі 1922 жылы желтоқсанда қазақ-қырғыз мәдениетін көркейткіштердің «Талап» атты қауымының жарғысын бекітіп, 822 —ші нөмірмен кеңсе кітабына тіркеген. Жарғыда қауымның мақсаты:

1. Қазақ-қырғыз әдеби тілінің терминологиясы
2. ұлттық өнерді зерттеу
3. тарихы мен тұрмысын зерттеу
4. қазақ-қырғыз институтында сабақ беру мәселелерін талдау
5. ғылыми қызметкерлер мен өнер қайраткерлеріне жәрдем беру арқылы қазақ-қырғыз халқының мәдени дамуына ықпал ету.

Ол қоғамдық - саяси, шаруашылық-экономикалық және мәдени ағарту салаларында қызмет істей жүріп, өзі өмір сүрген кездің ең өзекті де өткір мәселелерін қалам ұшымен «Бірлік туы», «Ақ жол» т.б. газеттерінің және «Шолпан», «Қызыл Қазақстан», «Жас қайрат», «Лениншіл жас» журналдарының беттерінде публицистік туындылары арқылы көрсетіп отырады.

С.Қожановтың алғашқы баспа жүзін көрген жеке кітапшасы - «Есеп тану» туралы 1924 жылы жарыққа шықса, оның өзінде 1921-1924 жылдарындағы Ташкентте студенттер алдында оқыған лекциялары, кездесулерде сөйлеген сөздерінен түзілген.

С.Қожанов екінші бір баспа жүзін көрген шағын кітапшасы — «Кеңестік Түркістан Автономиясының он жылдығына» атты еңбегі.

Осы шағын еңбектегі автордың ең басты көздеген мақсаты көпұлтты қазақ жеріндегі қазан төңкерісінің жеңісі, оның қалт-құлт етіп аяқ басуы, жергілікті ұлт өкілінен шыққан революциялық күштерді жария ету.

Ойымызды түйіндеп айтар болсақ - С.Қожановтың баспа жүзін көрген қос еңбегі де тарихи кітапша ретінде өте маңызды. Екеуінен де уақыттың, заманның, қоғамның лебін сезінеміз.

1924 жылы Орта Азия республикаларын межелеу кезінде қазақ халқының оқу-ағарту саласы көптеген нәрседен қалып қояды. Түркістан коммунистік партиясының Орталық комитетінің 1924 жылы 23-24 наурызда өткен пленумда сөйлеген сөзінде С.Қожанов мынадай мәлімет береді: Перовскіде бір орыс, бір қазақ және екі өзбек мектебі бар. Менің ойымша Перовскіде өзбек халқы кеп деуге болмайды, бірақ сонда да екеу, мұғалімдері кім екенін білмеймін. Міне саясат неден.

Бұл ағартушының қазақ қалың қоныстанған аудандарында ұлттық мектептердің өсіп өркендей алмай жатқандығын, жалпы мәдениет майданындағы кемшіліктерді атап өтуі

еді. С.Қожанов «Оқушыларды ескеру керек» деген еңбегінде бұрын түпкілікті қарастырылған мәселелерін қайта қарап, оның ішінде мұғалімдердің қадірін түсінуге шақырады. Ол үшін мұғалімдердің айлық ақысын өсіру керектігін, беделін көтеретін шараларды іздеу керектігін айтады.

«Оқу жұмыстары жұртшылықтың туы, жұртшылыққа құрал болуға тиіс, «Қазақ-қырғыздың ұлт мектебін жасауға кірісіндер», «Даярлау бөлімдері керек» деген мақалалары оның ағартушылық көзқарастарының әр қырының көрінісін сипаттайды. Қайраткерлігі мен қаламгерлігін тығыз ұштастыра білген ағартушы халықты сауаттылыққа жетелеу ісінде, науқандық жұмыстарды да бар тәнімен жүзеге асыруға тырысқан. Өзі төраға ретінде қол қойған Түркістан Орталық атқару комитетінің жарнамасында С.Қожанов былай дейді: «Кейінгі жас өспірімдердің білім алып, көгеруі-жалпы әлеуметтік борышы. Жалпы еңбекшіл әлеумет болып, жастарды тәрбиелеп, ғылыммен азықтандыру жолына жәрдемге кіріссеніздер!.. Халық ағарту айының көздеген мақсаты: ашылған мектептерді қаражат жағынан жәрдем беріп, мұңсыздандыру болады»[2].

С.Қожанов жастарды сүйген де, студенттермен сырлас болған. Ол жастардың болашағына қоғамды алға апаруға атқарар қызметіне ерекше мән берген Қазақ халқын алға сүйреуде сарқылмас күш-қуаттың қайнар көзі, бұлағы жастар екенін, тіректі солардан іздеу, соларға сүйену қажеттігін білген. Ол: «Міндет-енді жетіліп келе жатқан, бұзылмаған жас буыннан басшылар әзірлеу, оларды еңбекшіл, еңбек адамдарының қамқоры етіп тәрбиелеу» деген [3].

Жастарға сенім арту, олардан талап ету бар да, оларға қамқорлық ету бар. Жалпы жұртты, олардың ішінде жаңа заман жастарын оқытып, үйретіп, баулып, тәрбиелеуге ерекше мән берген. Өнер-білімнің әр елді, әркімді өрге сүйрейтінін, өнері өсіп, сауаты артқан, зиялылары көбейген халықын елдікке, жұрттыққа тез жететінін, ілгерілер қатарына тез қосылатынын жақсы түсінген. Сондықтан Түркістан республикасы мен Қаз АССР-і еңбекшілерінің көзін ашып, көкірегін оятуда, сауаттандырып, мәдениетін көтеруде бастаудың басында тұрған.

Қорыта айтқанда, С.Қожанов қазақ халқының басқамен терезесі тең, іргелі ел, ірі республика болуына зор үлес қосқан, бұл жолда қажымас қайратпен, отты жүрекпен еңбек еткен үлкен қоғам қайраткері, айтулы ағартушы, мәдениет майданының зор ұйымдастырушысы, жастардың жанашыры, жалынды публицист болған.

Елі үшін туған асыл ағалардың өмірі бүгінгі ұрпақ үшін халқына қызмет етудің үлгісі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ж.Әлмашұлы. С.Қожанов. «Жұлдыз» 1992 ж. 126.
2. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Алматы: Елшежіре, 2007. Т.3. Кн.1.-304 с
3. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. 1917, желтоқсан 1920, мамыр. Алматы: 5. «Алаш». 2005. Т.2, С. 496.
4. Қ.Тілегенов. «Шығыстың Сұлтанбегі» Оңтүстік Қазақстан. 1997 ж. 6 маусым.
5. Б.Қойшыбаев. Сұлтанбек Қожанов. Алматы. Қазақстан. «Қазақстан» 2007.
6. Сөздік-Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Словарь, Алматы 2001, 369 б.

**Аннотация:** В статье рассматривается творческое наследие видного общественного и государственного деятеля 30-ых годов, поэта, публициста и ученого Султанбека Кожанова.. Имя Султанбека Кожанова вписано в историю Казахстана золотыми буквами за его беспрецедентный по величию поступок: именно он был автором идеи переноса столицы Казахской ССР из Оренбурга в Кызыл Орду. Политическую деятельность начал с подпольной молодежной организации «Кенес» из числа учащихся семинарии. В 1917 году в Ташкенте вместе с

М.Шокаем, К.Ходжиковым, К.Болганбаевым, С.Акаевым выпускал газету «Бирлик туы». Активно поддерживал Туркестанскую автономию. Являясь членом центральной комиссии по борьбе с голодом, организовал в 1918 году специальные места для голодающих в Туркестанском, Созакском, Жанакорганском, Кызылкумском, Шиелинском районах. В 1919-1920 годах работал в конце 1920 года Султанбек Кожанов назначен народным комиссаром внутренних дел Туркестанской республики, в октябре 1921 года – народным комиссаром просвещения. В области просвещения требовал преподавания на языке местного населения. Внес значительный вклад в развитие печати и национального театра Туркестана. Кожанов организовал выпуск газеты «Ак жол» и был назначен первым редактором этой газеты. Особое внимание он уделял состоянию сельского хозяйства. В 1922–1924 годы работал секретарем центрального комитета Туркестанской КП, заместителем председателя исполкома, член бюро Средне-Азиатского ЦК РКП(б). Кожанов отличился как государственный деятель в период национально-регионального размежевания в Центральной Азии. В ноябре 1924 года назначен вторым секретарем Казахского обкома РКП(б), а с февраля 1925 года Кожанов назначен вторым секретарем Казахского крайкома. По предложению Султанбека Кожанова I съезд Советов восстановил истинное название казахов, исправив искаженное в царский период название «киргиз» на «казах», переименовал столицу в город Кызылорда. В ноябре 1925 года Кожанов был приглашен в ЦК ВКП(б) и в должности ответственного инструктора по национальным республикам был направлен на Кавказ, в 1928 году в Ташкент, где организовал отделение ВАСХНИЛ. В 1929 году Султанбек Кожанов образовал Средне-Азиатский хлопково-ирригационный политехнический институт и был его первым ректором. В 1929–1931 годы работал директором Средне-Азиатского хлопкопрядильного комбината. В 1931-1932 годы Кожанов работал в аппарате ЦК ВКП(б). Несмотря на свою молодость, личность политического деятеля Султанбек Кожанова является многогранной и вызывает исследовательский интерес не только в изучении проблем истории, но и в вопросах просветительства и воспитании молодежи.

**Abstract:**The article examines the creative legacy of a prominent public and statesman of the 30s, poet, publicist and scholar Sultanbek Kozhanov. The name of Sultanbek Kozhanov is inscribed in the history of Kazakhstan in golden letters for his unprecedented greatness: Orenburg to Kyzyl Ordu. He began his political activity from the underground youth organization "Kenes" from among the students of the seminary. In 1917 in Tashkent, together with M. Shokai, K. Hodzhikov, K. Bolganbaev, S. Akaev published the newspaper Birlik Tuy. Actively supported Turkestan autonomy. As a member of the Central Commission for the Fight against Hunger, he organized in 1918 special places for the hungry in Turkestan, Sozak, Zhanakorgan, Kyzylkum and Shieliinsky districts. In 1919-1920 he worked at the end of 1920, Sultanbek Kozhanov was appointed People's Commissar of the Interior of the Republic of Turkestan, in October 1921 - People's Commissar of Education. In the field of education demanded teaching in the language of the local population. He made a significant contribution to the development of the press and the national theater of Turkestan. Kozhanov organized the publication of the newspaper Ak Zhol and was appointed the first editor of this newspaper. He paid special attention to the state of agriculture. In 1922-1924 he worked as secretary of the central committee of the Turkestan Communist Party, deputy chairman of the executive committee, member of the bureau of the Central Asian Central Committee of the RCP (b). Kozhanov distinguished himself as a statesman during the period of national-regional delimitation in Central Asia. In November 1924, he was appointed second secretary of the Kazakh Regional Committee of the RCP (B), and from February 1925 Kozhanov was appointed second secretary of the Kazakh Regional Committee. At the suggestion of Sultanbek Kozhanov, the First Congress of Soviets restored the true name of the Kazakhs, correcting the name "Kyrgyz" distorted in the tsarist period to "Kazakh", renamed the capital city Kyzylorda. In November 1925, Kozhanov was invited to the Central Committee of the CPSU (b) and in the position of responsible instructor for the national republics was sent to the Caucasus, in 1928 to Tashkent, where he organized a branch of the Academy of Agricultural Sciences. In 1929, Sultanbek Kozhanov formed the Central Asian Cotton-Irrigation Polytechnic Institute and was its first rector. In 1929-1931 he worked as director of the Central Asian Cotton Spinning Mill. In 1931-1932 Kozhanov worked in the apparatus of the Central Committee of the CPSU (b). Despite his youth, the personality of a politician Sultanbek Kozhanova is multifaceted and arouses research interest not only in studying the problems of history, but also in questions of enlightenment and education of young people.



ӘОЖ: 94.541.2

**Изенбаев Б.Ж.**

PhD докторы, аға оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан

## **СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ КӨСЕМ СӨЗДЕРІНДЕГІ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫ**

**Түйін:** Мақалада Сұлтанбек Қожановтың көсем сөздеріндегі азаттық идеясы зерттелінді. Еліміздің тәуелсіздікке қолжеткізуі арғы-бергі тарихымыздың көптеген мәселелерін, оның ішінде кеңестік кезең тарихының маңызды тақырыптарын, сол кезеңдегі ұлт тұлғаларының ұл мұраты жолындағы жанқиярлық еңбегін өмір шындығына сай қайтадан қарастыруға, зерттеп-зерделеуге зор мүмкіндіктер туғызып отыр. Сұлтанбек Қожанов іргесін қалаған «Ақ жол» газеті 1920 жылдың желтоқсанынан бастап «Жаңа Өріс» басылымы негізінде Түркістан орталық партия комитетінің тілі ретінде жарық көріп отырды. Қай кезде болсын, С.Қожановтың көкейінен кетпейтін мәселенің бірі – ұлт мәселесі болатын. Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде 1921 жылдан сәуір айындағы Орталық Атқару комитетінің сессиясындағы жарыс сөзде сөйлеген С.Қожановтың ұлт мәселесі жөніндегі сөзі сақталған. Онда ол осы өңірдегі ұлттардың салт – дәстүрін, тілін, мәдениетін дамыту сөз етеді.

**Кілттік сөзі:** С.Қожанов, азаттық идеясы, тарих, ұлт тұлғасы, Түркістан Республикасы, «Ақ жол» газеті

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі арғы-бергі тарихымыздың көптеген мәселелерін, оның ішінде кеңестік кезең тарихының маңызды тақырыптарын, сол кезеңдегі ұлт тұлғаларының ұл мұраты жолындағы жанқиярлық еңбегін өмір шындығына сай қайтадан қарастыруға, зерттеп-зерделеуге зор мүмкіндіктер туғызып отыр. Шын ту айтында әлі де түбегейлі зерттелмей, кей қыры ашылмай жатқан бірегей тұлғаларымыз аз емес. Бұлардың қатарына кешегі Орта Азия ұлт республикаларына бөлуге дейінгі Түркістан Республикасының орталығы Ташкент қаласында шыққан «Ақ жол» газетінің алғашқы редакторы болған Сұлтанбек Қожановты да жатқызуға болады.

Ал Сұлтанбек Қожанов іргесін қалаған «Ақ жол» газеті 1920 жылдың желтоқсанынан бастап «Жаңа Өріс» басылымы негізінде Түркістан орталық партия комитетінің тілі ретінде жарық көріп отырды. Бұл турасында Түркістан Компартиясының Орталық Комитетінің Атқару бюросының № 20-шы 1920 жылғы 19 қазандағы хаттамасында былай делініпті: «Слушали: О киргизской газете. Постановили: Газету издавать под названием «Ак-жол» (Светлый путь) как орган ЦК КПТ и ТуркЦИКа. Газете выходить не менее 2-х раз в неделю в размере пол печатного листа. Тираж 12 000 экз. Ответственным редактором назначить тов. Султанбека Ходжанова, ответственным секретарем Мир-Якуб Дулатова. Штат газеты: редактор, секретарь, заведующий редакцией, делопроизводитель, архивариус, конторщик, бухгалтер, казначей, экспедитор, рассыльный, кучер, сторож, уборщица. Все служащие редакции должны пользоваться пайком и обмундированием наравне с работниками ударно производительных предприятий. По представлении сметы открыть кредит при народном банке. На средства редакции определить открытые курсы для подготовки наборщиков 10 из киргиз. Отв. Секретарь ЦК Компартии Туркестана. Подпись Н. Тюрякулов[1]».

Расында да «Қазақ» көтерген алаштық идеяны жалғап әкеткен «Ақжол» жаңа қоғамдық тәртіпте ұлт мүддесін қорғаған ұлттық элитаның саяси еркінің жемісі, шын мәнінде «халықтыңкөзі, құлағыһәмүні» бола білді. Яғни «Ақжол» газеті жаңа жағдайда ұлттық идеяны, оның биік мұраттарын барынша насихаттау үдерісін жаңа деңгейге көтере алды, кеңестік қоғамның шынайы бет-бейнесін ойлы оқырманға тұспалдаптанытудан да тайсалмады. Былайша айтқанда «Ақжол» газеті ұлттық мақсат пен мұраттық алын

оқырманға дер кезінде жеткізіп отырумен де халықтың үлкен сұранысына ие болды, ел ішіне кең тарады.

Біз сөз етіп отырған С. Қожанов басқарған кезде де газетте сайдың тасындай іріктелген қабырғалы қаламгерлер мен қарымды журналистер қызмет атқарды. Түркістан өлкесінде шығып отырған мерзімдік басылымдарға толтырылған анкеталардың бірінде газеттің редакция ұжымы төмендегіше құрамда беріліпті: «Мерзімдік басылымдар анкетасы: «Ақ-жол» газеті- қазақ тілінде. Адресі: Ташкент қаласы. К.Маркс көшесі 41. 1920 жылдың 7 желтоқсанан бастап, үзілістер 8 тамыз 1923 жылдан 28-не дейін себебі: қаржының жетіспеуінен. Бағадарламасы-париялық-саяси, экономикалық және ғылыми әдебиеттер. Мерзімділік уақыты - аптасына 3 рет Тираж - 1800 дана Қызметкерлері:

1. Тохтыбаев Иса Тоқтыбаевич - жауапты редактор, 2. Алиев Хасан Шаяхметович, 3. Байтасов Абдулла Байтасович, 4. Ходжиков Кангиркожа Ходжикович, 5. Илаев Хади Илаевич 6. Алпаров Гибат»[2].

Яғни, осы қызметкерлермен-ақ Қожанов бәсекеге барынша қабілетті газет басып шығарып, қоғам сұранысын толық қанағаттандырып отырды, ел руханиятына елеулі түрде үлес қосты деуге толық негіз бар. Олай дейтініміз, газет апта сайын үш рет жарық көріп отырған және материалды-техникалық базасы сол кездегі басқа баспалармен салыстырғанда, әлдеқайда жақсы жабдықталған болатын. Газеттің алғашқы редакторы болып Сұлтанбек Қожанов бекітілді, ал жауапты хатшы міндетін Міржақып Дулатов атқарды. Бұл жайлы 1937 жылы тергеу кезінде берген жауабында қайраткердің өзі былай депті: «1921-1925 гг. являлось использование советской печати для пропанды национализма. Газета под названием «Ак жол», редактором которой являлся я целиком была использована нашей организацией»[3].

Демек Сұлтанбек басылымнан ешқашан қол үзген емес. Біржағынан Сұлтанбек Қожановтан өзге бас редакторлардың дені өздерін «газетті уақытша шығарушы» деп айқындап, көрсетіп отырған. Осы тұстан әңгімеміздің желісін үзіп Қожанов ғұмырбаянына қайта үніліп көрелік. Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінде сақталған 1931 жылдың 5 наурызындағы оның өз қолымен толтырған анкетасына сүйенер болсақ, Сұлтанбек 1894 жылдың қыркүйек айында Түркістан уезіндегі Созақ ауданының Қаратау ұжымшарының Ақсүмбе ауылында туылған. 1913 жылы үш кластық училищені, 1917 жылы Ташкент қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітіреді. Осы мұғалімдер семинариясында жүрген кездің өзінде ол 1915 жылы семинария жанынан ұйымдасқан «Кеңес» құпия ұйымының мүшесі болды, кейіннен Түркістан өңірінде шыға бастаған «Қырғыз» газетімен де тығыз байланыс орнатты. Жалпы Кеңестердің Түркістан уездік съезінің төрағасы, уездік атқару комитетінің мүшесі, Түркістан атқару комитетінің төрағасы, Түркістан Компартиясының Түрккомиссия құрған Уақытша Орталық Комитетіне мүше, облыстық революция комитетінің төрағасы т.б. секілді сан қызметте әбден ысылған Қожановты Кеңес үкіметі де барынша пайдаланды, тіпті бастапқыда оның кейбір ұлтшылдық қалыптағы көзқарастарына да көз жұма қараған сыңай танытты. 1920 жылы С.Қожанов Түркістан өлкелік жер шаруашылығы халық комиссариатының басшылығына ұсынылды. Бұл нағыз шиеленісті қызмет орын еді.

Байырғы тұрғындар отаршылдардың келуінен бастап шұрайлы жерлерінен айырылған болатын. Көптеген жергілікті тұрғындар жерсіз қалды. Кеңестердің Түркістан өлкелік тоғызыншы съезінде ол туралығынан танбай: «Мен тартып алынған жердің барлығын қайтарып беруді талап етемін, бұл жерлердің барлығы босатылып, жаулап алушылардың қуылу ынталап етемін», - деген болатын.

С.Қожановтың халыққа ерекше танылған кезі 20-жылдардың басы болды. әрбір съезд, кеңестерде өзінің ойлы ұсыныстарын айтып, іскерлігін танытты. Оның өмірінде 1921 жылдың соңындағы В.И. Ленин қатысқан Кеңестердің Бүкіл ресейлік тоғызыншы

съезі ерекше орын алды. Ленин С.Қожанов сөзіне ерекше мән беріп, оның ағарту жұмысымен айналысуына кеңес берді. Келгенсоң Халық ағарту комиссары болды, сол кезде біз жоғарыда айтқан «Ақжол» газетіне редактор да болды. Қай кезде болсын, С.Қожановтың көкейінен кетпейтін мәселенің бірі – ұлт мәселесі болатын. Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде 1921 жылдан сәуір айындағы Орталық Атқару комитетінің сессиясындағы жарыс сөзде сөйлеген С.Қожановтың ұлт мәселесі жөніндегі сөзі сақталған. Онда ол осы өңірдегі ұлттардың салт – дәстүрін, тілін, мәдениетін дамыту сөз етеді.

1923 жылдың маусым айындағы РКП (б) Орталық Комитетінің ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметтерімен өткен кеңесте С.Қожанов өз халқының шын мәніндегі жанашыр ұлы екенін тағы да көрсетті. Бұл сөзі кеңеске басшылық жасап отырған Сталиннің тарапынан сынға ұшырады. Ақырында, 1924-1925 жылдары Қазақстан автономиялы республика ретінде РСФСР құрамына енді. С.Қожанов ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы болып сайланды. 1925 жылды нақпанайында екінші хатшысы болды. Құлашын кеңге сермеп, Қызылорда ел астанасы болған республиканы көркейтуге көп әрекет жасамақ еді. Бірақ бірінші хатшылыққа Ф.И.Голощекин келіп, алғаштан-ақ пікірлері кереғар болды. Ф.И.Голощекин ел, жержағдайын білмейтін де еді. Ақыры ол С.Қожановты Қазақстаннан қуып шықты. Ол ВКП(б) Орталық Комитетінің аппаратында Ұлт республикалары мен облыстары бойынша жауапты нұсқаушы болды. 1927 жылдың аяғында Мәскеудегі марксизм – ленинизм курсы аяқтап Ташкент қаласына оралып, Орта Азия бюросының үгіт – насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалып, 1929 жылдың қыркүйегіне дейін істеді. 1929 жылдан бастап оған қарсы қуғындау басталады. Олешқашан Советке қарсы болмағанын, партияны алдамағанын, сыңар жақ болмағанын айтып дәлелдеуге тырысты.

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивіндегі 1923 жылдың 10 желтоқсанында толтырған бір анкетада С.Қожанов «Ұлы Қазақ революциясынан кейін сотталдың ба? Қандай жаза алдың?» - деген сұраққа, «1920 жылы түсініспеушіліктен 3 сағатқа қамалған едім», - деп жауап жазған екен.

Содан 14 жыл өткен соң 1937 жылы тағы да ұсталды. Бірақ бұл жолы қылышынан қан тамған Сталиндік жазалаушы саясаттың шеңгелінен шыға алмады. Оның өмірі 43 жасында қиылды. Алайда Сұлтанбек соңында өлшеусіз бай рухани мұра қалдырды. Айталық өз газетінде ол «Орта Азия бірлігі әм қазақ ұлты» мақаласын жариялап, мәселені төтесінен қойды, ашық айтса да ақиқатты айтты. Қараңыз. «Енді бізге Ташкентсіз мемлекет жасаудың әрекетіне кірісу ғана қалды. Басылып, игілік істерге кірісу керек. Біз қазақтың бір қаласынан да айырылған жоқпыз ... қазақ неге қалалы жұрт болмайды деп бұрқырау - мәдениет тарихына қиянат. Шекара мәселесі жаугершілік емес, коммунист партиясының саяси бағытымен, кеңес өкіметінің кең билігінің көлеңкесінде еркін ұлттар арасының мәмілесі деп білеміз. Бұл - партия жұртшылығының ұйғаруы, партия жұртшылығының нәтижесі. Шекара ажырату екі жақ болып қонып алып, жауласу емес» [4], - деп «сендердің бостықтарыңнан Ташкенттен айырылып қалдыңдар, істің бәрін қолдан бердіңдер» деген пікірлерге бір жағынан басу айтса, бір жағынан қолынан келер қайранның жоқтығына күйінеді.

Бір анығы, Ташкентте жолдары түйіскен С.Қожанов пен М.Дулатовтың «Ақ жол» газетіндегі қызметінде алаштық идеялар жалғасын тапты деуге болады. Осы жерде элиталық тұлғалар ретінде М.Дулатов, С.Қожанов және С.Өтегеновтердің арасында ұлттық мүдде төңірегінде терең түсіністік орнағанын да байқау қиын емес. Демек ұлт зиялыларының басын ортақ мүдде аясында тоқайластырған газеттің басқа жолмен, өзге сұрлеумен жүруі де мүмкін емес-ті.

Ал азаттықтың басты атрибуты, бостан елдің басты белгісі оның тілі десек, қазақ тілі мәселесі де Қожанов көсемсөздеріндегі кеңінен жазылған, тарқата талданған тақырыптардың бірі. Өйткені «тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалатынын» Алаш зиялылары сол кездің өзінде-ақ тап басып танып, ескерте айтып кеткенін білеміз. Яғни Сұлтанбек те сол жолмен жүрді, хал-қадерінше туған тілінің тынысын тарылтқысы келетіндерге қарсы ымырасыз күрес ашты, оны барынша қорғаштап бақты.

Мәселен, бір мақаласында ол мақсатпен орысша білгендердің көбейіп бара жатқандығына алаң көңілмен қараса[5], «Іс жүзінде орындау керек» мақаласында: «Қазақстан әзіргі кең үлкен облыстарға бөлініп, барлық жерлерінің бірлігі байлаумен жасалмай, сүйемелдеумен мақсаты бір, тұрмысқа керек ынтымақ жолымен жасалуы керек. Сондықтан облыстарға бөліну орталықты нашарлауға емес, қазақ бірлігін ойыншық қылмай, оңдап жасауға керекті шаруа деп білу тиіс»[6], -деп өз байламын жеткізеді де, нақты мынадай ұсыныстар білдіреді:

«1) Қазақстанды қазақ ұлт мемлекеті қылу шаралары қайта бір қаралып, тиістілері тоқтаусыз орындалсын.

2) Қазақстан шаруа еркі өзінде үлкен облыстарға бөлсін. Жетісумен Сырдария бір облысы болсын.

3) Орта Азия бірлігіне әзір кірмегенде де Орта Азия шаруа кеңесіне қазақ уәкілдері кіргізілсін. Түрлі себептермен қазақ ішіне кіргізіп, неше жүз мыңдаған қазақ елін таратып алып кеткен Өзбекстанда Қазақстан уәкілдігі болсын.

4) Қазақстан астанасы Орынбордан тоқтаусыз қазақ ішіндегі бір қалаға көшсін. Бұл ұсыныстарымыз бұрын мақұлданып, қаулы болып, қағазға жазылған еді.

Біздің енді ұсынып отырғанымыз тағы бір дүркін жазып өту емес, іс жүзінде орындау, тоқтаусыз орындау» [7].

Расында да байыппен қарасақ бір Сұлтанбек қана емес осы газетте қалам тартқан барша қаламгерлер көтерген өткір де өзекті мәселелер әлі күнге дейін маңыздылығын жойған жоқ. Сол себепті де ашық әрі айқын түрде Кеңес билігінің саясатын, әкімшіл-әміршіл жүйе реформаларының жеміссіздігін батыл сынап, көзге ұрып тұрған қателіктерін бүркеншік аттармен болса да халыққа жеткізіп отырған газеттің деректік маңызы да зор.

Олай болса, өзінің бүкіл саналы ғұмырын халқының болашағы жолындағы күреске арнап, Алаш қайраткерлері ұран еткен азаттық идеясын бірде ашық, бірде жасырын түрде насихаттауды басты мұрат көрген С.Қожановтай еліміздің тарихындағы аса ірі мемлекет қайраткерін зерттеп-зерделеу үдерісі жалғаса беруі тиіс деп білеміз. Өйткені ол туған халқына деген шексіз сүйіспеншілігін, ұлттық құндылықтарды сақтауға адалдығын, жұрт ісі, жұрт қамы жолындағы іскерлігін, қайтпас қайсарлығын сөзімен ғана емес, ісімен де дәлелдеп берген дара қайраткер, қайталанбас бірегей тұлға. Біздің бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы басты қолға алатын шаруалардың бастысы да осы Сұлтанбек Қожанов сияқты тәуменді тұлғаларымызды кейінгі толқынға мейлінше таныту болуы керек. Себебі туған тарихының тұғыры биік тұлғаларын танып-біліп өскен ұрпақ қана тәуелсіздігіміздің тірегі, жарқын болашағымыздың кепілі бола алады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қожанов Сұлтанбек. Құжаттар мен материалдар // Сборник документов и материалов: Т.1/ Құраст.: Х.М.Тұрсын, А.М.Әбікей. Алматы: Жалын, 2013. - 384 б.
2. ӨРОМА Ф.И-34-қор.1-іс.2641-тізе. 58-59-п.
3. Смагулова С.О. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы: тарих ғыл.докт...дис./ Ш.Ш.Уалиханов атын. Тарихжәне Этнология ин-ты; ғыл. кеңесші: Нұрпейіс К.Н., Есмағамбетов К.Л. - Алматы, 2010. 365 б.

4. «Ақжол» газеті, 1922 ж., 29-наурыз
5. «Ақ жол», №27. 19 февраль, 1921 жыл.
6. «Ақжол» № 514, 15 декабрь, 1924 жыл.
7. Сонда.

**Аннотация:** В статье рассматривается идея независимости в деятельности Султанбека Кожанова. Обретение независимости дает нам огромную возможность пересмотреть и исследовать многие из нашей истории, в том числе основные темы советской истории и самоотверженную работу национальных меньшинств в этот период. Газета «Ақ жол», основанная Султанбеком Кожановым, была издана в декабре 1920 года как язык «нового роста» Туркестанской Центральной партии. В любое время одним из важнейших вопросов С. Кожанова была проблема нации. В Центральном государственном архиве Республики Узбекистан в своем выступлении на заседании ЦИКа, состоявшемся в апреле 1921 года, была сохранена речь С.Кожанова о национальности. Это говорит о развитии традиций, обычаев, языка и культуры нации.

**Abstract:** The article discusses the idea of independence in the activities of Sultanbek Kozhanov. Independence gives us a great opportunity to review and explore many of our history, including the main themes of Soviet history and the dedicated work of national minorities during this period. The newspaper Ak Zhol, founded by Sultanbek Kozhanov, was published in December 1920 as the language of the “new growth” of the Turkestan Central Party. At any time, one of the most important issues for S. Kozhanov was the problem of the nation. In the Central State Archive of the Republic of Uzbekistan in his speech at the meeting of the CEC, held in April 1921, S. Kozhanov's speech about nationality was preserved. It speaks about the development of traditions, customs, language and culture of the nation.

## 2 секция

### С.ҚОЖАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МӘДЕНИ-МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛҮ ЖӘНЕ НАСИХАТТАЛУЫ ИССЛЕДОВАНИЕ И ПРОПАГАНДА ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ С.КОЖАНОВА

ӨОЖ 930.1: /191/:047.37

**Кәрібаев С.Ө<sup>1</sup>, Байназарова Б.Ә<sup>2</sup>, Байжанова А.Ә<sup>1</sup>.**

<sup>1</sup>т.ғ.к., доцент, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>т.ғ.к., аға оқытушы, «Өрлеу» БАҰО» АҚФ ТОЖШҚ бойынша ПҚБАИ, Қазақстан

<sup>1</sup>тарих магистрі, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

**Түйін:** Мақалада XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ тарихы туралы зерттеулер қарастырылды. Ұлттық рухани жаңару аясында және ұлттық кодексінің негізінде тарих тереңдігінде жинақталған бай тәжірибенің көмегімен сананың өзгеруіне ерекше назар аудару қажет. Өкінішке орай, патшалық Ресейдің дәуіріндегі өз тарихымыз, Д.Неру сөзі, колонизаторлар жазған отаршылдық елінің тарихы, ал кеңес дәуірінде сыныптық көзқарас бұрмаланған. Әрбір ұлт пен мемлекет өзінің тарихын қайта қарау жолын бастан кешті. Қазақ ұлттық тарихын қайта қарастыру және оны ғылыми жүйелеу XX ғасырдың 20-30 жылдарында тұңғыш рет басталды. Бұл асыл ісдің негізін А.Бөкейхан, А.Байтұрсын, М.Дулатұлы, Қ.Кемеңгұлы, М.Тынышбаев, С.С.Асфендияров, Сейфуллин, Т.Рысқұлов, сондай-ақ қазақ зиялыларының және элитаның басқа өкілдері қатысты. Жағдайға қарамастан, олар ұлттық тарихтың қажеттілігін бірінші болып сезініп, сезінді. Сондықтан газеттер мен журналдардың беттерінде үнемі ғылыми мақалаларын жариялады. Шолпан, Тарихшы марксист, Тарихи журнал, Класс күресі, Большевик, Қазақстан большевигі, Жаңа мектеп, Сана, Қызыл Қазақстан сияқты журналдар мен газеттер ұлттық тарихты оқытуға арналған арнайы тараулар болған, онда беттерінде тарихи ғылымды қалыптастыру мәселелері көтерілді.

**Кілттік сөздер:** тарих, алаш, қайраткерлер, ұлт, тарихи журнал, газеттер, Елбасы, Н.Назарбаев.

Тарих жайдан-жай жасалмайды. Ол Елбасы Н.Назарбаев айтқандай «...Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады»[1]. Тарих - тек өткен заман туралы білімдердің жиынтығы ғана емес, ол сондай-ақ әр халықтың бүгінгі мен ертеңіне бағыт - бағдар беретін ойлау жүйесі болып табылады. Танып тағлым алар, тасқа басылған шынайы, төл тарихы болмаған ел, соқыр жандай қарманып, күндік тірлігімен күн кешеді. Өткеннің өнегесінен нәр ала аламай, кешегісін бүгінгімен салыстырып сабақтастыра алмайды. Болашағы тұманға айналады. Оған қосымша «бұрмаланған» тарихы болса, одан өткен қасірет жоқ. Өйткені, «бұрмаланған» тарих отар ел үшін - қасірет, ал отарлаушы ел үшін - құдірет. Өкінішке орай, біздің төл тарих патшалық Ресей кезінде Д.Неру айтқандай «отар елдің тарихы отарлаушы елдің» көзқарасымен жазылса, кеңестік кезеңде таптық тұрғыда бұрмаланды.

Ауызша тарихтың кей жағдайда өзгеріске ұшырып отыратындығы белгілі. Жазба тарихтың жетімсіздігі мен отар кезеңіндегі тарихты «қасақан бұрмалау» халықты өз тарихынан адастырды.

Тарихты бұрмалап жазуға байланысты М.Шоқай «Тарих жазудың екі жолы бар.

Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайын, ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады.

Екінші жол: Зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыдан талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады.

Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы. Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақ таптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Өйткені олар тарих өткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешекке сабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі» деп атап көрсеткен болатын [2]. Біздің қазіргі міндетіміз ғасырлар бойы бұрмаланған тарихтың орнына шынайы тарихты жазу. Өткен тарихын білмеген халықтың болашағы бұлыңғыр болады. Сондықтан қазақ халқы тарихын білмейтін адамды «жеті атасын білмеген жетесіз» деп баға берген. Осы тұрғыда әр кезеңнің көшбасшылары мен ақсақалдары жас жеткіншектерді төл тарихымен сусындатып отырған.

Қазіргі таңда рухани жаңғыру аясында ұлттық код негізінде сананы өзгертуге тарих қойнауында жинақталған бағалы тәжірибелерге назар аударудың маңызы зор. Бұл - жоғалтқаныңды түгенде деген сөз.

Төл тарихын түгендеуді әрбір халық пен мемлекет басынан өткерген. Мысалы, Петр I кезінде орыс тарихын жазу қолға алынып, «орыс тарихын жазуға шетел ғалымдарын араластыру қажет пе» деген мәселелер күн тәртібіне қойылғанда, орыс тарихнама ілімінің негізін салушылардың бірі, Петербор діни академиясының профессоры М.О.Коялович неміс ғалымдарының орыс елі тарихын жазуға араласқысы келгенін жақтырмай былай деген: «...мен.сауал қояйын, сыртқы елдегілердің орыс тарихын жазуға араласқанынан бізге келер пайда көп пе, зиян көп пе?» дейді де, «бұдан орыс тарихы іліміне келетін зиян өте көп, өйткені бұл пәнді орыс көзқарасынан алған тұрғыда дамиды жолды өз беделдерімен қиып тастайды» - деп өзі жауап береді. Бұдан шығатын қорытынды, әрбір ұлт, ел, өз тарихын өзі жазуы керек.

Ал, қазақтың ұлттық тарихын түгендеу, оны ғылыми жүйелеу ХХ ғасырдың 20-30-жылдары қолға алынды. Б.Момышұлы: Б.Момышұлы: «Ренжитінім - ұлтымның тарихы ұмытылып барады. Кешегі Санжар Асфендияров, Мұхамеджан Тынышбаев ағаларым - бірі дәрігер, бірі теміржол инженері болса да, тарихымызды жазуға шама-шарқынша үлес қосты. Ол кісілер жат пиғылдылардың аяқ-қолымызға ғана емес, ой-санамызға, арман-қиялымызға кісен, бұғау салғанын сезді, түсінді» деген болатын. Міне, сол себепті ХХ ғасырдың басында алаш көшбасшылары төл тарихқа ерекше көңіл бөлді. Бұл игілікті істің басында, әрине А. Ә. Бөкейхан, Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Қ. Кемеңгерұлы, М. Тынышбаев, С. С. Асфендияров, Сейфулин, Т. Рысқұлов және тағы басқа қазақтың зиялылары мен элиталары тұрды. Олар қалыптасқан жағдайға байланысты ұлттық тарихи білімнің қажеттігін ұғына да, сезе білді. Сондықтан олардың алғашында сөйлеген сөздері мен жазған мақалалары газет-журнал беттерінде үнемі жарияланып отырған болатын. Осы жылдары шығарылған «Шолпан», «Историк марксист», «Исторический журнал», «Борьба классов», «Большевик», «Большевик Казахстана», «Жаңа мектеп»,

«Сана», «Қызыл Қазақстан» сияқты газет-журналдарда ұлттық тарихты оқып-үйренуге арналған арнайы тараулар белгіленіп, онда тарихи білімнің ғылыми жағынан қалыптасуы туралы мәселелер көтерілді. Атап айтатын болса, Ә. Бөкейхан қазақ тарихын жазу үшін алдымен оның мәдени болмысына көңіл аудару қажеттігін жазады. Ол, «жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лауық (лайық). Тарихтың сара жолы екіге бөлінеді. Бірі бөлек тарихтың пайдаланған соғыс істері. Біздің қазақ білегін тарих осы... Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих - осы екіншісі. Бұған жем нәрселер (материал) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады» [3] -дейді.

Тарихымызды тану туралы ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан: «Тарих дейтін бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ілім. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп айтады. Бұл заманның ғалымдары тарихты ең оңды мұғалім» деп түсінеді.

Тарих - түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүние де түзушіліктің кітабы. Тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел - қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді.

Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кім қор болмайын, тұқымы құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады», - деген өсиеті бүгінде де өзінің мәнін жойған жоқ[4].

Ә. Бөкейхан жағрафия қоғамының сүйемелдеуімен кіндік қаны тамған қазақ даласының тарихын көп зерттеген. Тарихи зерттеулері: «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры мен оның мәдени жетістіктері», «Қазақтар» атты монографиялары. Бұл зерттеулерде қазақ өлкесінің тас, қола дәуірінен бергі тарихы, қазақтың мәдени-саяси жетістіктері алғаш рет сараланған. Ә.Бөкейхан ол зерттеуінде қазақ халқының отаршылдық, переселендерге деген қарсылығын, қазақтың ұлт-азаттық күресін, ұлт мүддесін анықтап берген. Бұл кітапта тіл, сөз бостандығы, дін мәселесі де көтерілген.

Келесі тарихи зерттеулер «Қазақтың хандары, сұлтандарының жазба хаттарынан», «Орта жүз ханы Бөкейдің және ұрпақтарының жазба хаттарынан», «Ұлы жүз сұлтаны Сүйік Абылайханұлының хаттарынан». Бұл аталған еңбектерде ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық көсемі Ә.Бөкейханның қазақтың соңғы ханы Кенесарыға деген ерекше ықыласы көрінеді.

1923 жылы Ташкентте шыққан «Сұлтан Кенесары Қасымовтың тарихына қатысты материалдар» атты зерттеуінің орны ерекше. Ә.Бөкейхан ұлт-азаттық көсемі бола тұра, Кенесары мен Наурызбайдың қазақ елі үшін құрбандыққа барғандарына тағзым етіп өткен. Аталған еңбекте Кенесары мен Наурызбайдың соңғы күндері, қозғалыстың құлдырау себебі сараланған. Бұл – күні бүгін Кенесарының басын іздеген мамандарға жол көрсетер жалғыз ғылыми зерттеу. Тарихшы ғалым Әлихан Бөкейхан сонымен қатар 1916 жылғы көтерілістің де маңызды екенін атап өткен.

1926 жылы орыс тарихшысы, профессор Шестаковпен бірге «1916 -1926» атты кітап жазып шығарған. Бұл кітапта қазақтың 1916 жылғы көтерілісінің башқұрт, өзбек, қырғыз халықтарының да бас көтеруіне себеп болғаны айқындалған.

Ә.Бөкейхан – қазақтың рулық-тайпалық құрылымын зерттеген, қазақтың шежіресін жазған тұңғыш ғалымдардың бірегейі. Осы ретте Павлодар мен Қарқаралы уездеріндегі



төре мен төленгіттердің шежіресін жазған. Сонымен қатар Ә.Бөкейхан - этнография саласындағы тұңғыш зерттеулердің авторы.

Ә.Бөкейхан – қазақтың мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қойған тұңғыш ғалым. Ә.Бөкейхан бір мақаласында «Қазақтың өсірген әр қойының үстіндегі жүнінен тоқылған тоқыма қазақтың үстіне киім болып ілінуі керек» деген екен. Біз сол сөзді күні бүгінге дейін іске асыра алмай келеміз. Ол ары қарай «Қазақтың қара қойының жүні қазақтың үстіне киім болып киілмейінше, өндірісіміз көтерілмейді» дейді.

Келесі бір мақаласында Орталық Қазақстан жерінің егін салуға қолайлылығы туралы айтады. Ақмола, Қостанай жерінің құнарлығы, егін салуға лайықты екені, қандай егіннің қай түрі қай жерде өсетіні, тіпті оларды суаратын суға дейін жазылған мағлұматтар бар. Сондай мәліметтерді кезінде Н.С.Хрущев пайдаланған.

Батыс Қазақстанда, оның ішінде Каспийде қандай құнарлы жерлер бар екенін, мұнай қай кезде шығатынын да Ә.Бөкейхан жазады.

Мәшһүр Жүсіп болса, «Осы күні шежіре сөйлеп жатқандар: бірі қытай тарихынан переводтап алады. Бірі орыс жазушыларынан переводтап алады. Ол қазаққа қалай шежіре болады? «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дегендей анық қазақтың өз ортасында сөйленіп жүрген танымал сөзден алынып жатқан біреуі жоқ» [5] -деп таңданыс пен ренішін қатар білдіреді. Қазақ ойшылдарының бұл пікірлері қазақ тарихын тану үшін материалдық құндылықтар емес, мәдени, рухани құндылықтардың маңызы жоғары екендігін, өз тарихы қымбат екендігін дәлелдейді.

1913 жылы 2 ақпандағы «Қазақ» газетінің бірінші номерінде Ахмет Байтұрсынның «Түрік баласы» деген бүркеніш атпен «Қазақ тарихы» айдарымен жарияланған тізбекті мақаласында: «...Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. ...Тарих не айтады десеңіз оның айтатыны мынау: Біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі, қандай құты барлығы, ол құтты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кім екендігі, не себеппен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады», - дей келе, тарихшыларға мынадай талап қояды: «Тарихшылардың мақсаты - уақиғалардың уақытын қана көрсетіп, яки не түрде болған тысқы сиқын көрсету емес, ол уақиғаның болуына нендей нәрселер, қандай уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнімен таныстыру» [6]. Мұндай ретпен жазылған тарих халықтың басынан кешкен оқиғалардың себеп-салдарын толық түсінуіне, жеңісіне мақтанып, жеңілісінен сабақ алуына мүмкіндік береді.

Ахмет Байтұрсын: «Қазақ» газетінде бүгінгі күнге дейін күрмеуі шешілмей келе жатқан тіл мәселесіне де сол кезде зор көңіл бөлген. «Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан

былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал. Біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқымасaq басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы қалпында болса, тіліміздің азып жоғалуы да анық.

...Русша оқығандарымыз қазақ тілінде пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз онай дейді. Қысқаша, русша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорланып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби (араби, фарсы сөздері көп кірген тілді айтып отыр.) тілмен жазады. Бұлардың өз тілінен қорынып жиренетін себебі не? Менің ойлауымша, бұл әдеттенуден бірі русша оқып, бірі әдеби тілмен оқып, қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетінде жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілі мен жазу әдетінде болмаған соң русша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарында қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес. Сегіз, тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, оқитын кітабы басқа тілде болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер? Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе? Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады. Бұл айтқанымыз русша, я басқаша оқымасын деген емес, русша тілін де білу керек. Бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады». Бұдан асып не айтуға болады?

«Қазақтың тарихы» деп аталған мақаласында «...Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. ...Тарих не айтады десеңіз оның айтатыны мынау: Біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі, қандай құты барлығы, ол құтты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кім екендігі, не себеппен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады», – дейді.

Міржақып Дулаттың қазақ, қырғыз тарихына арнаған «Тарихи мағлұматтар» деп аталған зерттеу мақаласы Ташкент қаласындағы Түркістан Коммунистік партиясы Кіндік комитетінің баспа органы «Шолпан» журналының 1923 жылы 30 маусымдағы №6-8 санындағы тарихи бөлімінде жарық көрді. Зерттеу мақала қысқа 6 тараудан тұрады. «Қазақ-қырғыздың ата-тегі туралы» атты тарауда тарих кітабы ғылым, білім арқасында ғана дұрыс болатындығы, қазақ, қырғыздың тарихын жазуда «қазақ», «қырғыз», «алаш», «үш жүз» деген аттар қайдан шыққан, қазақ пен қырғыздың тегі кім, бұлар қашаннан бері, өз алдына жұрт болғаны сияқты жұмбақтың шешімін табуға көңіл аударып, «бұл, күнге шейін, қазақ, қырғыз тарихы туралы толық мағлұматтар кемдіктен, қазақ, қырғыздың өз арасынан шыққан зерттеушілер ерте күннен болмағандықтан, соңғы кезде тарихымызды жарыққа шығаруға талаптанған азаматтар әр ағаштың басын бір шалып, құрап-сұрап, өзге жұрттың жазғандарын тексеріп, қараңғыны қармалағандай болып жүр. Сөйткенмен, шын кіріссек, үздіксіз ізденсек, жоқты ойлап шығармағанмен, көмескіні ашуға, барды табуға болар деп сенеміз» дей келе, «тарихи әдебиеттен болсын, халық аузында ертеден сақталып келген қисынды сөздерден болсын,

төменгі біздің жазғанымыздың кемін толтырарлық, қатесін көрсетерлік білгендері бар қазақ-қырғыз азаматтары, осы мақаланы оқығаннан кейін, кешіктірмей жазуларын өтінеміз» [7] деп төл тарихымыздың кем тұстарын толтыруға шақырады. Осындай келелі істердің нәтижесінде Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсын, М. Тынышбаев, С.Асфендияров тағы да басқа алаш ардақтылары төл тарихымыздың түгендеуінде ерекше істер атқарды.

«Қазақ-қырғыздың атын, тегін теріс ұғыну» мәселесінде қазақ, қырғыз туралы еуропалық және орыс ғалымдарының зерттеулерінде өздерінің мүддесіне сай, шындықпен жанаспайтын, ұшқары көзқараста жазғандығына тоқталып, «қазақ-қырғыздың атын, тегін, қандай жұрт екенін зерттеп, алдымен жаза бастаған - басқа жұрттың тарихшылары. Бірақ, олар әріден ескеріп, көптен жазып келе жатқан жоқ. Кейбіреулері, кезі келгенде белгілі бір мақсұтпен жазған. Бір парасы ғылымға әуестікпен, шынымен зерттеген. Бұлардың бәрі де, өте кеш кірісіп, бергі екі-үш ғасырлық дәуірлерді ғана болмаса, қазақ-қырғыздың арғы кездегі атын, тегін, өткен өмірін жақсы біле алмай, әлі күнге шейін жорамалдап келеді. Қазақ жайын білуге еуропалықтар, айрықша орыс білімпаздары, XVIII ғасырдың ортасынан, яғни 1730 жылдар Әбілқайыр хан тұсында Кіші жүз орысқа қарағаннан бері ғана кірісе бастаған. XVIII ғасырдың орта кезінде қазақ жайынан жазған Г. Ф. Миллер, П. С. Паллас, И. Г. Георгий, Н. П. Рычков, Ф. Б. Фишер дегендердің кітаптары шыққан. Бұлар қазақ-қырғыз жайын жете біліп, зерттеді деуге болмайды... қазақтың, қырғыздың тегін әркім әр түрлі жорып, бірінің адасқан ізін бірі басып, көрінеу жалған, болымсыз дәлелдер көрсетумен келген» [7, 396 б] деп атап көрсетеді.

Бұл жөнінде ХХ ғасырдың басында тарихшы Құрбанғали Халид шетел тарихшыларының қазақтар туралы жазғандарының шындыққа сай келе бермейтіндігі туралы «шетел тарихшылары мен саяхатшылары барған жерінен бірер күн, яки аптада халық аузынан естігендерін жинау әдеттері бар, осы қысқа мезгілде бәрін біліп, жазып, тез бітіріп кеткісі келеді. Ал, біздің бұл жақтың адамдары елдің сырын өзгеге ашқысы келмейді.

Айтса шатастырып, түйінді жерлерін жасырып айтады... Осы себепті еуропалық тарихшылар жазған хабарлар мен басылымдарға біздің жазғанымыз кереғар болса ғажап емес, біз олармен санаспаймыз. Ал оларды мақтап, пайғамбардай сенетіндер жоқ» деп жазады.

Міржақып Дулат «Қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері жұрт болғаны туралы» мәселені көтере отырып түркі шежіресін жазған атақты Әбілғазы Баһадүр ханның дерегіне сүйене, қырғыздың арғы тегін түріктен шығарып, сол кездегі қырғыздың мекені Селенгі, Ойғыр-Муран өзендерінің (осы күнгі Енисей өзені) арасы болғандығы, қырғыздың орыс, моңғол, жоңғармен де дамылсыз соғысып, соңында әбден мазасы кеткен соң, XVII-XVIII ғасырлардың өлі арасында жоңғардың қонтайшысы орыс өкіметімен бірігіп, қырғызды тықсырып, осы күнгі мекені - Алатауға шығарып жібергендігін, қазіргі таңда осы жерді мекен етіп келетіндігіне тоқталады [7,397 б].

Қазақтың қалай қырғыз атанғандығы жайында Міржақып Дулат орыстардың қазақты қырғыз деп атауының екі себебін көрсетеді. Біріншіден, «бұрын, қырғыз елі Сібірді мекен етіп тұрғанда, Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып, мазасын кетіре бергендігі мәлім. Ол, кездерде орыстар «әне, қырғыз шауып кетті, міне, қырғыз келіп қалды» деген күйге ұшыраған. «Қырғыз келеді» десе, орыстың жылаған баласы оянатын болған. Сондықтан орыстың ұғымында «қырғыз» деген сөздің өзі «жау, шабағаншыл» мағынасында орнап қалған. Ал, қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай, өз алдына отырған қазақ жұрты, орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе, Сібірдің оң тұсындағы облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң, қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (*киргиз*) деп атаған», екіншіден, қазақты

орыстың «қырғыз» деуінің жаңағы айтқаннан басқа, тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар, Сібірді алушының бастығы Ермак, оған ергендері оның тұқымы - бәрі казак (*казак-орыстар-К.С.*) еді. Сондықтан оларға өздерін де казак, казакты да казак деу қапелімде ыңғайсыздық келтіретін болған. Үнемі «қай казак» деп, айырып отыру қажет бола берген. Міне, сонан бері казакты қырғызбен шатастыру, қырғызды да «қырғыз», казакты да «қырғыз» деп атау басталады. Сонан бері, бұл екі елдің шежіресін білмегенде, кейбір тарихшылардан бастап, казак-қырғызбен қатынасы кем жұрттардың көбі екеуін де «қырғыз» дейтін болған. Қазакты орыс «қырғыз» деп атайтын болған соң казак орысқа бағынып, жазу-сызу, заң-законның бәрі орыс тілінде жазылғаннан кейін күні бүгінге шейін, казактың орысша оқығандарының өзі орысша жазғанда, сөйлескенде казакты «киргиз» деп әдеттенген» [7, 398 б].

«Қазактың аты, тегі һәм қашаннан бері жұрт болғаны туралы» мәселе бойынша Міржақып Дулат казактың аты, тегі, қашан халық болып қалыптасты және казак ежелгі халық па, құрама ма деген сияқты мәселелрге көңіл аударады. Міржақып Дулат казак тарихын жазған Чулошников, Шоқан Уәлиханов, В. В. Григорьев, В. В. Вельяминов-Зернов, Э. Мейр, Красовский, В. В. Радлов, Л. Ибрагимов, Н. И. Веселовскийлердің «казак құрама, беріде жұрт болған» деген пікірін сынға алап, Фирдоусиге сілтеме жасай отырып, «Қазактың ескі жұрт екендігі туралы, Фирдоусидің казак дәлелін бекерге шығарған ешкім жоқ. Фирдоусидің казак жұрты, һәм казак хандары жайынан жазғанына 900 жыл өтіп отыр. Әлбетте, казак Фирдоуси жазған жылы ғана жұрт бола қоюы мүмкін емес. Сол жылы, казак деген жұрт, казак жұртының хандары болғаны рас болса, ол жұрт оның аржағында пәлен ғасыр бұрын өз алдына жұрт болуға керек. Фирдоусидің жазғаны осы күнгі біздің казак болмай, өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды. Екінші, казак жұртының құрамалығына аты дәлел. Казак әр жұртта болған, әр жұрттан наразылықпен бөлініп шыққандардың бәрі казак атала берген. Сондықтан, казак жұрты да түрік, моңғолдан бөлініп шыққан тұқымдардан құралған деуді дәлелсіз көретініміздің мәнісі-казак бөлінуші, бетімен жайылушы, еркіндікті сүюші мағына беретіндігін» атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Міржақып Дулат антропологтар Иванский, Харузин, Чугуновтың: «казак» құрама, себебі: казактың бәрінің түрі бірдей емес», - деген дәлелдеріне «казактың бұрынғы хандары, батырлары, билері жеңген елдерінен қатын алмағаны кемде-кем. Жаугершілік басылып, бейбітшілік заман орнағаннан бәрі де казак көршілес ноғайдан, башқұрттан қыз алып, құда болуы аса көп болмаса да, бірсыпыра бар. Мәселен, мұндайдың көбірек жері - Жетісу, Семей облыстарында. Бұл облыстарда, «шала казак» атанып жүргендердің бәрі, ноғаймен қан араласқаннан болған. Түркістан қазағы арасында, көп болмаса да, сарттан, өзбектен қыз алып, араласқандық бар. Өткен бір-екі ғасырдың ішінде солдаттан қашып, казак арасына келген саудамен жүріп казак арасында тұрып қалып, казак болып кеткен ноғай, башқұрттар, Түркістан, Бұхарадан шығып, казак арасына сіңісіп кеткен қожа-молдалар болған. Осы, айтқандардың бәрін қорытқанда, казак қаны өзгелердікімен араласып, аз да болса, түріне өзгешелік кіргізгені анық болса керек. Әлгі айтқандардың бәрі, казактың бір аймағында иә бір руында ғана болмай, әр елінде, әр жерінде болғандықтан, казакты антропология жағынан сынаушыларға мұндай түрлері кез келе беруі мүмкін. Қазактың түріндегі осындай түрлілікті тауып, олар казак құрама жұрт деген пікірге келуі де ықтимал. Бірақ, бұған қарап, казакты XV ғасырда ғана құралып, жұрт болған деуге келмейді. Қазактың құрамалығы ескі жұрт екендігіне, қарсы дәлел бола алмайды. Қайта құрама бола тұрып, бұл күнде тілі, әдет-ғұрпы, салт- санасы бір кісінің баласындайлығына қарағанның өзінен казактың ескі жұрт екендігі, кейіннен қосылғандардың ұйытқысы казак екендігі сыпатталады» [7, 399 б] деп қарсы дәлел келтіреді. Міржақып Дулаттың бұл пікірін антрополог О.Смағұлов: «...бұдан 4 мың жыл

бұрынғы Қазақстанды мекендеген тайпалардың қаңқа сүйектерін қазіргі қазақтардың қаңқа сүйектерімен салыстырып, арасындағы антропологиялық, генетикалық байланыстарды анықтадым... Қазақтың этникалық құрылымына байланысты батыста адай, Орталық Қазақстанда арғын, Шығыста найман, Жетісу өңірінде үйсіндерді зерттедім. Сол еңбекте қазақтың айтып жүрген үш жүзінің антропологиялық, генетикалық, популяциялық тұрғыдан айырмашылығын анықтаған едім... Әрі аймақтық ерекшеліктерді де қамтыған кешенді зерттеу болды. Нәтижесінде қазақтың биологиялық тұрғыдан жүз, руға қатысты еш айырмашылығы жоқ екендігіне көзіміз жетті. Қазақ деген халық антропологиялық тұрғыдан 4 мың жыл жасап келе жатқан біртұтас бөлуге келмейтін антропологиялық ұжым, гомогендік популяция, яғни биологиялық, генетикалық ұлттық бірлікте», деп іс жүзінде дәлелдеп берді[8].

Қошке Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» еңбегі ел қалай отарланды, орыстандырудан туындаған қысымға қазақтар саяси және рухани тұрғыдан қалай қарсылық жүргізді және де ұлттығын сақтап қалуда тұтас дәуірлердің қандай қилы тарихи өткелдерінен өтті деген ділгір мәселелерді тануда отандық тарих ғылымында алғашқы әрі тың қадам жасауымен құнды. Сондықтан аталған кітапты 1927 жылы М.Әуезов «Тарихтың дәл суреттерімен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамедұлының «Исатай - Махамбет» жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» деген еңбектерін қарап өтсін дейміз» деп бағалаған болатын[9].

«Қазақ тарихынан» кітабының «Меңгеру жайы» атты бөлімінде «Қазақ кірейін деп кірген жоқ, қалмақ, башқұрт, қазақ-орыс, жоңғар талқысынан еріксіз кірді. Петр Великий: «Қазақ даласы - Индияға кіретін қақпа болды» деп, Сібірдің губернаторы Гагаринге «Қазақпен қатынас жаса» деп бұйырды... Еділ қалмағын қысып, Жем мен Жайықтың арасына орныққан кіші жүз Орал қазақ-орыс пен қалмақтан қағажу жеп, ілгері баруға Рустиядан қорқып, кейін қайтуға Жоңғардан қорқып, екі оттың арасында қалып, амалсыздың күнінен Рустияға бағынды», - деп қазақтың өз еркімен емес, керісінше Ресейдің қазақ жерін мәжбүрлеп қосып алғандығын ашып көрсетеді. Бұл пікірді қазіргі кезде ғылыми айналымға енген тарихи деректер толықтай растайды. Сол арқыл күні кешеге дейін қиястықпен бұрмаланып келген «ресми» тарихымыздың талай ақиқатына қаныға түсеміз де Ресейге «өз еркімен» «қосылған» халқымыздың басынан өткерген күрделі кезеңдердің қилы асуларындағы тағдыр-талайын танимыз.

Қ.Кемеңгерұлы халқымыздың отарлану тарихын тарата баяндай отырып, Ресей империясы тарапынан жүйелі жүргізілген орыстандыру саясатының түпкі мақсатына үңіледі. Мәселен, «19-ыншы ғасырдың басында қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып, ісләмға өте бейімдеді» деген пікірімен орыстандырудың түрлі айла-шарғысының бірі шоқындыру арқылы ұлттық ділден айыру болғанын, діни наным-сеніміне жасаған қылмысын ашып көрсетеді.

Зерттеуші қазақ даласында миссионерлік мектептер ашылғанын айта келіп, қазақтарды орыстандыру - Ресей империясының басты мемлекеттік ұстанымы болғанын «Қазақтың өзінен миссионер жасалмақшы болды. Бері келе христиан дінін «идеал» қылып ұстаған миссионерлер хукіметтің саяси құралы болды. Хукімет бұратаналарды орыстандыру жолына өте қызу кірісті. Еуропа соғысының алдында 1912 жылы Святейший Синодтың мынадай пікірі болды: «Бір қазаққа екі орыс көрші болса, қазақ кедейленеді. Содан барып қазақты орыс қылу оңай» деген деп ой түйеді[9, 204 б].

Отаршылдық саясатқа деген ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи мән-мағынасын бағалаудағы Қошке тұжырымдары да терең. Мысалы, кітаптың «Қарсы қозғалыстар» бөлімінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті «Кенесары қалың

қауымға қауға түскен бір шағым оттай болып, халықтың толқынын көтеріп жіберді»[9,235 б], деп бағалайды. Ұлт наразылығына қатысты құнды тарихи деректер келтіре отырып, жеңіліс себептерін зерделейді, тарих тағылымына үңілдіреді.

«Қазақ тарихынан» еңбегінің қай тарауы болсын қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік өмірінің ең өзекті мәселелерін жан-жақты да терең білгірлікте талдауымен назар аудартады. Қазақ психологиясына (*жан-дүниесіне*-) отаршылдық танған жат өзгерістер мен орыстандырудан өрістеген оспадарлықтардың да «қазақ тұрмысында шаруа, рухани, мінез тарауларына үлкен із қалдырғаны» кеңінен қарастырылып, өмірдің өзінен алынған нақты мысалдармен негізделеді.

Жалпы, жан-жақты дарын иесі Қошке Кемеңгерұлының отандық тарихтағы «Қазақ тарихынан» атты іргелі зерттеуі отаршылдық саясат зардаптарын терең тануымызға, ұлтсыздандыруға бой алдырмаған отаншылдық рух асқақтығын байыптауымызға мүмкіндік беретін іргелі еңбек. Ұлт зиялыларының тарихи еңбегін «Бұл ретте олар өткен тарихты қызықтаудан, оны әсерлеуден алыс болып, керісінше, оған риясыз шындық тұрғысынан дәл баға беруге тырысты» деп тарихшы-ғалым Мәмбет Қойгелді [10] бағалағандай, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерін рухани өмірдің өзекті салаларымен тығыз сабақтастықта зерделеген Қошке Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» атты еңбегіндегі тұжырымдары шынайы тарихи санамызды жаңғыртуымен құнды.

Біз Ә.Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Қошке Кемеңгерұлының еңбегіне талдау жасау барысында олардың тарихшы болмаса да, «мүйізі қарағайдай» тарихшылардың жүгін көтеріп, қазақтың «өзін-өзі тану» мәселесін алғаш көтергендердің бірі екендігіне және ғылыми тұжырымдарының тарихи шындыққа етене жақындығын байқадық. Себебі, ғалым, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері Рымғали Нұрғали айтқандай: «Алаш қайраткерлері табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды жандар. Олар сол сөнбес отты нәрсіз іске, аз күндік мақсатқа, өкінішті атақ-даңқ алуға, қайырсыз байлық-дәулет табуға емес, ұлтқа қызмет ету деп аталатын мәңгілік арманға жұмсаған»[11]. Осы тұрғыдан алғанда Алаш ардақтыларының бұл еңбектері қазіргі таңда да қазақ тарихы мәселелерімен шындап айналысқысы келетін тарихшы - ғалымдар үшін «азық» әрі өзекті болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. //Егемен Қазақстан. 20 қараша 2018 жыл
2. Шоқай М.. Таңдамалы.1-ші том. Алматы: «Қайнар». 1998. 226 бет
3. Бөкейханов Ә. Таңдамалы шығармалар. Алматы.1995. 302 б.
- 4.Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының 7 томдық жинағы. Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. 555 б. III том
5. Көпеев М.Ж. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 10 том. Павлодар: НПФ «ЭКО», 2007. 445 б.
6. Алдамжар З. Тарих: Пайым мен тағлым. Алматы: «Арыс», 2002. 214 б.
7. Шолпан (араб әріпінен аударған Карибаев С.Ө.) Алматы: «Ан-арыс» баспасы. 2010. 440 б.
8. Самгулов О. «Этническая геногеография Казахстана» (серологические исследования) А., 1977. 325 с.
9. Кемеңгеров Қ. Таңдамалы. Алматы: Қазақстан,1996, 296 б.
- 10.Қойгелді М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. Алматы: «Жалын» ЖШС, 2004. 400 б.
11. <http://qazaqtimes.kz/post/1336>. Нұрғали Рымғали

**Аннотация:** В рамках национального духовного обновления и на основе национального кода следует обратить особое внимание изменению сознания, с помощью богатого опыта, накопленного в недрах истории. К сожалению, наша собственная история времён царской России, говоря словами Д.Неру, является историей колониальной страны, написанной колонизаторами, а в советский период была искажена классовым подходом.

Каждый народ и государство пережил путь переосмысления своей истории. Переосмысление казахской национальной истории и его научная систематизация началась впервые 20-30-годы XX столетия. У истоков этого благородного дела стояли А. Букейхан, А. Байтурсын, М. Дулатулы, Қ. Кеменгерулы, М.Тынышбаев, С.С.Асфендияров, Сейфулин, Т. Рыскулов, а так же другие представители казахской интеллигенции и элиты.

Несмотря на сложившуюся ситуацию, они первыми осознали и почувствовали необходимость национальной истории. Именно поэтому они постоянно публиковали свои научные статьи на страницах газет и журналов. В эти годы издавались журналы и газеты, такие как «Шолпан», «Историк марксист», «Исторический журнал», «Борьба классов», «Большевик», «Большевик Казахстана», «Жаңа мектеп», «Сана», «Қызыл Қазақстан», где имелись специальные главы, посвященные обучению национальной истории, на страницах которых поднимались вопросы формирования исторической науки.

**Abstract:** Within the framework of the national spiritual renewal and on the basis of the national code, special attention should be paid to the change of consciousness, with the help of rich experience accumulated in the depths of history. Unfortunately, our own history of the times of Tsarist Russia, in the words of D.Neru, is the history of a colonial country written by colonizers, and in the Soviet period was distorted by a class approach.

Every nation and state has experienced the path of rethinking its history. The rethinking of the Kazakh national history and its scientific systematization began for the first time in the 20-30s of the twentieth century. At the root of this noble cause were A. Bukeikhan, A. Baitursyn, M. Dulatuly, Қ. Kemengeruly, M. Tynyshbaev, S. S. Asfendiyarov, Seifulin, T. Ryskulov, as well as other representatives of the Kazakh intelligentsia and the elite.

Despite the situation, they were the first to realize and feel the need for a national history. That is why they constantly published their scientific articles on the pages of newspapers and magazines. Magazines and newspapers such as Sholpan, Marxist Historian, Historical Journal, Class Struggle, Bolshevik, Bolshevik of Kazakhstan, Zhana mektep, Sana, Kyzyl Kazakhstan », Where there were special chapters devoted to the teaching of national history, the pages of which raised questions of the formation of historical science.

ӘОЖ 316.71

**Тажмұханова Н.Е., Мукашева А.О., Отарбаева А.К.**

т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ**

**Түйін:** Республикадағы тәуелсіздік алғаннан кейін, қоғамда да, кәсіби ғалымдарда да ұлттық тарихқа қызығушылық бар. Бұл егеменді мемлекеттің қалыптасуы, этникалық сәйкестікті көтеру жағдайында ұлттық сәйкестікті іздеуден туындаған объективті процесс. Тарих ғылымын дамыту үшін қолайлы жағдайлар көп болды - шетелде сақталған жазбаша дереккөздердің үлкен топтары қол жетімді болды, бұл олардың санына әсер етті, бірақ әрдайым зерттеу нәтижелерін жариялау сапасы емес.

Бұл мақалада заманауи тарихи зерттеулердегі көздерді пайдалану мәселесі талданады. Тарих ғылымы саласындағы басым міндеттердің бірі жаңа басылымдар арқылы тарихи зерттеулердің археографиялық базасын кеңейту, бастапқы салыстырмалы

зерттеулерді (тарихи ескерткіштердің әртүрлі топтарының нақты ақпараттылығын салыстырмалы талдау) дамыту болып табылады. Осыған байланысты, тарихи зерттеулердегі бірқатар жалпы ғылыми әдістерді қолдану мәселесі Қазақстанның тарихи ғылымы үшін айрықша маңызға ие. Атап айтқанда, бұл соңғы онжылдықтарда табиғи ғылымдарда ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық бағытта да танымал болатын жүйелік әдіспен және синергетикамен байланысты.

**Кілттік сөздер:** этникалық сана-сезім, егемен мемлекет, ұлттық бірегейлік, дереккөз, әдіснама, тарихнама, мәдениет феномені, археография, компаративистика, синергетика

Жаңа ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процестері және оларды құрайтын халықтардың этномәдени ұқсастық сезімі өздерінің тарихи тамырларын іздеуде тікелей қабаттаса жүреді, әрі өз елі және өз этносы тарихының негізгі сәттерін қайта ойластыруға әрекет жасайды. Бұрынғы қалыптасқан тарихи ұғымдар мен нұсқаларды қайта қарау беталысы, әдеттегідей транзиттік қоғамда кең әлеуметтік қажеттілігі бар. Сондықтан тек әрі өткенді ғылыми реконструкцияланған үнемді игерілген тәжірибе ғана емес нақты адамдар мен топтық қызығушылық эмоциясына жаңа әлеуметтік-саяси шынайылықпен бекіген жалпы тарихи сананың әр текті архетиптерінде өсіп отырады. Бірінші жағдайда тарихнаманың ғылым ретінде қарыштап өркендегенін, екінші жағынан - өз мәнінде тарихи білімнің ғылымнан тыс жаңа түрлерінің яғни аңыздардың пайда болғанын айтуға болады.

Кеңестік мерзімдік басылымдар мен арнайы көпшілік басылымдарда, өлкетанулық жұмыстар сипатында әрі бірқатар кәсіби тарихшылар шығармалары мен тарихи ақпарат басылым тасқындарында жарияландар арасынан қазіргі кезде алашұбар әрі қарама-қайшы көріністер байқалуда.

Іргелі ғылыми еңбектері, оқулықтарымен көптеген адамдарға жақсы таныс бұрынғы көрнекті әскери және саяси қайраткерлер көбінесе күмәнді көпшілік біле бермейтін адамдарды көбірек жазып, ал қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы мен Ресей империясының отарлау саясатына ерлікпен айқасқан тарихи тұлғаларды – жартылай аңыз біреулермен байланыстырады; онда ұрыс даласында халық жасақшыларының сан мыңдаған қолын ересек ұрысқа бейімді әскербасы-сұлтаннар тіпті буыны қатпаған, соғыс тәжірибесі жоқ 13-14-тегі жасөспірімдердің басқарғаны да айтылып жүр.

Тарих тағлымынан 300-ге жуық жыл өткен соң аяқ астынан бұрын белгісіз болған халық ауыз шығармашылығын жинаушылар мен XIX-XX ғ.ғ. фольклоршы-зерттеушілері тікелей куәлердің немесе қатысушылардың «естеліктері» арқылы қазақ батырларының жоңғарлармен атақты шайқастарын жарыққа шығара бастады. Олар ешқандай қисынсыз текстологиялық экспертизасыз, арнайы деректемтанулық талдаусыз маңызды болып жарияланып, сол кездегі қазақ-жоңғар қатынасының басты «деректемесіне» айналуда.

Революциядан бұрынғы кезеңдегі Қазақстанның болып өткен тарихи белгі символдарын өз еркімен қайта қарау орын алған: жалпыұлттық көлемдегі ірі тарихи бейнелер жан-жақты қаралмай, негізсіз болмашы деңгейге дейін төмендетілген, ал кейбірі керісінше мақсатты бағытталған үнсіздікпен макроәлеуметтік әрі макротерриториялық биікке шарықтатылып, жан-жақты жарқыратып көрсетілген.

Қазіргі ғылымтануда тарихи білім құрылымынан жаңа уақыттан бастап танымдылық мәдениеттің ғылыми формасын басқа көркем шығармашылық, дін, аңыз және т.б. тарихи таным мен білім формасын бүкіләлемдік тарих дәуірінен индустриалды және постиндустриалды деп болу көзделген. Әрі күнделікті практикалық пайдалы білім



мен тарихи шындық туралы ұғым әрі осы деңгейге сәйкес келетін әртүрлі топтық, этникалық және субмәдениеттік өткенді қайта ойша қалпына келтірудің стереотиптерінен қажетті ақпаратты алудың эмпирлік тәсілдерін көрсету болып табылады.

Ғылымның әлеуметтік контексте пайда болып, өркендейтіні көпке белгілі. Оның жағдайында жалпы логика бойынша әлеуметтік тұтастықтың рухани саласының мәдениеттің басқа салаларымен – материалды өндіріспен, саясатпен, идеологиямен, дінмен, мораль, құқық және т.б. байланысын зерттеу анықталады. Әлеуметтік контекст өзінің тарихи қозғалыс және процесінде өзгеретін болғандықтан, ғылымның маңызы танымдылық қызметтің әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі мәдениеттің басқа да компоненттеріне тәуелділік формасы мен қызмет спецификасы тек ретроспективті зерттеу арқылы түсінікті бола алады.

Тарих ғылымының әлеуметтік мәдени контексті туралы айтқанда шартты түрде оның ішкі және сыртқы контекстерін ерекшелеуге болады. Бұл ерекшелеу олардың салыстырмалы антиномистігі жағдайында ғана ақталады. Бірақ жүйелілік тарихнамалық зерттеуде олар белгілі дәуірдің мәдениетіне жататын екі ажырамас аспект, синтез ретінде болады. Бұл контекстерді ерекшелеу үшін негіз бүкіл ғылымдық таным формасын тұтастай алғанда генезис, тарих ғылымының жұмыс істеуі мен дамуын жылжытушы күштер мәселесіне әрқилы қатынас болып табылады.

Шетелдік философияда, әлеуметтануда және ғылым тарихнамасында оның қалыптасуы мен дамуының сыртқы (external) және ішкі (internal) факторларын ерекшелеу қабылданған. Бұнда **сыртқы факторлар** ретінде мәдениеттің социумды аспектілері түсінігі болады: экономика жағдайы, саяси конъюктура, әлеуметтік қатынастар және бүкіл осы құбылыстардың танымдылық стимулдары мен императивтері; ал **ішкіде** - таза когнитивті пісіп жетілген және ғылыми идеялардың өзіндік өзгеруі мен өткенді таным әдістері. Генезис және ғылымды дамыту мәселелерін зерттеу барысында ғалымдар 1930 жылдан бастап белгілі ғылымтанушы Дерекка де Солла Прайстың белгілеуінше өзіндік «көрінбес колледж» құрады [1]. Оның ішінде экстерналистік және интерналистік бағыттар орныққан [2]. Біріншісінің басында тұрған Джон Бернал (1901-1971жж.). Екіншісінің негізін қалаушы Александр Койре (1892-1964 жж.),- деп айтуға болады [3].

Қазіргі ғылымтану тәжірибесі көрсеткендей, бұл бағыттардың әрқайсының күшті теориялық позициялары, сынға төзімді аргументтері, тарих ғылымының мәнін түсінуге экстерналистік және интерналистік методологияны жасанды біріктіру жолдарымен емес, мазмұнды синтез арқылы жеңе алады. Ол зерттеу практикасында пәндік қызметті пайдаланудан тұрады. Оның мәні қоғамдық өндірістің бүкіл жүйесін тарихи дамыту барысында өндірістік еңбекті бөлу мәселесіне әкеледі [4].

Қазіргі кезде ғылым мәдениет феномені ретінде адамзаттық қоғамның белгілі кезеңінде (XVII-XIX ғғ.) пайда болады. Бұл пәндік қызметті бөлу нәтижесінде алдымен өзіндік болмыс тірлігін материалды өндіріс пен әлеуметтік практиканың басқа да формаларына қарағанда материалды өндіріс алып, кейіннен рухани өндіріске орнықты. «Танымдылық қызмет және танымдылық мәдениет» белгілі адамдар контингентінің айрықша саласы мен ерекше айналысу түріне соқты [4,447-б.]. Бұл саланың ішінде қазіргі кезде білім және танымдылық формалары мен әдістері жинақталып өңделуде. Осы феномен ғылым деп аталады. «Ғылым,- деп жазды белгілі философ Э.В.Ильенков, - ол ерекше жағдайда айрықша кәсіпке айналған, ойлау» [5].

Барлық өзінің жекелей өзіндігіне қарай адам ойлауын зерттеушілер әдеттегідей екі негізгі типке бөледі: түсінік-логикалық немесе жүйелі-аналитикалық және образды-рефлекторлық. Бірінші тип өзінің даму формасында негізінен ғылым мен саясатта көрінеді; екіншісі - әдебиетте, музыкалық көркем-шығармашылық пен өнерде [6].

Жаңа кезеңнің тарихнамасы өзінің классикалық ғылыми формасында ғылымнан тыс танымдылық пен тарихи білімнің әр түрінен және көпқырлы фактографиялық ақпараттың күрделі синтезін танымдылықта әрі онымен байланысты түсінік-логикалық категория жүйесіндегі ұдайы өзгеріс пен дамуымен тығыз байланыста болады. Соңғы үш жүзжылдықтың әлеуметтік практикасында ол шығармашылық өзін танытудың танымдылық мәдениетін қайта құрудың өркендеуші процесінде әрі әрқилы саяси партиялар мен топтардың өтпелі қызығушылығына қызмет көрсету емес, тек тарихи шындықты толмай ізденуге бағдарлануы.

Осыған орай, кәсіби тарихшы-ғалымдардың зерттеу қызығушылығының бастапқы объектісі, заттың оның танымдылық қызметіне тікелей қатысты жекелеген еркін тандалған тарихи деректемелер емес, барлық қолдануға мүмкін деректемелер жиынтығы, соның ішінде авторларының бағалау тұрғысы бойынша өмірлік көзқарас тұрғысынан бір-біріне өзара қарама-қайшылары да кіреді. Ол бастапқы ақпаратты жинап әрі жүйелей отырып, алдымен деректемелік талдаудың логикалық анализі мен синтездеуі әрі қатаң арнайы әдіс-тәсілдері арқылы тарихи деректемелерден шынайы фактілерді шығарып, олардың өзара байланысын орнатып, уақыты мен кеңістігін анықтап, тек сонан соң қайта құрылған өткеннің фактологиялық суретіне сүйене отырып, сол негізде концептуалды реконструкциясын іске асырады.

Нақты тарихи фактілерді кәсіби-тарихшы ғылымда арнайы өңделген әдістемелік ережелер мен процедуралар арқылы аудентикалық деректемелерден алады. Бұндай аудентикалық деректемелер немесе түпдеректемелер категориясына өткеннің жазба немесе заттай ескерткіштері жатады. Оған тек оқиғаны баяндайтын замандастар мен тарихи оқиға құбылыстары жатады, әрі бұл оқиға сол кез адамдарының есінде қалуы қажет.

Жаңа дәуірдегі Қазақстан тарихына келер болсақ, аудентикалық деректер жүйесіне қазақ хандары, сұлтан батырлар және старшындарының XVIII-XIX ғғ. ортасындағы эпистолярлық мұрасын айтуға болады, ол қазіргі кезде ТМД-ның әр түрлі мұрағаттарында сақтаулы 10-мыңға жуық сақтау бірлігі ретінде тұр; жоңғар хандарының қазақ билеушілерінің атына жазған, башқұр батырларының, ортаазиялық монархтар, қалмақ тайшыларының ресми хаттары, қазақ беделді өкілдерінің, Орта Азия саудагерлері, Орынбор және Сібір шекара ведомстволары, Ресей кеңселерінің белгілі адамдарының «сұрау салулары», қазақ даласына саяхат жасаған Еуропалық және Ресей саяхатшыларының сапар бағыттары күнделіктері мен журналдары, патша шенеуіктері мен қазақ үш жүз билеушілерімен кездесуінің нақты хаттамасы; Цинь императоры, Бұхар және Хива хандары сарайларында құрастырылған саяси оқиғаларының әулеттік жылнамасы, XIX-XX ғасырлар басындағы қазақ ауыз әдебиеті мен батырлар жырлары, қолжазба немесе баспа бетінде сақталған сол кезеңнің мерзімдік басылымдары, әрі тарихи-құжатты ескерткіштердің көптеген түрлері.

XVIII-XIX ғасырлардың ортасындағы қазақ халқы мен Қазақстанның тарихын зерттеу үшін қазақтардың бабаларының жоңғар басқыншыларымен, Қоқан хандығы және патша отарлау әкімшілігімен күресін баяндайтын, әрі дала билеушілері мен батыр-жауынгерлер жетістігін марапаттайтын тарихи, шежірелік және топонимикалық аңыздарының маңызы өте зор. Олардың көпшілігі осы күнге XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ ақпаратшыларының айтуымен қазақ ауыз әдебиетін белгілі дала жинаушылары А.И.Тевкелев, Я.П.Гавердовский, А.И.Левшин, Ш.Ш. Уәлиханов, Г.Н.Потанин, А.А.Диваев, А.Н.Бөкейханов, Ш. Құдайбердиев, М.Ж.Көпеев, М.Тынышбаев басқа да зерттеушілері жазбалары арқылы жетті.

Ауызша баяндау жанрына тән тарихи аңыздардың өзіндік қыры ондағы нақты мәліметтердің санқырлы тегі мол сипатын айтуға болады. Онда оқиғаның нақты

хронологиялық кеңістік-географиялық орын алмауы, шынайы тұлғаларды аңызға айналдыру, нақты тарихи оқиғаларды асыра бейнелеу орын алған. Осыған байланысты қазақ ауыз шығармашылығын белгілі зерттеушісі С.А.Қасқабасовтың нақты айтқан сөзі бар: «Оқиға көне болған сайын, тарихи мәні жоғалып, аңызға айнала бастайды. Оқиға алыстаған сайын шынайы негізі көмескіленіп, ауызша жол-жөнекей аңыздар қосылып, нәтижесінде аңыз оның кейіпкері қиял-ғажайып сипатқа ие болады» [7].

Осы тарихи ескерткіштер категорияларының көрсетілген ерекшеліктеріне орай, қазақтардың халықтық ауызекі аңыздары бастапқы әрі соған сәйкес XVII-XVIII ғасырлар дәуіріндегі қазақ қоғамы дамуының нақтылай әрі объективті көрінісін қайта құру үшін жеткілікті ақпарат көзі бола алмай, сол заманның әртүрлі жазба материалдарына қосымша қолдану принципі бойынша негізінен зерттеу тәжірибесінде пайдаланыла алады.

Соған қарамастан бұл күрделі тарихи ақпараттың деректемтанулық тұрғысынан өз зерттелген түрін ендіру және ғылыми айналымы әлі күнге дейін бір жүйеге түспей пайдасыз сипатта болуда. Көптеген тарихи жұмыс авторлары бұл материалдарды зерттеу әдістемесін толық меңгермеген. Ондағы фактілер мен халықтық болжамдарды, ондағы тарихи ақпараттар шынайылығы дәрежесі мен деректанулық талдаусыз, шынайы тарихи көрініске нақты әрі қисындық сәйкестігінсіз, әртүрлі құжатты деректемелер мен деректемеден тыс білімге жүтінбей баяндайды.

Сонымен қатар отандық тарихнамада іс-жүзінде ғылыми деңгейде даярланған бұл ескерткіштердің көптеген топтарына арналған археологиялық басылымдар қазақ халық аңыздарына арналған арнайы деректанулық-тарихнамалық зерттеулер мен қажетті ақпараттық-анықтамалық аппарат жоқ. Осының нәтижесінде Қазақстан тарихының XVII-XIX ғасырлар ортасы кезеңіндегі ана немесе мына қырларын қайта құру процесінде пайдалану тәжірибесі көп жағдайда кәсіби емес, әуесқойлық деңгейде іске асырылып көрсетілген материалдарға көптеген қазақстандық және шетелдік тарихшы-ғалымдардың нигилистк көзқарасын тудырды.

Осы жағдайларға орай бұл сала бойынша зерттеу жұмысы бірнеше бағыттарда іске асырылуы мүмкін: 1) ірі тарихи оқиғалар, олардың өткен орны мен әдебиеттегі ТМД мұрағат сақтау орындарының қолжазба қорларындағы XVIII ғасырдың ортасы мен XX ғасырлардағы қазақ даласының көрнекті қайраткерлері туралы қазақ халқы аңыздарының жарияланған нұсқаларымен қатар мақсатты бағытты іздеу, жинау және жазу; 2) құжаттық, нарративтік және басқа да деректемелер түрлерімен, уақыты, орны және халық аңыздарын жазбаша белгілеудің нақты жағдайларын анықтау, әрі халықтық ақпаратшылар мен бұл ескерткіштерді жинаушылардың әлеуметтік пен үрім-бұтақтық жатысын белгілеу; 3) анықталған материалдарды жанырлық жатысы, хронологиясы және тақырыбы бойынша жүйелеу; 4) олардың мазмұнындағы нақты ақпараттарды компаративті-қисынды негізде бұл мәліметтерді тарихи ақпараттың басқа түрлерімен салыстырып шынайылық дәрежесін анықтау.

Қорытынды. Қазіргі көптеген қазақстандық, ресейлік және ортаазиялық авторлардың ұттық тарих бойынша жарияланымдарымен жеңіл танысып өткеннің өзінде-ақ олардың ішінде өткенді ғылыми реконструкциялау және оның аңыздандырылған модификациясын нақты шектей алмайсың, яғни екі құрылғы сұлбасы да өте көмескі болып келеді.

Соңғысының дәл болмауы нақты тарихи таным нысанының өзіндік күрделілігі ғана емес, кәсіби тарихшы санасына әрқилы өмірлік көзқарас пен идеологиялық жаттандылық, билікпен «ойыны», партия мен топтардың саяси күресіне араласуымен т.б. түсіндіруге болады.

Шынына келгенде барлық келтірілген жағдайлар ана немесе мына жағдайда

ғалым ойлауына әсер етіп, оның шығармасына әрқилы мифологиялық элементтер енуіне ықпал етеді.

Ал басқа жағынан көптеген тарихи жарияланым авторлары – мамандар емес және жалған тарихты сүйушілер елдің ықпалды зиялы қауымына өз болжамы растығын көтеру үшін ғылымда пайдаланылатын дәлелдердің әдістері мен тәсілдерін әдейі немесе сапалы түрде пайдаланып, сырт көзге ғылыми ізденіс ретінде табысты көрсетеді. Соған қарамастан, қазіргі көптеген қолданылып жүрген ғылымнан тыс тарихнама үшін тарихи қайта құрулардың ғылыми сипаттағы ізденулерден айрықша кең тараған формалары яғни, былайша айтқанда, «қызығушылығы жоқ» тарихи білімдер.

Оларды келесідей сипаттап көрсетуге болады:

1. Авторда тарихи шындықты іздеуде, тарихи мақсатының, әрі ғылыми пән ретінде тарих туралы, тарихшылар еңбегінің сипаты мен тарихи деректемелермен жұмыс істеу әдісі ұғымының болмауы.

2. Алдын-ала құрған тарихи жобасы өз жеке көзқарасы негізінде жасалып, тек ғылымнан тыс мақсаттар мен қызығушылыққа қызмет етеді немесе өзінің жеке бас ойын білдіреді.

3. Бұл тарихи факт пен тарихи деректемені қорлау. Тарихи фактілер екінші қатарды өз ойлауы мен болжамына бағынышты роль ойнайды.

4. Маман еместер әдеттегідей тарихи фактілерді ғылымда қабылданған әдістер мен процедуралар арқылы деректемелер мен кәсіби тарихшылар еңбектері жүйесінен алмай көбінесе тарихи-публицистикалық басылымдардан алады. Олар онда көбінесе жұтандау, артықтау немесе өзгешеленген түрде болады.

5. Өз ойларын дәлелдеу мен бекіту үшін өз алдына жеке тарихи аңыздық жанр деп қарауға болатын жалған тарихи деректемелер – жалған аңыздар, анықталмаған «халықтық» дастандар тағы осы заманғы аңызға айналдырған жалған дүниелерден мәліметтер алады.

6. Ұсыныс, пікір, дәйектерді оңды-солды араластыру, барлық ғылыми негізделген дәйектер мен болжамдарды жоққа шығару автор ойы қарама-қайшылығын көрсетіп тұрады.

7. Бір стереотипті жолмен, тікелей империялық және кеңестік жүйе стереотипті әдіснамасын, құндылық межелерін әрі революциядан бұрынғы Ресей тарихы хрестоматикалық шығармаларынан тарихнамалық, сюжет нұсқаларын алып, оның Қазақстан тарихының сол кездері тіпті кейінгі кезеңдеріне форма ұйқастығына сай әкеп орналастыру.

Осы барлық құбылыстар тарихи зерттеулердің әдістемелік және әдістік базасының қазіргі Қазақстан тарихнамасында тұтастай, әсіресе аймақ тарихи деректеметануы саласында жеткілікті өңделмегенін көрсетеді. Осыларға байланысты жақын болашақта елдің тарихи ғылымы саласындағы басым міндеттердің бірі белгілі тақырыбы бойынша ғана топтамай, тарихи баяндалуының түрлері мен жанрлары (революциядан бұрынғы сфрагистика, эпистолярлық деректемелер, генеалогиялық құжаттар, халық аңыздары нарративті шығармалар және т.б) әрі деректеметанулық компаративистиканы дамыту (әртүрлі топтағы тарихи ескерткіштердің фактографиялық ақпараттылығын салыстырмалы талдау), жарияланған еңбектер мен археологиялық басылымдарға ғылыми рецензиялар жанры, зерттеу нәтижесіне құжатты материалдарды бастапқы өңдеудің жаңа әдістерін ендіруді тарихи зерттеудің археологиялық базасын кеңейту болып табылады. Бұлардың барлығы белгілі дәрежеде тарихшылар мен тарихшылар емес үшін алынған дәйекті мәліметтерді пайдаланылатын тарихи деректемелер мен ғылыми репрезентативтілікке ақпараттық беруді көтереді де, олар өз кезегінде өз зерттеулік күш-қуаттарын жемісті іске асыруға мүмкіндік алады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Прайс Д. Малая наука, большая наука. Москва. Прогресс, 1966, С. 281-384.
2. Микулинский С.Р. Методологические вопросы историко-научного исследования // Проблемы истории и методологии научного познания. , Москва, 1974, С. 20-34; Макарова Л.А. Наука, история и историография. XIX-XX вв. Москва, 1987; Косарева Л.М. Предмет науки: социально-философский аспект проблемы. Москва, 1977.
3. Бернал Дж. Наука и общество: Сб.статей и выступлений. Москва, 1983; Койре А. Очерки истории философской мысли (О влиянии философских концепций на развитие научных теорий). Москва, 1985.
4. Хамидов А.А. Наука в социокультурном контексте: Реферативный обзор /ИНИОН. – Алма-Ата, 1984, С.46-49; Логико-гносеологический анализ науки. Алма-Ата, 1990 (Разд.1, гл.1-2).
5. Ильенков Э.В. Диалектическая логика. Очерки истории и теории. Москва, 1974, С.168.
6. Козлов В.И. Лев Николаевич Гумилев (1912-1992) // Этнографическое обозрение. 1992, №5, С.174.
7. Каскабасов С.А. Казахская несказочная проза. Алма-Ата, 1990, С.160.

**Аннотация:** С приобретением независимости Казахстана в республике наблюдается интерес к национальной истории, как в обществе, так и в среде профессиональных ученых. Это объективный процесс, вызванный поиском национальной идентичности в условиях формирования суверенного государства, подъемом этнического самосознания. Сложились более чем благоприятные условия для развития исторической науки - стали доступными огромные пласты письменных источников, хранящихся за рубежом, что повлияло на количество, но не всегда на качество публикаций результатов исследований.

В данной статье анализируется проблема использования источников в современных исторических исследованиях. Одна из приоритетных задач в области исторической науки – проблема расширения археографической базы исторических исследований за счет новых публикаций, развитие источниковедческой компаративистики (сравнительного анализа фактографической информативности разных видовых групп исторических памятников). В связи с этим особую актуальность для исторической науки Казахстана приобретает вопрос применения ряда общенаучных методов в историческом исследовании. В частности, это относится к системному методу и синергетике, получивших в последние десятилетия особую популярность не только в естественнонаучном, но и в гуманитарном направлении.

**Abstract:** In Kazakhstan, the last decades have been marked by a rapid growth of interest in history, both in society and among professional scientists. This is an objective process caused by the search for national identity in the conditions of the formation of a sovereign state, the rise of ethnic consciousness. There were more than favorable conditions for the development of historical science - became available huge layers of written sources stored abroad, which affected the number, but not always on the quality of publications of research results.

The article is devoted to the problem of using sources in modern historical research. One of the priority tasks in the field of historical science is the problem of expanding the archaeological base of historical research through new publications, the development of comparative studies (comparative analysis of the factual information content of different species groups of historical monuments). In this regard, the issue of application of a number of General scientific methods in historical research is of particular relevance for the historical science of Kazakhstan. In particular, this applies to the system method and synergetics, which in recent decades have gained particular popularity not only in natural science, but also in the Humanities

УДК 94 (370)

**Нарымбет Г.Б., Мирзамсеитова Г.Е., Байгунакова Г.С.**

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕГЕМЕНДІЛІК ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Түйін.** Ұсынылып отырған мақалада отарлау саясаты жазалау шараларынан бастап, түрлі құйтұрқы заңдар арқылы қазақтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін іс-әрекеттерге дейін барып, ұлттық мемлекеттілік институтының кез келген көрінісін жоюға тырысты. Соның салдарынан қазақ даласында хандық билік институтының белгілері біржолата жоғалып, оның орнына отарлау аппаратының иерархиялық сатыға бағындырылған шенеуніктер жүйесі басқаратын империялық әкімшілік билік орнады. Дәстүрлі билер соты, шешендік сөз бен салиқалы әділ шешімге жүгіну біртіндеп келмеске кетіп, оның орнына паракорлық, билік өкілдерімен жең ұшынан жалғасып ауыз жаласу, сайлау науқандарындағы саяси талас-тартыс, арамза үгіт-насихат сияқты келеңсіз көріністер туындап қана қоймай, үйреншікті құбылысқа айналды. Бір сөзбен айтсақ, сол кезеңде қолданысқа енген заңнама қазақ халқын қанауға бағытталды.

**Кілттік сөздер:** зиялы қауым, элита, интеллигенция, кеңестік үлгідегі қайраткер, тарихнама, идеология, Кеңес өкіметі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясаты қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналдыруға бар күш-жігерін жұмсады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев "Тарих толқынында" атты еңбегінде: "Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау - Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді", - деп көрсетуі тарихи ақиқатқа негізделген[1].

Патшалық Ресей қазақтың кең жазира даласын мемлекет меншігі деп жариялап, «пайдаланылмайтын бос жер» деген желеумен озбырлықпен тартып алып, қоныс аударушыларға бөліп беру орын алды. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалық Ресей империясының қазақ даласындағы отарлау саясатының күшеюімен ерекшеленді. Кез келген әрекет өзінің қарсы әрекетін туғазатын табиғат заңдылығы бұл жерде де өзінің айнымастығын дәлелдеді. Отарлау саясаты өрістеген сайын, қазақ халқының ұлт азаттық күресі, ұлттық мемлекеттілік құру идеясы да құрыштай шыңдалып, дами берді. Самодержавиеге, отаршылдыққа, жергілікті шенеуніктердің озбырлығына қарсы халық наразылығы өршіді. Осылайша, қазақтардың жаңаша саяси санасы қалыптаса бастады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы дін тазалығын, тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, біртіндеп жер дауы, ел дауына ұласты. Яғни, академик М.Қозыбаев көрсеткендей, "Алаштың ұлт азаттық қозғалысы идеологиясының өзегі – отаршылдық наразылық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық. Олар заңмен шектелген праволық қоғам, конституцияда анықталған кейбір саяси бостандықтар, ғылым мен мәдени даму көлемінде күресіп бақты"[2].

Қазақ халқы ұлт ретінде өмір сүру қасиетін сақтап қалу үшін тырысты: аймақтардағы наразылық бас көтерулерден бастап, Мемлекеттік Думадағы депутаттық

орынға дейін саяси күрес ісіне тартылып, азаттық қозғалысының арналы ағысына ілесті. Қазақтар өлке өміріндегі өзгерістерге, отаршылдық әкімшілік ойлағандай, сырттай бақылаушы ғана болып қалмай, оған белсене араласты. Олар болыс сайлау, партияға жіктелу, дауыс жинау, кандидаттыққа ұсыну, лауазымды қызмет атқару, Думаға сайлану т.б. қоғамдық-саяси істерге белсене араласты. Жергілікті мемлекеттік басқару отарлау әкімшілігінің басқаруымен, ал сайлаулар шалағайлықпен жүзеге асса да, кең байтақ қазақ даласындағы саяси процестерге халқымыз қызу қатысып отырды. Саяси қатысу қазақы дала өлкесінде өзгеше мәнге ие болды. Мұндай әділетсіздік сол кезеңдегі көзі ашық, ұлттық сана-сезімі оянған қазақтың зиялы азаматтарына серпіліс берді.

1905-1907 жылдардағы I-ші орыс төңкерісі өз кезегінде қазақ жеріндегі ұлттық қозғалыстың өсуіне де әсерін тигізді. 1905 жылғы 25 шілде күні Қарқаралы маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен митинг өтіп, ол өзіндік қазақ съезі іспетті болды. Жиын нәтижесінде Ресей Министрлер кеңесінің төрағасына арналған әйгілі “Қарқаралы петициясы” қабылданды. Онда қойылған талаптар 11 тармақтан тұрды: қазақтарға ар-ождан бостандығын беру, тұрғылықты халықты ана тілінде оқытуды ұйымдастыру, қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер қорын байырғы қазақ ұлтының үлесіне құқықтық түрде тиесілі ететін арнайы заңды қабылдау, азаматтық және сот іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге құқық беру, аудармашылыққа қазақ тілін білетін және қазақша сауатты адамдарды алу, қазақтар өз құқықтарына нұқсан келсе, арызды ана тілінде бере алуы, судьялардың қазақ тілін білуін шарт ету және қазақ даласына присяжной сот жүйесін енгізу, отарлаушы аппараттың шенеуніктер санын қысқарту, генерал-губернаторларды орталықтан тағайындау тәжірибесін тоқтатып, басшылыққа жергілікті жерден лайықты тұлғаны сайлау, крестьян бастықтары мен урядник қызметін жою, қылмыс жасағандар тек сот алдында ғана жауап беретіндей тәртіп орнату, биліктің жоғары сатыларынан бодандық шеткері аймақтардан өкілдер сайлануына квота беру сияқты көкейкесті мәселелерді қамтыды.

Ал, петицияға қол қойған адамдар саны жөнінде ортақ пікір жоқ. Мысалы, Қазақстан энциклопедиялық сөздігі мен Қазақстан тарихы оқулықтарында оған 14 500 адам қол қойған деп көрсетіледі. Ал зерттеуші З. Тайшыбайдың келтірген деректеріне сүйенсек, Қарқаралы петициясына 12 767 адам қол қояды[4].

Алаш қайраткерлері туралы жазған еңбегінде М. Қойгелдиев XX ғасырдың басындағы қазақ даласында болған саяси оқиғаларға шолу жасай келіп, патша үкіметінің басқару органына жолдаған Қарқаралы петициясы ерекше екендігін атап өтеді: «нақты Қарқаралы петициясының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Бұл, әрине, сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы үшін қатардағы оқиға емес-тін. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, Қарқаралы петициясын дайындауда Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев және басқа сол кезеңдегі белсенді қазақ интеллигенттері жетекшілік рөл атқарған[5].

Қазақ халқы Ә. Бөкейхановты ұлттың лидері ретінде ұсынып, ол Мәскеуде 1905 жылы қараша айында өткен Ресей жергілікті және қалалық қайраткерлерінің съезіне қатысады. Съезге Ресей империясының құрамына кіретін барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері қатысады. Күн тәртібіндегі мәселелер: барлық ұлттардың теңдігі, тең сайлау құқығы, ана тілін қолдануда бостандықтың болуы. Съезде Ә. Бөкейханов баяндама жасап, өзін 4 млн. қазақ халқының өкілі екенін, қазақ жері Оралдан Алтайға дейінгі, Сібір темір жолынан Омбыға дейінгі, бір шеті Ресей, бір шеті Қытай, бір шеті Каспий теңізіне дейінгі атырапты алып жатқанын айтады. Съезд делегаттарына қазақтардың

мұқтаж болып отырған бір мәселесі – ана тілін қолдану аясы екенін көрсетіп, жергілікті тілдерді қолдануға қойылатын шектеулерді жою туралы ұсыныстарды толық қолдайтынын жеткізеді. Көп ұзамай Ә. Бөкейханов 1906 жылы наурызда I Ресей мемлекеттік Думасына Семей қазақтары атынан депутат болып сайланады. Осы кезде “Семипалатинский листок” газеті “Ә.Бөкейханов Мемлекеттік Думада ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақтың жоғын жоқтап, тілегін жеткізетін бірден-бір адам екеніне халқы сенсе керек” – деп жазды. Ол депутат ретінде Еуропадағы, Ресейдегі сайлау ерекшеліктерін, олардағы заңдылықтарды, әділеттілік пен түрлі партиялардың саяси күресін талдай келе, мынадай ой түйеді: “...қазақ ішіндегі сайлау параға, малға сатылған, арамдықпен өтетіні айқын. Сайланған адам әділет, бірлік, адалдық жолында күрессе ғана шын мақсат орындалмақ”[6].

Депутат ретінде Ә. Бөкейханов ұлттық мүддеге қатысты ойларын жалпы мемлекеттік деңгейде айтуға мүмкіндік алды. Оның Мемлекеттік Думадағы баяндамалары қоныстандыру саясатына, жер мәселесіне қатысты болатын, сонымен қатар далалы аймақтарда білім беру және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне де көп көңіл аударды. Орыс шаруаларына су жағалауындағы құнарлы жерден 15 десятинадан жер бөлу, ал қазақтарға тура сондай көлемдегі жерді сусыз тақырдан берудің әділетсіз шешім екенін айтып шырылдады. Яғни, Ә.Бөкейханов сол кездегі өзге де қоғамдық қайраткерлер сияқты патша өкіметінің саясатын сынады. “Қазақ ” газетінің 1913 ж. 30 қыркүйектегі 28-санында жарияланған “Жауап хат” атты мақалаларында “Степное положениенің” 120-бабына қосымшасында: “Қазақтан артық жерді алмақ. Бұлай болғанда, әуелі қазақты орнықтыру керек емес пе? “15-тен алсаң, жер белгілеймін, қазақ болып отырсаң, жерден күнде көшіремін”, - деп, қазақты күнде көшіріп отыр. Осылай жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретін не жазып еді?” – деп қынжылып тұрып сынады[7].

Ал, М. Сералин редактор ретінде “Қазақ халқы отырықшы болу керек пе, әлде көшіп-қонып жүргені орынды ма?” - деген сұраққа жауап іздеу барысында журнал бетінде пікірталастар ұйымдастырып отырған. Өйткені аталған мәселе бойынша халық арасында екі түрлі пікір қалыптасқан еді. Бірі қазақтарды отырықшылыққа шақырып, бірігіп мал, егін шаруашылығын өркендетуге, ол үшін жеткілікті мөлшерде жер алуына үгітесе, екіншілері - қазақ елін жаппай отырықшы етуге болмайды деп бұра тартты. Бұл екі пікір де журнал бетінде кеңінен талданып талқыланды. Қазақ елі отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен шұғылданса өнер-білімге жол ашылып, мектеп салуға, емхана ашуға мүмкіндік туатыны жан-жақты сөз болады. Сол кездің өзінде 20-30 үйден бірігіп, олардың егіншілікпен айналыса бастағандығы, күн өткен сайын мұндай ауылдар санының көбейе түскендігі қалың жұртқа хабарланып отырды.

XX ғасырдың екінші онжылдығында зиялы қауымның арасына жік түсіруге тылдың қара жұмысына қазақ жастарын шақыруға байланысты патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына көзқарас пен 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының нәтижесінде орын алған жаңа саяси ахуал ықпал етті. 1916 жылғы Ресейдің әскерге елден жігіттерді жинау туралы жарлығы шыққанда Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов “Қазақ” газетінің 1916 жылғы № 192 санында “Алаштың азаматтарына” деген атпен өз ойларын халқына ашық айтты. Олар жағдайды талдай келе, әскерге баруды, тыл жұмысын істеуді қолдады. Олай болмаса ел ішіне патшаның жазалаушы әскері шығып, ер-азаматтарды қырып-жоятындығын болжай білді. Кейінірек Ә.Бөкейханов 1916 жылғы дүрбелеңге арналған “1916-1926” деген мақаласында патша жарлығын мойындамай, ереуілге шыққан қазақтардың қаншасы қырылғанын нақты құжаттармен көрсетіп берді.



Алайда, 1917 жылдың шілде айында қазақ зиялылары жердің сатылуын қолдап, ұлт автономиясын мойындамайтын, діннің саясаттан бөлінуін құптамаған кадет партиясынан шығып, Алаш партиясын құруға кіріседі. Ә.Бөкейханов жерге жеке меншік құқығын беру үлкен қателік екенін атап айтады, себебі бұл қазақтар үшін тиімсіз, ұлтқа кесірін тигізетін, қазақтардың жерден айырылуына әкеліп соғады. Сонымен қатар мемлекеттік құрылысқа қатысты мәселелер бойынша да жаңа үкіметпен келіспейтінін көрсетеді. “Мен неге кадет партиясынан шықтым?” атты мақаласында осындай жәйттер жазылған[9]. Бұл кезеңде Ә.Бөкейханов мемлекет формасы, жергілікті бостандық негізі, құқық, дін ісі, билік және сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар жағдайы, ғылым-білім, жер мәселесі деген он түрлі қоғамдық мәселе бойынша нақты концепцияны демократиялық үлгіде әзірлейді. Бұл концепция қазақ автономиясын жариялаған, елді президенттің билеуін қолдаған, жердің сатылмау принципін ұстанған Алаш партиясы бағдарламасына негіз болады. 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынборда өткен бірінші Жалпықазақ съезінде “Алаш” саяси партиясы құрылады, оның атқарушы комитеті сайланады. Оның жұмысына 6 облыстан – Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана облыстары мен Бөкей ордасынан өкілдер қатысады.

"Алаш" партиясы бағдарламасы жобасының негізгі мақсаты – Ресей федеративтік демократиялық республикасының құрамындағы қазақ автономиясын құру болды. Себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстанның тәуелсіз ел болуы үшін қажетті шарттар әлі қалыптаспаған еді. Мәні жағынан “Алаш” реакциялық ұлтшыл емес, эволюциялық отаншыл партия еді, ол қазақ қоғамын бірте-бірте өзгерту жолын ұстанды. Ал дін саясаттан ажыратылып, мемлекет зайырлы принципке сүйенетін болуы тиіс деген саяси ұстаным негізделді.

Мемлекеттік құрылыс мәселесінде Үкімет басында - Құрылтай жиналысы, оның аралығында Құрылтай мен Мемлекеттік Дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұрды. Құрылтай жиналысы сессия түрінде жұмыс істеп, оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қолында болады. Ол халықты Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты Министрлер Кеңесі арқылы басқарады. Жоғары өкілді органның екі палаталы құрылымы - парламенттік республика ұсынылды, мемлекеттік құрылыс үшін билік бөлінісі идеясы енгізілді. Заң шығару Мемлекеттік Дума құзырында және атқарушы орган қызметіне бақылау жасау үшін депутаттық сауал салу құқығы бар. Жоба авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. Депутаттар тегіс, тең, төте және құпия сайлаумен болады. Азаматтардың сайлау құқығы қан, дін, жыныс айырмашылығына қарамай, барлығының сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі. Осы бөлімде бекітілген салықтың өкілді орган - Мемлекеттік Думаның келісімінсіз салынбауы да Алаш қайраткерлерінің заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуге ұмтылысынан көрсетеді.

Бірінші жалпықазақ съезінде Алаш партиясын тұңғыш ұлттық саяси ұйым ретінде құрылды деп жариялау қазақ халқы үшін елеулі оқиға болды. Алаштықтар халық тағдырына тіке қатысты жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойды. Саяси күрестің түпкі мақсаты - қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, жалпыұлттық мақсат-мүдделер негізінде тәуелсіз елге, ұлттық мемлекетке қол жеткізу болды. Аталған мақсат оқыған қазақ зиялыларынан тұратын жаңа саяси күш - Алаш қозғалысын ұлт-азаттық күрестің саяси сахнасына шығарып, оны қазақ даласындағы ең белді саяси партияға айналдырды.

1917 жылы желтоқсанның 5-13 аралығында Орынборда екінші Жалпықазақ съезі өтті. Онда бірауыздан мақұлдау нәтижесінде жаңа ұлттық-территориялық бірлік – “Алаш” құрылатындығы жарияланып, оның құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Әмудария, Каспий облыстары мен Алтай губерниясы кіретін

болды. Алаш Орданың үкіметі құрылып, оның Орталық комитетін Ә. Бөкейханов басқаратыны бірауыздан мақұлданды. Екінші Жалпықазақ съезінің басты қорытындысы Уақытша халық кеңесі құрылып, оның құрамындағы 25 адамның 10-ы қазақ емес ұлт өкілдерінен сайланатын болып келісіледі. Кеңес бүкіл қазақ қоғамындағы атқару билігін қолына алатын болды. Арнайы тармақ бойынша съезд қаулы қабылдап, онда қазақтардың арасында тұратын басқа ұлт өкілдеріне азшылық құқығы берілетіндігі бекітілді. Алаштың барлық мекемелерінде барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері пропорционалды түрде қызмет ететіндігі жарияланады. “Алаш” мемлекетінің “Алаш Орда” мемлекеті заң шығарушы билік тармағына тәуелді болды.

Алайда автономияның декларациясын қабылдау мәселесіне келгенде зиялы қауымның көзқарасында екі бағыт туындады. Бірі Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер бастаған топ автономияны бірден жариялау қажеттігін ұсынды. Ал Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған топ қазақы емес тұрғылықты халықтың пікірін анықтамайынша автономия жариялауды қоя тұру керектігін көрсетеді. Сонымен қатар, олардың ойынша, автономияны жариялау құқығы автономияның құрылтай жиналысында болып табылады. Осы мәселелер бойынша дауыс беруде қалыс қалғандар да болды, солардың бірі - М. Шоқай еді. Орын алған пікірталастың нәтижесінде Батыс және Шығыс Алаш Орда туындап, сәйкесінше олардың басында Ж.Досмұхамедов пен Ә.Бөкейханов тұрды.

1917 жылдың соңында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ қоғамынан депутаттар ұсыну сәтінде “Үш жүз” атты социалистік партия туындады. М. Қойгелдиевтің зертеулеріне сүйенсек, ол өзінің негізгі қарсыласы “Алашты” саяси аренадан ығыстыру үшін түрік-татар қауымдастығына, мұсылман қозғалысына сүйенген Ш.Әлжанов, М.Әйтпенев, К. Тоғысов сияқты қазақ азаматтарының құрған саяси ұйымы. Партияны құрушылардың бірі М. Әйтпенев: “Белгілі кадет Бөкейханов ашқан “Алаш” партиясының программасына қанағаттанбай қазақтар өз алдына “Үш жүз” атты социалист партиясын ашты. Партияның мақсаты федерацияны жақтау һәм түрік-татар қауымдарын біріктіру, Учредительное собраниеге жеке список кіргізу” деп газеттерге жеделхат жіберген екен[5].

1919 жылы 27 қазанда Қазревкомның кеңейтілген мәжілісі өтіп, ол Қазақстандағы азамат соғысының аяқталуымен тұспа тұс келді, бірақ қызылдарға қарсы күрескен қазақтар мен Алаш қайраткерлеріне кешірім жасау мәселесі қаралмады. Сол жылы 4 қарашада Түркістан майданының революциялық соғыс кеңесі Совет өкіметіне тікелей және жанама түрде қарсы күресіп келген барлық қазақтарға тиісті шарттар орындалған жағдайда толық кешірім жасау туралы қаулы қабылдады. Ал Қазревком 31 қарашада ғана Түркістан майданының революциялық соғыс советіне Алашордаға кешірім жасау және оны жүзеге асыру шарттары жөнінде өтініш білдіру туралы қарар қабылдады.

Кешірім жасалғанымен, Алаш қайраткерлеріне деген сенімсіздік жойылмады. 1920 жылы 5 наурызда Қазревком Алашорданы тарату туралы қаулы қабылдап, онда совет өкіметі мықтап орныққанша Алашорданың жауапты жетекшілерін халықтан оқшаулау, меншіктерін есепке алу, оларды ревком мүшелігі мен жауапты кеңестік қызметтерге ұсынбау туралы шешім шығарылды... Алашорда кезеңіндегі атқарған қызметтері мен ұлт-азаттық идеялары үшін қазақ зиялы қауымы келешекте де қуғын-сүргінге ұшырап, репрессия жылдары атылып кетті...

Қорыта айтсақ, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған қазақ ұлтының бетке ұстар саяси тұлғаларының қоғамдық қызметінсіз Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің өмірге келуі мүмкін емес те еді. Алаш қозғалысы жетекшілерінің өзгелермен терезесі тең автономия туралы идеялары тар таптық саяси шеңбермен шектелген

жоқ, олар ұлттық мемлекет құру мұратын әйгілі 1905 жылғы патша самодержавиесіне қарсы петицияны ұйымдастырудан бастап, Алаштың Жалпықазақтық съездеріне дейінгі аралықта қазақ жерін талаған ресейлік отаршылдық жүйені құрту, патшалық самодержавиені жою, монархиялық басқаруды республикамен алмастыру, Ресей құрамында болса да өзгелермен терезесі тең автономияға ие болу арқылы саяси жүйені түбірімен өзгертуге бағытталған асқақ саяси идеяны ұстанды. Сол кезеңдегі қоғамдық санада ақиқат жол болып көрінген тап күресін мүмкіндігінше қантөгіссіз, бейбіт жүзеге асыруды ұсынды.

Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып және Алаш автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды көкседі. Тағдырлары қайғылы аяқталғанына қарамастан, Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын жеп, оның жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы саяси санасы толыққан, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өсиет, ал ардақты Алаш азаматтарының есімдері халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.
2. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. –Алматы, 1992. –Б. 18.
3. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы: Ата мұра, 1998. -360 б. –Б. 33.
4. Тайшыбай З. “Қарқаралы петициясы” туралы ақиқат // Ақиқат. 2003. № 8. Б. 80-82.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. 368 б. Б. 98-99.

5. Н.Әшкеева. Әлихан Бөкейханов саясат сардары // Саясат. 2002. № 3-4.
6. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. Алматы: «Алаш», 2004. Т.1. 552 бет. Б. 132-133

**Аннотация.** В настоящей статье рассматривается В предлагаемой статье колониальная политика пытается устранить любой аспект национального института государственности, от карательных мер до действий, ограничивающих права и свободы казахов посредством различных законов. Как следствие, символы власти ханства в казахских степях навсегда утрачены, а имперская административная власть возглавляется системой чиновников, подчиняющихся иерархии колониальной власти. Суд традиционной юрисдикции, постепенно обращаясь к искреннему и честному справедливому суждению, стал обычным явлением не только из-за взяточничества, злоупотребления властью, клеветы, политических дебатов о предвыборных кампаниях и лживой пропаганды. Таким образом, законодательство, которое вступило в силу в то время, было направлено на эксплуатацию казахского народа.

**Abstract.** This article discusses the proposed article, the colonial policy tries to eliminate any aspect of the national institution of statehood, from punitive measures to actions that restrict the rights and freedoms of the Kazakhs through various laws. As a result, the symbols of the power of the khanate in the Kazakh steppes are lost forever, and the imperial administrative power is headed by a system of officials subordinate to the hierarchy of colonial power. The court of traditional jurisdiction, gradually turning to a sincere and honest fair judgment, became common not only because of bribery, abuse of power, slander, political debates about election campaigns and false propaganda. Thus, the legislation, which came into force at that time, was aimed at the exploitation of the Kazakh people.

ӘОЖ 94 (575.1).083.

**Белгібай Ж.Қ., Рсымбетова Л.Р., Талман А.С.**

т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ**

**Түйін:** Аталған мақалада Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ зиялыларының орны баяндалады. 1917 ж ақпан төңкерісіне дейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қалың ортасында жүрген, Түркістан Мұхтариятын құруға және оның қызметіне белсене араласқан саяси дайындығы мол тұлғалар Т. Рысқұлов, М. Тынышбаев, М. Шоқай, С.Лапин, Ә.Оразаев, С. Ақаев, Қ. Қожықов сияқты этноэлита өкілдерінің орны деректер негізінде көрсетіледі. Отандық тарихшылар К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев, С. Рүстемов, О. Қоңыратбаев, С.Асфендияров, С. Шілдебай, Х. Тұрсұн және т.б. өзбекстандық С. Ағзамқожаев, Р. Абдуллаев, Д. Алимова, А. Голованов, С. Тілеуқұлов және т.б. ғалымдардың мәселеге біршама терең үңіліп, қазақ зиялыларының Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы орны мен рөліне шынайы баға берудегі жасаған батыл тұжырымдары негізге алынған.

**Кілттік сөздер:** ұлт-азаттық қозғалыс, қазақ зиялылары, Түрккомиссия, Түркістан Мұхтарияты, этноэлита, большевиктік билік, большевиктік партия, Мұсбюро.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ зиялыларының рөлі туралы мәселе осы күнге дейін біршама зерттелгенімен толық та жан-жақты бағасын ала қойған жоқ. Олай дейтініміз, бұл тақырыптың басты дереккөздері қатарында Г. Сафаровтың, Алексеенковтың, Т. Рысқұловтың және т.б. саяси қайраткерлер мен кенестік тарихшы ғалымдардың сол кезде жарияланған еңбектері әдістемелік бағдарға алынып келеді. Ол еңбектерде маркстік-лениндік теориялық тұжырымдар әдістемелік басшылыққа алынғандықтан да ол еңбектердің мазмұнында мәселенің біржақты қарастырылғаны белгілі жағдай. Тәуелсіздік жылдары отандық тарихшылар К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев, С. Рүстемов, О. Қоңыратбаев, С. Шілдебай, Х. Тұрсұн және т.б. өзбекстандық С. Ағзамқожаев, Р. Абдуллаев, Д. Алимова, А. Голованов, С. Тілеуқұлов және т.б. ғалымдар мәселеге біршама терең үңіліп, қазақ зиялыларының Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы орны мен рөліне шынайы баға беруде соңғы әдістемелік тәсілдерге сүйеніп, батыл тұжырымдар жасай алды. Ол еңбектер арнайы тарихнамалық талдауды жасауды қажет етеді.

Мәселеге айқындық беру үшін Түрккомиссияның мүшесі Г. Сафаров Түркістан Мұхтарияты үкіметін құруда қазақ зиялылары белсенді рөл атқарғандығын атап көрсетеді. Оның «қазан оқиғаларынан соң кеңеске қарсы автономиялық қозғалыстың басшылығы ұлттық буржуазиялық өзін-өзі басқару еркін білдірген алдыңғы қатарлы зиялылардың қолына шоғырлануы реакциялық-феодалдық «Улемамен» байланысы жоқ қазақ зиялыларының алдыңғы шепке шығуына» [1, 119 б.] алып келді деген пікіріне тоқталған орынды болар. Шындығында 1917 ж ақпан төңкерісіне дейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қалың ортасында жүрген, Түркістан Мұхтариятын құруға және оның қызметіне белсене араласқан М. Тынышбаев, М. Шоқай, С. Лапин, Ә. Оразаев, С. Ақаев, Қ. Қожықов сияқты этноэлита өкілдері европалық білім алған, Ресейдің демократиялық қозғалыстарына араласқан саяси дайындығы мол тұлғалар еді. Содан да олар 1917-1918 жж. Түркістандағы тарихи оқиғалардың алдыңғы сапында болды.

Большевиктік билікке оппозициялық көзқарастарымен танылған саяси қайраткердің

Бұл бағасы қазіргі күнгі таным жетістіктерімен кеңірек талдауды қажет ететін сияқты. Олай дейтініміз, Сафаров аталған еңбегін Түркістандағы тарихи оқиғалардың ізі суымай тұрып және өзі большевиктердің Түркістанда жүргізген саясатына тікелей қатыса жүріп жазғандықтан да сол кезеңнің тарихи шындығын барынша нақты көрсетуге ұмтылған. Дегенде, қазақ зиялыларының саяси күрестің алдыңғы сапына шығуының терең тарихи алғышарттары болғандығына жоғарыда аталған зерттеулерде жеткілікті көңіл бөліне қойған жоқ.

Өлкедегі мұсылмандық қозғалыстың сыртқы түрі мен ішкі мазмұнының кейбір тұстарын сақтап қалған саяси институт - Өлкелік большевиктік партия комитетінің жанындағы Мұсылмандар бюросы. Бұл атаудың кеңестік билік жағдайында бастапқы конфессиялық сипатынан арылып, мұсылман дінін ұстанатын жергілікті халықтардың жинақтаушы атауы ретінде этносаяси мазмұн иеленгендігін айтуымыз керек. Демек Мұсбюроның қызмет Өлкелік партия комитетінің қызметіне ұлттық мазмұн, беруге арналған деп бағалауға болады. 1919 ж. наурызында осы этносаяси билік институтының тізгінін Т. Рысқұлов ұстады. Әрине, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл кезде ақпан төңкерісінен соң бірден кең өріс алған түрік халықтарының өзін-өзі билеуге ұмтылған идеясының, саяси ұранының қоғамдық екпіні басыла қоймаған тұс еді. Айталық, «Ол кезде мұсылмандар губернияларда, уездерде және ауылдық деңгейде Бүкілресейлік Мұсылмандардың Ұлттық кеңесі түрінде мәдени-ұлттық автономиялар құрған еді. Сонымен бір мезгілде Ресей әскерінің қатарындағы мұсылман-жауынгерлер Мұсылман әскери кеңесін құрды. 1917 ж. наурызында Мәскеуде мұсылман жұмысшыларының конференциясы өтіп, онда Мұсылман комитеті құрылды. Оның үстіне осы жылдың маусымында Парламент - Миллет Мәжілісінің жасақтаған мұсылмандар съезі өтті. Бір сөзбен айтқанда «мұсылман» қайраткерлерінің идеялары мен бағдарламалары ең бастысы Кавказ бен Қырымда және Түркістанда түрік және мұсылман халықтарының дербес органдарын - мәдени-ұлттық автономиялар құрылып жатты» [2, 156 б.].

Ұлт-азаттық күрестің жалпы атауына айналған Мұсылмандық қозғалысты Түркістандағы ең ірі жеңісі - 1917 ж. қарашасында ұлттық мемлекеттік құрылым - Түркістан Мұхтариятының жариялануы еді.

Кеңестік биліктің алдында мынадай таңдау тұрды; өлкеде саяси билікті европалықтардың қолына шоғырландыру, сол арқылы жергілікті халықтың өкілдерінің дербестікке, өзін-өзі білуге деген ұмтылысын тежеу. Бұл жағдай жергілікті халықты кеңестік биліктен аулақтата түсетін еді. Екінші жол - кеңестік билікке жергілікті ұлт өкілдерін араластыру. Бұл таңдау орталықтың билігін әлсіретіп, жергілікті саяси күштердің бел алуын күшейтетін еді деп бағалаймыз.

Қалыптасқан жағдайға байланысты большевиктер екінші жолды таңдауға мәжбүр болды. Бұл жағдай Орталықтың қаупін растады. А. Исмаилов осы мәселеге қатысты жергілікті мұсылман тұрғындарының саяси белсенділігі белгілі дәрежеде сеператистік ағымның күшеюіне алып келді деп бағалайды [2, 157б.]. Әрине, бұл бағамен келісуге болады, егер жергілікті халықтың арасынан шыққан саяси элита өкілдерінің ұлттардың өзін-өзі билеуге ұмтылуын осылай сыныптар болсақ. Бірақ, Т. Рысқұлов бастаған большевиктік саяси элита өкілдері саяси бағдарламаларында кеңестік Ресейден бөлінуді емес, дербес мемлекеттік бірлік ретінде оның құрамында енуді басты мақсат еткені белгілі.

Өлкедегі мұсылман коммунистік ұймдарының ұйымдасқан, мақсатты әрекеті Ташкент қаласында 1919 ж. 24-30 мамыры күндері өткен Бірінші Өлкелік конференциясынан басталды. Конференцияның басшылары ретінде төралқа мүшелері РК(б)П Өлкелік бюросының атынан Солькин, Түркатком атынан Казаков қатысып, конференцияны Т. Рысқұлов ашты [2, 158б.]. Осы конференцияның қабылдаған

шешімдерінің бірі «Түркістандағы РК(б)П өлкелік, облыстық қалалық мұсылман ұйымдарының бюрослары туралы Ереже» болды. Бұл құжатта Өлкелік мұсылмандар бюросы «Өлкелік партия комитетінің жанындағы орган болып табылады» деп атап көрсету арқылы оны партияның органына айналдырды [2, 158б.].

Бұл идея мұсылман-коммунистерінің қолдауына ие болып, 1920 ж. қаңтар айындағы Өлкелік үшінші конференцияда нақты шешімдер қабылдауға итермеледі. Осы конференцияда өлкедегі ұлттық белгілері бойынша бөлінген саяси партияның жиынтық атауы ретінде «Түрік халықтарының коммунистік партиясы» деп атау жөніндегі шешім ұлттық саяси элитаның бастамасымен іске асқан ең бір пәрменді шешім болғандығы белгілі. Бұл шешім конференцияға қатысушылардың қолдауына ие болуымен бірге жергілікті элитаның (европалық қызметкерлер мағынасында - Л.Р.) да көңілінен шықты. Осы тұрғыдан алғанда конференцияның «Түрік халықтары коммунистік партиясының» Уақытша Орталық комитетін жасақтау жайлы шешімі сол кезең үшін ең оңтайлы шешімі болды. Болашағынан көп үміт күттірген және өлкедегі саяси үрдістерді тұрақтандыруға қызмет жасайтын «Уақытша Орталық комитеті таза интернационалдық сипатта құрылды, өйткені комитет құрамындағы 17 (15+2) мүшенің 8-і европалық ұлттық өкілі болатын, сондықтан конференция шешімдерінде ұлтшылдық, пантүркішілдің пиғылдар үстем болды дейтін зерттеушілердің пікірі орынсыз» - [3, 128 б.] деген О. Қоңыратбаевтың тұжырымымен келісуге болады.

Жалпы, Түркістандағы қоғамдық-саяси даму үрдісіне Мұсбюро төңірегіне топтасқан этносаяси элитаның ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық мүддені көздеп жасаған батыл саяси қадамдары туралы О. Қоңыратбаевтың зерттеулерінде жан-жақты және құжаттық деректер негізінде талданғандықтан оларға жекелей тоқталуды қажет деп тапқанымыз жоқ. Мәселе осындай ұлт мүддесіне қызмет жасайтын оңтайлы саяси шешімдердің Мәскеу билеушілерін қатты алаңдатқандығы. Ондай алаңдаушылықтың басты себебі Түркістандағы жергілікті ұлттың арасынан шыққан Т. Рысқұлов, Орталықтағы М. Сұлтанғалиев сияқты тұлғалардың көтерген саяси ұрандарының кеңестік саяси доктринаға сай келмеуі еді. Содан да Түркістанда кеңестік билікті өктемдікпен жүргізген Түрккомиссия мүшелерінің Мұсбюроның ұсыныстарын, соның негізінде қабылданған III мұсылман коммунистері конференциясының шешімдерін кеудемсоқтықпен іске асырмай тастады.

«Ташкентте өлкелік мұсбюроның белсенді мүшелері шоғырланды олар: Рысқұлов, Әбдірашитов, Гасанов, Шакиров, ол Өлкелік Мұсбюроның хатшысы болатын, денсаулығына байланысты босатылған оның орнын Мангелдин алмастырды. Ал ТКП Сырдария облыстық комитетінің құрамында Константинопольский, Аманбек Иржигитов (Ержігітов), Абдуллин, Мұсаханов, Қасымқожаевтар 1920 ж. наурызында облыстық басшылықты құрды» [2, 164б].

Зерттеуші А. Исмаилов Т. Рысқұловтың қайраткерлігіне мынадай баға береді: «Түркістан коммунистерінің мұсылмандық бюросын басқарған Т. Рысқұлов өлкенің жергілікті тұрғындарын қазан төңкерісінің жеңістерін қорғау және нығайтуға жұмылдыруда ұйымдастыру сипатында аз жұмыс істеген жоқ». Бұл, әрине Т. Рысқұловтың коммунист ретіндегі атқарған қызметіне бірілген шынайы баға. Бірақ бұл баға жеткіліксіз. Содан да ғалым жоғарыдан тұжырымын «Сонымен бірге ол Түркістандағы еңбекші мұсылмандарды бастапқы кезде Кеңес өкіметінен шошындырған себептерді көрді және оны айта алды» [2, 173 б.] деп толықтырады.

1920 ж. Т. Рысқұловтың «Мұсбюро» еңбегі жарық көрді. Қайраткердің қазіргі кезде аса құнды дереккөзіне айналған осы алғашқы еңбектерінің бірі-кейін оның саяси көзқарасын айыптауға, өзін қуғындауға айғақ болғандығын да айта кеткеніміз орынды болар. Осы еңбегінде Т. Рысқұловтың кеңестік биліктің кемшілігін сынап айтқан

сөздерін түпнұсқада бергенді жөн көрдік. «Октябрьская революция в Туркестане была совершена наполовину, она ограничилась сначала свержением лишь Временного правительства (русской буржуазии) и передачей ее в руки русских рабочих, но дальше этого не пошла. Она должна была завершиться с одной стороны окончательным уничтожением всякого остатка наследия царской России, подавлением в корне всяких колонизаторских поползновений со стороны царского чиновничества и кулачества, с другой стороны - внедрением классового расслоения среди туземного населения, массовым привлечением туземных трудящихся к власти и крупными экономическими реформами со стороны государства для окончательной ликвидации власти туземных эксплуататоров в кишлаках (селениях) и аулах. Но как раз революция по этому пути не пошла и этого не случилось. Между тем, расположенная вне городов и железнодорожных линий многомиллионная масса туземцев, состоящая на три четверти из трудового декханства (крестьянства), оставалась почти незатронутой революционным движением» [2, 174 б.].

Осы дәйек сөзді ұсына отырып, А. Исмаилов Т. Рысқұловтың большевик ретінде және барлық жағдайда, барлық жерде және барлық кезде саяси билік үшін, нақты экономикалық яғни белгілі элеуметтік топтардың мүддесін қорғау үшін толық таптық позицияда пікір білдірген деген тұжырым жасайды [2, 174 б.]. Бұл тұжырым Ташкент қаласына топтасқан ұлттық саяси элита өкілдерінің бәріне бірдей тән емес еді. Большевиктер қатарын толықтырғанымен С. Асфендияров, С. Қожанов, Н. Төрөқұловтар өздерінің ұлтжандылық көзқарастарға бейімдігімен де ондай таптық төзімсіздікке барған жоқ. Бұл жағдай олардың қызметтік өсуіне кедергі болған себептердің ең бастысына айналды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Тұрсын Х. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты (тарихи, саяси және ұлттық аспектілері) Алматы. «Нұрлы Әлем» баспасы, 2006, 119 б, 128 б.
2. Исмаилов А.И. Из истории южных областей Казахстана. Шымкент, 2006, 156 б. 164б 173 б. 174 б.
3. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. (Түркістан кезеңі). Алматы, 1994, 128 б.
4. Рсымбетова Л.А. Ташкент қаласының ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы маңызы. //Т.ғ.к. ғылыми дәрежесіналу үшін дайындаған дисс. Алматы, 2010.

**Аннотация:** В данной статье описывается место казахской интеллигенции в Туркестанском национально-освободительном движении. До Февральской революции 1917 года многие люди, находившиеся в центре Туркестанского национально-освободительного движения, активно участвовали в создании и деятельности Туркестанской Мухтарии: Т.Рыскулов, М.Тынышбаев, М.Шокай, С.Лапин А.Оразаев С.Акаев, К.Кожыков. Отечественные историки К. Нурпеис, М.Койгельдиев, С.Рустемов О.Коныратбаев, С.Асфендияров, С.Шилдебай, Х.Турсун и другие, Узбекские ученые С. Агзамкожаев, Р. Абдуллаев, Д. Алимова, А. Голованов, С. Тлеукулов и другие ученые были глубоко сосредоточены на этом вопросе и опирались на вопиющие выводы казахстанской интеллигенции в истинной оценке роли и места туркестанского национально-освободительного движения.

**Abstract:** This article describes the place of the Kazakh intelligence in the Turkestan national liberation movement. Before the February Revolution of 1917, many people who were in the center of the Turkestan national liberation movement actively participated in the creation and activities of the Turkestan Mukhtaria: T. Ryskulov, M. Tynyshbaev, M. Shokai, S. Lapin A. Orazayev S. Akayev, K. Kozykov. Domestic historians K. Nurpeis, M. Koygeldiev, S. Rustemov O. Konyratbaev S.

Shildebai, H. Tursun and others, Uzbek scientists S. Agzamkozhayev, R. Abdullaev, D. Alimov, A. Golovanov, S. Pleukulov and other scientists were deeply focused on this issue and relied on the blatant conclusions of the Kazakh intelligentsia in a true assessment of the role and place of the Turkestan national liberation movement.

ӘОЖ: 94. 587

### **Таракчы Вахдет**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ. Түркістан, Қазақстан.

## **«...ХАЛҚЫ ҮШІН ҚАМ ЖЕП, ЕҢІРЕП ТУҒАН АЗАМАТ ЕДІ» (МҰСТАФА ШОҚАЙ – СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ)**

**Түйін:** Мақалада көрнекті тарихи тұлғалар Мұстафа Шоқай мен Сұлтанбек Қожановтарды тұлғалық қарым-қатынастары тарихи процестерге қатысты талданады. Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси сілкіністер кезінде көшбасшылық қызметімен жарқырай танылған Шоқайдың қызметі түркі халықтарының азаттық жолындағы күрестегі бірлігі идеясына негізделген болатын. Бұндай саяси ұстаным оның күрескерлік қызметінің бағыт-бағдарын айқындап, өлкедегі саяси қозғалысқа жаңа сипат берген болатын. Ол осы күрес барысында көптеген ұлттық элита өкілдерімен тығыз бірлікті жұмыс жасады. Солардың бірі Сұлтанбек Қожанов болатын. Екі қайраткердің кеңес өкіметі орнағанға дейінгі саяси ынтымақтастығы олардың жолы екіге бөлінгеннен кейінгі кезеңде идеялық ынтымақтастыққа ұласқандығы туралы тұжырымдар жасалған. С.Қожановтың кеңестік биліктің жоғары эшелонындағы қызметінде ұлттық мемлекеттілік құрудағы әрекеттері мен саяси көзқарастарынан Шоқайдың идеялық ықпалы аңғарылады.

**Кілттік сөздер:** Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожанов, тұлғалық қарым-қатынастар, тарих, Түркістан өлкесі, қоғамдық-саяси сілкіністер.

Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын толық танып білу үшін оның тұлғалық қарым-қатынастары мәселесіне де назар аударылуы керек. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды тұлғаландырудың басты шарттарының бірі – тарихи тұлғаны өз замандастарымен арадағы тығыз қарым-қатынастары арқылытаныту. Көрнекті мемлекет қайраткері ретінде С.Қожанов көптеген тарихи тұлғалармен араласқаны белгілі. Солардың арасынан оның саяси биографиясында елеулі із қалдырған М.Шоқайдың орны бөлек.

Шоқай мен Қожановтың байланысы Түркістан өлкесінің саяси-мәдени орталығы Ташкент қаласында басталды және осы қалада одан әрі өрбіді. Ташкенттен тыс жерлерде олар бір-бірімен ұшыраса алған жоқ. Әйтсе де, олардың тағдырында бұл саяси-рухани байланыс өмірлерінің соңына дейін жалғасып жатқан сияқты. Кеңестік биліктің Орта Азия мен Қазақстандағы ұлт саясатын әшкерелеген өткір мақалаларымен И.Сталиннің түн ұйқысын төрт бөлген М.Шоқай партия қатарына енгенімен өздерінің шынайы ұлттық элитаға тән азаматтық, отаншылдық биігінен төмендемеген қандастарына ризалық сезімін білдіреді. Ол «Смағұл Сәдуақас, Қожанұлы Сұлтанбек және Меңдешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. Бірақ олар, өткен тәжірбиелері көрсетіп отырғандай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз. Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айрылмайды деп сенеміз» [1, Б.60] деген еді. Шын мәнінде Сұлтанбек осы



сенімнің үдесінен шыға алды,өмірінің соңына дейін осы қасиеттерінен айнымады һәм ұлтының болашағына деген сенімін жоғалтпады.

Шоқайдың бұл бағасы Сұлтанбекке көзі тірісінде берілген әбден лайықты баға деп қабылдаймыз.

Бұл - ұлтының ұлы көсеміне лайықты тұлғаның бағасы.

Бұл - ұлтын ұлықтаған ұлылардың бірін-бірі тануының жарқын мысалы.

Екі қайраткердің байланысы Ташкент қаласындағы қазақ зиялыларының басын біріктірген «Кеңес» астыртын ұйымының қызметінде алғаш құжатталған. Осы құжатта «Кеңес» астыртын ұйымының басшылары туралы біршама мәліметтер баяндалған. Д.Нысанбаевтың көрсетуі бойынша үйірменің төрағасы генерал Сейітжапар Асфендияров, төрағаның орынбасарлары Мұстафа Шоқай, Садық Өтегеновтер екендігі аталады. Білім жолын Ташкент ерлер гимназиясынан бастап, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің заң факультетінде жалғастырған М.Шоқайдың да Түркістан өлкесіндегі қызметі кеңінен таныла бастағаны осы кезең. Ресейдің IV Мемлекеттік Думасы мұсылмандар фракциясының хатшысы болып саясатқа араласқан оның беделі өлкедегі 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің патша өкіметі әскерлері тарапынан аяусыз басып-жаншылуының салдарын тексеруге келген Мемлекеттік дума комиссиясының жұмысына араласуы арқылы кең танымалдыққа ұласты. Әсіресе, оның Дума депутаттары арасындағы демократияшыл күштердің серкесі болып танылып үлгерген А. Керенскиймен жолдастығы өлкедегі билеуші элитаның арасында «өз адамы» ретінде қабылдануына қолайлы жағдай еді.

«Кеңес» астыртын үйірмесін басқаратын басшылық органды үйірменің бюросы атқарған. Соған қарағанда үйірменің өлкеде кең таралған желісі және көпсанды мүшелері болған. Олардың қызметіне басшылық жасаған бюро мүшелерінің әрқайсы жекелеген жұмыс салаларына жауапты болғандығы да белгілі жайт. Шындығында, үйірме мәжілісінің хаттамалары, бағдарламалық құжаттарының ғылыми айналымға шықпауы оның қызметі туралы тек болжамдар жасауға ғана мүмкіндік береді. Үйірменің бюро мүшелері Қоңырқожа Қожықов, Санжар Асфендияров, Серікбай Ақаев, Мұзарап Қасымов, Әлимұхамед Көтібаров, Алдабек Мангелдин, ал үйірменің хатшысы Зұлқарнайын Сейдалин болатын.

Аталған саяси элита өкілдері Мұстафа Шоқаймен идеялас болған. Оның ұлт-азаттық қозғалыста саяси күрес тәсілдеріне сүйенген қайраткерлігі үйірме қызметінің өзегіне айналған үйірме 1917 ж. дейін қызмет жасаған. Қай уақытта, қандай жағдайда қызметін тоқтатқандығы белгісіз. Оның басшылығындағы қайраткерлер 1917 ж. қарбалас саяси оқиғаларға қызу араласып, әрқайсысы өлкедегі саяси күрестің алдыңғы легіне шықты. Үйірме басшыларының саяси қызметі өлкеде ғана емес, қазақ облыстарына да танымал болған.

Шоқай мен Қожановтың қарым-қатынасында Түркістан өлкесіндегі алғашқы тәуелсіз қазақ газеті «Бірлік туы» газетінің алар орны ерекше. Газет 1917 жылдың 24 маусымнан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін Ташкент қаласында шығып тұрған. Ташкент қаласында 1917 ж. көктемде құрылған қазақ зиялыларының «Кеңес» астыртын үйірмесі газетті шығаруға ұйытқы болды. «Кеңес» үйірмесінің мүшелері Көлбай Төгісовтің редакторлығымен Ташкентте шығып тұрған «Алаш» газетінің негізінде жаңа басылым шығаруды ойластырып, С.Қожановты К.Төгісовпен келіссөз жүргізуге жіберді. Бірақ К.Төгісов «Алаш» газетінен айырылғысы келмейтіндігін танытқан соң ұйым мүшелері серіктік ашып, «Бірлік туы» атты жеке газет шығару жөнінде шешім қабылдайды. Кейіннен үйірме бюросының ұйғарымымен газеттің шығарушысы Қ.Болғанбаев болды. Газетті шығару ісіне М.Шоқай редактор ретінде атсалысты.Газет 1917 ж. 26 қарашада Қоқан қаласында өткен Бүкілтүркістан

мұсылмандарының ІҮ съезі жариялаған Түркістан Мұхтариятының өзбек тіліндегі «Ұлұғ Туркистон», орыс тіліндегі «Голос Туркестана» газеттерімен бірге қазақ тіліндегі баспасөз органы болып бекітілді.

С.Қожанов осы газетте «Түркістанда орыс сиездері», «Түркістаннан» атты мақалалар жариялады. 1917 ж. 24 маусым шыға бастаған газеттің алғашқы екі санына М.Шоқай, одан кейінгі он үш санына Х.Болғанбаев, он алтыншы санынан бастап С.Қожанов редакторлық жасады, барлығы 29 саны жарық көрді. Газет кеңестік биліктің орнығуымен қысымшылыққа түсіп, жабылды.

Шоқай мен Қожановтың қарым-қатынастарында 1917 ж. 2–5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесіндегі қазақ халқы өкілдерінің съезі де ерекше орын алады. Съезге Сырдария, Жетісу, Самарқанд, Ферғана облыстарынан 82 өкіл қатысты. Делегаттар қатарында Қ.Сармолдаев, Қ.Қожықов, Ә.Кенесарин, С.Аспандияров, М.Тынышбаев, Қ.Әлімбаев, И.Қасымов секілді секілді қайраткерлер болды. Съезд төралқасына құрметті төраға болып Сейджағыпар Аспандиров, төрағалыққа М.Тынышпаев, оның орынбасарлары болып Алдабек Мангелдин мен Ибрагим Қасымов, мүшелері болып Қоңырқожа Қожықов, Серікбай Ақаев, Әзімхан Кенесарин және Садық Өтегеновтер, хатшылыққа Зұлқарнайн Сейдалин, Шахмардан Капсалямов және Сұлтанбек Қожановтар сайланды. Съезд күн тәртібіне барлығы 18 мәселе ұсынылды [2, С.1-5]. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде съезд атынан 15 адам (М. Шоқай, Ә. Кенесарин, И. Қасымов, С. Өтегенов, Қ. Қожықов, С. Ақаев, Ә. Көтібаров, З. Сейдаллин, С. Аспандияров, С. Лапин, А. Мангелдин, Г. Аспандиярова, С. Қожанов, Х. Ибраһимов, С. Еренов) ұсынылған. Делегаттар Түркістан өлкесінде және оның облыстары мен уездерінде қазақ-қырғыз кеңесі ашылсын деген ұйғарым жасады. Осы съезд барысында Сырдария обл. қазақ кеңесінің құрамына С. Өтегенов, Ә. Көтібаров, И. Қасымов, Т. Рысқұлов, С. Қожанов сайланды.

1917 ж. қаңтардың 6-9 аралығында Түркістан қаласында Алашорда үкіметі арнайы ұйымдастырған Сырдария облысы қазақтарының съезі де Шоқай-Қожанов қарым-қатынасынан хабар береді. Съезге 82 өкіл жиналған. Олардың құрамында Перовск уезінен – 15, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Қазалы уезінен – 5, Черняев уезінен – 10, Түркістан уезінен – 20 өкіл болды. Сырдария облысы қазақтарының съезінде Алаш зиялылары ұлттық мемлекеттіліктің аса маңызды белгісі – территориялық тұтастыққа қол жеткізу идеясын көтерді. 5-13 желтоқсан 1917 ж. Орынбор қаласында өткен Жалпы қазақ-қырғыз съезінің Түркістан қазақтарын Алаш автономиясына қосу мәселесі шешімін таба алмады. Сол себепті де осы съезді шақыруға шешім қабылданып, Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың «Қазақ» және «Бірлік туы» (№17 1917 ж. 14 желтоқсаны) газеттерінде жарияланған «Сырдария облыстық съезін шақыру туралы» жеделхатында «съезге болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер арналып шақырылды» [1, Б.20] деп арнайы тізім ұсынған. Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан төңірегінде туып өскен С. Өтегенов, С. Қожанов, Қ. Қожықов және С. Алдабергеновтер белсене қызмет жасаған. С. Қожановтың съезге қатысқандығын оның Сырдария облысы қазақтарының съезінде сөйлеген сөзі «Бірлік туы» газетінің идеясы негізінде болды және оның большевиктермен бітіспестігін танытты» [3, С.146] деген дерек айғақтайды.

Съезге Алашорда үкіметі атынан Б. Құлманов, Т. Құнанбаев, М. Дулатов қатысты. Сондай-ақ съезге Түркістан автономиясы атынан және Орал облысының Темір уезі мен Торғай облысының Ырғыз уезі қазақтарынан бірнеше өкіл келді. Съезге М. Шоқай пен М. Тынышпаев арнайы шақырылған болатын. Бірақ олар Түркістан Мұхтариятындағы кабинеттік дағдарысқа байланысты съезге қатыса алмады. Съезде Сырдария облысы қазақтарының Алаш автономиясына қосылу жайы басты мәселе етіп қойылып, қызу

талқыланды. Сөйтіп, бұл жөнінде қабылданған қаулыда Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясы құрамында қалады; Алаш автономиясы жарияланып, Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары сол күннен Алаш автономиясына қосылады; Сырдария қазақтары қосылғанда Алаш автономиясының астанасы Түркістан қаласы болады деп көрсетілді. Съезде Түркістан автономиясының Ұлттық кеңесіне Ақмешіттен М. Шоқай, Әулиеатадан Ә. Кенесарин, Шымкенттен С. Сейітов, Ташкенттен Ә. Көтібаров, Түркістаннан Д. Алтынбаев, Қазалыдан М. Күзембаев ұсынылды. Бұл тізімдегі М.Шоқай Түркістан Мұхтарияты Уақытша Ұлттық кеңесінің мүшелігіне 28 қарашада сайланған болатын. Ал тізімдегі одан басқа қайраткерлер Ұлттық кеңес құрамындағы қазақтардың үлес салмағын арттыру мақсатында қосымша ұсынылған деп білеміз.

Шоқай Түркістан Мұхтариятының 1918 ж. ақпанында большевиктер тарапынан қанжоса етіп қуып таратылуынан соң мұғажырлық жағдайда күрес жүргізуге мәжбүр болған. Дегенмен, ол Баку қаласында жүрген кезінде Сұлтанбек Қожановтан Түркістанға оралып, қызметке араласуға шақырған жеделхат алады. Қожанов бұл кезде Ташкентте Ағарту халкомы болып қызмет істейтін еді.

Кейіннен большевиктер Шоқайдың Түркістандағы «саяси көлеңкесімен» күресуді қолға алады. Бұл мәселені тарихшылар Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газеті төңірегінде өрбіген саяси үдеріспен байланыстырады. Кеңес қоғамындағы партиялық әдебиетте мемлекеттік биліктің жоғары эшелонындағы ұлттық басқару элитасының қызметіне сыңаржақ бағалар берілген. Әйтсе де, ол бағалардың арасында сыңаржақ тұжырымдар да кездеседі. Айталық, «Ходжановтар негізінен «Ақ жол» газетінің төңірегіне топтасып, онда өздерінің ұлтшыл-уклонистік көзқарастарын жарнамалады» [3, Б.184-185] деп топшылдық күреске ұлтшылдық идеялардың негіз болғанына назар аударады. «Ақ жол» газетіне қатысты Сталиннің белгілі хатының ықпалымен жасалған бұл партиялық тұжырым Түркістандағы ұлттық элитаның қызметіне берілген саяси бағаның өзегіне айналды. Осылайша «Ақ жол» газетіне кеңестік қоғам тарихшылары біржақты баға беріп, биліктің идеологиясы мәселені ұзақ жылдар бойы жабық тақырыпқа айналдырды. «Ақ жол» газетіне қатысты партиялық тұжырымдардың мынадай қисындар тізбегі негізінде жасалғанын аңғарамыз: «Бірлік туы» Алашорданың баспасөз органы болған «Қазак» газеті сияқты Түркістан автономиясының органы болды, ұлтшылдық бағыттағы «Шуро-Исламияны» қолдады. М.Шоқай, Қ.Болғанбаев, С.Қожанов редакторы болған газеттің төңірегіне топтасқан ұлтшылдар кеңестік билік басына келіп, енді «Ақ жол» газетін шығарып отыр. Олар өздерінің ұлтшылдық бағытын одан әрі жалғастырып, шет елде кеңес өкіметіне қарсы идеологиялық майдан ашқан алашордашыл М.Шоқаймен байланысын одан әрі жалғастыруда.

Сталин «Ақ жол» газеті туралы хатында «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» деп қахарын төккен екен.

Қорыта айтқанда, ұлтжандылығымен Түркияға өзінің туған елінен бұрын танылған Мұстафа Шоқайдың саяси ізбасары деп айтуға болатын Сұлтанбек Қожановтың тағдыры өте аянышты аяқталды. Ол өзі аянбай қызмет істеген Кеңес өкіметінің тарапынан ұлтшылдығы үшін қуғын көрді және сол саяси қуғынның құрбаны болды. Осыдан үш жыл бұрын Москва қаласындағы Коммунарка атты қуғын-сүргін құрбандары полигонында Сұлтанбек Қожановтың жерленген жеріне зиярат жасаған кезде басыма келген ойларды қайраткердің 125 жылдығына арналған ғылыми конференцияда баяндай

алғаным қазақтың осы бір аса дарынды тұлғасының алдында өтеген парызым деп білемін.

### Әдебиеттер тізімі

1. Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. Алматы: Қайнар, Т-2.-1999. -520 б.
2. Сборник важнейших декретов, постановлений и распоряжений правительства ТССР за 1917–1922 гг. Ташкент, Издания Комиссии СНК, 1923, 213 с.
3. Қазақстан коммунистік партиясы тарихының очерктері. Орысша екінші басылымынан ауд. Алматы, 1985. -735 б.

**Аннотация:** В статье проводится анализ личных отношений видных исторических деятелей Мустафы Шокая и Султанбека Кожанова с точки зрения происходивших в тот период исторических процессов. В эпоху общественно-политических потрясений в Туркестане, Шокай выполнял роль яркого лидера, деятельность которого основывалась на идеи единства тюркских народов в их борьбе за свободу. Такой политический путь не только определил направление его деятельности, но и придал новый характер политическому движению в регионе. В своей борьбе Шокай наладил тесные связи со многими представителями национальной элиты, одним из которых являлся Султанбек Кожанов. В статье даются заключения, как политическое сотрудничество двух исторических деятелей до установления Советской власти превратилось в идейное сотрудничество в более позднее время, когда их пути разделились. В политическом мировоззрении и деятельности С.Кожанова по созданию национальной государственности, будучи одним из представителей высшего эшелона советской власти, угадывается идейное влияние Шокая.

**Abstract:** This article deals with the analysis of the personal relationships of prominent historians Mustafa Shokay and Sultanbek Kozhanov from the point of historical processes view. In the period of social and political upheavals in Turkestan, Shokay served as a bright leader, whose activities were based on the ideas of the Turkic people's unity in their struggle for freedom. Such a political path not only determined the direction of its activity, but also gave a new character to the political movement in the region. In his struggle, Shokay was in close relations with many representatives of the national elite, one of whom was Sultanbek Kozhanov. The article concludes how political cooperation between two historical figures before the establishment of Soviet power turned into ideological cooperation at a later time, when their paths were divided. In the political outlook and activities of S. Kozhanov on the creation of national statehood, being one of the representatives of the highest echelon of the Soviet government, Shokay's ideological influence is guessed.

УДК: 94(470)

### Батырбекқызы Г.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ПЕН НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

**Түйін.** Ұсынылып отырған мақалада Қазақстанда ұлт зиялыларының қалыптасу тарихы және аталмыш мәселе бойынша жазылған негізгі еңбектерге тарихнамалық тұрғыда шолу жасалынды. Қазақ зиялыларының қалыптасу тарихы ХІХ ғасырдың соғынан ХХ ғасырдың басындағы уақыт аралығында басылып шыққан еңбектері мен мәліметтері қарастырылады. Бұл кезең халықтың Ресейдің колониалдық саясатына наразылық танытатын басылымдар мен әдебиеттердің басылуымен сипатталады. Қаруды қаламға айырбастаған зиялылар алыс жақын шет елдерде Ресейдегі ірі оқу орындары мен Европадағы оқу орындарында білім алып, ұлттық мемлекеттік тәуелсіздік туралы

сөз қозғады. Мақалада төңкеріске дейінгі тарихты ұмыттыруға бағытталған кеңес идеологиясының әсері көрсетілген, сонымен қатар, төңкеріске дейінгі тарихнамаға және тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасына шолу жасалынған.

**Кілттік сөздер:** зиялы қауым, элита, интеллигенция, кеңестік үлгідегі қайраткер, тарихнама, идеология, Кеңес өкіметі.

Нәзір Төрекұлов пен Сұлтанбек Қожановтың тұлғааралық қатынастары назар аударуға тұрарлық. Екеуі Түркістан өлкесінде қатар қызмет істеді. Нәзір Ферғана облыстық ревкомын басқарса, Сұлтанбек Сырдария облаткомын басқарды. Нәзірден біршама кейін Сұлтанбек те Түркістан АКСР Ағарту халкомы болды. Нәзірден кейін Сұлтанбек біршама уақыт Түркаткомның төрағасы, ТКП ОК хатшысы болып қызмет істеді. Екеуі де БК(б)П Орталық Комитетінің Ортаазиялық бюросына мүше болды. Екеуінің жас айырмашылығы екі жыл болғанымен олар Түркістан өлкесінде партия, кеңес органдарында ұлт мүддесі жолында идеялас жолдастар ретінде тізе қосып қатар қызмет істеді. Олардың тағдырындағы қасіреттері де ортақ болды. Екеуі де Мәскеудің Бутырка түрмесіне қамалып, Екеуі де бір баппен айыпталды. Бір уыс топырақ та бір жерден – «Коммунаркадан» бұйырды.



Деректерге жүгінер болсақ, екі қайраткердің де саяси ұстаздары – алаштық қайраткерлер екен. Саяси күреске тартқан алғашқы ұстазы Әлиханның идеялас серігі Міржақып Дулатов болған екен. Ол 1912 жылы Семей түрмесінен босанып, Түркістан қаласында С.Өтегеновтың үйінде тұрып алты ай ұстаздық еткен. Сол кезде қаладағы орыс-қазақ мектебіндегі Сұлтанбекке сабақ берген. Қаланың зиялыларымен сыйласып, мектеп, медреселерін аралаған жазушымен сыйластығы осы кезден басталған. Осыған байланысты «дәл осы кезде орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген Сұлтанбектің Міржақыпқа жолығып, одан аса құнды пікір естіп, өміріне азық боларлық нәр бағдар тапқаны атап көрсетерлік нәрсе» деп жазыпты академик Р.Бердібай. Міржақыпқа қамқор болған Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі С.Өтегенов Сұлтанбекке әрі ұстаз, әрі аға болып жақын араласқан. Бұл сыйластық кейінгі кезде де үзілмеген. Міржақыптың Сұлтанбекке берген өнегесін оның көсемсөзшілігінен аңғарамыз. Алғашқы саяси қызметін «Бірлік туы» газетінде бастаған Сұлтанбек кейін «Ақ жол» газетінде Міржақыппен қоян-қолтық жұмыс істеген. «Ақ жол» газетіне С.Қожановты редактор,

М.Дулатовты жауапты хатшы етіп тағайындаған қаулыға (19 қазан 1920 жыл) Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Төрехұлов қол қойған. Газеттің ұйымдастырылуы жөнінде С.Сейфуллин 1937 ж. Мирзоянға Н.Төрехұловтың Ташкентте «Ақ жол» газетін ұйымдастырғандығы, оның басшылығына М.Дулатовты шақырғандығын айтқанында «газеттің аты да ақгвардияшыл, оның басшысы Дулатов та ақгвардияшыл» деп айтып тастағандығын жазады [1].

Нәзір мен Сұлтанбектің Түркістанда қазақ мүддесін қорғайтын ресми басылым ашу әрекеті олардың ұлт тағдырына алаңдаған ниеттері мен саяси көзқарастарының ортақтығынан туған. Төрехұлов, Қожанов, Дулатов үштігінің бірлескен әрекеті өз нәтижесін берді. Аз ғана уақытта газет Түркістан қазағының саяси, мәдени өмірінің айнасына айналды. Олардың Түркістанда ел тағдыры сынға түскен қым-қуыт оқиғалар барысында ағалы-інідей сыйласа қызмет істеуі жерлестігінен де бұрын саяси күрестегі алған өнегесінің, ұстанған рухани құндылықтарының ортақтығы еді. Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовтың осындай ағалық қамқорлығы ізсіз кетпей, кеңестік билік тұсында өздерінің идеясын жалғастырар Нәзір мен Сұлтанбек сияқты ізбасарларының жүрегіне ұлтын ұлықтаудың өнегесін етіп кетті.

Кеңестік билік Алаш қайраткерлеріне кешірім жариялағанымен, оларды партия-кеңес жұмыстарына жолатпай, тек мәдени-ағартушылық, шаруашылық қызметтерге ғана тартты. Алаштың 1917-1919 жылдардағы саяси күрестеріне тартылып үлгермеген Нәзір, Сұлтанбек сияқты жас толқын өздерінің қызметтік баспалдақтарын кеңестік билікпен бірге бастады. Кеңес өкіметінің жергілікті ұлттың зиялыларына арқа сүйеп, қолдау көрсеткен саясаты көптеген тұлғаларды саяси күрестің алдыңғы шебіне шығарды.

Бұл жерде дәстүр сабақтастығының іске асу қағидасы талап ететін міндетті түрде сақталуы тиіс қоғамдық шарттар бар. Соған сәйкес кеңес өкіметі ескі қоғамның билік институттарының мазмұнын мансұқтағанымен әкімшілік бірліктер, басқару құрылымдары түрінде олардың сыртқы формаларын сақтап қалды. Осы сияқты басқару элитасы орталық және жергілікті басқару органдары шенеуніктерінің орасан зор бөлігі әкімшілік басқару дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа қоғамда мазмұндық, түрлік жаңғыруды бастап өткізді. Кеңестік қоғамның басқару құрылымдарының негізін құраған осы кездегі мемлекеттік қызметкерлердің басты миссиясы екі қоғам арасындағы байланыстырушылық рөл еді. Өздерінің әлеуметтік жағдайы, қоғамдық-саяси көзқарастары, тіпті тарихи миссиясы бойынша ерекше маңызға ие болған бұл категорияның арасынан ұлт-азаттық қозғалысының мықты қайраткерлері өсіп шықты. Олардың саяси ұстанымдары мен идеяларын кеңестік қоғамда одан әрі жалғастырған Нәзір, Сұлтанбек сияқты тұлғалар Түркістан республикасының жоғарғы билік құрылымдарында басшылық қызметтер атқарып, жаңа қоғамда ұлттық идеяларды қалыптастыруға және оны іске асыруға ықпал жасады [2].

Соның мысалы ретінде Түркіатком Төралқасының 1920 жылғы 9 қарашадағы қаулысымен Түркіатком жанындағы Қырғыз (қазақ) бюросының жұмыс жоспарын жасау жөніндегі Төрехұлов, Сафаров, Асфендияров, Қожанов құрамындағы комиссияға осы бюронның жұмыс жоспарын жасауды жүктегендігін айтуға болады. Осы комиссия құзырлы органдара қазақтар арасында жүргізілетін қоғамдық жаңарту жұмыстарының жай-жапсары туралы нақты ұсыныстар жасап берген. Бұл ұсыныстар Сырдария, Жетісу облыстарында алдағы уақтта атқарылатын жұмыстардың бағдарын айқындап берді.


1921 жылдың күзінде Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Төрехұлов Ташкент қалалық Төтенше Комиссиясының С.Қожановты негізсіз қамауға алғандығы жөнінде РКП(б) ОК Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі В.Молотовқа жеделхат жолдап, оны Түрккомиссия басшыларының жүгенсіздігінен арашалаған. Бұл мәселе С.Қожановтың Түркістандағы жер-су реформасын іске асыруына


байланысты туындаған болатын. И.Сталиннің өзі Түркбүроның төрағасы Гусевке қайта-қайта желделхат жолдап, Қожановты реформаның барысы жөнінде есеп беруге Мәскеуге шақыруына негіз болады.

Мәскеу архивтерінде Алаш қайраткерлеріне қатысты бұрын жарық көрмеген көптеген құжаттар кездеседі. Солардың бірі Сұлтанбектің 1924 жылдың 5 қарашасында Н.Төрешұловты Қазақстанға қызметке жіберуді өтініп Сталинге жазған хаты. Бұл тарихи құжат екі тұлғаның арасындағы ұлт мүддесінен туған сыйластықты айғақтайды. Хатқа кезек берейік. «Вопрос о центре Киргизии отпал почти окончательно. Разногласие в Москве превратилось в безгласия в Оренбурге. Необходимо внушить сверху в более определенных выражениях необходимость создания Киргизского центр[ального] города. Киробком выбрал Наркомом просвещения Киргизии т. Тюрюкулова.

Прошу распорядиться срочно откомандировать его в распоряжение Киробкома для работ. Думаю, что т. Тюрюкулов, сидя в Москве с 1922 года – 3 года – выучился чему нужно. Не может быть, чтобы он был нужен Москве. Москва ему была нужна. Но трех лет достаточно наверно. В Киркомпросе пустое место. А т. Тюрюкулов самый просвещенный и компетентный из всех кирработников по вопросам просвещения. Надеюсь, не оставите без внимания. С 5 ноября по 5 января я в отпуску. С тов. приветом С.Ходжанов» [3]. Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті хатшысының бланкасына жазылған хаттың шекесіне И.Сталин «т. Кагановичу» деп бұрыштама қойғанымен орталық бұл өтіністі қанағаттандырмаған. Бұл құжаттың мазмұны С.Қожановтың ұлттық басқару корпусын қалыптастырудағы ұлтжанды ұстанымын айғақтайды және осындай ұсыныстың жауапсыз қалуы орталықтың саяси билікті ұысынан шығармаған билеп-төстеуші өктемдігін танытады.

Жалпы, басқарушы элитаның қалыптасуы мен қызметінде саяси, мәдени, рухани құндылықтарының ортақтығына сай мүдделестер тобының билікке келуі қоғам үшін барынша тиімді нәтиже береді. Осы қағида алаштық құндылықтар табыстырған С.Қожанов пен Н.Төрешұловтың бірлескен қызметін қазақ ұлттық мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінде барынша жемісті болар еді.





#### Әдебиеттер тізімі

1. Тұрсұн Х.М., Батырбекқызы Г. Нәзір Төрекұлов: қоғамдық-саяси қызметі (түркістандық және мәскеулік кезеңдері). Шымкент: АЗИАТ, 2017. 212 б.
2. Сұлтанбек Қожанов. Құжаттар мен материалдар жинағы / құрастырушылар: Тұрсұн Х.М., Әбікей А.М. Алматы: Жалын. 2013. Т.1. 384 б.
3. РГАСПИ. ф.17, оп.84, д. 721, л.1-1об.

**Аннотация.** В настоящей статье рассматривается история становления казахской национальной интеллигенции, проводится историографический обзор основных трудов, написанных по данной теме. В работе освещается история казахской интеллигенции конца XIX–начала XX веков, приведены научные труды и свидетельства. В этот период происходит переход от вооруженного сопротивления колониальной политике России к просвещению народа путем распространения периодической печати, литературы. Казахская интеллигенция обучалась в высших учебных заведениях России и странах Европы. Именно просвещенные казахи стали распространять идею национальной государственной независимости казахского народа. В статье описывается влияние идеологии советского периода, направленной на забвение дореволюционной истории. В статье также делается обзор дореволюционной историографии и историографии независимого периода истории Казахстана.

**Abstract.** History of becoming of Kazakh national intelligentsia is examined in the real article, and also a historiography review over of basic labours written is brought on this topic. This research work examines the history of the Kazakh intelligentsia late XIX - early XX centuries , their scientific papers and evidence , when there was a transition from armed resistance to the colonial policy of Russia to educate the people by means of periodicals and literature. Kazakh intellectuals trained in higher educational institutions of Russia and Europe, when he came to his native steppe, from them beginning to spread the idea of national independence of the state of the Kazakh people through socio-political activities. These authors and their works are described in the scientific article. For writing this article, the author shows the influence of the ideology of the Soviet period, aimed at prerevolutionary history oblivion. The article also provides an overview of the researcher pre-revolutionary historiography and the historiography of the independent period in the history of Kazakhstan.



ӘОЖ: 94. (58.796)

**Хакан Ас**

Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ докторанты, Түркістан, Қазақстан

## **ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВ – АЛАШТЫҚ ҚАЙРАТКЕР**

**Түйін:** Мақалада Қазақстанның оңтүстігіндегі ағартушылықтың көрнекті өкілі Қоңырқожа Қожықовтың қазақ тарихындағы алар орны мен қоғамдық-саяси қызметі жөнінде тың деректік материалдар талданып, айналымға ұсынылады. Кеңестік билік орнағанға дейінгі Қожықовтың ағартушылық және саяси қызметіне қатысты деректер талданады. Қожықовтың Алаш және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының көрнекті өкілі екендігі деректі негізде қарастырылады. Оның күрескер ретінде өлкедегі саяси қозғалысқа араласуының кезеңдері айқындалып, Түркістан Мұхтарияты Халық кеңесінің құрамына сайлануы, алаштық съездерге қатысып, Сырдария облысы қазақтарының съезін ұйымдастыруы, осы бағытта ұлттық мемлекеттік құру жолындағы әрекеттерінде араласқан тарихи тұлғалар туралы сөз болады. Сондай тұлғааралық қатынастарда Қожықов-Қожанов қатынастарының орны ерекше. Осы екі тұлғаның саяси ынтымақтастығына қатысты нақты дәйектер ұсынылады.

**Кілттік сөздер:** Қоңырқожа Қожықов, қоғам, саясат, тұлға, ынтымақтастық, ағартушылық, Алаш қозғалысы.

Алаш қозғалысының тарихы дегеніміз оған қатысқан жеке тұлғалардың да тарихы. Тарихи әдебиеттерде Алаш партиясына мүше немесе оған тілектестікте болған 500-ден астам жеке тұлғалардың есімдері белгілі. Бұл сан алдағы уақытта одан да ұлғаюы әбден мүмкін. Осы аталған әрбір тұлғаның тарихи өмірбаяны қалпына келтірілсе тарихмазмұны бұрынғыдан да толығырақ түсереді. Әзірге Алаш қайраткерлерінің басым бөлігінің тарихи өмірбаяны қалпына келтірілді. Алаштық қайраткер ретінде тарихшылардың назары ауа қоймаған тұлғалардың бірі – Қожықов Қоңырқожа.

Оның тұлға ретіндегі қоғамдық-саяси қызметінің ауқымын Түркістан және Алаш ұлт-азаттық қозғалыстарына белсене араласқан қайраткерлердің бірі деп айқындауға болады. Қожықовтың қоғамдық-саяси қызметі Түркістан өлкесімен тығыз байланыста қалыптасты. Түркістан және Алаш ұлт-азаттық қозғалыстарына белсене араласқан қайраткер Қожықов Қоңырқожа (1880-1938) 1905 ж. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген. Ол 1916 ж. Ташкентте қызмет жасаған қазақ зиялыларының астыртын «Кеңес» үйірмесінің бюро мүшесі ретінде өлкедегі ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласады.

Қоңырқожа Қожықов 1917 ж. 2-5 тамызда Ташкент қаласында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезінде съезд төралқасына сайланып, Құрылтай жиналысына Сырдария облысынан депутаттыққа кандидат болып ұсынылады. 1917 ж. 26 қарашада жарияланған Түркістан Мұхтарияты Халық Кеңесінің құрамына енген.

Оның есімі Алаш қозғалысы тарихының деректерінде жиі аталады. Өмірбаянында өзі алашордашылардың қатарында болғандығын жасырмайды. «1917 жылы мен екінші рет Ташкентте өткен қазақ съезіне қатыстым, Қоқан автономиясы талқандалғаннан кейін Тынышбаевпен бірге коммунистік отрядтардан қашып, тау ішінде жасырынған кезім де болды» дейді. Бұл жөнінде Сәкен Сейфулин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» романында баяндайды.

1917 ж. большевиктердің Ташкентте билікті күшпен тартып алуы Қоқан қаласында құрылған Түркістан автономиясы үкіметінің тынысын тарылта түсті. Осы кезде ұлт-азаттық қозғалыстың дәстүршілдік бағыттағы – консерваторлық емес - күштерінің өкілі Сералы Лапин большевиктермен ымыраласу жолдарын қарастыра бастайды. Осыған байланысты

мәлімдеме жасаған С.Лапин 6 қаңтарда Түркістан қаласында өтуі тиіс Сырдария облысы қазақтарының съезіне қатысудан бас тартса, М.Шоқай Қоқан автономиясындағы үкіметтік дағдарысқа байланысты съезге қатыса алмады. Түркістан өлкесі қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесін күн тәртібіне қойған бұл съезге Сырдария облысының делегаттары құраған 82 өкіл қатысты. Алашорда үкіметі атынан Б. Құлманов, М. Дулатов, Т. Құнанбаевтар қатысқан съездің қабылдаған шешімдері біртұтас қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы ұлттық элита қызметін айшықтай түсті.

Қазақ хандығының астанасы болған Түркістан қаласы жаңа жағдайда ұлттың рухани орталығы болып танылған тарихи миссиясын осы жолы да атқарды. Алаш зиялылары съезде ұлттық мемлекеттіліктің аса маңызды белгісі – территориялық тұтастыққа қол жеткізу идеясын алғаш рет көтерді. Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан қаласының азаматтары С. Өтегенов, С. Қожанов, Қ. Қожықов, С. Алдабергеновтер белсене қызмет жасаған.

Бірінші Жалпықазақ съезінде көтерілген қазақ даласындағы ұлттық бірлік, ұлттық мемлекеттілік қалыптастыру түріндегі алаштық идеяны Түркістанда іске асырудың бірқатар ерекшеліктері болды. Атап айтқанда, оның ең бастысы өзегі – жарты ғасырға жуық қазақ жерінен оқшауланған өлкедегі Сырдария және Жетісу облыстарын қазақ еліне қосуға бағытталды. Ұлт мүддесін ұлықтаудан туған осындай тәуелсіздік идеясын Түркістан өлкесінде тынбай насихаттаған қайраткерлердің бел ортасында Қ. Қожықов та болған еді.

Қ.Қожықовтың ОГПУ-ға жазған өмірбаянынан оның 1918 ж. қаңтардағы Түркістан қаласындағы Сырдария облысы қазақтарының съезі туралы «Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесілді қойдым. Ол - Қазақстанның орталығы ретінде Оңтүстіктегі қалаларының бірі болсын деген ұсынысым еді. Бірақ алашордашыл Дулатов менімен келіспей, ренжіп, Орынборға кетіп қалды» - деген мәліметтерді кездестіреміз. Осы жерде мәтіннің мазмұнына кішкене түзету жасай кеткен орынды болар. Қ. Қожықов 1933 ж. тұтқынға алынып, осы өмірбаянды жазған кезде М. Дулатов алашордашыларды қуғындаған алғашқы лекпен 1930 ж. сотталып кеткен. Содан да оған салқын қабақ танытқан болып, Қазақстанның орталығын таңдау жөніндегі алауыздықты алға салып, ұлттық бірлік идеясын көтерген Түркістан съезінің басты мәселесінен тергеушілердің назарын басқа жаққа аударуға әрекет жасаған деген болжам жасауға болады.

Түркістан қаласының зиялыларымен сыйласып, мектеп, медреселерінде дәріс берген Қ. Қожықовтың Сұлтанбек Қожановпен таныстығы 1912 ж. басталған. Сұлтанбек Қ.Қожықовтың жақын жолдасы С.Өтегеновтың қамқорлығында болып, оны өзіне ұстаз тұтқан және олар жақын араласқан. 1920 ж. олардың жолы Ташкентте түйседі. Олардың арасында ұлттық мүдде төңірегінде терең түсіністік орнағанын аңғарамыз. С.Қожанов ұлттық элитаның жоғарғы эшелонындағы басқару элитасының өкілі болса, дәстүрлі элитаның өкілі Қ.Қожықов Түркістандағы жер-су реформасын ұйымдастыруға тікелей басшылық жасады. И.Сталинге жолданған Қ.Қожықовтың саяси мінездемесінде оның 1921 ж. Жер істері халкомына мүше, кейіннен орынбасары болып, Жетісу облысындағы жер реформасын басқарғандығы, қазір Жерге орналастыру басқармасында жұмыс істейтіндігі, Қожановпен бір пәтерде тұратындығы айтылады. «Қожықов бірнеше рет Түркатком мүшелігіне сайланды және «Қосшы» Орталық Комитеті басшыларының бірі. 1921 ж. Қожанов пен Асфендияровтың кепілдемесімен тіпті партия қатарына өтті, бірақ кейіннен оны есептен шығарды» [2, 35 с.] деген мінездеме көп жайдан хабар береді.

Өлкедегі «Қосшы» одағын ұйымдастырушылардың және басшыларының бірі ретінде аталатын Қ. Қожықовтың ағартушылық қызметінің өзі арнайы желі ретінде қарастыруға лайық. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясының түлегі, Перовск, Андижан

қалаларында, Қарнақ қыстағында жәдиттік мектеп ұйымдастырып, қазақ мектептеріне арналған тұңғыш «Әліппені» 1912 ж. Орынбор қаласында Фатих Каримидің баспасынан жарыққа жарыққа шығарды [3]. 1912 ж. осы баспадан А. Қасымов, С. Жәңгіровпен бірге «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукімранлық қылған патшалардың тарихлары» атты еңбегі жарық көрді [4]. 1918 ж. қарашада Ташкент қаласында тұңғыш қырғыз педагогикалық курсы ашылғанда Перовскіден Қ.Қожықов оқытушылыққа шақырылған. Сол сияқты осы алғашқы оқу орнындағы оқытушылар құрамында «Кеңес» үйірмесінің С.Өтегенов, С.Қожанов сияқты мүшелері де аталады. Ташкенттегі Қазақ ағарту институтын ұйымдастырушылардың бірі, әрі осы оқу орнында дәріс берген. Түркістан республикасы Халық ағарту халкомы алқасының 1920 ж. 21 тамыздағы хаттамасында Қырғыз ағарту институтының комитеті құрамында И.Тоқтыбаев төраға, Бабабек Есенов төраға орынбасары, мүшелері қатарында Х.Досмұхамедов, К.Көшербаевтармен бірге Қ.Қожықов та аталған. Өлкелік Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанындағы «Талап» қоғамының мүшесі ретінде халық ағарту ісіне араласқан. С.Асфендияров пен П.А.Кунтениң редакциясымен 1936 ж. жарық көрген «Прошлое Казакстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бірі.

Сұлтанбек Қожановтың қайраткерлік қызметіндегі елеулі еңбектерінің бірі – оның жаңа қалыптасқан елдің саяси орталығы – астанасын таңдауға байланысты деп білемін. Мемлекеттердің астана таңдауының үлкен саяси мәні бар екендігін Түркия Республикасының тарихынан жақсы білеміз. Османлы империясының алғашқы астанасы бурса қаласы болса, кейіннен ол Константинополь – Стамбулға ауысты. Қалыптасқан тарихи жағдайларға байланысты Түркия Республикасы түрінде ұлттық мемлекетке айналған кезде елдің астанасы ретінде географиялық тұрғыда мемлекеттің ортасына орналасқан Анкара қаласына ауысты. Осындай жағдай Қазақ елінің тарихында да орын алды. Қожановтың тұсында елдің астанасы «орысы қалың» Орынбордан «киіз үйлі ауылда болса да» қазағы қалың Ақмешітке ауысты. Осы жерде тарихи атау ретінде қалыптасқан Ақмешіт қаласының атын «Қызылорда» деп өзгерту кеңестік қоғамға тән асығыстықпен немесе жоғарыдан келген пәрменмен бір сәтте іске аса қоймағандығын аңғарамыз. Ел астанасының аты мемлекеттің таптық сипаты мен қоғамдық өмірдегі өзгерістердің мазмұнын айқындайтын саяси мәнге ие болуы тиіс сындарлы сәтте алаштық үлгідегі саяси элита астана атауына ұлттық мазмұн беруге ұмтылды. «Қызылорда» атауы бір-біріне қарама-қарсы таптық және ұлттық құндылықтардың арасынан ең ұтымды деп таңдалған ымыралық шешім болды. Тарихи деректер жаңа астанаға «Қызылорда» атауын беру алаштық үлгідегі ұлттық саяси элитаның ұжымдық ой-пікірінің жемісі екендігіне куәлік жасайды.

XX ғасырдың 40-жылдары Алаш идеясынан нәр алған ұлт қайраткерлерін дәріптеудегі мәселелерді жазушы, публицист Алдан Смайыл: «Қазақ халқының жоғын жоқтағандардың жанкештілігіне, қайсарлығына демеу болған ұлттық рух жайлы біз әлі қабырғамыз қайысып тебірене алмай келеміз. Сол құдіреті күшті рухты әлдекімдер әлдебір қияннан, алыс тарихтан іздейді. Бүгінде сол тарихты қопарушылар көп, ал өз кезеңіміздің рухани қайнарларын философиялық негізде сараптаушылар жоқтың қасы. Ұлттық Тәуелсіздікке 60-жылдардағы ұмтылыс жайлы әлеуметтік зерттеу барынша жұтаң. Әңгіме бола қалса, Желтоқсан көтерілісі айтылады да, басқа жоталы оқиғалар аталмайды. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін бізге бүгінде не істеу керек? Ең алдымен Жанболат Аупбаев, басқа да ұлтжанды қаламгерлер тауып жазған Арман Қаниев, Зейнолла Игіліков, Кәмел Жүнісовтар құрған саяси ұйымдар, Ақмоладағы 1979 жылғы ереуіл туралы зерттеу орта мектептер мен жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енуі тиіс. Бұл осынау ерлікке барған жастардың қаһармандығы тарихи жадымызда қалуы үшін де, қазақтың ұлттық рухы ешқашан жасымағанын паш ету үшін де қажет», - деп көрсетеді [12, 548]. Сондықтанда Тәуелсіздікке жету жолында XX ғасырдың 40-90 жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік тоталитарлық режимге қарсылық білдірген топтар мен жеке азаматтардың қайраткерлік істері тек қана оқулыққа енгізілумен жектелмей, рухани жаңғыру аясында кеңінен насихатталуы керек. Қазақ халқының Тәуелсіздік үшін күресінің заңды жалғасы болып табылатын «ЕСЕП» партиясының алаш қозғалысы тарихындағы орнын, мәні мен маңызын айшықтап көрсетіп, қалдырған тарихи мұрасын жаңа зерттеу кезеңіне жеткізу қажет.

### Әдебиеттер тізімі

1. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. Алматы, Арыс баспасы, 2009, 544 бет.
2. Тілешов Е.Е. Алаш қозғалысы: дәуір мүмкіндігі және күрес эволюциясы // <http://qasym.kz/alash-kozgalysy-dauir-mumkindigi-zhane-kures-evolyutsiyasy/> 14 қаңтар 2016 ж.
3. Сұлтан Хан Аққұлы Алаш арыстары халқына адал қызмет етті // Аңыз адам журналы, №24 (108) желтоқсан 2014.
4. Қазақстан Республикасы ҰҚК №600 іс қорытындысы. / Алматы, 11.02.1998
5. Жағыпар Ә.Б. Алаш арыстары идеясы – ЕСЕП партиясын құру / Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы №3(75)/2014. Қарағанды, ҚарМУ баспасы, 2014.
6. Құдышев О. Азап шеккен азаматтар // Орталық Қазақстан. 1989 жыл. 12 ақпан.
7. Ержұман С. Алаш идеясы және Есеп партиясы // Егемен Қазақстан. 2011 жыл. 23 ақпан.
8. Темірұлы М. Азаттық аңсап азап шеккендер / Алматы: Арыс, 2013. 240 бет.
9. Сеницын Ф.Л. Диссертация и автореферат на тему «Национальная политика СССР



в Великой отечественной войне». disserCat – научная электронная библиотека. 2009 г. <http://www.dissercat.com/content/natsionalnaya-politika-sssr-v-velikoi-otechestvennoi-voine#ixzz59E6NZRdC>

10.Қазақстанның Ислам ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығы // [http://www.akorda.kz/kz/national\\_projects/kazakstannyn-iyu-dagy-toragalgy](http://www.akorda.kz/kz/national_projects/kazakstannyn-iyu-dagy-toragalgy)

11. Тарих және миссиямыз // <http://twesco.org/about/>

12. Смайыл А. Шығармалары Т.2. Ақмола Қараөткел тарихы. Тарихи зерттеулер, деректі мақалалар / Астана: Фолиант, 2013, 552 бет.

**Аннотация:** В данной статье рассмотрены исторические целостные движения Алаш, вместе с этим рассмотрены идеи национальных лидеров, общественных объединении и отдельных лиц Алаш, боровшихся за независимость страны в контексте исторической преемственности. В 40-годы XX века в Советское время в Караганде была образована партия ЕСЕП (Елін сүйген ерлер партиясы) - партия героев, любящих Родину при рассмотрении историю Казахстана национальным взглядом историческое движении Алаш рассмотрели единым и целостным органом. Таким образом, наша цель и написание этой статьи, с учетом истории движения Алаша Алаш перерыв к истокам идеи исторической преемственности - мужчины, которые любят свою страну раскрытия роли и значения партии. Партия ставила задачу отделить Казахстан и Среднюю Азию от Советского Союза.

**Abstract:** The given article considers “Alash” historical wholesome movement as well as the ideas of national leaders, social communities and certain individuals of Alash party, who fought for the independence of the state within the context of historical coherence. During the Soviet period in the 40’s of the XX century ESEP (Party of heroes that love Motherland) political party was established. The authors suggest the idea of regarding the history of Kazakhstan with the reference to “Alash” party as a united and wholesome body. Therefore, our purpose in writing this article is to highlight the role and significance of the REPORT - the "Man Who Loves the Country" account in the historic succession of the historical background, which seeks to unravel the history of the Alashic movement of our national history as a whole. "REPORT" (party hero, lover of Rodin), has set a task to separate Kazakhstan and Central Asia from the Soviet Union.

ӨОЖ:958.4

**Базарбаев Қ.Қ.,<sup>1</sup>Оспанова Г.И.,<sup>2</sup>Эленова Ғ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD доктор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті.

Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup>мұғалімі, №17 Ататүрік атындағы мектеп-гимназиясы.Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup>мұғалімі, №17 Ататүрік атындағы мектеп-гимназиясы.Түркістан, Қазақстан

## **ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЭЛИТАСЫНЫҢ ТҮРКІЛІК БІРЛІК ИДЕЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

**Түйін:** Мақалада Түркістан мұхтариаты талқандалған соң өлкедегі бірқатар ұлттық саяси элита өкілдері Түркияға, Ауғанстанға, Еуропа елдеріне саяси мұғажырлыққа кеткендігі баяндалады. Германияға бас сауғалаған Сералы Лапин, Грузия арқылы Түркияға өтіп кеткен М.Шоқай сияқты қазақ зиялылары өзге әріптестерімен бірге кеңестік биліктің Түркістандағы саясатын әшекерелеуі жайында қарастырылған. Түркістан мұхтариатының қуып таратылуы мен одан соңғы кезде кең өріс алған азамат соғысы, басмашылық қозғалыстардың шынайы себебін Лапин алдын-ала болжай алды. Сол сияқты, қайраткердің саяси көрегендігі ретінде Түркістан өлкесінің унитарлы мемлекет бола алмайтындығын анық сезініп, оның болашағын федерациялық құрылым ретінде көре алғандығы. Бұл идея түркістандық ұлттық элитаның Лапиннен кейінгі көрнекті өкілдері Т.Рысқұловтың саяси көзқарастарында «Түркі республикасын» құру түрінде, С.Қожановта Түркістанды Ортаазиялық федерацияға айналдыру түрінде көрініс тапқанымен

*II nomer 2019 jly 28 naýryzda ótken Kórnekti memleket jáne qoǵam qairatkeri S.Qojanovtyń 125-jyl tobyna orai «ÚLT RUHYN SHYNDAGAN ÚLY DALANYŇ ASYL ÚRPAQTARY» aty nalykaralyq gylymi konferenciasyna amalǵan / II nomer posvashen Mezhdunarodnoy naučnoy konferencii, posvashennoy 125-letio vydaiochego gosudarstvennoyo i obshchestvennoyo deyatelo S.Kozhanova «БЛАГОРОДНЫЕ ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ, ЗАКАЛЯВШИЕ ДУХ НАЦИИ» проведенной 28 марта 2019 года / II issue dedicated to the International Scientific Conference, dedicated to the 12<sup>th</sup> anniversary of the outstanding state and public figure S. Kozhanov «NOBLE DESCENDANTS OF GREAT STEPPE, TEMPERING THE SPIRIT OF THE NATION» held on 28<sup>th</sup> March 2019*

түпкілікті шешімді кеңестік билік ұлттық-территориялық межелеу арқылы іске асырды.

**Кілт сөздер:** Түркия, Түркістан, Кеңестік билік, саяси мұғажырлық, Уақытша өкімет, жәдитшілер.

Большевиктер өкіметі Түркістан өңірінен ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерін қуғындай бастаған соң, С.Лапин Түркістанның азаттығы үшін күресін шетелде жалғастыруды ұйғарды. 1918ж. шілдесінде С.Лапин Түркістанның тұтқындар лагерьлеріндегі соғыс тұтқындары мәселесімен шұғылданып жүрген Германия комиссиясы өкілімен байланыс орнатып, одан өзін Германияға өткізуді өтінеді. Аталған комиссия өкілі С.Лапинді қажетті құжаттармен қамтамасыз етіп, Мәскеуге аттандырады. Мәскеуде неміс консульдығының көмегімен Түркия азаматтығын алып, Псков арқылы Германияға өтіп, 1918ж. 20 қыркүйегінде Берлинге келеді [1, С.48].

С.Лапин Германияға келгеннен соң 1918 ж. 25 қыркүйек күні Германия Бас штабының өкілі лейтенант Эльснерді Қазан төңкерісінен кейін Түркістанда қалыптасқан саяси ахуалмен таныстырып, Түркістан халқына большевиктер үстемдігіне қарсы күресуде Германия Сыртқы істер министрлігіне өзінің Берлинге келу себебін түсіндірген хат жолдады. Бұл хатта ол өзін Түркістандағы ең беделді ұйымдардың бірі “Шуро-и-уламо” ұйымының жетекшісі, Түркістан автономиясы парламентінің мүшесі ретінде таныстырып, Түркістандағы кейбір саяси мәселелер бойынша келіссөз жүргізу үшін 6 миллион болатын Түркістан мұсылмандарының атынан өкіл болып келгенін мәлімдеп, Германияның Түркістанға әскери көмек көрсетуін өтінді.

Түркістандағы жағдайға әскери қимылдар арқылы әсер етуді көздеген С.Лапиннің жоспары бойынша Түркия аумағынан Сыртқы Кавказ арқылы Закаспий облысына әскер түсірілуі тиіс болды. Бұл істе Германияның сол тұста кеңес өкіметімен достық қатынас орнатқанын пайдаланып қалуға ерекше мән берілді. С.Лапиннің ұсынуына Германия большевиктерге ағылшын интервенттерімен және ақ гвардияшылармен күресуге көмектесеміз деген сылтаумен Орта Азияға өз әскерін енгізіп алып, онда ақ гвардияшылармен емес, «большевиктер үстемдігін» жоюға тиіс болды. Біртіндеп бұл іске Үндістан мен Ауғанстан мұсылмандарын және Түркияны тарту көзделді.

Әскери экспедицияны ұйымдастыруда С. Лапиннің ұсынуына Каспий теңізінен өткен әскер екіге жарылып, Ашхабад пен Бұқараны бетке алып, екіншісі Перовск пен Ташкент бағытында жылжып, ол топтар өз жолында жергілікті халық өкілдерімен толыға түсуі тиіс болды. Жоспарға сәйкес бұл екі топ Самарқанд қаласы маңында тоғысатын болып белгіленді. Экспедицияны жабдықтау мен басқару Германияға жүктеді. С. Лапин өз жоспарында Германия мен Австро-Венгриядағы бірінші дүниежүзілік соғыста қолға түскен мұсылман тұтқындары пайдалануды да назардан тыс қалдырмады. Ол бұл тұтқындарды болашақта құрылуы тиіс түркістандықтар армиясында әскери нұсқаушылар ретінде пайдалану қажет деп есептеді.

Осылайша С.Лапин Түркістанды азат етудің мүмкіндіктерін Германиямен байланыстырды. Алайда, Германияның көмегімен Түркістанды азат ету жөніндегі ұсынысқа неміс үкіметі жауап беруге асығыстық таныта қоймады. Өйткені, бұл кезде Германия Антанта елдерімен соғыста қалжырап, елдің ішінде революциялық ахуал қалыптаса бастаған еді.

Бірақ та бұл С.Лапиннің ұсынысына неміс үкіметі мүлде көңіл бөлмеді дегенді білдірмесе керек. 1918 ж. 22 қарашада Сыртқы істер ведомоствосының өкілі Харальд Козак С.Лапиннің ұсынысын елдің жағдайы оңалғанда көңіл аударуға тұралық екен деп бағалап, ол жөнінде үкіметке мәлімдеме түсірді. Алайда, Германия үшін 1918 ж. соңына қарай жағдай барынша ауырлай түсіп, үкіметтің С.Лапин ұсынысына назар аударуына мұршасы болмады. Оның үстіне С.Лапин осы жылдың 17 желтоқсанында ауруға шалдығып, ауруханаға жатты да араға бір айдай уақыт салып көз жұмды.

Осы мәлімдемедегі тұжырымдардан түркістандық элитаның көшбасшыларының бірі ретіндегі С.Лапиннің саяси көрегендігі анық байқалады. Ол социалистердің идеялары мұсылман елдерінде шарифат қағидаларымен үйлесімділік таппаса, онда биліктің террорлық жолға түсуі ықтимал. Бұндай жағдайда ондаған миллион мұсылмандар патша өкіметі кезінде де болып көрмеген қасиетті соғыс «ғазуат» жариялауы мүмкін дегенді айтқан еді. Түркістан мұхтариятының қуып таратылуы мен одан соңғы кезде кең өріс алған азамат соғысы, басмашылық қозғалыстардың шынайы себебін Лапин алдын-ала болжай алды. Сол сияқты, қайраткердің саяси көрегендігі ретінде Түркістан өлкесінің унитарлы мемлекет бола алмайтындығын анық сезініп, оның болашағын федерациялық құрылым ретінде көре алғандығы. Бұл идея түркістандық ұлттық элитаның Лапиннен кейінгі көрнекті өкілдері Т.Рысқұловтың саяси көзқарастарында «Түркі республикасын» құру түрінде, С.Қожановта Түркістанды Ортаазиялық федерацияға айналдыру түрінде көрініс тапқанымен түпкілікті шешімді кеңестік билік ұлттық-территориялық межелеу арқылы іске асырды.

Түркістанда шексіз билікке ұмтылған орыс социалистеріне жолданған мәлімдемедегі улемашылардың ұстанған басты концепциясы отарланғанға дейінгі Түркістанның «исламдық басқару түрін» жаңа жағдайда қалпына келтіру болды. Мемлекеттік басқару аппаратын ұйымдастыру қағидасынан орын алған бұл ерекшеліктің мәні - «Махкама-и-шария» институтын енгізіп, оған жалпымемлекеттік заңдардың жасалуы мен орындалуын шарифат тұрғысынан қадағалайтын өкілеттік беруден туындады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында елеулі саяси күшке айналған бұл саяси ағым – жеке дара құбылыс емес еді. ХХ ғ. бас кезінде Түркияда кең өріс алған жастүріктердің саяси ұстанымдарына «Мұсылмандар лигасын» қолдаған, басқару органдары шейхтар мен улемдардың қолында болған «Бауырлас мұсылмандар» («Альхаи» аль-мухамедди) партиясы ашық қарсы шықты. Олар мемлекеттік құрылымды қалыптастыруда «барлық заңдар мен қаулыларды жойып, шарифат заңдарын қалпына келтіруді мақсат етті». Ал жастүріктер қозғалысы идеологтарының бірі Ахмед Ризаның өзі «ислам әлеуметтік тұрғыда қарағанда прогреске қолайлы негіз болады», «исламда халифтың сайланбалығы қағидасы орныққан» және «халиф халықтың алдында жауапты» деген тұжырымдары арқылы ислам құндылықтарын қоғамды модернизациялау тетігі ретінде қарастыруға ұмтылады [2, с.263]. Негізінен жастүріктер «мұсылмандық құқықты еуропалық институттармен үйлестірудің мүмкіндігіне үлкен үміт артты және осы бағытты іске асыру әрекетін жалғастырумен болды» [3, с.178.]. Сол сияқты олардың бір бөлігі «прогреске тез және елеулі жетістіктермен қол жеткізу үшін еуропалық институттарды және Батыс елдері қоғамдық өмірінің нормаларын османдық негізге көшіру» жеткілікті деп есептеді. [4, с.203]. Демек, Кіші Азия жерінде пайда болған бұл идея Түркістанда одан әрі өріс алып, сунниттік басқару түрінің негізгі қағидаларының бірі – кеңесушілік қағидасын (аш-шура) басшылыққа алуға ұласты. Демократиялық сипатымен ерекшеленген осы исламдық кеңесушілік қағидасы ХХ ғ. 50-80 жж. бірқатар мұсылман елдерінің мемлекеттік құрылысында қолданыс тапты. Мысалы, Ливияда республикалық басқарудың ерекше түрі – жамахирия құруда осы қағида басшылыққа алынған. Жамахирияның өкіметтік билігінде сайланбалы халықтық конгресс пен комитеттер маңызды қызмет атқарған [5, с.113-114].

Кеңестік билікке оппозициялық бағыт ұстанған эмиграциядағы және билік басындағы саяси элитаның бастамашылығымен түрік халықтарын бостандыққа жеткізуге қолдау көрсететін ұйымдар қалыптаса бастады. Осындай ұйымдарды қалыптастырушылардың қатарында Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметінің төрағасы М.Шоқай, Бұхара Халық Республикасының президенті Осман Қожа, Татар Уақытша үкіметінің төрағасы Аяз Исхаки және т. б. болды. Большевиктік биліктің өміршеңдігін сезген ұлт зиялылары, азаттық жолындағы күрестің ауқымын кеңейту мақсатында шет

елдерге жастарды жіберуді қолға алды. Шет елдермен байланысудың жолы ретінде осы бағыт таңдалды. «Түркістан азаттық қоғамы» бастама көтеріп, Бұхара Халық Республикасы үкіметінің төрағасы Файзулла Хожаев пен Түркістан АССР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұловтар ресми қолдау көрсетіп, 70-ке таяу жасты Түркия мен Германияға оқуға жіберді. Алманияға жіберілген оқушылар арасында Ғазімбек Бірімжанов, Ахмет Наим, Ахметжан Ибрахим, Абдулуахап Оқтай, Тахир Шағатай сияқты «Түркістан Ұлттық Бірлігінің» мүшелері бар болатын [6, s. 36].

Түркістандықтардан құралған (қазақ, өзбек және башқұрт ұлттық топтары) «Түркістан Ұлттық Бірлігі» комитеті 1920 ж. мамыр айынан басталып, 1921 ж. басында толығымен құрылды. Ұйымның құрылуына Түркия Республикасы да ықпал жасады. Атап айтар болсақ, 1921 ж. шілденің соңында Түркиядан Ұлттық Мәжілістің мүшесі Мұстафа Субхи Сойсаллыоғлы Бұхараға келіп, Түркістандағы ұлттық ұйымдардың басын қосатын одақ құрылды да, оның төрағасы болып З.Уәлиди сайланды [7, б. 90]. Тамыз айының 3-5 күндері өткен комитеттің алғашқы отырысында комитет «Орта Азия ұлттық мұсылман ұйымдарының одағы» деп аталды. Бұл одақтың құрылуына көп еңбек сіңіргендердің бірі – Төрешұл Жанұзақов еді. Ал 1920 ж. 5-7 қыркүйек күндері құрылтай өткізген ұйым мүшелері одақтың жарғысын қабылдап, Түркістан ұлттық байрағын қабылдады.

«Түркістан азаттық қоғамының» 1923 ж. 26-28 маусымда Кабулда өткен мәжілісіне Зәки Уәлиди, Осман Қожаұлы, Абдулкадир Инан және тағы басқа тұлғалар қатысып, мәжіліс М. Шоқайды сыртынан ұйымның Еуропадағы өкілі етіп сайлайды. Осылайша, 1923 ж. бастап ұйымның Германия, Франция сияқты мемлекеттерде шағын өкілдіктері ашылды. 1924 ж. 23-24 қарашада «Түркістан азаттық қоғамы» атынан Берлинде өткізілген жиында тұтас Түркістанның кеңестік бес республикаға бөлінуіне байланысты «Түркістан» атауының шетелдік баспасөзде қолданылуын жалғастыру, ал жеке республикаларды аймақ ретінде атау мақұлданады. Бұл шешім бойынша мәселен, Өзбекстан атауын «Түркістанның Өзбекстан аймағы», Қазақстанды «Түркістанның Қазақстан аймағы» түрінде қолдану қарастырылды. Жиында «Түркістан азаттық қоғамының сыртқы істер комитеті» құрылды [8, s.76]. Жалпы, Түркия Түркістан жәдидшілері саяси мұғыжырлығының орталығы ретінде үлкен маңызға ие болды.

Түркияға барған Ж. Ақшора жастүріктер қозғалысына қызу араласа жүріп, Ресей қоластындағы түркі халықтарының азаттығы мәселесін жадында берік ұстайды. 1909 ж. Түркиядан Қырым түріктерінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді мұрат тұтқан «Отан» ұйымның құрылуына ықпал жасады. Осы ұйым 1910 ж. тамызда Ыстанбұлда түрікшілдік идеясына арналған конференция өткізеді. Конференцияда 1910 ж. Түркістан өлкесінде болған жер сілкінісінің зардаптары мәселесіне байланысты баяндама жасаған Ж.Ақшора орыс үкіметі тарапынан көмек көрсетілмей жатқан түркістандықтардың ауыр халіне Осман империясы түріктерінің де жете көңіл бөлмей отырғанына қынжылыс білдірді. Ол барлық түрік азаматтарын түркістандықтарға қол ұшын созуға шақырып, түріктің түріктен басқа досы жоқтығын ескертті [9, б.76]. Түркия Республикасы 1921 ж. бастап түркістандық қайраткерлерге саяси баспана орталығына айналды. Саяси мұғажырлық өмірін Еуропада жалғастыру үшін 1921 ж. 25 ақпан күні Стамбұлға келген Мұстафа Шоқай, бұл жерде Одақтас мемлекеттердің алдында Түркістан туралы мәселе көтереді. Ол Түркия туралы ортақ ой-пікірлер мен Түркиядың келешегі жайындағы түркістандықтардың ұсыныс-тілектері жазылған құжатты ортақ күштер басқармасына тапсырады. Бұл құжат өте өткір тілмен жазылған еді [10, s.54]. Түрік ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерін «Большевиктер жақтастары» деп айыптаған одақтас мемлекеттерге тиісті жауап қайтару үшін ағылшын Бас қолбасшылығымен кездескен Мұстафа Шоқай сол кездері Мұстафа Кемал Пашаны Кеңестік Ресейге жақындатқан басты себептерді түсіндіре отырып, құрылып жатқан жаңа Түрік Республикасын

қолдайтындығын білдіреді [11, с.7]. Түркия Республикасы бұдан кейінгі жылдарда Түркістан жәдидшілерінің саяси мұғажырлық орталығына айналады. Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс Кеңестік Ресей тарапынан жеңіліске ұшырағаннан кейін Заки Валиди Тоған, Абдулқадир Инан, Абдулуахап Мұрат, Алимжан Тоған, Мұстафа Шахқұлы және Осман Хожа сияқты жәдидшілер Түркия Республикасын паналап, Мұстафа Субхи қызметінің нәтижесінде құрылған «Түркістан Ұлттық Одағын» қайтадан жандандырады. Түркістандық жәдидшілер 1927 ж. Стамбулда «Жаңа Түркістан», ал 1929 ж. Берлинде «Жас Түркістан» атты журналдар шығарады. Сондай-ақ 1921 ж. атқарылған маңызды істердің бірі Түркістаннан Түркияға оқуға шәкірттердің жіберілуі еді. Сол жылы Бұхара Халық Республикасынан Түркияға оқуға 25 студент жіберілді. Олар әуелі Кастамону қаласында оқып, кейіннен басқа қалалардағы оқу орындарына орналастырылды. Сонымен қатар сол жылдары Түркістан және Бұхара Республикасының басшылары Тұрар Рысқұлов пен Фейзуллах Хожаев жоғары білім алу үшін Германияға 58 студент жіберді. Университетті бітіріп, докторлық диссертацияларын қорғаған Тахир Чағатай, Абдулуахап Оқтай және Ибрахим Ярқын секілді жастар Түркияға орнығып, Түркістан және Түркістан жәдидшілігі, ұлт-азаттық күрес туралы мақалалар жазды.

Шетелдегі түркі эмигранттары арасында кейбір мәселелерге қатысты өзара қызу пікірталас, қырыңбақтық жағдайлар орын алғанымен олар Түркістанның азаттығы үшін күрес жүргізуде бірауызды болды. Жалпы, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басты идеяларының бірі ретінде түрік халықтарының бірлігін, олардың азаттығын насихаттауда жасырын жағдайда жұмыс істеген «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымы маңызды рөл атқара алды.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Аъзамхужаев С.С. Туркистон Мухторияти: миллий-демократик давлатчилик курилиши тажрибаси. Тошкент: «Маънавиат», 2000, 168 б.
2. Петросян Ю.А. Младотурецкое движение (вторая половина XIX начало XXвв). Москва, 1971, 306с.
3. Дудина Н.А. Реформы танзимата и шариат // Ислам в истории народов Востока. Москва, 1981.
4. Фадеева И.Л. Официальные доктрины в идеологии и политике Османской империи (Османизм-панисламизм) XIX-начало XX в. Москва, 1980.
5. Сюкияйнен А.Р. Мусульманское право. Вопросы теории и практики. Москва, Наука, 1986. 254 с.
6. Kocaođlu T. Türkistan'da Yenilik hareketleri ve İhtilaller: 1900-1924. SOTA. Haarlem, 2001, 499 s.
7. Хаит Б. Түркістан 1917 жылдың қарсаңында / неміс тілінен аударған Г.К. Көкебаева // Алаш. Алматы, 2006. № 4.
8. Andican A. Cedidizmden Bađımsızlıđa Hariçte Türkistan Mücadelesi. İstanbul: Emre Yayınları, 2003. 316 б.
9. Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. -Алматы: Ғылым, 2002, 214 б.
10. «Известия», №29 16.XI.1918; «Коммунистический Интернационал», 1919, №5.
11. Çokayođlu Mustafa, «Yiqilganga Yumruq», Türkistan, S.2, Noyabır 1934.

**Аннотация:** В данной статье рассказывается о политической миграции в Турцию, Афганистан и Европу представителей национально-политической элиты после разгрома туркестанской автономии. Также рассматривается разоблачение политики советской власти в Туркестане, вместе с представителями казахской интеллигенции: иммигрировавшими в Германию Серали Лапиным, через Грузию в Турцию М.Шокаем и др. С.Лапин предвидел, что Туркестанскому мухтариату не суждено быть, недавнюю волну гражданской войны, которая

является настоящей причиной народных движений. Точно так же, как политическое видение политика, ясно, что Туркестанский регион не может быть унитарным государством и что его будущее можно было рассматривать как федеративную структуру. Эта идея была реализована тюркской национальной элитой в виде тюркской республики в политических взглядах Т.Рыскулова после Лапина, а форма превращения Туркестана в центральноазиатскую федерацию было заслугой уже С.Кожанова, когда окончательное решение было принято национально-территориальным разделением советской власти.

**Abstract:** This article deals with political migration in Turkey, Afghanistan and Europe representatives of national and political elite after defeat of the Turkestan autonomy. Also exposure of policy of the Soviet power in Turkestan, together with representatives of Kazakh intellectuals: immigrating to Germany Serali Lapin, through Georgia to Turkey M. Shokay etc. is considered. S.Lapin foresaw that the Turkestan mukhtariyat was not destined to be, the recent wave of civil war, which is the real cause of popular movements. Just like the political vision of a politician, it is clear that the Turkestan region cannot be a unitary state and that its future could be considered as a federal structure. This idea was implemented by the Turkic national elite in the form of the Turkic republic in the political views of T.Ryskulov after Lapin, and the form of turning Turkestan into the Central Asian federation was already the merit of S.Kozhanov when the final decision was made by the national-territorial division of Soviet power

УДК 930:014.83

**Алдешов С.Е., Бүркіт Ә.Қ. Торғаутова Ш.А.**

п.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
тарих магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ҰЛТ РУХЫН ШЫНДАҒАН ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АСЫЛ ҰРПАҒЫ**

**Түйін:** Түркістандағы ұлт-азаттық күрес тәжірибелерін талдау арқылы Алаш қозғалысының нақты ұйымдық құрылымы болмағанымен оның қызметінің мазмұны қазақ жеріндегі тарихи құбылыстың құрамды бөлігі болып саналады. Түркістандағы жергілікті халықтардың арасында отаршылыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысының өкілдері көптеген қайраткерлердің саяси қызметінде жаңа қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты.

Отандықтарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек» деген ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихында халықтың мүдделеріне деген мейірімділік, ұзақ уақыт бойы кеңес дәуірінің ғалымдары танылмады. Бүгін ғалымдар өз зерттеулерін түбегейлі өзгертті. Тәуелсіздіктің мән-мағынасында, біздің тарихымызда тарихи тұлғалардың іс-әрекеттері мен үлестерін зерттеудің маңызы зор. Біз бұл пікірді ұлттық тарихта ұлт рухын шындаған ұлы даланың асыл ұрпағының өкілі Сұлтанбек Қожановпен тікелей байланысты деп есептейміз.

**Кілттік сөздер:** С.Қожанов, тұлға, ұлттық мүдде, семинария, Ташкент, мұрағат, съезд

Бүкіл саналы ғұмыры желдің өтінде, жардың шетінде өткен, есімі мен еңбегі өзі дәл болжағандай, республикамыз тәуелсіздік алған кезеңде ғана еленіп-ескеріле бастаған

Сұлтанбек Қожанұлы 1894 жылы 10 қыркүйекте қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына қарасты Ақсүмбе елді мекенінде дүниеге келген. Сұлтанбектің зеректігін аңғарған көзіқарақты Қожан оны Түркістан қаласындағы төрт жылдық орыс-түзем мектебіне тапсырады. Зерделі бала алғашқы тәлім-тәрбие ордасын үздік тәмамдап, ізінше үш сыныптық қалалық училищеге оқуға түседі. Сол уақытта Сұлтанбектің сақа тартуына септескен мынадай жағдайлар болды: біріншіден, ол Сыр бойындағы ағартушылық мектептің Қалжан Қоңыратбайұлы, Қоңыркұлжа Қожықұлы, Ахмет ишан Оразайұлы, Ералы Қасымұлы, Садық Өтегенұлы, Серікбай Ақайұлы секілді белді өкілдерінен ақыл-кенес тыңдап, оң-солын танитын халге жетті; екіншіден, 1912 жылы тағдырдың тәлкегімен Түркістан қаласына сапар шеккен Міржақып Дулатұлымен ойда-жоқта жолығып, соңынан әлденеше дүркін дидарласуы саяси таным-түсінігіне талай жаңалық бойлатты; үшіншіден, жергілікті жұрттың ортасында сыртқы түр-әлпетіне қарай “Ұзынсақал” атанып кеткен орыс тілінің оқытушысы, ойы оқшау ұстаз Иван Михайлович Яковлев ішкі Ресейдегі қоғамдық-әлеуметтік ахуалдан жан-жақты хабардар етіп, сауатын саралады. Міне, сол Ұзынсақал-Яковлев сүйікті шәкірті Сұлтанбекті Ташкенттегі мұғалімдер даярлайтын семинарияға қабылдату үшін көп жәрдем жасайды. Әйтпесе, айла-шарғыға жүйрік түркістандық миссионер П.Остроумовтың қарамағындағы бұл оқу орнының табалдырығын отар өлкенің талапкер жастары оңайлықпен аттай алмайтын. Содан да шығар, Ташкент мұғалімдер семинариясын 25 жыл ішінде жергілікті жұрттардың арасынан небәрі 65 адам ғана бітірген: нақты айтқанда, олардың 11-і өзбек, түркімен және татар ұлттарының өкілдері болса, 54-і қазақ пен қырғыздың ортасынан шыққан. Қысқасы, сол аз топтың ішінде Сұлтанбек те бар. Ол 1913 жылы сынақ пен сұрыптаудан сүрінбей өтіп, студент қатарына ілігеді[1].

Жігерлі жас семинарияда оқып жүрген уақытында саясатқа шындап ден қояды. Туркестанская правда” газетінің қосымшасы – “Костры” журналында (1923 жыл, №3-4) жарық көрген өмірбаяндық деректеріне сүйенсек, Сұлтанбек Қожанұлы 1915 жылы жастардың “Кеңес” атты жасырын үйірмесін құрған. Оған мүшелікке кейіннен түркіменнің, өзбектің, тәжіктің ірі қайраткерлеріне айналған К.Бөриев, Х.Сахатмурадов, И.Теджибаев, А.Рахымбаев, т.с.с. өзімен бірге оқитын достары тартылған. Зерттеуші Асқар Мұстафиннің мәліметі бойынша, осы іске Мұстафа Шоқай мұрындық болып, идеялық жетекшілік жасаған Ұйым мүшелері ара-арасында тағы бір алаш ардақтысы Санжар Аспандияровтың әкесінің үйінде өздерінің құпия мәжілістерін өткізіп отырған. “Кеңес” атты қолжазба журнал шығарған. Сұлтанбек семинарияны аяқтаған соң, Әндіжан уезіне барып бала оқытады.

Сұлтанбек Қожанұлы мен Санжар Аспандияров бастаған топ болса, зайырлы жолды тұтынып, 1917 жылдың маусымында Түркістан аймағындағы орыс жұмысшыларының одағымен терезе теңестіру ниетінде мұсылман жұмысшыларының мекемесін аяқтандырды. Олар өз ұйымының мақсат-мұраты туралы: “Келешекте орыстар мен мұсылмандардың арасында жаңаша қарым-қатынастар қалыптастыра аламыз ба деген үміттеміз, өйткені, тек демократиялық ұйымдар ғана ортақ мәмілеге келмекші және жергілікті жұрттың орыстарға сенімсіздігін жоймақшы. Түркістан мұсылмандарының ішіндегі жұмысшы қозғалысының ізашарлары бола отырып, біз өз халқымыздың болашақта бостандық пен теңдікке жететініне зор сеніммен қарап, күрделі міндетімізге кірісеміз”, - деп жазды.

Жұртшылық мүддесін жоқтаған Сұлтанбек Қожанұлы 1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезіне делегат болып қатысты. Соның артынша – тамыздың басында өткізілген Түркістан аймағы қырғыз-қазақтарының жалпы жиылысында хатшылық жасап, Тұрар Рысқұлов, Ибраһим Қасымов, Ғалимұхамед Көтібаров, Иса Тоқтыбаев, Садық Өтегенов секілді азаматтармен бірге Сырдария

облыстық қырғыз-қазақ комитетіне мүшелікке және Бүкілресейлік құрылтай жиналысына өкілдікке сайланды. Мұнан арғы қайраткерлік іс-қимылына тоқталсақ, Хасен Оралтайдың “Алаш” атты еңбегінде жазылғандай, Сұлтанбек Қожанұлы “Қоқан автономиясы” үкіметінің негізін қалаушылардың бірі болды.

Қоқан автономиясы қан-жоса болып таратылған соң, Сұлтанбек Қожанұлы аз ғана уақыт саясаттан сырттаңқырап, қажыр-қуатын ағартушылық жұмысқа арнайды. Мұғалімдік мамандығына кірісіп, Түркістандағы халыққа білім беру бөлімінің инспекторы болып істейді. Сөйте жүріп, аштыққа ұшыраған қазақтарға жәрдем беру комитетін басқарады. Ташкентке барып, педагогикалық училище мен педагогикалық курстарда сабақ береді. Ұстаздық қызметіне ұйымдастырушылық қабілетін ұштастырып, Қазақ-қырғыз институтының қабырғасын қаласады. 1919 жылы қайтадан Түркістан қаласына ауыстырылып, уездік-қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне бекітіледі. Ал 1920 жылдың наурызында Алашорда қайраткерлеріне кешірім жарияланған шақта коммунистік партияның қатарына өтіп, көп ұзамай Сырдария облыстық революциялық комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалады. Сөйтіп, Сұлтанбек Қожанұлын ірі саяси-қоғамдық тұлға ретінде қалыптастырған 1920-1924 жылдардың аралығын қамтитын Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасындағы қайраткерлік кезеңі басталды.

Ол 1920 жылдың қыркүйек айында қазақтар С.Аспандияров, О.Жандосов, Н.Төрөқұлов, түркімен Қ.Атабаев, өзбектер С.Қасымқожаев, А.Бабажанов, Т.Оразбаев, тәжік А.Рахымбаевпен бірге Түркістан коммунистік партиясы орталық комитетінің толық мүшелігіне енгізіліп, өлкедегі ықпалды партия және кеңес қызметкерлерінің қатарына қосылды. Бұдан кейінгі мерзім ішінде Түркістан коммунистік партиясы V-VIII съездерінің, Түркістан республикасы кеңестері IX-XIII съездерінің, Кеңес одағы коммунистік партиясы X, XIII, XIV съездерінің делегаты болып сайланды[2].

Мұрағат құжаттарына жүгінсек, Сұлтанбек Қожанұлының жергілікті жерлерде Кеңес өкіметі қойған міндеттерді халық тұрмысына лайықтап шешу, республикалық бюджетті орталық ұйымдардың алдында тиесілі дәрежеде қорғау, комиссариаттардың басы артық әкімшілік құрылымдарын қысқарту, ауыл шаруашылығы кооперацияларын тиімді ұйымдастыру, оқу-ағарту мекемелерін есепке алу және қаржылық-материалдық жағдайын ойластыру, мұғалімдер даярлау сапасына көңіл бөлу, билер мен қазылар сотын қаржыландыруды ұмыт қалдырмау, аймақтық баспасөздің дамуына ықпал ету, көшпелі және жартылай көшпелі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағдарлау, Түркістан республикасы, оның ішінде, әсіресе жәуміттерге қатысты мәселелерді, сондай-ақ Ферғанадағы жер-су проблемаларын уақытылы талқыға салу, салық саясатын жүзеге асыру, бағаны реттеу, т.б. қыруар шаруамен қатар айналысқандығын көреміз. Ол кеңседе көп отырғанды қаламайтын, ел ішін аралап, жағдайды өз көзімен көргенді ұнататын басшы болды. Тапсырылған қай істі де абыроймен атқарып, білгірлігі мен тындырымдылығының арқасында әріптестері мен қалың жұртшылықтың алдында зор бедел жинады.

С. Қожановтың тұлғасы саясат үшін де, тарих үшін де қызмет жасайды. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Ұлттық мүдде бар жерде оған қызмет етудің өлшеміне айналған С. Қожановтың тұлғасы менмұндалайды Академик М. Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек» деген ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихынан кей бір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [3,



366-б.] деген пікір айтады. Тәуелсіздік жағдайында ұлттық тарихтың мазмұнын қайта бағалау тұрғысында айтылған бұл пікірдің көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановқа тікелей қатысы бар деп білеміз.

Отан тарихында осы кезге дейін ғылыми тұрғыда игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Ал өзінің тарихи бағасын осы кезге дейін ала алмай келе жатқан тұлғалар бірі – Сұлтанбек Қожанов. Оның тұлғасын тану мен танытуға қатысты бірқатар арнаулы зерттеу еңбектер жарыққа шықты. Атап айтқанда өзбекстандық тарихшы Р.Я. Раджапова, қазақстандық Т. Қожакеев, Р. Бердібай, Б. Қойшыбаев, Ж. Әлмашұлы, А. Шәріп, Ж. Симтиков, Ж. Уәлиханова және т.б. ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектері де осы қатарды толықтыра түседі. Әйтсе де, қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен әдеби-мәдени мұрасын зерттеп, зерделеуде кенжелік, соңын күткен кібіртіктеу байқалады. Оның сыры неде болды екен деген сауал әркімді де ойлантуы тиіс. Оның басты себебі С. Қожановтың партия мүддесінен ұлт мүддесінен жоғары қойған шынайы ұлтжандылығы болды. Тоталитарлық билік саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға да аса бір сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет жасағандар ақталып, олардың тұлғасы советтік тәрбиенің идеялына айналдырылды.

Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық төзімсіздікке ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С. Қожанов сияқты партия қайраткерлерін ақтау кейінге шегеріле берді. Бұл – советтік биліктің саясаты. Тәуелсіз қоғамымызда осы саясаттың тоңы жібiгендей. Қайраткердің өз қызметіне қатысты соңына қалдырған деректерінде партиялық биліктің ыңғайымен бүгіп қалған жайттары да жоқ емес. Таратып айтар болсақ, ол өзінің Алаш қозғалысына тікелей қатыстылығын айтудан тартынып келген. Қазіргі кезде ашық айтылатын мәселе – шын мәнінде С. Қожановтың Алаш қозғалысының қайраткері болғандығы. Осы пікірді тереңірек өрбітіп көрейік. 1916-1917 жылдары Ташкент қаласында қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесі жұмыс істеген. Түркістан қаласында С. Қожановпен бірге 1918-1919 жылдары бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Ленинмен кездескендігі жөнінде естеліктер жазған Дүйсенбай Нысанбаевтың деректері «Кеңес» үйірмесінің қызметіне ғылыми талдау жасауға мүмкіндік береді. Үйірме және оның қызметі туралы Д. Нысанбаевтың 1925 ж. 31 қаңтарында РК(б)П Қырғыз облыстық Бақылау Комиссиясына жасаған мәлімдемесінен [4, 173-185-бб.] аса құнды мағлұматтарға қанығамыз. Бұл құжаттың деректік құндылығы жоғары болатыны, онда өлкелік партиялық басшылыққа, ОГПУ органдарына Түркістандағы алашордашылардың қызметіне қатысты айғақ ретінде түрлі хаттамалар, газет тігінділері сияқты қомақты құжаттық деректер ұсынылған. Осы жерде құпия хат түрінде жазылған мәлімдеменің тікелей С. Қожановты әшкерелеуге арналғандығын атап айтқанымыз орынды болар. Үйірменің төрағасы генерал Сейітжаппар Асфендияров, орынбасарлары М. Шоқай және өмірі мен қызметі Түркістан қаласымен тығыз байланысты болған Садық Өтегенов болатын. Осы саяси үйірме ұлттық идеяларды іске асыруды өзінің бағдарламалық міндеті ретінде алға қойған еді. Үйірменің баспасөз органы «Бірлік туы» газетінің алғашқы редакторы М. Шоқай болса, С. Қожанов редактордың орынбасары әрі жауапты хатшы, кейін редакторы болып қызмет істеген, кейінгі кезде газетке Хайретдин Болғанбаевтар (ол да Түркістан қаласында қызмет істеген) редакторлық жасады.

1917 жылғы қарашаның 26 күні Қоқан қаласында Бүкілтүркістан мұсылмандарының IV съезі Түркістан мұхтарияты (автономиясы) атты ұлттық үкімет жариялады. Осы съезге және желтоқсан айында Алашорда үкіметін жариялаған Орынбор қаласындағы II Бүкілқырғыз съезіне делегат болып қатысқан С. Қожанов алаштық идеяны іске асыруға белсене араласты. Бұндай тұжырым жасауға деректік және дәйектік негіздер

жеткілікті. Алғаш рет бұл тұжырым Түркістандағы партия-совет органдарының ресми құжаттарында «Алаш Орданың» түркістандық бөлімі «Бірлік туы» газеті органымен атас ұйым болды. «Бірлік туы» газеті 1917 ж. маусымынан Ташкентте шыға бастады. Аталған газетті ұйымдастырушылардың тұғырнамасы дәлме-дәл алашордашылардың тұғырнамасындай еді» [5, Л. 208] деген сипатта негізделді.

Республикадағы саяси басшылыққа кәсіпқой революционер Ф. Голощекиннің келуі Түркістан Республикасы үкіметінің басшылығы Жоғары партиялық инстанцияларға С. Қожановтың үстінен жазылған құпия хат түріндегі арыз-шағымдаржазу үдерісін өршітіп жіберді.

С. Қожанов Мәскеуге кеткен соң оны айыптайтын саяси науқан кең өріс алды. Осыған байланысты С. Қожанов Қазақ өлкелік партия комитетіне 1926 жылы ашық хат жазып, ақталуға мәжбүр болған. Хаттың жазылу мақсаты оның Қазақстандағы қызметіне қатысты өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф. Голощекиннің өршіткен саяси айыптауынан басын арашалау болды. Осы хатты деректік тұрғыда талдағанда С. Қожанов Қазақстандағы саяси қызметінің сипаты мен мазмұны туралы өз аузынан баяндалған көп мағлұматқа қанығамыз. Сонымен бірге бұл құжаттан С. Қожановтың ұлтжандылық қызметіне негіз болған қоғамдық-саяси көзқарастарының өзегін танимыз. Ол аталған хатында былай деп баяндайды: «Мен партияның алдыңғы қатарында жүріп мына мәселелерге белсене қатыстым: Отаршылдық пен жергілікті ұлтшылдықты саяси тұрғыдан жоюға; Жерге орналастыру және жер-су реформасын жүргізуге; «Қосшы» одағын ұйымдастыру науқанына; Орта Азияда ұлттық межелеуді іске асыруға; Қазақстанның орталығын Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға және Қазақстанның ішкі құрылысында ұлттық мүддені күшейтуге тікелей араластым» [4, 250-б.]. Ұлтшыл қайраткердің өзі саяси қызметі туралы жасаған бұл қорытындыларының әрқайсына жеке тоқталып, нақты тарихи дәйектер және дәлелдермен кеңінен таратуға болады. Қайраткер қызметінің биік шыңдары болып саналатын ол жетістіктерді ғылыми тұрғыда талдап, тарихи танымның игілігіне айналдыру — таяу күндердің және осы бүгінгі ұрпақтың еншісі болуы керек. Ал бүгінгі тәуелсіз қоғамымызда тарихи танымның талабы өзгерді. Мақсат та өзгерді. Қоғам жаңарды, қоғаммен бірге адам да жаңарды. Ендігі кезекте тарихи таным да жаңаруы тиіс. Тарихи танымды жаңартудың жөні осы екен деп жергілікті, аймақтық деңгейдегі тұлғаларды дәріптеу бүгінгі интеллектуалдық тарихқа жараспайды.

Тұлғаларды танудағы әрекеттің алтын арқауы, жібек желісі – ұлттық мүдде болуы керек. Яғни мәселе тура мағынасында қойылғанда ол ұлтымыз үшін не істей алды деген сауалға жауап беруді қажет етеді. Сол сияқты, кейбір зерттеулерде советтік дәуірдегі партия-совет қайраткерлерін біржақты айыптау тенденциясы да жоқ емес. Ал олардың саяси қайраткер ретіндегі қызметіне берілер баға да оның қызметінен ұлт тағдырына қандай және қаншалықты зиян келді деген сауалдың төңірегінде өрбімек. С. Қожановтың Түркістан өлкесіндегі алғашқы саяси қызметі «Бірлік туы» газетінің редакторлығынан басталды. Облатком төрағасы, Ішкі істер Халық ағарту халкомы, Түркатком төрағасы, ТКП ОК хатшысы, РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшесі. С. Қожановтың бірыңғай партиялық саясаттың сойылын соққан кейбір қайраткерлерден ерекшелігі осы қызметтерінде ол алаштық негіздегі ұлттық идеядан бір сәт те қол үзген емес. Мұндай деректер Түркістандағы ұлт-азаттық күрес тәжірибелерін талдау арқылы Алаш қозғалысының Оңтүстік қанатын дербес тарихи таным нысаны ретінде қарастыруға негіз болады. Оңтүстік қанаттың нақты ұйымдық құрылымы болмағанымен оның қызметінің мазмұны қазақ жеріндегі тарихи құбылыстың құрамды бөлігі болып саналады. Түркістандағы жергілікті халықтардың арасында отаршылыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысының өкілдері М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқай, Қ. Қожықов, С. Өтегенов, т.б. қайраткерлердің саяси қызметінде жаңа

қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты. М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқайдың өлкедегі саяси қозғалыстың және Түркістан мұхтариятының басшылығында болуы олардың Алашорда үкіметімен байланыс жасауына мүмкіндік беріп, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды. Осы мәселе 1918 жылдың 4-9 қаңтарында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде арнайы қарастырылды. Алаш Орда үкіметінің басшылары Б. Құлманов, Т. Құнанбаев, М. Дулатовтар арнайы қатысқан съезд шын мәнінде Алаш қозғалысы ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналды.

Түркістан қазағын алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Алаш һәм Түркістан» мақаласында [7, 109-111-бб.] «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ: кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» деп ұлттық идеяның қолдау тапқандығы жазылды.

С. Қожановтың тұлғасы саясат үшін де, тарих үшін де қызмет жасайды. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Ұлттық мүдде бар жерде оған қызмет етудің өлшеміне айналған С. Қожановтың тұлғасы менмұндалайды. Ендігі мәселе қайраткердің қоғамдық-саяси қызметін ғылыми танымның игілігіне айналдыруға байланысты. Бұл үшін ең алдымен С. Қожановтың өмірі мен қызметіне қатысты материалдар мен құжаттардың және шығармаларының жинақтарын ғылыми айналымға ұсыну. Алматы мен Ташкенттің, Мәскеу мен Орынбордың архивтеріндегі құжаттардың басым бөлігі ғылыми жұртшылыққа жетпей жатыр. Сол сияқты оның әдеби шығармаларының өзі қомақты дүние болмақ. Оның соңына қалдырған құжаттық деректерінің арасында бүгінгі ғылыми танымның қажетіне жарайтын, ұлттың рухын көтеруге қызмет ететін дүниелер аз емес.

Қорыта айтқанда, С. Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі ұлтқа қызмет етудің жарқын үлігісі болды. Оның өзінің сан-салалы қызметінде топтық, аймақтық тіпті таптық мүдделердің деңгейінде қалып қоймай ұлттық, мемлекеттік биліктен табылды. С. Қожанов сияқты ұлтжандылығы мемлекетшілікпен ұласқан, мемлекетшілігі ұлтының рухына қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер халықтың жадынан да, ғылыми танымнан да мәртебелі орын алуға әбден лайық.

### Әдебиеттер тізімі

1. «Алаш». 2005. Т.2, С. 496.
2. Шоқай М. Таңдамалы. Т.2. Алматы: Қайнар, 1999. 520-б.
3. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. 369-б.
4. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Алматы: Ел-шежіре, 2007. Т.3. Кн.1.304 с
5. РГАСПИ Ф. 17, ол. 85, д 77
6. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. 1917, желтоқсан – 1920, мамыр. Алматы, 2005
7. Электронный ресурс: <https://e-history.kz/kz/publications/view/1614>© e-history.kz

**Аннотация:** Анализ опыта национально-освободительной борьбы в Туркестане не имел четкой организационной структуры движения Алаш, но содержание его деятельности является составной частью исторического явления на казахской земле. Идеи мусульманского, тюркского единства в борьбе против колониализма среди местных народов в Туркестане были признаны представителями движения Алаш в политической деятельности многих деятелей, которые обогатили содержание национально-освободительного движения на Казахской земле.

Одним из вопросов, волнующий деятелей отечественной истории исторической науки, было выражение: что до периода независимости отношения личности и народа не

были полностью раскрыты. Понятие "деятели" было снижено на разряд сотрудников-карьеристов. Деятель – человек творец, создающий и по большей части представлявший интересы народа, который пытался видеть развитую цивилизацию. Сопереживание с интересами народа, долгое время не признавалось учеными советского периода. Сегодня ученые кардинально поменяли свои исследования. На первый план выходит изучение деятельности и вклад исторических личностей, В контексте независимости мы считаем, что это мнение напрямую связано с выдающимся государственным деятелем Султанбеком Кожановым - благородным потомком, закалявшего дух нации в национальной истории.

**Abstract:** Analysis of the experience of the national liberation struggle in Turkestan did not have a clear organizational structure of the Alash movement, but the content of its activities is an integral part of the historical phenomenon in the Kazakh land. The ideas of Muslim, Turkic unity in the fight against colonialism among the local peoples in Turkestan were recognized by representatives of the Alash movement in the political activities of many leaders and enriched the content of the national liberation movement on the Kazakh land.

One of the issues of concern to the figures of national history of historical science was the expression: that, before the period of independence, the relations of the individual and the people were not fully disclosed. The concept of “personalities” was reduced to the rank of careerist employees. The activist is a man-creator who created and for the most part represented the interests of the people who tried to see a developed civilization. Empathy with the interests of the people, for a long time was not recognized by scientists of the Soviet period. Today, scientists have radically changed their research. The study of the activities and the contribution of historical personalities comes to the fore. In the context of independence, we believe that this opinion is directly related to the outstanding statesman Sultanbek Kozhanov, a noble descendant who tempered the spirit of the nation in national history.

### 3 секция

## ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАҒЛЫМДЫҚ ӨНЕГЕСІ. НАСЛЕДИЕ ТВОРЧЕСТВА И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ

УДК: 841.29.

**Мынбаев Н.**

д.филолог.н, директор научного центра «Тюркология»  
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

### ПРОИСХОЖДЕНИЕ НАРОДА И НАУЧНАЯ ЭТИМОЛОГИЯ

**Аннотация:** В статье исследуется происхождение народа и научная этимология. Датировка - 550-летие казахской государственности порождает ошибочное мнение о периоде формирования казахского народа. Это исключительно важные свидетельства древности нашего народа и его государственности. В связи с этим, рассмотрим время происхождения этнического термина *қазақ* (*казах*). В свете установленных нами закономерностей номинации и разработанной инновационной методики этимологического анализа этнонимов рассмотрим проблему достижения научной этимологии этнических имен. Так как по меткому выражению Олжаса Сулейменова «этимология становится археологией языка». Установить происхождение этнического имени – значит установить происхождение народа. В структуре этнического имени *қазақ* (*казах*) в первую очередь выделяется корневая морфема **қаз**. Данная морфема в качестве самостоятельного этнического имени встречается в составе кыпчакского племенного объединения казахов как патроним **Қаз**.

**Ключевые слова:** ономастика, этнонимика, этнонимия, типологическая универсалия, позитивность, негативность, рядность, лингвистика, экстралингвизм, этимология, семантика.

3. Алимбекова А.А. Мектепте ағылшын тілін үйретудің тиімді тәсілдері 2004.
4. Садықова А.К., Алденгожаева Э.С. Шетел тілінде тілдік тіректер негізінде монолог түрінде сөйлеуге үйрету// Мектептегі шет тілі. 2007. №6 31-33бб.
5. Ақшалова Н. Казахский Национальный университет имени ал-Фараби, Алматы, Казахстан Новый Экономический Университет имени Т.Рыскулова, Алматы, Казахстан.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются некоторые инновационные методы в преподавании английского языка, а именно метод аудирования - прослушивания текстов, и др. Также в статье автор рассматривает трудности при аудировании и пути их преодоления, дает рекомендации будущим учителям английского языка. Аудирование – является рецептивным видом речевой деятельности, который представляет собой одновременное восприятие и понимание речи на слух и как самостоятельный ВРД (вид речевой деятельности) имеет свои цели, задачи, предмет и результат. Это сложное умение, которое невозможно полностью автоматизировать, а только лишь частично – на уровне узнавания фонем, слов и грамматических конструкций. Внешне это невыраженный процесс, поэтому в течение длительного времени в истории развития методики преподавания иностранного языка, аудирование не рассматривали как самостоятельный вид речевой деятельности, а воспринимали его как второстепенный и дополнительный. Аудирование является неотъемлемой частью обучения иностранному языку, так как именно через слух в память учеников поступают образцы иноязычной речи, которые,

являются эталонами, следовательно невозможно научить другим видам речевой деятельности, исключая аудирование. Аудирование занимает до 30 - 60 % учебного времени на уроке, следовательно, необходимость целенаправленного обучения аудированию очевидна. Аудирование может выступать как цель и как средство обучения другим ВРД.

**Abstract:** In the given article some innovative methods in teaching English are considered, namely, an auding method - listenings to the texts, and others. Also the author observes the difficulties in listening to the texts in English and ways of their overcoming, he gives recommendations to the teachers of English at schools. Listening is a receptive type of speech activity, which is a simultaneous perception and understanding of speech by ear and as an independent TSA (type of speech activity) has its goals, objectives, subject and result. This is a complex skill that cannot be fully automated, and only partially - at the level of recognizing phonemes, words and grammatical structures and it is perceived as secondary and additional. Listening is an integral part of learning a foreign language, because it is through hearing that the samples of foreign language speech that are benchmarks come to the memory of students, therefore it is impossible to teach other types of speech activity, except listening. Listening takes up to 30–60% of the class time in a class, therefore, the need for targeted listening instruction is obvious. Listening can act as a target and as a means of learning for other TSAs.

ӘОЖ: 124.58

**Бертаев Н.Д.**

М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының  
Шымкент көлік колледжі, Шымкент, Қазақстан

## **ЖАСТАР - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСТЕРІНЕ АРНАЛҒАН НЕГІЗДЕРІ**

**Түйін:** Мақалада 2019 жыл жастар жылы деп жарияланғанына байланысты Қазақстан жастарына 2019 жылға дейін жастар саясаты бойынша жасалған жұмыстарға шолу жасалынды. Қазақстандықтар серпінді және жас мемлекет: республиканың әрбір екінші тұрғыны 30 жасқа толмаған. Жастар - болашақтың мәңгілік қозғалтқышы. Қазақстанды әлеуметтік модернизациялау және Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру туралы және «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанатының ІІ Съезінде сөйлеген сөзінде мемлекеттік жастар саясатына күшті инновациялық импульс берді. Осындай шарттарда аға ұрпақтың шығармашылық істерін жалғастыру, ұлттық бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру, ХХІ ғасырда Қазақстан үшін гүлдену мен тануды қамтамасыз етуі тиіс жастарға үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Мұндай миссияны тек патриоттық, білімді, кәсіптік, дені сау және моральдық, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті жастар ғана мүмкін.

**Кілттік сөздер:** жастар, серпініс, бәсекелестік, адам ресурстары, болашақ, ұрпақ, даму, мемлекеттік бағдарлама

Қазақстандықтар серпінді және жас мемлекет: республиканың әрбір екінші тұрғыны 30 жасқа толмаған. Жастар - болашақтың мәңгілік қозғалтқышы. Сондықтан, Қазақстанның болашаққа деген көзқарасы даму деңгейі, мүмкіндіктері, құндылық бағдарлары, қазақстандық жастардың экономикалық, саяси және қоғамдық өміріне қатысу дәрежесіне байланысты. Бұл болашақтың негізі бүгінгі күні қаланды. Жастарды қолдау - еліміздің дамуына инвестиция салу. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім беру, денсаулық сақтау, жана ақпараттық технологияларға қолжетімділік, кәсіби және жеке бәсекеге қабілеттілік, патриоттық тәрбие, жас ұрпақты табысты әлеуметтендіру мәселелері Мемлекет басшысының назарында болды. Бұл басымдықтар негізгі бағдарламалық құжаттарда - Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясында, Елбасының халыққа Жолдауында және мемлекеттік бағдарламаларда көрініс табады.



Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында, Қазақстанды әлеуметтік модернизациялау және Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру туралы және «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанатының II Съезінде сөйлеген сөзінде мемлекеттік жастар саясатына күшті инновациялық импульс берді. Қазақстан жастары тәуелсіздікпен бірге елмен бірге өскен ұрпақ. Жылдар бойы, өздерінің еңбектерімен, бейбітшілік пен келісімде, өздеріне және еліне сеніммен, балалары үшін болашағы бар болашақ арманымен, егде жастағы қазақстандықтар әлемде тәуелсіз, жылдам дамып келе жатқан, бәсекеге қабілетті және беделді мемлекет құрды. Ол қазақстандықтар мен әлемнің кез-келген жеріндегі ең үздік балалары арасында теңдей болу үшін берік негіз құрды. Бүгінгі күні еліміз әлеуметтік, жедел инновациялық индустрияландыру және өзара тиімді экономикалық интеграция үшін жаңа ауқымды міндеттер қойды. Өз жетістіктерін нығайта отырып, Қазақстан XXI ғасырдың үшінші онжылдығында әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіруге ниетті. Осындай шарттарда аға ұрпақтың шығармашылық істерін жалғастыру, ұлттық бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру, XXI ғасырда Қазақстан үшін гүлдену мен тануды қамтамасыз етуі тиіс жастарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мұндай миссияны тек патриоттық, білімді, кәсіптік, дені сау және моральдық, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті жастар ғана мүмкін. Осыған байланысты мемлекеттің басым міндеті мемлекеттік жастар саясатын заманауи шындықтарға бейімдеу болып табылады, оның жастарды Қазақстанның ең маңызды бәсекелестік әлеуеті ретінде қалыптастыруға бағыттауы.

Мемлекеттік жастар саясаты мемлекеттік басымдықтар жүйесі және жастарды табысты әлеуметтендіру және тиімді өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасауға бағытталған шаралар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, оның бәсекеге қабілеттілігін, ұлттық қауіпсіздікті және халықаралық беделді нығайтуды қамтамасыз етуі тиіс. Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік жастар саясаты қалыптасудың іргелі кезеңінен өтті. 1994 жылы Қазақстан Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады. 1999 жылғы 28 тамызда Президент Жарлығында осы саладағы негізгі басымдықтарды айқындаған Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы бекітілді. Оның аясында жастар үшін әлеуметтік қызметтер желісі құрылды, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін қалыптастырудың негізі қаланды.

«Қазақстан жастары» 2001 жылғы 17 ақпандағы Үкіметтің бағдарламасы жастардың еңбек, білім беру және денсаулық сақтау саласында әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуге, қазақстандық жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру үдерістеріне кеңінен тарту үшін жағдай жасауды қамтамасыз етті. 2003-2004 жылдарға арналған салалық жастар саясаты бағдарламасы шеңберінде жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау, экономикалық ойлауды қалыптастыру және республика өңірлерінде жұмыс істеу тетіктерін анықтау бойынша шаралар қабылданды. 2005-2007 жылдарға арналған жастар саясаты бағдарламасы жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, оларды әлеуметтендіруге және еңбек және жұмыспен қамту саласындағы жастар ұйымдарының жұмыс істеуіне жағдай жасауға бағытталған. 2006-2008 жылдары патриоттық тәрбие жүйесін дамытуға және қазақстандық патриотизмді нығайтуға бағытталған азаматтарды патриоттық тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды.

2010 жылдан бастап жастар саясаты 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Жалпы алғанда, елімізде жүзеге асырылып жатқан білім беру, денсаулық сақтау, тілдерді дамыту және индустриялық-инновациялық дамудың арнайы бағдарламалары ғана емес, сондай-ақ кең ауқымды мемлекеттік бағдарламалар қазақстандықтардың болашақ ұрпақтарын қалыптастыру мен

жан-жақты дамытудың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған; «100 мектеп, 100 аурухана», «Балапан», «Жұмыспен қамту-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», «Қолжетімді баспана-2020» салалық бағдарламалары. Елдің экономикасының бәсекеге қабілеттілігін одан әрі дамыту және дамыту, азаматтардың әлауқатын арттыру, адам ресурстарын дамыту, жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастыру, қазақстандық құндылықтарды және моральдық мұраларды нығайту үшін бүгінгі күні жасалып жатқан барлық істер қазақстандық жастардың болашағына ұзақ мерзімді инвестициялар болып табылады. Жас ұрпақты табысты дамыту мен қалыптастырудың ең маңызды шарты сапалы білім болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында осы салада белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Оқу үдерістерін жаңғырту процесінде өсудің бастапқы нүктелері Мемлекет басшысының бастамасымен және патронизацияланған «Болашақ», «Назарбаев Зияткерлік мектептері», «Назарбаев Университеті» білім беру жобалары болды.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Президенттің 1993 жылы 5 қарашада дарынды жастарға шетелде оқуға көмектесу мақсатында құрылған. Осы күрделі кезеңде елге шетелдік жоғары оқу орындарымен қамтамасыз етілген жоғары сапалы білімі бар білікті кадрлар қажет болды. «Болашақ» бағдарламасының негізгі қағидалары үміткерлерді даярлаудың жоғары деңгейі, елде және шетелде бағдарламаның оң имиджін қалыптастыру, ашық конкурстық іріктеу, әлемнің үздік университеттеріне жас қазақстандықтарды бағыттау болып табылады. 2009 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» білім беру желісін құру орта мектепті дамытудың сапалы жаңа кезеңі болып табылады. Осы жобаның шеңберінде жас ұрпақты тәрбиелеуге және тәрбиелеуге инновациялық тәсілдер Қазақстанның басқа да білім беру мекемелерінде енгізілуде және жалпы орта білім беру жүйесін жаңғыртуға айтарлықтай үлес қосып келеді.

2010 жылы Астанада «Назарбаев Университеті» ашылды - автономия және академиялық еркіндік қағидастарына сәйкес әрекет ететін халықаралық деңгейдегі университет. Университеттің барлық білім беру және ғылыми бағдарламалары әлемнің үздік отыз жоғары оқу орындарында орналасқан университеттермен және беделді халықаралық ғылыми ұйымдармен ресми әріптестікте жүзеге асырылады. 2012 жылдан бастап кәсіптік білімнің қосарлы жүйесі әзірленді. Қосарлы кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі құнды болып табылады, өйткені ол жастардың ынталылығын арттырады және таңдаған мамандықты жақсартуға көмектеседі. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жағдайында білім берудің қосарлы жүйесін одан әрі дамыту стратегиялық маңызға ие, жоғары білім деңгейі қазақстандық жастар үшін тән. Осылайша, соңғы онжылдықта жоғары білімі бар жастардың саны төрт есеге артты, орта арнайы білім екі есе өсті. Жоғары білімі бар ауыл жастарының саны алты есе өсті, ал қалалық тұрғындар төрт есе артты. Жалпы, 16-29 жас аралығындағы қазақстандықтардың 40% жоғары, толық емес жоғары және орта арнайы білімі бар, бірақ жаратылыстану ғылымдары саласындағы техникалық білім мен мамандықтарды танымал ету қажеттілігі бар. Қазақстандық жастардың білім деңгейі олардың ойлау парадигмасын өзгертеді, өмір сүру стандарттары.

Сапалы білім - жастардың негізгі «әлеуметтік лифті». Мындаған жас ерлер мен әйелдер халықаралық стандарттар деңгейінде орта және жоғары білімге қол жеткізді, жаңа мектептер, университеттер мен бағдарламалар түлектердің мансаптық өсуінің кепілі болды. «Болашақ» бағдарламасының көптеген түлектері мемлекеттік қызметте және халықаралық ұйымдарда басшылық қызметтер атқарады және мемлекеттің дамуына үлес қосады. Қазақстандық жастар өз елінің дамуына ең жақсы үлес қосу үшін білімге, тәжірибеге, технологияға және ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ұрпақ болып табылады. Жастар саясатын жүзеге асыруда жастар ұйымдарының маңызды

рөлі бар. Өткен онжылдықта олардың саны елімізде жеті еседен астамға өсті, жастар біріктіру процесі Қазақстанның жастар конгресі, «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты секілді жаппай ұйымдарда жалғасуда. 2005 жылы студенттік жастардың бейресми ассоциациясы құрылды, ол студенттердің проблемаларын шешуге белсенді түрде қатысып жүрген Қазақстан студенттерінің альянсы.

2005 жылдан бастап Қазақстанның жастар парламенті жұмыс істейді, ал жастар мәслихаттары республиканың он алты облысында. 2011 жылы «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жастарға арналған жаңа ұйымдар пайда болды, олардың басты міндеті - патриоттық тәрбие. 2008 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құрылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, 2012 жылы бүкіл ел бойынша аумақтық бөлімшелермен жастар ісі жөніндегі комитет құрылды. Қазақстанда «Жастар тәжірибесі», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға!», «Жастар кадрлық резерві», «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жастар-Отан» сияқты бірқатар жастар бағдарламалары мен бастамалары жүзеге асырылуда. оң қоғамдық пікір. Соңғы 7 жылда жастар саясаты саласындағы жобаларды қаржыландыру 10 еседен астамға өсті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жасалып жатқан мемлекеттік жастар саясаты қоғам өмірінің тұрақтандырушы рөлін атқарғанын атап өткен жөн, өйткені ол өмірдің қиындықтарын азайтуға, жастардың сөзсіз кездесетініне, қоғамның түрлі салаларында жастардың қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бүгінгі күні әлеуметтік белсенді жастар мемлекеттік қызметке кіріп, оны дамытуға, өз бизнесін ашуға және басқаруға, өз бетінше білім алуға, ғылымға, спортқа, шығармашылыққа және басқа да көптеген іс-әрекеттерге белсенді араласуға мүмкіндік алады.

Тәуелсіз Қазақстанның жастары - мемлекеттің тәуелсіздігі мен мемлекеттің тәуелсіздігін толық сезінген жаңа қалыптасқан адамдар. Бұл - еркін ойлауға және жауапкершілікпен әрекет етуге, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге және өмір сүру деңгейін жақсартуға ұмтылатын адамдарға жедел және тиімді әрекет етуге қабілетті адамдар. Елді әлеуметтік жаңғырту аясында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік жастар саясатын жаңғырту жастарға өз таланттарын және қабілеттерін жүзеге асыру үшін көбірек мүмкіндіктер береді, қазақстандық жас ұрпақтың тұрмыс деңгейін жоғары халықаралық стандарттарға жақындатады. Жастардың дәстүрлі құндылықтары - білім беру мен мансаптық білім беру жүйесі еңбек нарығындағы нақты бағыттарын ескере отырып, білім беру жүйесі мен кәсіптік білімнің анықталған қажеттіліктер мен технологиялық инновацияларды ескере отырып, экономикалық, әлеуметтік және іскерлік шындықтарға сәйкес болуын қамтамасыз етуі тиіс. Жастардың арасында ғылымның беделін көтеру және оны инновациялық жобаларды дамытуға тарту жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі болуы керек.

Жалпыға бірдей еңбек, еңбекқорлық пен еңбекке қабілеттілік қоғамында жастардың экономикалық және еңбек қызметіне қатысуына негізделген арнайы жұмыс этикасы жастардың ең басты құндылығы болуы керек. Осыған орай, жастарды өздігінен іске асыру үшін «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам», Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы ұсынылды. Үлкен экономикалық құндылық жастардың жоғары ұтқырлығы. Зерттеулерге сәйкес, жастардың үштен бірі еліміздің кез-келген аймағында жұмыс істеуге дайын. Кез-келген жағдайда әлеуметтік бейімделуге дайындығы, жастардың өздерін бекітуге деген табиғи ұмтылысы өсу нүктелерінде - Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау қалаларында ішкі көші-қон мәселесін шеше алады. Инновациялық экономикаға көшу қазақстандық жастардың инновациялық мінез-құлқын қалыптастыру міндетін өзекті етеді. Жастар кеше онымен байланыстыратын

барлық нәрселерді қызықтырмайды. Сондықтан, жаңа, бейімделетін өмірге, шығармашылық интеллектуалды қуатқа және әлеуметтік белсенді қызметке дайындығына байланысты жастар жаңа идеяларды, бастамалар мен технологияларды практикада енгізу үшін дирижер және үдеткіш болуы керек. Қазақстан ғылымының прогресі, әсіресе жаратылыстану, техникалық ғылымдар осыған байланысты болуы керек. Жастардың ғылымға деген көзқарасы - болашаққа жол.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласында денсаулық пен спорттың құндылығын көтермелеу керек. Өз денсаулығына ортақ жауапкершілік қағидаты, зиянды әдеттерден бас тарту және салауатты өмір салтын сақтау маңызды болып қала береді. Қазақстандағы спорт бүгінгі таңда әлеуметтік лифтілердің ең жұмсақ жұмыс істейтін саласы болып табылады. Қазақстандық спортшылардың жаһандық жетістіктері жарқын таланттар, табандылық, мінез-құлықты және еңбекқорлықты көрсететін ұлдар мен қыздардың жоғары жетістіктерге қол жеткізе алатындығын, сондай-ақ олардың атақ-даңқ, құрмет пен материалдық әл-ауқатының бар екендігін айқын көрсетеді. жастар саясаты.

2019 жыл Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сапасын арттыру" Жолдауындағы 2019 жыл "Жастар жылы" деп жариялағанындай жастардың өзекті мәселелеріндегі "...жалпы адам мен жастардың траекториясын дамытуды ынталандыру: білім беру, жұмыс, отбасы. Жастардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі мәселелерін шешу, жастардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту - интеллектуалды державаға жол..." деп нақтылағандай жастарды қолдау болашақ Қазақстанның мүддесі.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сапасын арттыру" Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауы. Егемен Қазақстан, 5 қазан 2018.
2. «Қазақстан жастары» Үкіметтің бағдарламасы. Егемен Қазақстан, 17 ақпан 2001.

**Аннотация:** В связи с объявлением 2019 года Годом молодежи в Казахстане, в статье представлен обзор молодежной политики в Казахстане до 2019 года. Казахстанцы – динамичная и молодая нация: каждый второй житель республики моложе 30 лет. Молодежь – это вечный двигатель будущего. Мощный инновационный импульс государственной молодежной политике был дан в выступлениях Главы государства на XIX сессии Ассамблеи народа Казахстана, в программной статье о социальной модернизации Казахстана и построении Общества Всеобщего Труда и на II Съезде молодежного крыла «Жас Отан» партии «Нұр Отан». В этих условиях огромная ответственность возлагается на молодежь, которой предстоит продолжить эстафету созидательных дел старшего поколения, поднять планку национальной конкурентоспособности еще выше, обеспечить Казахстану в XXI веке процветание и признание. Такая миссия под силу только патриотичной, образованной, профессиональной, здоровой физически и нравственно, конкурентоспособной, социально и граждански ответственной молодежи.

**Abstract:** In connection with the announcement of 2019 as the Year of Youth in Kazakhstan, the article presents an overview of youth policy in Kazakhstan until 2019. Kazakhstanis are a dynamic and young nation: every second resident of the republic is under 30 years old. Youth is the eternal engine of the future. A powerful innovative impulse to the state youth policy was given in the speeches of the Head of State at the XIX session of the Assembly of People of Kazakhstan, in the program article on social modernization of Kazakhstan and the construction of the Society of Universal Labor and at the II Congress of the youth wing of Zhas Otan of the Nur Otan party. Under these conditions, great responsibility is placed on young people, who are to continue the relay of creative affairs of the older generation, raise the bar of national competitiveness even higher, ensure prosperity and recognition for Kazakhstan in the 21st century. Such a mission is possible only by patriotic, educated, professional, healthy physically and morally, competitive, socially and civically responsible youth.

ӘОЖ 821.512.122

**Түймебекова Г.А.**

мұғалім, №42 орта мектеп, Тараз, Қазақстан

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖОЛЫ**

**Түйін:** Ұлы Отан соғысының ең сұрапыл кезеңдеріндегі ұлттық әдебиеттегі соғыстың шынайы және сапалы жоғары көркем бейнесінің құндылығы туралы мәселені көтерген алғашқылардың бірі - майдангер Бауыржан Момышұлы болды. Мұнда ол талапшыл болды. Нағыз көшбасшы бола отырып, ол ұлттық әдебиетте және жекелеген жазушылардың шығармашылығында аталған кемшіліктерді ашық және өткір сынға алды. Сонымен қатар, ол өскелең ұрпақты ұлттық тәрбиелеу мәселесі туралы ешқашан ұмытпаған. Осы мәселеге байланысты оның публицистикалық мұрасы туралы айтуға болады. Оның өткір сыны әдебиетті жоғары биікке көтеруге бағытталған, сондықтан көп нәрсе суреткердің пайдасына шешілетіндігін байқауға болады. Б.Момышұлы тарих үшін елеулі тұлға болғандықтан, ол араласқан не танып-ұғынған шындықтың тартымдылық әрі тағылымдық мәні зор.

**Кілттік сөздер:** қолжазба, шығармашылық, шындық, ұлттық әдебиет, сын, мұра, әңгіме, кейіпкер, психологизм

Б.Момышұлы бастан кешкен оқиғалары да мол, сол көріп-білген дүние құбылыстарына қатысты авторлық әсер-толғаныстар да тартымды. Көптеген шығармаларынан әдеттегі тартыс ұғымын кездестіреміз. Оның есте сақтау қабілетіне қайран қаласың. Өзің де сонау соғысқа дейінгі әскери өмір жолына қарап, болашақ Батырдың дайындық жолынан хабардар боласың. Сол дәуірге тән оқиғалардан көптеп тартымды, деректік мәселелерді кездестіреміз. Мәселен, “Олар менің есімде” атты әңгімені алайық. Бас кейіпкер – болашақ батырдың өзі. Бірінші жақтық баяндау үлгісі пайдаланылған. Соған қарамастан қаламгер бүкіл дәуір кескінін елестететіндей ауқамды бейнелеу өрнегіне ұмтылады. Ол талап мезгіл мен мекен тұрғысынан әр алуан ортаны суреттеу арқылы орындалған. Орта Азия әскери округының жаттығу құрамында болу. Алматы, Ташкент және Бурное темір жол бекеті, Мыңбұлақ ауылындағы жағдай негізінен 1935 жылдың қарашасы мен келер жылғы наурыздың екінші жартысын қамтиды. Уақыт сабақтастығы бар. Кеңістік межелерін тұтастыру – Бауыржан тағдырының шешуші бетбұрыс әкелетін іргелі мәселелер. Бірақ қаһарман жан-дүниесіндегі қайшылықты жан-жақты саралау мақсаты жоқ. Автор тарих үшін елеулі тұлға болғандықтан, ол араласқан не танып-ұғынған шындықтың тартымдылық әрі тағылымдық мәні зор.

Соғыс қаупі келе жатыр. Ең үлкен қатер, сыналар шақ, зор қасірет – алда. Бұл оқырманға мәлім. Жазушы халық бастан кешіп өткен ауыр жылдардың жеке өмірі мен терең байланысын әбден терең сезінгендіктен, сөз болатын ахуалдардың маңызы жоғары тартарына сенімді. Ешқандай дәстүрлі сюжет құрылымы сақталмаса да, майдангер-қаламгердің ой және сезім әлеміндегі өзгеріс, өсу, айқын сезімге келу мезеттері соншалық қызғылықты.

Алдымен Б.Момышұлының ерекше сергек, тез аңғарғыш, жылдам сараптағыш, қағілез қабілетін айрықша атап өту шарт. Жиырма төрт жастағы банк қызметкері келешек дарынды қолбасшы үшін бастапқыда оқу-жаттығу жұмыстарының түп мақсаты белгісіз. Әр мамандықтағы есейіп кеткен адамдардың жаңа жағдайға тез бейімделуі езу тартарлықтай детальдармен өрнектеледі. Есепші Бусин, ұжымшар бастығы Краснонос, инженер Сорокин, аудандық тұтынушылар одағының бас төрағасы Ахметов, мұғалім

Шарапов тәрізді егделеу әріптестерінің күтпеген жерде табыла қалатын ептілік өнерін қатарлас қойып сипаттауда әзіл ұшқыны ойнап шыға келеді. Қайталауға құмар “энтто” деген сөзі үшін “генерал Энтто” аталғанына намыстанып, сабақ үстінде Бауыржанға қатты өкпесін білдіретін бейбіт өмірдегі шаруашылық меңгерушісі момын Старостиннің қылығына дейін қақас қалдырмайтын зілсіз юмор нақыштарынан жайдары, елгезек, әзілқой Б.Момышұлының ширақ та тапқыр, айтқыш, өжет, адал мінезіне тән сипаттарды аңғарамыз.

Әдепкіде әңгіме желісі белгілі әскер басшы, подполковник П.М.Вахаловқа байланысты сияқты көрінеді. Осы бір аса мән беру іспетті баяндау интонациясы шығармаға көп уақыт бойы қызғылықты қасиет қосқан. Автордың есте сақтау қабілеті қайран қалдырады. Ол Вахаловтың әр дәрістегі жинақталған сөз үлгісін айна-қатесіз жеткізетіндей әсер тудырады. Бусиннің саяси сабақта қайырған жауабындағы ой орамдары, сөйлеу ерекшелігін сақтай отырып, сол дәуірдегі халықаралық жағдай жайлы нақты мәлімет, сурет нобайын елестетеді. Жай ғана штрихта мінез нұсқасымен бірге заман кескіні мүсінделген. Нысанадағы оқиғалардың әлеуметтік-психологиялық мән-сыры арта түседі.

Соғыстағы жараның салдарынан аяғын ақсап басатын П.М.Вахаловтың ауыр жаттығуларды қиналса да ыждағатпен көрсететін сәттеріне байланысты туындайтын аяныш сезімі, жарымжандығына қарамастан оның бойындағы кәсіби шеберлік мен әділдігіне сүйсіну, ризашылық кескіндеу, диалог лебіздері, автордың ықшам толғамы арқылы дәл әрі шынайы бедерленген.

Бауыржанның мергендік жарысын баяндауы да мол драматизмге негізделген. Автор – кейіпкер мақтанбайды, болған істі сол қалыпнда сезімге орап, әсірелей бейнелеу, дос-қарсыластарына қатысты өткір зіл араластыра шынайы сыр шертеді.

Вахалов, комдив Брилев, жаңа полк командирі Коваленко сияқты әскери адамдарды автор тарапынан менмұндаламаса да, сана астарындағы ықылас, белгілі бір дәрежедегі сүйіспеншілік, құрмет көңілімен суреттеу жағы басым түрде байқалады. Ол құрмет сезімінің ешкімнің ұлтына, нәсіліне қарап жатпастан, жеке бастың қабілет-қарымы мен дарынына сай адал бағалауды көре білуден туындағанын аңғарасыз. Шығарманың соңына таман әкесінің, яғни Момыштың ұлы Бауыржанға айтар ақылы мен берер батасындағы табиғи ірілік, сенім, үміт те осы сезімдердің нанымды шешіміне айналады.

Қорыта айтқанда, майдангер жазушы Б.Момышұлы көркем туындының басты шарттарының бірі кейіпкердің жан дүниесінің күрделі, кереғар қалпымен ашылуына ерекше мән берді, мұны соғыс жылдарында қаламгерлерден талап етіп, сыншыл ойларын білдірсе, жазушылықпен айналысқанда, ең басты шығармашылық принциптерінің бірінен санады. Біз бұл еңбегімізде Б.Момышұлы шығармаларының көркемдік ерекшеліктеріне назар аударып әдеби туындыны талдап танудағы психологизмнің маңызына, қаламгердің психологиялық талдау құралдарын қалай игеріп, пайдалана білгеніне тоқталып, ойымызды мысалдармен дәлелдеуге тырыстық.

Әдебиет шығармаларын түрлі тұрғыдан образ, характер, психологизм, сюжет, композиция, пейзаж т.б тұрғыдан қарастыру айналып келгенде негізгі проблеманы, өмір шындығының әдебиетте қалай кестеленгенін, суреткердің шеберлік сипатын айқындауға келіп тіреледі. Б.Момышұлы шығармаларының қазақ әдебиетіне әкелген жаңалығын, көркемдік ізденістерін сөз еткенде ең басты назарда ұстайтынымыз – кейіпкер мінезінің қаншалықты дәрежеде сомдалғаны. Бұл ретте айта кетер бір жайт – жазушы қандай кейіпкерді нысанаға алса да, ұлттық мінез, ұлттық орта, ұлт жағдайынан ғана туындар әлеуметтік ой айтады.

Уақыттан үлкен білгір де, дана да жоқ. Көркем сөз қайраткерлері жасаған әдеби мұралардың ең өміршең, шыншылдары ғана қымбаттылығын көрсетіп келеді. Ақиқат

өмір, зайыр құбылыстарды терең тамырларымен батыл көтере білген туындылар бүгін де, ертең де бағалы. Олар әрдайым адам өмірінің қайталанбас сырын, шынын айта білуімен қызғылықты. Ал адам бойындағы ең ізгі қасиеттерді паш еткен кейіпкерлер галереясының ғұмыры ұзақ болары бесенеден белгілі.

### Әдебиетер тізімі

1. Нұрпейісов Ә. Толғау. Әдеби портреттер. Алматы: Жазушы, 1972, 220 б.
2. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Ауд. М.Қазбеков. Алматы, 1991, 400 б.
3. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. Тараз, 2007, 195 б.
4. Гиленсон Б.А. Эрнест Хемингуэй. книга для учащихся. Москва. Просвещение, 1991, 192 с.
5. Елеуқенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы, Жазушы, 1977. - 300 б.)
6. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы, Жазушы, 1991, 572 б.
7. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 4 т. Алматы, Жазушы, 1978, 194 б.
8. Цейтлин А. Труд писателя. Москва, Сов.Писатель, 1962, С. 367.
9. Ақшолоақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. Алматы. Ғылым, 2001, 430 б.
10. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. Алматы, ҚМКӘБ, 1963, 296 б.
11. Б.Момышұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. Алматы, Жазушы, 2002. 480 б.
12. Боров Ю. О комическом. Москва. Искусство, 1957, С.119.
13. Майтанов Б. Сөз сыны. Алматы, Ғылым, 2001, 215 б.
14. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы. Жібек жолы, 2002. 208 б.
15. Нұрғали Р. Телағыс. Алматы, Жазушы, 1986, 439 б.
16. Ыбырайұлы М. Халықтық мінез хақында. //Абай журналы. 1996, №2. 103 б.
17. Гинзбург Л. О психологической прозе. Ленинград, 1997, С. 443.

**Аннотация.** Одним из первых, кто поднял вопрос о ценности правдивого и качественного высокохудожественного изображения войны в национальной литературы в самые героические периоды Великой Отечественной войны, был фронтовик Бауыржан Момышұлы. И здесь он был известен высокой степенью требовательности. Будучи настоящим лидером, он открыто и остро критиковал раскрытые им недостатки в национальной литературе в целом и творчестве отдельных писателей. Кроме того, он никогда не забывал о проблеме национального воспитания подрастающего поколения. В связи с этой проблемой можно сказать о его публицистическом наследии. Его острая критика была направлена на то, чтобы сделать литературу качественной, поэтому многое решалось в пользу художника с благими намерениями. Поскольку Б. Момышұлы является значимой фигурой в истории, реальность, которую он связывает является привлекательной в образовательном смысле.

**Abstract:** It was the warrior B.Momyshuly who was one of those who first raised the problem of reflecting the war truth during period of Great Patriotic war in the high expressive quality. This time he was recognized as the most talented person. A great well-known leader criticized clearly and bitterly the disadvantages he noticed himself in the literary works of individual writers in general national literature. Although the problem was solved to the writer's favour according to his truthfulness and his bitter truth directed the literature to the right-better side. Since B. Momyshuly is a significant figure in history, the reality that he connects is attractive in an educational sense.

**Уразбаев Қ.М., Жораева С.Б., Идрисбаева Р.У.**

к.ф.н., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

к.п.н. доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

6М010200 – БОПМ мамандығының магистранты,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Түйін:** Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты- ұлттық кодымызды сақтау екендігін Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсеткен.

Бүгінгі таңда оқушыға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады. Замана сынынан сүрінбей өткен озық ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері қазақ халқының сан ғасырдан бері ата-бабадан ұрпақтан-ұрпаққа өлмес мирас, өшпес өнеге, өмірлік мұра болып жетуде. Баланы бағып-қағу, өсіру, азамат етіп шығару мәселесі тұрғысынан жинақталған тәрбие жөніндегі іс-тәжірибесі, терең мағынасына үнілсек, ол адамды зерттеу, жан-жақты білу, адамдық болмысын анықтау. Халық педагогикасы халықтың ауыз әдебиетінде ақын-жыраулардың шығармаларында, ұлттық тәрбие дәстүрлерінде, отбасындағы тәрбие, халық ойындары мен шығармаларында тәрбиелік мәнде көрініс тапқан. Осының бәрі баланың дұрыс өсуіне, тәрбиелі адам болуына бағытталған. Халық педагогикасының негізгі мақсаты – ең алдымен нағыз адамды тәрбиелеу болып табылады. Яғни, баланы Отанын, елін, жерін сүйетін, бауырмашыл, жолдастыққа адал, ата-анасын құрметтейтін сыпайы азамат етіп тәрбиелеу.

**Кілттік сөздер:** халықтық шығармалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, рухани жаңғыру, ата-баба, ұлттық тәрбие.

Бұл мақалада жас оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің қалыптасуы талқыланады. Рухани жаңару аясында балаларға арналған шығармашылық жұмыстарды оқыту арқылы білімді ұрпақты тәрбиелеу. Бастауыш мектеп мұғалімі рухани және азаматтық білім беруде маңызды рөл атқарады. Ол білім беру жүйесінің мақсаттарын анықтайды және студенттің рухани құндылықтарды тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижесін қабылдайды.

Танымал шығармалардан мақал-мәтелдер мен айтылғандар ерекше бағаланады. Бұл барлық ойлардың, ұсыныстар мен тұжырымдардың қысқаша мазмұны. Мәселен, «Баланы тәрбиелеу» танымал әңгімесінің жақсы ойластырылған көзқарасы. Бұл өмірлік тәжірибедегі жалғыз дана сөз. Қазіргі білім берудегі ең көп білім беру проблемасы - қазақстандық азаматтың сипатын қалыптастыру, өркениеттік әлемдегі қазақ құбылысының феномені болуы тиіс адамзаттың тәрбиесі. Пәннің түпкі мақсаты - оқушының рухани өсуіне ықпал ету және рухани қасиеттерді дамыту.

Н.Назарбаев өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсетті. Қазіргі таңдағы мақсатымыз жаңа кезеңде жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді тиімді шешілуін ұйымдастыру[1].

Бүгінгі тәрбие проблемасындағы ең зәру тәрбие-қазақ азаматының мінезін қалыптастыру, өркениет әлеміне қазақ құбылысы болып енуге тиісті адамзатты



тәрбиелеу. Тәрбиенің түпкі мақсаты-шәкірттің рухани өсуіне жол ашу, ал рухани өсу дегеніміз-кісілік қасиетін дамыту, дүниетанымын кеңейту, саналы өмірге араласу сезімдерін қалыптастыру. "Ел салтанатымен танылады, ұрпағымен жалғасады" дегендей қазақ даналығы-тәрбие көзі деуге болады. "Бала тәрбиесінің, адам болуының жолдарын даналарымыз, би-шешендеріміз, ақын-жазушыларымыз Ыбырай мен Абайдай, Ғұмар Қараш пен Шәкәрімдей, Мұзафардай ұстаздарымыз жан-жақты көрсеткен. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, Отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру басты назарға алынған. Рухани-азаматтық тәрбие сәбидің бойында ең алдымен, анасына, өз отбасына, үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға өскен сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Мектеп қабырғасынан бастап, рухани адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу жұмысы өз алдына бірқатар міндеттер қойылады:

Мемлекеттік тілді оқыту;

Ұлттық мәдени мұраны игеру;

Қазақстан Республикасы рәміздерін құрметтеу;

Қазақ халқының тарихын терең меңгеру;

Салт-дәстүрлерді қастерлеу, мәдени рәсімдерді орындай білу .

Осы міндеттер жалпы адамзаттың және ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білген рухы биік, жігерлі, нағыз отансүйгіш азамат тәрбиелеудің жана жүйесін қалыптастыру мақсатына бағытталған [2,3].

Қазақ философиясындағы тәрбие мәселесі сан түрлі ерекшеліктер мен ұлттық құндылықтарға толы ұлы мұра. Қазақ даналарының кез-келген туындысы шешендіктің түбірлі тілдің, даналықтың куәсі екенін әрбір жеткіншек біледі. Тәлім-тәрбие адамзат тарихымен бірге жасап келе жатқан, көне дәстүрге айналып кеткен дүние.

Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы- адамзатты адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу. Ал, адам болудың жолдары әр халықтың ұлттық дәстүріне, салтына байланысты. Қазақтың өмір салтында адам болу жолдарына үңілсек: үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ар-намысты, ұятты бетке ұстаумен, өнер- білімге ұмтылумен анықталады.

Оқушылардың рухани дүниесін дамытпай, білім беру қажетсіз дүние. Мұғалімнің зерттеу нысаны-оқушының жеке жан дүниесін қалыптастыра отырып, рухани-азаматтыққа тәрбиелегенде ғана олардың өздігінен жетілуіне мүмкіндік жасалады.

Рухани-азаматтық тәрбиесінде ең маңызды рөлді бастауыш сынып мұғалімі алады. Ол тәрбие жүйесінің мақсаттарын анықтап, оқушы бойында рухани құндылықтарды тәрбиелеуде атқаратын іс-әрекеттерінің нәтижесін болжайды.

Халықтық шығармалар ішінде балаларға арнайы айтылған мақал мен мәтелдердің алатын орны да өз алдына ерекше. Бұл барлық айтылған ойдың, насихаттың жиынтығы, қорытындысы ретінде беріледі. Мысалы, «Ата – балаға сыншы» деген халық мақалы мейлінше дұрыс айтылған пікір. Бұл өмір тәжірибесінен алынған бірден бір даналық сөз.

Бала өсіруде, тәрбиелеуде халық өзінде бар барлық асыл сөз, даналық ойларын балаларға, жеткіншектеріне арнайды. Өз өмірінің ғасырлық тәжірибесінен алынған асыл ойларын мақал, мәтел етіп, үлгі-өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын баласына, немересіне қалдырып отырған. «Бала –бауыр еті, көздің нұры» деп босқа айтпаған. Кім болса да өз баласын білімді, өнегелі халық азаматы болып өссін дегенді арман етеді. Сол арманын іске асыру үшін қолда бар барлық мүмкіншілігін бала болашағының игілігінен

аямайды. «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» деп өз болашағының ырысты болуы да сол білімділіктен туатынын айтады.

Бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелік мәні бар шығармаларды оқу арқылы тәрбиелеуге болады.

Мәтін оқушыларға оқытылса, бастан-аяқ бір оқушы ғана оқымайды. Мәтінді бөліп-бөліп бір бөлімін біреуі, екінші бөлімін екіншісі сөйтіп жалғастыра, кезекпен бірнеше бала оқиды. Бірақ мәтін қалай болса солай, кез келген жерден тоқталмай, әр бөлім белгілі бір аяқталған ойды білдіретін үзінді болғаны жөн.

Оқу барысында түсініксіз сөз кездесе қалса, бала оқып тұрғанда, мұғалім ол сөздің синонимін айта қояды, бірақ баланың оқуын тоқтатып қойып, сөзді түсіндіруге болмайды. Сөйтіп, мәтін аяғына дейін оқылады.

Көлемді шығарманы оқытудың екінші жолы – бөлімге бөліп оқу. Әр бөлімді оқып біткеннен кейін, бірнеше сұрақ арқылы оның мазмұны айтқызылады. Келесі сабаққа шығарманың екі-үш бөлімін (көлеміне қарай) оқып келу тапсырылады. Бұл әдістің екеуі де пайдалы: бірінде оқушы оқиғаны аяғына дейін білуге асығып, шапшаң оқуға төселетін болса, екіншісінде көркем шығарманы асықпай, онда әңгімеленіп отырған оқиғаны жан-жақты мән бере ойланып, түсініп оқуға жаттығады [2,35].

Оқылған шығарманың көлемі қандай болмасын, оны оқушылардың қаншалықты меңгергенін байқау үшін мұғалім қорытынды әңгіме жүргізеді. Бұл жұмыс та түрлі жолдармен ұйымдастырылады.

Әңгімені ұйымдастыру. Шығарма мазмұнынан түсінгенді айтып беру, әдетте қорытынды әңгіме деп саналады. Мұнда оқушылар көбіне мұғалімнің қойған сұрақтары бойынша әңгімелейді. Әңгіме қызу жүріп, оған оқушыларды түгел қатыстыру үшін оқылған шығарманың мазмұны бойынша оқушыларды бір-біріне сұрақ қоюға үйретуге болады. Шығарманың мазмұнын ашу талқылау мақсатында қойылатын сұрақтардың оқылған материалды терең меңгеруге жәрдемі тиеді.

Оқулықтағы материалдардың көпшілігіне қорытынды сұрақтар берілген. Мұғалім қорытынды әңгімені әр мәтіннің аяғында берілген сұрақтар арқылы өткізуіне болады. Шығарманың мазмұнын қорыту барысында ондағы кейіпкерлерге қарапайым түрде мінездеме беру, көркем сөздер мен сөз тіркестерін талдау, көркемдік қасиетін таныту, сол әңгімеге салынған суреттерді қарау секілді жұмыстар жүргізіледі.

Көркем шығарманы оқудан бұрын алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Ол дайындық оқылайын деп отырған шығарманың мазмұны мен көлеміне байланысты болмақ. Шығарма әуелі тұтас оқылғаны тиімді: өйткені бөлініп оқылса, балалар оның мазмұнын толық ұғына алмайды. Шығарманың мазмұнын бір рет оқығанда-ақ тыңдаушылардың көкейіне қондырып, санасына жеткізу үшін, ол нақышына келтіре, шабытпен оқылуға тиіс. Бала психологиясының нәзік сырларын жете білген атақты кеңес педагогы А. С. Макаренко баланың, жан жүйесіне әсер етуде дауыс ырғағының ерекше маңызы бар екенін көрсеткен болатын. Ұлы педагог: «...Егерде менімен жұрт тек қана бір қалыпты дауыспен сөйлесетін болса, мен бір жылдан кейін дарға асылып елер едім»,– деп, дауыс ырғағына өзінің қаншалықты мән беретінін білдіре келе: «...қайткенде де сіздің сөзіңізден еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болсын»,– деп көрсетеді[3].

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға нақышына келтіре сөйлеген сөздің керемет әсер ететіні, олардың есту сезімін дамытып, санасын оятатыны, шығарманың психикалық мәнін түсінуге мүмкіндік беретіні жөнінде әдістемелік әдебиеттерде басым айтылады. Дауыс ырғағы дұрыс сақталып оқылған мәтіннің оқушыларға қонымды әсер ететінін айта келіп, К. Д. Ушинский: «...Мүмкін егерде біз: бізде анық дауыстап, ырғағына келтіріп, әсерлі етіп оқи алатын төменгі кластың мұғалімін табу өте

қиындыққа түседі десек, кейбіреулерге ерсі болып көрінер еді, бірақ зейінінің қабілеті әлі жетілмеген балаларға мұндай мұғалім ерекше қажет», – дейді. Сонымен, мұғалім шығарманы оқуға дайындалу барысында жүргізген әңгімеде, шығарманы оқуда немесе мазмұнын қысқаша айтып беру жұмыстарында болсын, дауыс ырғағына қатты көңіл бөліп, сөздерді анық дұрыс айту мәнеріне өзі жақсы жаттыққан болуға тиіс. Бұл айтылғаннан шығатын қорытынды – мұғалім шығарманы әуелі өзі оқып көрсеткені дұрыс; кейде оқу техникасын меңгерген, мәнерлеп, жақсы оқитын балаларға да оқытуға болады. Бірақ әсіресе ұйқасы қиын немесе жолдары ұзақ, бала демі жетіңкіремейтін өлеңдер, көркем фразалар мен сөз өрнектері арқылы бейнелене суреттелген көріністер кездесетін шығармаларды мұғалімнің өзі оқығаны жөн [3,5].

Егер мәтін оқушыларға оқытылса, бастан-аяқ бір оқушы ғана оқымайды. Мәтінді бөліп-бөліп бір бөлімін біреуі, екінші бөлімін екіншісі сөйтіп жалғастыра, кезекпен бірнеше бала оқиды. Бірақ мәтін қалай болса солай, кез келген жерден тоқталмай, әр бөлім белгілі бір аяқталған ойды білдіретін үзінді болғаны жөн.

Оқу барысында түсініксіз сөз кездесе қалса, бала оқып тұрғанда, мұғалім ол сөздің синонимін (мысалы, лашық – үй) айта қояды, бірақ баланың оқуын тоқтатып қойып, сөзді түсіндіруге болмайды. Сөйтіп, текст аяғына дейін оқылады. Көлемді шығарманы оқытудың екінші жолы – бөлімге бөліп оқу. Әр бөлімді оқып біткеннен кейін, бірнеше сұрақ арқылы оның мазмұны айтқызылады. Келесі сабаққа шығарманың екі-үш бөлімін (көлеміне қарай) оқып келу тапсырылады. Бұл әдістің екеуі де пайдалы: бірінде оқушы оқиғаны аяғына дейін білуге асығып, шапшаң оқуға төселетін болса, екіншісінде көркем шығарманы асықпай, онда әңгімеленіп отырған оқиғаны жан-жақты мән бере ойланып, түсініп оқуға жаттығады.

Оқылған шығарманың көлемі қандай болмасын, оны оқушылардың қаншалықты меңгергенін байқау үшін мұғалім қорытынды әңгіме жүргізеді. Бұл жұмыс та түрлі жолдармен ұйымдастырылады.

Әңгімені ұйымдастыру. Шығарма мазмұнынан түсінгенді айтып беру, әдетте қорытынды әңгіме деп саналады. Мұнда оқушылар көбіне мұғалімнің қойған сұрақтары бойынша әңгімелейді. Әңгіме қызу жүріп, оған оқушыларды түгел қатыстыру үшін оқылған шығарманың мазмұны бойынша оқушыларды бір-біріне сұрақ қоюға үйретуге болады. Шығарманың мазмұнын ашу талқылау мақсатында қойылатын сұрақтардың оқылған материалды терең меңгеруге жәрдемі тиеді.

Рухани-азаматтық тәрбие сәбидің бойында ең алдымен, анасына, өз отбасына, үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға өскен сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Мектеп қабырғасынан бастап, рухани адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу жұмысы өз алдына бірқатар міндеттер қойылады:

Мемлекеттік тілді оқыту;

Ұлттық мәдени мұраны игеру;

Қазақстан Республикасы рәміздерін құрметтеу;

Қазақ халқының тарихын терең меңгеру;

Салт-дәстүрлерді қастерлеу, мәдени рәсімдерді орындай білу .

Осы міндеттер жалпы адамзаттың және ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білген рухы биік, жігерлі, нағыз отансүйгіш азамат тәрбиелеудің жаңа жүйесін қалыптастыру мақсатына бағытталған[4].

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушыларының рухани-азаматтық қасиеттерін қалыптастыру арқылы толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Рухани қасиет пен білім беруде адам дамуының рухани үйлесімділігін түйсінуді қамтамасыз етеді. Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді

ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп атап көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының рухани-азаматтық қасиеттерін қалыптастыру арқылы толыққанды жетілген адамзат тәрбиелеуге болады. Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік өсиетін қалыптастыруда жатыр деп түсінемін. Жас ұрпақты рухани-азаматтыққа тәрбиелеу қай елдің, қай кезеңнің болмасын маңызды мәселесі болып келгеніне көз жеткізуге болады. Ендеше, оқушыларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, дәстүрін, терең таныстырып, ойшылдарымыздың ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, яғни, рухани-азаматтық тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

### Әдебиеттер

1. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет
2. Күнпейіс Ж. Оқушыларды шығармашылыққа қалыптастыру. Бастауыш мектеп, №2, 2006.-7-9бб.
3. 2. Серімбетова С. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Бастауыш мектеп. №7, 2003.-9-11 бб.
4. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде.

**Аннотация:** В этой статье рассматривается формирование духовно-нравственного воспитания младших учеников. Воспитание образованного поколения через обучение детей художественных произведений в рамках духовного возрождения.

Учитель начальных классов получает важнейшую роль в духовном и гражданском воспитании. Он определяет цели образовательной системы и предполагает результат действий студента по воспитанию духовных ценностей.

Среди народных сочинений особенно ценятся пословицы и поговорки. Это краткое изложение всех мыслей, предложений и выводов. Например, хорошо продуманная точка зрения популярной пословицы «Воспитание ребенка». Это единственное мудрое слово из жизненного опыта. Наиболее воспитательной проблемой в современном образовании является формирование характера казахского гражданина, воспитание человечества, что должно стать феноменом казахского явления в цивилизационном мире. Конечная цель дисциплины - способствовать духовному росту ученика и развивать духовные качества.

**Abstract:**This article discusses the formation of spiritual and moral education of younger students. Education of the educated generation through the education of children of artistic productions within the framework of spiritual revival.

Primary school teacher gets an important role in the spiritual and civic education. It defines the goals of the educational system and assumes the result of the student's actions in fostering spiritual values. Among popular works, proverbs and sayings are especially appreciated. This is a summary of all thoughts, suggestions and conclusions. For example, a well-thought out point of view of the popular adage "Raising a child". This is the only wise word from life experience.

The most educational problem in modern education is the formation of the character of a Kazakh citizen, the upbringing of humanity, which should be a phenomenon of the Kazakh phenomenon in the civilizational world. The ultimate goal of the discipline is to promote the spiritual growth of the student and develop spiritual qualities.

**Сихимбаева С.М., Аманбекқызы Ж., Баймаханбетова М.А.**

б.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан  
магистр, аға оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан  
магистр, аға оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан

## **ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕ МЕН ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ**

**Түйін:** Мақалада рухани жаңғыру идеясының түпнегізі ұлт тарихы мен мәдениетінен, дәстүр-салтынан бастау алатыны айтылады. Ұлттық құндылықтарды бойымызға сіңіру арқылы болашаққа бағдар жасап, мәңгілік елге айнала аламыз.

Бастауыш сынып оқушыларының ертедегі халық дәстүрін қалай үйрететіні және оларды моральдық сапада тәрбиелеу әдісі сипатталған. Оның туған халқының тарихымен, әдебиетімен және мәдениетімен таныс бола отырып, осы тарихи тізбекке жалғанып, рухани дамитыны айтылады. Егер біз он екі жасқа дейінгі бастауыш мектеп оқушыларына халықтың ұлттық дәстүрімен, салт-санасымен таныстыра алсақ, балалардың болашағы, тәрбиесі үшін де алаңдамауға болады. Өйткені, біздің балаларымыз құрғақ мораль естуден шаршады, сондықтан балалар күнделікті өмірлеріне ауыз әдебиеті кейіпкерлерінен үлгі ала отырып, өмірді даналықпен түсінеді.

Қазақ әдебиетін қалыптастыруға үлес қосып, ауызша әдебиет пен жазбаша әдебиеттердің жалпы жанры арқылы қарапайым адамдар мен мектеп оқушыларын жақсы, адамгершілік, әлемді жақсы көруге үйретеміз. Тәлім-тәрбие жұмысымен айналысатын ата-аналардың, мамандардың, педагог-ғаламдардың, мектеп мұғалімдерінің кәдесіне асатындай осындай аса құнды пікірлердің, ұлағатты сөздердің мән-мағынасы еш уақытта ескірген емес. Бұл жайлар - оқу орындарында болсын, отбасы тәрбиесінде болсын тәлімдік-тәрбиелік мақсатқа жаратылатын маңызды арналар.

**Кілттік сөздер:** ұлт, дәстүр, Тәлім-тәрбие, Қазақ әдебиеті, бастауыш сынып, жастар, болашақ

Жер ғаламшарында тіршілік ететін әр халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы – сол халықтың рухани қазынасы, жан дүниесіндегі адамгершілік құндылықтары. Әрбір ұлттың халық ауыз әдебиеті мен ата-әже тәлімі арқылы, салт-дәстүрлері мен жазылмаған дала заңдары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани мұралары қазіргідей жаһандану заманында бала тәрбиесіндегі таптырмас нұсқаулық, адастырмас шамшырақ болып табылады. Рухы биік халқымыздың намысты да қайсар, жігерлі де жалынды, ақыл мен қайраты бойында таласқан, жолдасын дауға берсе де, жауға бермейтін ұлдары мен қыздарын тәрбиелеу құралы – нақ осы ұлттық тәлімдік жүйе болуы керек.

Еліміздің қазіргідей жаһандану сипатымен даму жолына түскен кезінде әлемдік өркениеттер қақтығысында жұтылып кетпей, өзіндік ұлттық бояуын, тұлғалық даралығын сақтай алатын, интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылықпен ұштасқан ұрпақ тәрбиелеу үшін балаларымыздың бойындағы сан ғасырларға жалғасқан тарихи тізбекке ілестіретін ұлттық дүниетанымды оятуымыз керек. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық жаңғыру ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [1,3], - деді. Осында айтылған ұлттық кодты халқымыздың қазақилығынан, отансүйгіштігінен таба аламыз. Қазыбек би бабамыздың:

«Дұшпанның аяғына жаншылмаған елміз, басымыздан намысты асырмаған елміз, адалдықты әрқашан жасырмаған елміз, атаның өсиетін балаға, баланың өнерін атаға айтып, тарата білген елміз, құлақтың құрышын қандырып, әділ сөзді халыққа айта білген елміз» [2,89], - деп толғағанындай, ата-баба мұрасын қастерлеп, қалдырған мирасына сызат түсірмей, болашаққа тапсыру, елдігімізді сақтау болып табылады.

Қазіргі ұрпаққа компьютерлік технология мен робототехниканы терең меңгертіп, әлем халықтарының тілі мен мәдениетін санасына сіңіргенімізбен олардың бойына ұлттық рухтың дәнін себе алмасак, жүректерінде ұлтына деген терең махаббат шоғын тұтата алмасак, олардың болашағы бұлдыр, өмір жолы бұралаң болатыны анық. Себебі, балаға берілген ең жоғары дәрежедегі академиялық білім де оларға арлы болуды, адамгершілігі мол болуды, қайырымды да мейірімді болуды, кішіпейіл де жомарт, кеңпейілді болуды үйрете алмайды. Ал, ол тәрбиенің негізі халық ауыз әдебиетінің түрлері мен аңыз-әңгімелерінде, ертегілерінде, батырлық жырларда, ғибраты мол би-шешендердің нақыл сөздері мен тәрбиелік ой-пікірлерінде жатыр. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [3,56], - деп кезінде ғалым М.Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік. Шынайы білім ең алдымен ұлттың игілігіне, одан әрі адамзаттың, жеке тұлғаның игілігіне бағытталуы тиіс. Ұлттық білімнің өзектілігі де осында. Ұлттық білім беру жүйесінің негізі болып педагогикалық дәстүр, білім беру дәстүрі, жүздеген ғасырлар бойы қалыптасқан біздің бойымыздағы құндылықтарымыз саналады. Яғни, нағыз педагог та, педагогика да халықтың өз ішінде жатыр. Сондықтан да, ұлттық тәрбиені білім алушы жастардың бойына сіңіру – біздің басты міндетіміз.

«Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында «Егемен Қазақстанның» 21 қарашадағы санында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың мақаласы жарияланды. «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұратын бұл мақаланы «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасының заңды жалғасы десек те болады. Ел президенті бұл жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихты жаңғырту жағдайына ерекше көңіл бөлген. Әсіресе, жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату – кезек күттірмейтін іс екені айтылған. Ұлт қаһармандарын үлгі ететін балалар фильмдері мен мультфильмдердің санын көбейтіп, ұлттық сана қалыптастыруды бесіктен бастап қолға алуға шақырады. Қазақтан шыққан даңқты қолбасшы батырлар мен ақыл-ойдың майталмандары тек елімізде ғана емес, бүкіләлемдік деңгейде насихатталса да артық емес екенін айтып өтті.

«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1,1] дей отырып, рухани жаңғырудың бірнеше бағытын саралап берді. Олар: «Бәсекеге қабылет». «Прагматизм». «Ұлттық бірегейлікті сақтау». «Білімнің салтанат құруы». «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы». «Сананың ашықтығы». Осы бағыттардың нақты міндеттерін белгілеп беріп, шын мәнінде рухани жаңғырудың сара жолын салып берді.

Ал кеше ғана жарияланған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы сол рухани жаңғыру бағдарламасының заңды жалғасы іспеттес. Ауқымы кеңіп, мақсаты нақтыланған, нәтижеге бағытталған нақты қадамдар.

«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен

кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады»[4,1] деп сөзін бастаған Елбасының әр сөзінде шындық, терең мағыналы астарлы ой жатыр. Расында да, еліміздің Ежелгі Орта ғасырлардағы тарихы толық зерттеліп бітпеген. Қазақ халқының қалыптасуында сақ, ғұн, қаңлы тайпаларының алар орны ерекше. «Отар елдің тарихын отарлаушы ел жазады» деп Д.Неру айтқандай, осы уақытқа дейін орыс зерттеушілерінің жазбаларында сақталған мәліметтерден ғана құралған тарихымызды оқып келсек, ендігі болашақта араб, парсы, түрік, қытай және т.б. тілдердегі архив материалдарын қопарып, тәуелсіз елдің шын тарихын жазып шығар уақыт жетті. Немістер мен италиялықтар немесе үнді халықтары қазіргі территориясын мекендеген ежелгі тайпалардың мәдениетімен мақтанып, оларды өз өркениетін қалыптастырудағы тарихтың бір бөлшегі ретінде қарастырады. Және бұл – өте дұрыс ұстаным, тарихи тамырын жете түсініп, саралай алмаған халық болашағына да бағдар жасай алмайды. «Өткен шақ – бүгін – болашақ» үштігіндегі әрбір тармақтың өз орны бар, өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ. Сондықтан да елбасымыздың төл тарихымызды жаңаша зерттеп, тың деректермен толықтыруды талап ететін бұл бастамасы – өте құптарлық іс. Жаһандық тарихтағы өз орнымызды дұрыс қалыптастыру үшін нақты ғылыми деректерге сүйенуіміз керек. Сондықтан да әлемге өзімізге тән ұлы даланың жеті қырын паш етуіміз керек. Оның алғашқысы – атқа міну мәдениеті. Бір кездері бұл өнер де өз заманында толқыныс туғызып, қазіргі елең еткізетін ғылым жаңалықтары сынды жұртты ауызға қаратқан болар. Себебі, жабайы аттарды қолға үйретіп, оны қажетіне пайдалану арқылы адам баласы, оның ішінде қазақ халқы бір белеске көтерілді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз үлкен үстемдікке ие болды және қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша атқа міну мәдениеті ең алдымен Қазақстан аумағында қалыптасқаны дәлелденді. Бес қаруын сайланып атқа қонатын бабаларымыздың бойында қайраты қайнап, рухы таситын болған. «Жылқы мінезде қазақ» дейтін халқымыздың өмірінде жылқы малының орны ерекше, міне, бұл да біз үшін ерекше құбылыс.

Екіншісі – ұлы даладағы ежелгі металлургия – металл кендеріне бай қазақ өлкесі алғашқы кен орындары пайда болған орталықтардың бірі болып табылады. Ежелгі заманнан бастап, Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда таукен өндіріс ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастаған. Ата-бабаларымыз метал өндірудің технологиясын дамытып, берік те мықты метал өндірудің қыр-сырын меңгерген. Қазба жұмыстарнан мәлім болғандай, тұрмыстық заттар мен қару-жарақтар еліміздегі дала өркениетінің үздік үлгісін көрсетеді.

Үшінші қырымыз – аң стилі. Көшпенді өмір салтын қалыптастырып, табиғатпен үндесіп тіршілік кешетін халқымыздың тұрмыс заттарынан осы аң стилі басты орын алған. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану арқылы адам мен табиғат арасындағы байланысты нығайтып, еліміздің ұлттық дүниетанымы мен рухани құндылықтары қалыптасты. Аң стилімен жұмыс жасаған бабаларымыз оюлап кескіндеудің, металмен жұмыс істеудің, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың, құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың жоғары өндірістік тәжірибесін игергенін байқаймыз, бұл да біздер үшін зор мақтаныш.

Төртіншісі – алтын адам. Елбасымыз шет елдерге шыққан сайын өзімен бірге ылғи да алтын адамның макетін алып жүреді. Себебі түсінікті де, Дала өркениетінің қуатты күші мен энергетикасын бойына жинаған, бай мифологиясынан сыр шертетін мұндай жәдігермен мақтанбау мүмкін емес. 1969 жылы Есік қорғанынан табылған, өнертанушылар арасында «Қазақстандық Тутанхамон» деп аталған Алтын адамның қазіргі уақытта басқа аймақтардан да табылған бірнеше нұсқалары бар. Көркемдігі мен шеберлігі көз тартатын осындай мәдениет жәдігерін қалдыру үшін бабаларымыз қандай өнер мен тектілікке ие болған десеңізші?! Ондағы жазылған жазу Орталық Азиядан табылған

алғашқы жазулардың бірі десе деболады.

Бесінші қырымыз – Түркі әлемінің бесігі екендігіміз. Қазақстан мен Еуразияның басқа да мемлекеттері үшін Алтайдың алар орны ерекше. Ол күллі түркі әлемінің бесігі болып табылады. Орасан зор аймақта отырықшы мәдениет пен көшпелі өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның да дамуына ықпал еткен. «Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан» - дей отырып, Елбасымыз түркі дүниесінің даналарына да ерекше тоқталып өтеді.

Алтыншысы – Ұлы жібек жолы. Батыс пен Шығысты жалғап жатқан даланың төсінде батыр бабаларымыз саудагерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырды және сол арқылы алым-салық жинап, өз елінің экономикасын да жолға қойды. Мұның өзі еліміздің территориясында мәдениет пен экономиканың дамуына зор септігін тигізді.

Жетіншісі – Қазақстан алма мен қызғалдақтың отаны екендігі. Бүкіл әлемге таралған алма мен қызғалдақтың генетикалық отаны біздің өлкеміз екенін мақтанышпен айта аламыз. Мұның өзі өзгелерге берілмеген тарихи-мәдени құндылық болып табылады. Осылайша еліміздің жеті қыры – жеті артықшылығын саралай отырып, осындай тарихи сананы жаңғырту үшін «Архив – 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» тақырыптарында қандай нақты істерді қолға алу керектігін ашып айтады.

Бұл жоба аясында көптеген игілікті шаралар қолға алынып, дала даналарының даналығы сақталған фольклор мұралары жинақталып, қазақтың ұлттық өнеріне де ерекше көңіл бөліне бастайды деп үміттенеміз. Тарихи тамыры мықты, ұлттық құндылықтарға табан тіреген елдің болашағы жарқын, алар асуы биік. Сондықтан ұлттық сананы жаңғыртуды өзімізден бастап, өзіміздің жауһарларымызды танық, насихаттайық, тамсанайық, мақтан етіп, рухани қуат алайық деп отырған Елбасының бастамасын қазақстандықтар жан-жақты қолдайды деп сенеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Төрекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1,2-кітап. Алматы: Жалын, 1993. 400 бет.
3. Жұмабаев М. Шығармалар. 2, 3 Т. Алматы: Білім, 1996. 512 б.
4. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. 21 қараша, 2018 ж. Астана

**Аннотация:** В статье говорится, что идея духовного возрождения происходит из истории, культуры и традиций народа. Поглощая национальные ценности, мы станем вечной страной, сосредоточившись на будущем. В этой статье описывается, как учащиеся начальной школы учат ранним фольклорным песням, и таким образом воспитывают их в моральной ценности. Ребенок, знакомый с историей, литературой и культурой своего родного народа, растет и становится человеком, который продолжает расти в этой исторической цепочке. Мы не будем обеспокоены перспективами учащихся начальной школы до двенадцати лет, если мы внедрим эти стихи, мораль и поэзию. Потому что, наши дети устали слышать о сухих нравах, поэтому дети смогут развиваться и сообщать о своей повседневной жизни, поскольку они объясняют жизнь мудрым. Внося свой вклад в формирование казахской литературы, через общий жанр устной литературы и письменной литературы, мы воспитываем простых людей и школьников, чтобы любить добро, человечество, мир. Всех познающих которая связывает с исторической цепочкой достоинства стихов, является требованием времени. По мнению наших ученых, этот жанр глубоко укоренен в историей.



**Abstract:** The article says that the idea of spiritual rebirth comes from the history, culture and traditions of the people. By absorbing national values, we will become an eternal country, focusing on the future. This article describes how elementary school students learn early folklore songs, and thus educate them in a moral quality. A child who is familiar with the history, literature and culture of his native people grows and becomes a person who continues to grow in this historical chain. We will not be concerned about the prospects of elementary school students until the age of twelve, if we introduce these verses, morality and poetry. Because, our children are tired of hearing about the bad morals, so children can develop and communicate about their daily lives, as they explain life to the wise. By contributing to the formation of Kazakh literature, through the general genre of oral literature and written literature, we educate ordinary people and schoolchildren to love the good, humanity, the world. All those who know, who connects with the historical chain of dignity of poetry, is a requirement of time. According to our scientists, this genre is deeply rooted in history.

ӘОЖ: 54.41.

**Әпет Қ.А.**

тарих пәнінің мұғалімі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің  
«Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Үздік педагог-2015 жыл» төсбелгілерінің иегері.  
Кентау қаласының №3 «Білім-Инновация» ер-балалар лицей-интернаты. Кентау, Қазақстан

## **ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДА ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУДІҢ РӨЛІ**

**Түйін:** Тарихи, рухани жаңғыртпаларымызды тұтастай құрастырып, зерделеу арқылы біз ұлттық тарихымыздың күрмеуленген түйіндерін шеше алады екенбіз. Осы күрмеуленген түйінді мәселенің бірі ретінде латын әліпбиі арқылы ұлттық тіліміздің тарихи құндылығын анықтау болмақ. Бұл құндылықтарымыздың түйінін шешу мәселесі тарихи сананы жаңғыртуда, яғни білім беру саласында тарихи санаға көбірек көңіл бөлу мәселесінде жатқанын ашып көрсеткім келді. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылы отандастарымыз үшін ізденіс пен ұмтылыс, сенім мен жарасым жылдары болды. Еліміздің тарихы дүниежүзілік тарихтың, соның ішінде Еуразиядағы түркі халықтары тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Осы Еуразия кеңістігіндегі халықтардың жылнамасына қарайтын болсақ, ұзақ уақыттық төл тарихыдағы негізгі жетістіктері бүгінгі күндегі мекен ететін аумағына тікелей қатыстылығын анықтаймыз.

**Кілттік сөздер:** Ұлттық код, реформа, тарихи сана, латын әліпбиі, ізденіс, халық

Отанымыздың орталықтандырылған кеңестік жүйеден тәуелсіздігін алып, өзіндік сара жолын қалыптастыра бастағанына міне ширек ғасырдан астам уақыт өтіпті. Осы уақытта елімізде саяси және әлеуметтік кеңістік қалыптасып үлгерді. Нарықтық қатынас орнығып, әлемдік қауымдастықпен жаңаша ықпалдасу үрдісі бел ала бастады. Қазақстан өзінің аумақтық тұтастығын нығайтып, халықтың жүрегіне сенімді көңіл-күй ұялатты. Демократия мен реформаны шыңдай түсетін жасампаз **тарихи сана** қалыптасты. Болашаққа сеніммен қарайтын қоғамдық ауызбірлік одан әрі күшейе түсуде.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылы отандастарымыз үшін ізденіс пен ұмтылыс, сенім мен жарасым жылдары болды. Алдағы өмір жолының одан да мазмұнды және үйлесімді болуы үшін әрбір азамат өз білімімен біліктілігін шыңдай түсуі қажет. Қазақстандықтардың бүгінгі күні жарқын болашаққа сенімі мол екенін еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Қазақтың сана сезімі, өткені, қазіргі және болашағы-тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр» [1] Олай болса сол мүмкіндікті пайдалана отырып әр азаматтың білім жолында алға ұмтылуы,

**Отанымыздың қыр-сырын жан-жақты терең білуі қасиетті борышы болып табылады.** Сондықтан әркім өзінің шыққан тегінің тарихи жолына ой жүгіртіп; «Кеше кім едік?, бүгін кіміз?, ертең кім боламыз?, менің қоғамда алар орным қандай?»-деген сұрақты қоя отырып «Ұлы дала» деген атқа ие болған Отанымыздың тарихын жаңаша зерделеудің маңызды екенін түсінуі қажет. Әбу Насыр әл-Фарабише айтқанда: «Тарихты білмей-өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын».

Еліміздің тарихы дүниежүзілік тарихтың, соның ішінде Еуразиядағы түркі халықтары тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Осы Еуразия кеңістігіндегі халықтардың жылнамасына қарайтын болсақ, ұзақ уақыттық төл тарихыдағы негізгі жетістіктері бүгінгі күндегі мекен ететін аумағына тікелей қатыстылығын анықтаймыз. Мысалы ежелгі Рим, Грек, Парсы, Үнді империяларының орталықтары болған аймақтарын қоныс еткен қазіргі Италия, Грекия, Иран, Үндістан т.б. мемлекеттердің халқы өздерінің тарихи тамырының құндылығымен мақтана алады. Әрине бұл-тарихи сананы жаңғыртуға деген дұрыс ұстаным.

Ал ежелгі «Сак», «Ғұн», «Түрік», «Қарахан», «Қыпшақ», «Алтын Орда», «Қазақ» деген алып империялық мемлекеттер ретінде әлем тарихында танылған елдердің бүгінгі қарашаңырағы, тікелей мирасқоры «Қазақстан Республикасы» деп аталатын біздің Отанымыз екенімен ешкім таласа алмайды. Ал әлем тарихындағы өзіндік тарихи түп негізі, империялар орталық ордасы болған қазіргі біздің Отанымыздың сол тарихи ерекшелігімізді екшейтін құндылығымыз не? Міне, осы сұрақтың көлемінде ойланатын болсақ, оған құнды тарихи жәдігерлеріміз арқылы жауап табатынымыз сөзсіз. Мысалы. Есік қорымынан табылған күміс тостағаншадағы жазудың, Талас, Орхон, Енесей өзендері бойынан табылған тақтатастардағы (балбалтас) жазулардың бүгінгі күндегі маңыздылығы шексіз құндылық. Себебі сол тарихи жазулар арқылы біз тарихи құндылықтарымыздың негіздерін тауып отырмыз. Бұл дәлелімді Елбасымыздың мына тамаша сөзімен ұштастырғым келеді: «Бұл тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиісті» [2]

Міне, Отан тарихымыз тұтастай қалпында түсінікті болуы үшін нақты дәйектер мен дәлелдеріміз де жүйелі болуы шарт. Сонда нақты дәлелдеріміз тарихи жәдігерлерде, дереккөздерде екені анық. Нәтижесінде ұлттық құндылықтарымыз тіліміз, дініміз, діліміздің түп негіздері шығатыны сөзсіз. Ал осы құндылықтарымыз бізге қалай жетті?-деген сұрағымызға жауапты «Ұлттық кодтан» табады екенбіз. **Ұлттық код**-дегеніміз таңбалар арқылы бізге жеткен тарихи жәдігерлеріміз бен рухани жаңғыртпаларымыз. Тарихи, рухани жаңғыртпаларымызды тұтастай құрастырып, зерделеу арқылы біз ұлттық тарихымыздың күрмеуленген түйіндерін шеше алады екенбіз. Осы күрмеуленген түйінді мәселенің бірі ретінде Елбасымыздың көрсеткен бағыттарының бірі-латын әліпбиі арқылы ұлттық тіліміздің тарихи құндылығын анықтау болмақ. **Бұл құндылықтарымыздың түйінін шешу мәселесі тарихи сананы жаңғыртуда, яғни білім беру саласында тарихи санаға көбірек көңіл бөлу мәселесінде жатқанын ашып көрсеткім келеді.** Осы тұста Елбасының тамаша сөзіне тағы да сілтеме бергім келеді: «Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық»[3]

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінде **білім берудің мақсатын, мазмұнымен**

**технологияларын оның нәтижесін қарап бағалайды.** Олай болса, әр халықтың әлеуметтік- экономикалық, тарихи-мәдени ерекшеліктері диалектикалық бірлікте негізделіп, мектептегі білім мазмұнын жаңартудың басты көзі болып табылады. Сондықтан жеке тұлға «Мен»-ді қалыптастыруда мұғалімнің білім беру мазмұнын жаңартудағы мемлекеттік реформалардың алар орнының ерекшелігін атап айтқым келеді. Яғни, осы латын әліпбиіне көшуге байланысты реформаны іске асыруда тарих пәнінің мұғалімі ретінде менің де өз үлесімнің маңызды екенін ұғындым. **Тарихи сананы жаңғыртуда** латын әліпбиіне көшудің тиімділігі басты рол екенін ашып көрсету үшін төмендегі мысалдарға жүгінуді дұрыс көрдім:

АҚШ, Канада, Ұлыбритания секілді мемлекеттерде білім берудің мақсатын, мазмұнын, технологиясын оның нәтижелерін қарап бағалайды. Сонымен қатар, бұл мемлекеттердегі **тарихи білім** стандарты және нормативті құжаттары негізінде басты үш ерекшеліктерді атап өтуге болады.

**Біріншіден:** стандарт бойынша алдымен оқушыларды тәрбиелеумен ой-өрісін дамыту міндеттері анықталады. Ал тарихи білім мазмұны мұғалімнің, мектептің және жергілікті әкімшіліктің құзырында шешіледі.

**Екіншіден:** стандарт оқытудың нәтижесіне бағытталған. Білім тексеру белгілі ережеге бағындырылады, оқыту әдістері туралы тек жалпылама ұсыныстар беріледі.

**Үшіншіден:** оқытудың нәтижесі мен сапасын талап ете отырып, мұғалім мен оқушыға кеңінен еркіндік беріледі; мұғалім курстың мазмұнын, оқыту құралын таңдауға шығармашылықпен қарайды. **Мәселен:**

- а) жеке тұлғаның қалыптасу үрдісіндегі тарихи білім;
- ә) мемлекет мүддесі тарапынан берілетін тарихи білім;
- б) тарихи білімнің өзіндік құндылығы.)

Бүгінгі таңда білім беру аясында жаңа үрдістерге байланысты Қазақстанда нәтижеге бағдарланған (компетенттілік) орта білім беру моделін құруды жүзеге асыру талап етілуде. Яғни, бұл барлық білім, білік, дағды мен іс-әрекеттің жиынтығы кез-келген жағдайда оқушының білімін, дағды-біліктерін жүзеге асыра алуы және мәселелерді шешу үшін мұғалімнің өзінің іс-тәжірибесі болуы керек деп түйіндеймін. Міне, осы тұстағы мұғалімнің өзінің іс-тәжірибиесінің болуы-бұл латын әліпбиіне көшуде баланың қызығушылығы мен жауапкершілігін арттырудағы әдістерінің тиімділігінде деп көрсетемін. Мысалы:

1. **«Мен жасаймын»** деу арқылы өзінің көңілі ауған латын әліпбиін жетік меңгерген адамдарға ұқсауға тырысып, еліктеу, яғни өз ортасында жақсы қасиеттермен көрінуге тырысу, осылайша жіберген қателіктері мен жетістіктеріне талдау жасау. (Мысалы Олжас Сүлейменов)

2. **«Мен үшін керек»** деп талаптану арқылы өз іс-әрекетін бағалай білу, ізденсе, оқыса, өзі қойған мақсатына жете алатынына көзін жеткізу, өзіндік түйсігін ояту.

3. **«Мен істей аламын»** - деу арқылы өз іс-әрекетіне сенімділікпен қарау, қоғам талабына бағыну, керектігін сезіну, өзін және өзгені сыйлау қажеттігін ұғыну. Алға қойған мақсатқа жету үшін өзін төрелікке тәрбиелеу.

Мұндағы негізгі мәселе бір ғана нәтижеге жету емес, ол әрбір болашақ тұлғаның іскерлігімен мүмкіндігін дамытуға жағдай жасау арқылы латын әліпбиін тез меңгеретініне сенімдімін. Нәтижесінде латын әліпбиін меңгеру арқылы тарихи сананың жаңғыруына қол жеткіземіз. **Латын әліпбиіне көшудің тиімді тұстары:**

1. Латын әліпбиіне өту- Рухани Тәуелсіздікке жасалған болашағы зор жарқын қадам екенімен тиімді. (2017 жылдың 26 қазан күні Қазақстан Республикасының Президентінің №569 Жарлығымен «Латын графикасына негізделген қазақ тілі ӘЛПБИИ» бекітілді);

2. Латын әліпбиі-Мемлекеттің тұтастығының қайнарына айналуымен тиімді;
3. Латын әліпбиі-мемлекеттік тілді заңды түрде төрге шығуына жол ашатындығымен тиімді;
4. Рухани жаңғыруымыздың тұтастай темірқазығы болуымен тиімді ;
5. Тарихи ұлттық сананың бұғаудан босатқандығымен тиімді;
6. Біздің әлемдік кеңістікпен ықпалдасуымызға, рухани жаңғыруымызға қайта тыныс ашылатындығымен тиімді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, 1999, 292-293 б. «Ақ орда» ресми сайты
2. Н.Ә.Назарбаев. Ұлы Даланың жеті қыры, Астана. 2018, 21.11. «Ақ орда» ресми сайты
3. Н.Ә.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру, Астана, 2017, 12.04. «Ақ орда» ресми сайты

**Аннотация:** С помощью модернизации и изучения наших исторических и духовных революций мы можем рассмотреть актуальные вопросы нашей национальной истории. Одной из основных проблем такого рода является определение исторической ценности нашего национального языка с помощью латинского алфавита. Задачей решения ценности этих ценностей является возрождение исторического сознания, т.е. ориентация на историческое сознание в сфере образования. В первое десятилетие независимости у наших соотечественников годы поиска и устремления, веры и гармонии. История страны является неотъемлемой частью истории мировой истории, в том числе истории тюркских народов в Евразии. Что касается истории народов Евразии, то мы обнаруживаем, что основные достижения длинной истории истории напрямую связаны с современной территорией.

**Abstract:** With the help of modernization and the study of our historical and spiritual revolutions, we can examine topical issues of our national history. One of the main problems of this kind is the determination of the historical value of our national language using the Latin alphabet. The task of solving the values of these values is the revival of historical consciousness, i.e. orientation to historical consciousness in the field of education. In the first decade of independence, our compatriots had years of search and striving, faith and harmony. The country's history is an integral part of the history of world history, including the history of the Turkic peoples in Eurasia. As for the history of the peoples of Eurasia, we find that the main achievements of the long history of history are directly connected with the modern territory.

## КІРІСПЕ

**Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы** 3  
филология ғылымдарының докторы, «Түріктану» кафедрасының  
профессоры. Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан  
**АЛТЫНОРДАДАН ҚЫЗЫЛОРДАҒА ДЕЙІН**

### 1 секция

#### ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

#### НАЦИОНАЛЬНАЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ЛИЧНОСТИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА

- 1 **Шәріп Амантай Жарылқасынұлы** 9  
ф.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ ҚЫЗМЕТІ**
- 2 **Әбікей Арман Мұратұлы** 19  
PhD, аға оқытушы, ҚМҚПУ, Алматы, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ҰЛТШЫЛДЫҚ ҰСТАНЫМЫ**
- 3 **Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы** 28  
жазушы, т.ғ.к., Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының  
орынбасары, Алматы, Қазақстан  
**ҰЛТТЫҚ МЕЖЕЛЕУ ЖӘНЕ СҰЛТАНБЕК  
(КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ С.ҚОЖАНОВТЫҢ  
ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ)**
- 4 **Салқынбек Досалы Исаханұлы,** 51  
**Сырбаев Ербол Өмірзақұлы**  
т.ғ.к., профессор "Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті"  
кафедрасының меңгерушісі, ҚазҰАУ. Алматы, Қазақстан  
аға оқытушы, ҚазҰАУ. Алматы, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ҰЛТТЫҚ РЕСПУБЛИКА ҚҰРУ  
ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ**
- 5 **Түрсүн Хазретәлі Маханұлы** 61  
т.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ. Түркістан, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ИДЕЯСЫ**
- 6 **Турсун Хазретали Маханович,** 68  
**Салгараев Марат Турганбаевич**  
д.и.н., профессор МКТУ имени Х.А.Яссауи, г.Туркестан, Казахстан  
старший преподаватель МКТУ имени Х.А.Яссауи, г.Туркестан, Казахстан  
**С.ХОДЖАНОВ – ДИРЕКТОР САХИПИ**

- 7 **Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы** 73  
филолог.ғ.к., ОҚМПУ-нің кешкі оқыту және дайындық факультетінің деканы.  
Шымкент, Қазақстан.  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
- 8 **Раджабов Кахраман Кенджаевич** 76  
д.и.н., профессор, заведующий отделом Института истории Академии Наук  
Республики Узбекистан. Ташкент, Узбекистан  
**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СУЛТАНБЕКА ХОДЖАНОВА В ТАШКЕНТЕ И ЕГО  
ИДЕЯ СОЗДАНИЯ СРЕДНЕАЗИАТСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ В ПЕРИОД  
РАЗМЕЖЕВАНИЯ В 1924 ГОДУ**
- 9 **Әлібек Сейдехан Нұрмахаұлы** 84  
т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ – «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ  
РЕДАКТОРЫ**
- 10 **Садықұлова С.С., Мулдахметова Ж.И.** 91  
т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**С.ҚОЖАНОВ–ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, АҒАРТУШЫ, ЖАСТАР  
ЖАНАШЫРЫ**
- 11 **Изенбаев Б.Ж.** 96  
PhD докторы, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы,  
Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ КӨСЕМ СӨЗДЕРІНДЕГІ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫ**

## 2 секция

### С.ҚОЖАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МӘДЕНИ- МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛҮ ЖӘНЕ НАСИХАТТАЛУЫ

#### ИССЛЕДОВАНИЕ И ПРОПАГАНДА ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ С.КОЖАНОВА

- 1 **Кәрібаев С.Ө<sup>1</sup>, Байназарова Б.Ә<sup>2</sup>, Байжанова А.Ө<sup>1</sup>.** 101  
<sup>1</sup>т.ғ.к., доцент, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
<sup>2</sup>т.ғ.к., аға оқытушы, «Өрлеу» БАҰО» АҚФ ТОЖШҚ бойынша ПҚБАИ,  
Қазақстан  
<sup>1</sup>тарих магистрі, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ  
ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**
- 2 **Тажмұханова Н.Е., Мукашева А.О., Отарбаева А.К.** 110  
т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ**

- 3 **Нарымбет Г.Б., Мирзамсеитова Г.Е., Байгунакова Г.С.** 117  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕГЕМЕНДІЛІК ТУРАЛЫ  
ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**
- 4 **Белгібай Ж.Қ., Рсымбетова Л.Р., Талман А.С.** 123  
т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
т.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ**
- 5 **Таракчы Вахдет** 127  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ. Түркістан, Қазақстан.  
**«...ХАЛҚЫ ҮШІН ҚАМ ЖЕП, ЕҢРЕП ТУҒАН АЗАМАТ ЕДЬ»  
(МҰСТАФА ШОҚАЙ – СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ)**
- 6 **Батырбекқызы Г.** 131  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ПЕН НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ  
ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ**
- 7 **Хакан Ас** 136  
Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ докторанты, Түркістан, Қазақстан  
**ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВ – АЛАШТЫҚ ҚАЙРАТКЕР**
- 8 **Ходжикова С.К.** 140  
исполнительный директор  
Республиканского историко-просветительского общества «Адилет» Алматы,  
Казахстан  
**ТРИ ВЫДАЮЩИХСЯ ЗЯТЯ ВЕЛИКОГО СЕРАЛИ ЛАПИНА  
(ҚОНҒЫРХОДЖА ХОДЖИКОВ, САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ,  
СУЛТАНБЕК ХОДЖАНОВ)**
- 9 **Джолдыбаев Ж.Т., Қабыл А.Ә.** 150  
т.ғ.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫ - АЛАШ ҚОҒАМДЫҚ  
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ**
- 10 **Тилекулов Г.С., Сембиева Ш.Б.** 154  
к.и.н., старший преподаватель. ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
преподаватель. ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
**ТУРАР РЫСКУЛОВ И ИДЕЯ ТЮРКСКОЙ РЕСПУБЛИКИ**
- 11 **Тилекулов Г.С, Ниязбекова М.** 158  
к.и.н., старший преподаватель. ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
преподаватель. ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ – ЛИЧНОСТЬ И УЧЕНЫЙ**

- 12 **Жағыпар Ә.Б., Арыстан Ж.Ш.** 162  
гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы, Қазақстан Республикасы ПМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы. Қарағанды, Қазақстан  
2 курс курсанты, Қазақстан Республикасы ПМ  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды, Қазақстан  
**КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ АЛАШ ИДЕЯСЫН ДАМЫТҚАН ЕСЕП  
ПАРТИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ**
- 13 **Базарбаев Қ.Қ.,<sup>1</sup>Оспанова Г.И.,<sup>2</sup> Әленова Ғ<sup>2</sup>** 168  
<sup>1</sup>PhD доктор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
доценті. Түркістан, Қазақстан  
<sup>2</sup>мұғалімі, №17 Ататүрік атындағы мектеп-гимназиясы. Түркістан, Қазақстан  
<sup>2</sup>мұғалімі, №17 Ататүрік атындағы мектеп-гимназиясы. Түркістан, Қазақстан  
**ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЭЛИТАСЫНЫҢ ТҮРКІЛІК  
БІРЛІК ИДЕЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**
- 14 **Алдешов С.Е., Бүркіт Ә.Қ. Торғаутова Ш.А.** 173  
п.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
тарих магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ҰЛТ РУХЫН ШЫҢДАҒАН ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АСЫЛ ҰРПАҒЫ**  
**3 секция**  
**ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАҒЛЫМДЫҚ ӨНЕГЕСІ**  
**НАСЛЕДИЕ ТВОРЧЕСТВА И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ**
- 1 **Мынбаев Н.** 180  
д.филолог.н, директор научного центра «Тюркология»  
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
**ПРОИСХОЖДЕНИЕ НАРОДА И НАУЧНАЯ ЭТИМОЛОГИЯ**
- 2 **Ербай Т.М., Наркулова Б.А.** 188  
ф.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
п.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТИҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ  
ЖҮЙЕСІ**
- 3 **Сидикметова Д.Т.** 191  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Ю.Сареми атындағы №107 мектеп-  
лицейі, Шымкент, Қазақстан  
**МЕМЛЕКЕТИМІЗДІҢ БАҒА ЖЕТПЕС СИМВОЛДАРЫ: ТАРИХТА ІЗ  
ҚАЛДЫРҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР**
- 4 **Baiymbetova G.M., Abdykarimova S.A.** 195  
master degree, teacher of M.Auezov SKSU, Shymkent, Kazakhstan  
master degree, teacher of M.Auezov SKSU, Shymkent, Kazakhstan  
**PROMLEMS AND DIFFICULTIES IN TRANSLATING**



- 5 **Shintayeva B.S. Mombekova E.B.** 199  
master degree, teacher of M. Auezov SKSU, Shymkent, Kazakhstan  
master degree teacher of M. Auezov SKSU, Shymkent, Kazakhstan  
**RUHANI ZHANGYRU IS FOUNDATION OF FUTURE NATION**
- 6 <sup>1</sup>**Абдралиева Ж.Ж.,** <sup>2</sup>**Замишева Г.А.** 201  
<sup>1</sup>2 курс магистранты Тараз Иновациялық–гуманитарлық университеті.  
Тараз, Қазақстан  
<sup>2</sup>аға оқытушы, филология магистрі М.Х.Дулати атындағы  
Тараз мемлекеттік университеті, Тараз, Қазақстан  
**ШЕТЕЛ ТІЛІ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫНДА АУДИРОВАНИЕ ТӘСІЛІН  
ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**
- 7 **Бергаев Н.Д.** 207  
М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының  
Шымкент көлік колледжі, Шымкент, Қазақстан  
**ЖАСТАР - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСТЕРІНЕ АРНАЛҒАН НЕГІЗДЕРІ**
- 8 **Туймебекова Г.А.** 212  
мұғалім, №42 орта мектеп, Тараз, Қазақстан  
**БАУЫРЖАН MOMЫШҰЛЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖОЛЫ**
- 9 **Уразбаев Қ.М., Жораева С.Б., Идрисбаева Р.У.** 215  
к.ф.н., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
к.п.н. доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
6M010200 – БОПМ мамандығының магистранты,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**
- 10 **Сихимбаева С.М., Аманбекқызы Ж., Баймаханбетова М.А.** 220  
б.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы, Қазақстан  
магистр, аға оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы,  
Қазақстан.  
магистр, аға оқытушы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласы,  
Қазақстан  
**ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТУ– ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ**
- 11 **Әпет Қ.А.** 224  
тарих пәнінің мұғалімі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің  
«Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Үздік педагог-2015жыл» төсбелгілерінің  
иегері.Кентау қаласының №3 «Білім-Инновация» ер-балалар лицей-интернаты.  
Кентау, Қазақстан  
**ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДА ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ  
КӨШУДІҢ РӨЛІ**

*II nomer 2019 jly 28 naýryzda ótken Kôrnekti memleket jáne qoǵam qairatkeri S.Qojanovtyñ 125-jyl tolyyna orai «ÚLT RUHYN SHYNDAGAN ÚLY DALANYŇ ASYL ÚRPAQTARY» atty nalykaralyq gylimi konferenciasyna arnalǵan / II nomer posvyashen Mezhdunarodnoy nauchnoy konferencii, posvyashennoy 125-letiyu vydauyeshegosya gosudarstvennogo i obshchestvennogo deyatela S.Kozhanova «БЛАГОРОДНЫЕ ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ, ЗАКАЛЯВШИЕ ДУХ НАЦИИ» проведенной 28 марта 2019 года / II ussue dedicated to the International Scientific Conference, dedicated to the 12<sup>th</sup> anniversary of the outstanding state and public figure S. Kozhanov «NOBLE DESCENDANTS OF GREAT STEPPE, TEMPERING THE SPIRIT OF THE NATION» held on 28<sup>th</sup> March 2019*

II nomer 2019 jly 28 naýryzda ótken Kôrnekti memleket jáne және qoǵam qairatkeri S.Qojanovtyñ 125-jyl tolyyna orai «ÚLT RUHYN SHYNDAGAN ÚLY DALANYŇ ASYL ÚRPAQTARY» atty nalykaralyq gylimi konferenciasyna arnalǵan

II nomer posvyashen Mezhdunarodnoy nauchnoy konferencii, posvyashennoy 125-letiyu vydauyeshegosya gosudarstvennogo i obshchestvennogo deyatela S.Kozhanova «БЛАГОРОДНЫЕ ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ, ЗАКАЛЯВШИЕ ДУХ НАЦИИ» проведенной 28 марта 2019 года

II ussue dedicated to the International Scientific Conference, dedicated to the 125<sup>th</sup> anniversary of the outstanding state and public figure S. Kozhanov «NOBLE DESCENDANTS OF GREAT STEPPE, TEMPERING THE SPIRIT OF THE NATION» held on 28<sup>th</sup> March 2019

Баспа сөзге қойылған 19.03.2019 Формат 60x80 <sup>1/8</sup> Тираж 300 дана  
Көлемі 16:1000. Тапсырыс № 3595  
Шымкент қ., Тәуке-хан даңғылы, 5 тел: 21-06-48  
Шымкент, Қазақстан, 2019

© ЮКГУ им.М.Ауэзова

